

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

**Қазақстандағы идеологиялық цензура тарихы
(XXғасырдың екінші жартысындағы Республика
тарихының өзекті мәселелері бойынша)**

МҰСАГҰЛОВА АЙГҮЛ БОЛАТҚЫЗЫ

Алматы, 2014

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті Ғылыми Кеңесі баспаға ұсынады

Рецензенттер:

Тарих ғылымдарының докторы, профессор - Н. Мұхамедханұлы
Социология ғылымдарының докторы, профессор - М.С. Садырова
Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент - М.Ч. Қалыбекова

МҰСАҒҰЛОВА А.Б.

**ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушысы,
т.ғ.к., доцент м.а.**

Қазақстандағы идеологиялық цензура тарихы
(Кеңес дәуірі): монография

Монографияда кеңестік идеологияның ерекшелігіне орай «жабық есік» саясатын ұстанған кеңестік тоталитарлық жүйе тұсындағы қазақ тарихын қайта ой елегінен өткізу, жан -жақты зерделеу, тәуелсіздік алған дербес ел мүддесіне сәйкес келетін көзқарастар қалыптастыру, бұрын айтуға, жазуға рұқсат бермеген тұстарын екшелеп, ақиқатын ашып көрсету өзекті мәселе ретінде алынған. Өйткені мұндай қадам жас ұрпақты жадағай идеологиялық ұрандардан, жалған түсініктерден арылтып, оларды өз халқының ұлттық мүддесіне сай тәрбиелейді. Автор осы еңбекті жазу барысында, бұрын оқулықтарда жазылмай келген көптеген мәселелерді уақыт талабына сай шама-шарқынша көтеруге тырысты. Әрине, көтерілген мәселелер толық зерттеліп бітті, жазылған пікірлердің барлығы ақиқат деуден аулақпыз. Монографияға енбей қалған материалдар толықтыруларды қажет ететін тақырыптар әлі де жетерлік...

Монография жоғары, оқу орындарының студенттеріне, магистранттарға, тарихшы-оқытушыларға арналған.

МАЗМҰНЫ	
КІРІСПЕ	3
1. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТ ҚҰПИЯЛАРЫН САҚТАЙТЫН ЦЕНЗУРАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ	19
Қазақстанның мемлекет құпияларын сақтайтын цензура органдарының құрылымы мен негізгі міндеттері.....	19
1.1. Қазақстанның мемлекет құпияларын сақтайтын цензураның 1956 жылға дейінгі құрылымы.	
1.2. Қазақстанның мемлекет құпияларын сақтайтын цензураның КОПК ХХ – съезінен кейінгі міндеттері	
Цензураның қоғам дамуының субъективтік-волюнтаристік кезеңіндегі қызметі.....	38
1.2. Цензураның 1956- 1960 жылдардағы қызметі	
2.2. Цензураның 60 - шы жылдардағы қызметі.	
Цензураның тоқырау және қайта құру жылдарындағы қызметі.....	50
1.3 Цензураның тоқырау жылдарындағы (1964-1982жж) қызметі	
2.3. Цензураның 1982-1991жылдардағы қызметі	
2. МЕМЛЕКЕТТІК САЯСИ ЦЕНЗУРА - КЕҢЕСТІК ТОТАЛИТАРЛЫҚ (ӘМІРШІЛ-ӘКІМШІЛ) ЖҮЙЕНІҢ ИДЕОЛОГИЯСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ БАСТЫ ТЕТІК	82
Кеңестік идеологиямен қаруланған саяси цензура.....	82
1.4. Цензураның ұлт зиялыларына тигізген әсері.	
2.4. Цензураның 1970 жылдардағы қызметі	
Кеңестік саяси цензураның қазақ халқының мәдениеті, әдебиеті мен өнеріне тигізген залалы.....	90
1.5. Кеңестік саяси цензураның қазақ халқының әдебиетіне тигізген залалдары	
2.5. Саяси цензура идеологияның қырағы көзі.	
3.5. Цензураның қазақ өнеріне тигізген залалы	
4.5. Цензураның шетелдік туристермен жұмысы	
Қазақстандағы цензорлық органдардың дінге қарсы жүргізген күресі және оның ұлттық санаға тигізген зардаптары.....	110
1.6. Хрущевтік атеистік кезеңнің қарқынды жүргізіле бастауы	
2.6. Мешіттердің жаппай жабылуы қалай жүргізілді	
3.6. Дінге қарсы күрестің жаңа кезеңінің басталуы	
4.6. Дінді саясиландырудың басталуы	
5.6. Цензорлық органдардың ислам әлеміне қарсы шабуылының басталуы	

Алғы сөз

Кеңестер заманында қазақ халқының ұлттық бет-бейнесі жан дүниесі, психологиясы өзгертіліп алғашқы рухани байлықтарынан, болмысынан ажыратыла бастады. Халықтың ұлттық, мәдени ерекшеліктері мен салт - дәстүр, әдет - ғұрыптарын сақтауы ұлтшылдыққа баланды. Кеңестер дәуірінде коммунизм құруды желеу еткен коммунистер идеологиясы ұлттық болмысқа нұқсан келтірді. Қазақ халқының дүниетанымына жат пиғылға толы "жаңалықтар" енгізіліп, зиян келтірілді. Ұлттың табиғи болмысын еріксіз өзгертетін, оны біртіндеп білдіртпей аздырып тоздыратын әккі саясаттың идеологиясының күшімен халық санасына улы сына қағылды. Осы саяси жүйе кеңес дәуірінде қазақтарға ұлттық салт - дәстүр жолымен өмір сүруге тыйым салынды. Ол кезеңде қазақ ұлтының тұтастығына дәнекер болып келген тіл мен дінге шабуыл жасалды. Ғасырлар бойы өмірлеріне рухани азық етіп келген мұсылмандарды дінінен аластату мақсатымен Кеңес өкіметі "Құдайсыздар қоғамын" құрып, бұрын соңды тарихта болмаған қиянатқа барды.

Цензуралық мекемелердің қызметінің мәселесін көтеру - тоталитарлық жүйеден демократиялық кезеңге өту кезінде, әсіресе, бұрынғы КСРО-дан шыққан мемлекеттер үшін ерекше маңызды.

Бұл тақырыпты зерттеудің негізгі қиындығы «цензуралық мұрағаттардың жаппай құпиялануы». Бұған қоса баспасөз туралы заңға сәйкес «Баслит» цензуралық құжаттардың орасан зор көлемін жойып жіберуі. 1990 жылы «Бас Басқарманың (Главлит) мұрағаттары туралы» құпия бұйрық бойынша «Республиканың (өлкенің, облыстардың) партиялық және мемлекеттік органдармен іс-қағаз алмасуға» байланысты барлық істі «тұрақты сақталуға тиіс істер тізімдемесінен» шығаруға рұқсат етіліп, сақтау мерзімі үш жылдан артық сақтамау туралы уақытша мерзім бекітіліп, жергілікті органдардың басшыларына бұл істерді өз қалауы бойынша жоюға құқық берілді [2]. Осындай әрекеттің кесірінен тарих пен әдебиетке байланысты көптеген құнды құжаттардың басым бөлігі жойылып кетті. Дегенмен, осы кезден бастап партиялық саяси басшылықтың әлсіреуі және шығармашылық зиялы қауымның қоғамдық қызметке белсене араласуы бұл мәселенің оң шешілуіне жол ашты.

Тарихшылардың алдындағы ең басты міндет - ғылыми-әдеби ойдың дамуына қажетті билік пен шығармашылық интеллигенция арасындағы қажетті шекті анықтап, ажыратып беру. Бүгінде халқымыз басынан кешірген заман тарихының қатпарларын қалт жібермей, келешек ұрпаққа жеткізу - тәуелсіздікке ие болған еліміздің тарихшыларының басты міндеті. Тарихи зерттеудің әлеуметтік маңызы бұрынғы өткен тұлғалармен, оқиғалармен байланыс орнатуда ғана емес, сонымен қатар өткен заманның деректерімен, оқиғалармен тікелей «сұхбаттасу». Олардың арасында мемлекет пен жеке тұлға арақатынасын жасанды жолмен түзудің бір тәсілін бейнелейтін біз зерттеп отырған мәселе де бар. Осы мақсатта қадағалау, тыйым салу мәселелерінің тарихи тамырын зерттеудің маңызы зор.

КІРІСПЕ

Сталиндік тоталитарлық жүйенің Кеңестер Одағында билік құрып, ондағы халықтарды қорқытып-үркітіп, үрейлендіріп, ұлттық болмысын жоюға тырысқан казармалық социализмді өмірге әкелді. Бұл тәртіп кезінде идеология басты рөл атқарды. Тоталитарлы тәртіп - бұл идеологияға сүйенген тәртіп онда үнемі өздерінің ойдан шығарған "ертегі" қағидалары болды. Сол тәртіптің жүргізетін идеологиясын билік басындағы саяси лидер белгіледі. Тоталитаризм кезінде саяси институттар тарапынан өндіріс пен экономикаға дара билік орнатылды. Осындай билік мемлекеттің барлық саласын, ағарту білім беру, ақпарат құралдарының тетіктерін де, өз қол астына қаратып мықтап ұстады, оларға қатаң бақылау (цензура) орнатты. Таза тоталитарлы мемлекетте қоғамның саяси жүйелерінің бірде-бір саласы еркіндікте болмады, бәрі қатаң бақылауда өмір сүрді. Тоталитарлы тәртіпте жаппай террорлық полицейлік бақылауға жол беріледі. Бұл тәртіпте полицейлік бақылау, күш қолдану қысым жасау басты әдіс болып табылады.

Жалған интернационалистік қағидалармен қаруланған әміршіл жүйе өз саясатын жүргізуге лайықты, оны қолдап-қолпаштайтын жасанды идеологияның қызметіне сүйенді. Билік басындағыларға халық мұңын жеткізу мүмкін болмады. Ақиқат бұрмаланды. Тарихтағы сол бұрмалаушылықтың зардабы күні – бүгінге дейін осы халықтың қоғамдық даму жолына зиянын тигізіп келеді.

Осы шындықты халқымыз тек тәуелсіздігін алған сәттен бастап қана оқып, білуге мүмкіншілік алды. Бүгінде өз тарихымызды жан-жақты білу және зерделеу, тәлімінен үйрену, одан сабақ алудың келешек үшін маңызы зор болып отыр. Осы өткен тарихи оқиғалардың маңыздылығы туралы өзінің "Жадымызда жатталсын, татулық дәйім сақталсын" деген еңбегінде Елбасы Н. Назарбаев: "Яғни өткенімізді тұтас күйінде, ешқандай боямасыз, қоспасыз, қаз-қалпында қабылдағанымыз لازым. Ал өткен жылдар шежіресін үнемі әрі бұрмалаусыз зерделеп отырудың жөні бөлек. Мұның өзі өткендегі тәжірибенің жақсысынан үйрену үшін, ескі қателіктерді қаулата бермес үшін, жаманнан жирену үшін қажет," - деп баға берген болатын [1].

Міне, сондай көкейкесті шытырман оқиғаларға, саяси науқандарға толы тарихи кезең - ол XX ғасыр, оның ішіндегі Кеңестер Одағының социализм құруды іс жүзіне асыруды қолға алған жылдар. Мемлекет құпияларын баспасөзде сақтау жөніндегі цензураның тарихы мен оның жұмыс істеу тетіктерінің мәселелерінің зерттелуі тақырыптың ерекше маңыздылығынан туындаған, өйткені цензураның жойылуы болашақта халықтың демократиялық қағидалар негізінде өмір сүруіне мүмкіндік ашады.

Демократиялық қоғамның дамып өркендеуі үшін цензура мәселесін зерттеудің саяси - құқықтық тұрғыдан алғанда маңызы зор. Бұған дейін тарихшылар өз еңбектерінде еліміздің әдеби - ғылыми дамуындағы саяси басшылықтың жеке қырларын ғана зерттеп келді. Жалпы алғанда цензурамен айналысатын мекемелердің қызметі Қазақстанда әлі жан-жақты зерттелген жоқ. Сондықтан да бұл тақырыпты жаңа құжаттар негізінде кеңінен саралай отырып, еліміздегі цензураның қызметін, тарихын зерттеудің маңызы ерекше. Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алуымен қатар, өткен тарихына сын көзбен қарау мүмкіндігіне ие болды. Мұрағаттардың құпия қорлары ашылып, зерттеушілерге мүмкіндік туды. Отан тарихындағы осындай өзекті мәселенің бірі цензураның қызметі мен тарихы болып табылады.

Ал біздің кітабымыз – мемлекет құпияларын сақтайтын цензураның қоғам дамуының субъективтік-волюнтаристік және тоқырау мен қайта құру жылдарындағы (1956-1991ж.) қызметінің мәнін ашу, мемлекеттік цензураның Кеңестік тоталитарлық (әміршіл-әкімшіл) жүйенің идеологиясын жүзеге асырудағы басты тетік болғандығын саралау.

Кеңестік цензура басынан бастап екі жақты саясат ұстанды. Бір жағынан, заң бұзып шектен шығып кеткен жеке адамдар мен мекемелерді сот-әкімшілік жүйесі бойынша

тәртіпке салатын заңдық өкілетті жол арқылы әрекет етсе, екінші жағынан, жеке тұлғаларға қарсы «аса шебер идеологиялық қысым мен күш көрсету арқылы» арандату мен адам құқығын аяқ асты ететін қылмыстық жол да таңдап алынды. Осындай жағдайдан келіп шығармашылық тұлғалардың, билік пен халықтың қарым-қатынасы жөнінде аңызға айналған (мифтенген) бейнелер қалыптасты.

Қоғамдық - саяси, экономикалық және әлеуметтік - мәдени саладағы қайта құрылымдардың даму қарқыны әрқашан ескіні ығыстырып, тозғанды жоя келетіндігі заңды құбылыс, алайда, мұндай шаралар дағдылы түрде цензураның ықпал ету құралдары болып табылатын кедергілік тетіктермен қақтығысып отырды. Сөз бен баспасөз бостандығы шығармашылық бостандықтың көрсеткіші бола алмады. Саяси цензура керек кезінде экономикалық тәуелділікпен алмастырылып, кейде толықтырылып отырылды.

Кеңестік дәуірдің 70-жылдарына дейін созылған «қудалау», болмаса нұсқауға «жүгіну» [2] дәуірі халықтың ой-пікір бостандығы мен баспасөз бостандығының сорақы түрде бұзылуына әкелді. Қадағалау мен тыйым салу - басқару мен бақылау мәселелері бойынша дұрыс шешімдер қабылдаудағы маңызды қоғамдық - саяси институт болуы тиіс еді. Оның маңыздылығын ескермеу мемлекет басқаруда және бақылауда үлкен олқылықтарға ұрындыруы мүмкін болатын. Қазіргі уақытта цензурамен айналысқан мекемелердің оның ішінде Мемлекет құпияларын баспасөзде сақтау жөніндегі Бас Басқарма (бұдан әрі – Бас Басқарма) мәселесін көтерудің теориялық және саяси-практикалық маңызы ерекше екендігі кездейсоқ емес.

Кеңес дәуірінде қалыптасқан цензуралық жүйе тоталитарлық режимге қызмет етіп, партиялық, мемлекеттік элитаның бір ғана мақсатын - «өзінің өмір сүру кезеңін шексіз ұзарту және үнемі өсіп отыратын қажеттіліктерін» қанағаттандыруға ғана жұмыс істеп келді [3]. Әрине, мұндай қалыпты жағдайда шығармашылық өркендеу мен еркіндіктің болмауы табиғи құбылыс еді.

Тоталитарлық режимдегі мемлекеттің қалыптасуы мен қызмет етуі жағдайындағы цензура партиялық-мемлекеттік органдардың идеологиялық қағидаларына негізделді, мәдениеттің қоғам өміріндегі орны мен рөлін анықтап, қоғам талабына сай рухани шығармалардың мазмұнын белгілеп тұжырымдық түсініктерді реттеп отырды.

Билікті жақтаушы жүйе ретінде цензура қоғамның күйреуінің алдын алатын алғашқы тежеушісі болып табылады. Бір жағынан, цензура қалыптасқан нормалар негізінде ақпаратты сүзгіден өткізіп, оның әлеуметтік заңдарға сәйкестілік мазмұнына баға беріп, ол жөнінде өзінің ақтық шешімін шығарады және сол немесе басқа да ақпараттардың қоғамда қабылдануын даярлайды; екінші жағынан, цензура - әлеуметтің “зиянды” ақпараттарға деген ерекше қарсылық сезімін қалыптастырады.

Бұл кітап кеңес өкіметі жүргізген цензуралық қасаң саясаттың сырын ашуға арналған. Мемлекеттің цензуралық қызметін жүргізуде халыққа жасалған қиянаттар мұрағат деректері негізінде жан-жақты зерттелген.

Бұл кітапта жалпы цензуралық үштіктің (Баслит, ҰҚК, КОКП Орталық комитеті оның ішінде үгіт - насихат бөлімі, Дін істері жөніндегі Уәкілдік, Кеңес) қызметтеріне де толық шолу жасалған.

I БӨЛІМ

1. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТ ҚҰПИЯЛАРЫН САҚТАЙТЫН ЦЕНЗУРАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ

1- тақырып

1.1 Қазақстанның мемлекет құпияларын сақтайтын цензураның 1956 жылға дейінгі құрылымы

Әлемдік тәжірибеге жүгінер болсақ, дамуда өркениетті дәрежеге жеткен демократиялық құқықтық мемлекеттерде, мемлекет құпияларын сақтайтын цензура органдарының басты міндеті өз елдерінің қауіпсіздігін сақтап, оның тәуелсіздігін және азаматтардың бостандықтары мен құқықтарын қорғау болып табылады. Мемлекеттік бақылау мәртебесін алған цензура органдарының әрекеттері, оның саяси құрлысының тұтастығын қорғап, оларды әртүрлі жат пиғылдардан сақтандырып, алдын алу шараларын орындауға тиісті.

Алайда өткен тарихтың өткелдеріне үңілер болсақ мемлекеттердің барлығы жоғарғыдай принципті ұстай алмаған. Сондай мемлекеттердің бірі Кеңестер Одағы және оның құрамындағы Қазақ Социалистік Республикасы. Мемлекеттік басқарудың тоталитарлық тәртібін таңдап алған бұл елдерде мемлекет құпияларын сақтайтын цензура органдарының қызметі азаматтардың құқығын қорлаумен ұштастыра жүргізілді. Мемлекет органдары, оның ішінде мемлекет құпияларын сақтайтын цензура органдары адамға қызмет етудің орнына, адамдар бұл органдарға жан аямай жұмыс істеген.

Большевиктер өмірге әкелген осы мемлекеттік биліктің тоталитарлық жүйесі әбден күдіретті күшіне енген сәтінде Кеңестер Одағы социалистік құрылысты орнату жолында ол қоғамға жат, тұрпайы әдістерді жан-жақты, барынша қолданды. Социализм құру жолындағы ізгілікті көзқарастар, демократиялық қадамдар бұрмаланып, ол құлақ естіп, көз көрмеген зорлық-зомбылықтармен ауыстырылды. Халық билігі деп қаншама айтылғанымен, ол іске аспады. Социализм халық билігі арқылы өмір сүреді деген өткендегі ғұлама ойшылдардың ізгілікті қағидалары жалған ұрандармен алмастырылды.

Қоғамдық өмірдің барлық салаларында шексіз бақылауды жүзеге асыратын, биліктің тоталитарлық кезеңдерінде тыйым салулардың мақсаттары мен міндеттері өзгеше болды. Цензуралық тыйым салынбағанның барлығына рұқсат етіледі деген принцип те сөз жүзінде қалып қойды. Ол кезеңде цензура саяси мақсаттарға пайдаланатын билік формасының бір тармағы, екіншіден ол өзінің қызмет әрекеттерімен (мемлекеттік, әскери, экономикалық құпияларды қорғау) қоғамның басқару құрылымының ажырағысыз бөлігі және мемлекеттің қауіпсіздігінің кепілі болып табылды. Сөйтіп азаматтарға ненің керек, ненің керек емес екендігін айқындап беретін бақылау функциясын атқаратын мекемелер өмірге келді.

Кеңестік цензура өз билігі кезеңінде патшалық цензураның өзіне қажетті тұстарын таңдап алып соған сүйенді. Мысалы, патшалық Ресейдің 1804 жылғы Цензуралық Жарғысында оның міндеттері: «Қоғамға өнеге болатын және сананың шынайы ағартушылығына ықпал ететін кітаптар мен шығармаларды дәріптеу және оның пиғылына қарсы келетін кітаптар мен шығармаларды жою» [4] - деп белгіленсе, кеңестік кезеңдегі 1947 жылғы қабылданған Жарғы бойынша «мемлекеттік бақылау кеңестік мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтер мен еңбекші халықтың мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін басқа да мәліметтердің жариялануына жол бермеу үшін құрылды» [5], - деп нақтылана түсті. Кеңестік заң, ережелер негізінде «нұқсан келтіру» деңгейін қандай екендігін арнайы органдар мен осы салада жұмыс істейтін шенеуніктер анықтады. Бұл мәселені шешуде олар көбінесе, халық тілегімен санаспай «менікі дұрыс» деген принциптен шыға алмай, бюрократтық әрекеттерге жиі барды. Олардың қызметі идеологиялық және моральдық тәртіптерді берік орнықтыруға бағытталып отырылды.

Зерттеу барысында байқағанымыздай патшалық және кеңестік цензуралар арасындағы айырмашылықтар болды: біріншіден, егер Қазан төңкерісіне дейін цензура біртіндеп бәсеңдей бастаған болса, ал революциядан кейін тұрақты түрде күш ала бастады; екіншіден, революцияға дейін жаппай цензура туралы айту қиындау, өйткені ол кезде жекеменшік баспаханалар, басылымдар мен мерзімді баспасөздер көп еді. Кеңес өкіметі кезінде бұлардың мемлекеттендірілуіне байланысты цензураның қажеттілігі артып, ол бірінші кезекке қойылып, оның бақылайтын объектілерінің салдарымен емес себептерімен күрес жүргізіле бастады, үшіншіден, патшалық цензура заңмен реттелсе, кеңестік цензура жасырын нұсқаулар, арнайы ереже, циркулярлармен реттелді; төртіншіден, революцияға дейінгі цензорлардың білімдік деңгейі өте жоғары болып, онда істейтін мамандардың көпшілігі университет профессорлары болса, кеңестік цензорлар тәжірибесі жоқ, бұл қызметке әлі маманданбаған жастар болды.

Бұл кезең мемлекеттік цензураның азаматтар өмірінің барлық саласына ене отырып, шегіне жете күшейген тоталитарлық билік кезеңі болатын. Бұл кезде Кеңестік цензура қоғамдағы өзгеше ойлаушылықтың қандайына болмасын ымырасыз күресе отырып, оның пайда болу себептері мен айтылуына ашықтан-ашық қысым көрсетуге көшті. Кеңестік дәуірде өмір сүрген ортаның жалпыға ортақ тәртібі осылайша өмірге енді. Басқарудағы демократиялық қағидалардың болмауы, кеңестік жүйенің өзін - өзі реттеуге қабілеттілігінің жетіспеуі, оның өзінің билік жүргізуіне қолайлы моральдің жасанды қағидаларын ойлап тауып соған сүйеніп, соның негізінде күшпен қысым көрсету әдістерін пайдалануға жол ашты. Кеңестік кезеңдегі цензураның негізгі күші, мемлекеттік құрылымның жоғары буынында қалыптасқан және қуғын-сүргінді ұйымдастырушы органдарымен тығыз ынтымақтасып жүргізген іс - әрекетіне байланысты болды.

Біз саяси цензураны биліктің мүдделерін қамтамасыз ету мен оған қызмет етуге бағытталған әрекеттері мен шараларының бір жүйесі ретінде білеміз. Ал республикада, Одақ көлеміндегідей цензура мекемелерінің пайда болуымен бірге (әскери, шетелдік) ең алдымен, идеологиялық бақылау жүргізу үшін құрылған мәдениетті мемлекеттік басқару жүйесінің қалыптасуы қатар жүрді. Мысалы, қоғам дамуының әміршіл-әкімшіл жүйе қалыптасқан, субъективті-волонтаристік және тоқырау мен қайта құру жылдарында цензураның - Бас Басқарма ретіндегі қызметі оған жүктелген міндеттерге сай атаулары төмендегідей өзгерістерге ұшырап отырды: 1946-1953 жылдары Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы әдебиет және баспа істері жөніндегі Бас Басқарма («Баслит»); 1953 жылдың наурызы - 1953 жылдың қазан айы аралығында ҚазКСР Ішкі істер Министрлігінің Бас Басқармасы; 1953-1963 жылдары Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы баспадағы мемлекеттік және әскери құпияларды сақтау жөніндегі Бас Басқарма; 1963-1966 жылдары Баспадағы мемлекеттік және әскери құпияларды қорғау жөніндегі Бас Басқарма; 1966-1990 жылдары Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің баспадағы мемлекеттік құпияларды сақтау жөніндегі Бас Басқарма; 1990-1991 жылдары Министрлер Кеңесі жанындағы баспадағы және басқа бұқаралық ақпарат құралдарындағы мемлекеттік құпияларды сақтау жөніндегі Бас Басқарма («ГУОП» - БҚББ) деп аталды [6]

Адам баласының теңдігі сақталатын социалистік қоғам құрған елде, ұзақ жылдар бойы халық санасына үрей туғызып, зұлымдықпен заңсыздықтың алуан түріне жол беріп келген КСРО-ның Ішкі істер министрі Л.П. Берияның жазалануына байланысты ол басқарған құрылым толық өзгеріске ұшырап, кадрлары ауыстырылды. Осы өзгерістен кейін КСРО Министрлер Кеңесінің 1953 жылғы 8 қазандағы қаулысының негізінде, КСРО-ның ПМ-нің 1953 жылғы 20 қазандағы № 00940 бұйрығымен Баслит ПМ-нің құрамынан шығарылып, КСРО Министрлер Кеңесінің жанындағы Бас Басқарма болып дербес құрылды [7].

Жеке басқа табынушылықты айыптаған партияның XX съезінен соң қалыптасқан жаңа қоғамдық-саяси жағдай және елдің өміріндегі азғана уақытты ғана қамтыған

«жылымық» кезеңі цензураның мемлекеттік жүйесіне әсер етпеді, оның қысымы сол баяғы күшінде қала берді. Керісінше, осы кезең партияның және оның идеологиялық институттарының цензура органдарымен өзара бірлесіп, іс-әрекет етуін реттеумен есте қалды.

1.2 Қазақстанның мемлекет құпияларын сақтайтын цензураның КОПК XX – съезінен кейінгі міндеттері

1956 жылы 27 қарашада Орталық Комитетінің Хатшылығы мәжілісінде «Баслиттің жұмысы туралы» мәселе қаралып, бұл органның басшысы К.К. Омельченко қызметінен алынып оның орнына КОКП Орталық Комитетінің үгіт және насихат бөлімінің меңгерушісінің орынбасары П.К. Романов тағайындалды. Осылай жауапты қызметке келген ол бұл мемлекеттік цензура органын 20 жыл бойы басқарды [7, 217-218 б.].

Баспасөз жөніндегі Бас Басқарма - ол КСРО Министрлер Кеңесінің баспасөздегі әскери және мемлекеттік құпияларды қорғау бойынша өкілі және жалпы мәселелер бойынша, шетелдердегі шетелдік тілшілердің ақпараттарын қадағалау, цензураның жергілікті органдарын басқаратын кадр жөніндегі орынбасарларынан құралды.

Кадрлар бөлімі негізінен орталықтағы және шеткі аймақтардағы цензорлық кадрларды есепке алу, дайындау мен қайта дайындауды жүзеге асырады. Келесі бөлімдері: Құпия бөлім; Жоспарлау-қаржы бөлімі; Істерді басқару; Секретариат болып аталған. Сонымен қатар Бас Басқарма жүйесіне - барлық баспасөз шығармаларын мемлекеттік библиографиялық тіркеуге алатын Бүкілодақтық кітап Палатасы енді. Палатаның өз баспаханасы мен баспасы болды.

Ал енді осы салада жұмыс істейтіндердің санына тоқталар болсақ, Бас Басқармада Кеңес Одағы бойынша – 233 адам, Бүкілодақтық кітап Палатасында - 350 адам қызмет атқарды. Орталық Бас Басқарманың штаттық құрамы анықталып, қаржылай қамтамасыз етілуіне мүмкіндік жасалды [7, 208 б.].

Ол кезде КСРО құрамындағы барлық республикаларда, оның ішінде Қазақстанда да Одақтық құрылымға ұқсас республикалық дәрежедегі мемлекет құпияларын баспасөзде сақтау жөніндегі Басқарма жұмыс істеді.

Қазақстанда мемлекет құпияларын баспасөзде сақтау жөніндегі Бас Басқарманың бастығы болып 1949 жылы 23 қарашадағы № 205 бұйрықпен сайланған Абдрашид Назарбайұлы Шалабаев [8] осы аталған мекемеде ширек ғасыр - 25 жыл, яғни 1974 жылдың 25 ақпанына дейін қызмет атқарды. Осы уақыт ішінде 16 облыста мемлекет құпияларын баспасөзде сақтау жөніндегі Басқармалары құрылып, жұмыс істеді [41]. Облыстық Басқарма - бөлім бастығынан, хатшыдан, әдебиет және саяси бөлім меңгерушісінен, әкімшілік-нұсқаушылардың саяси бөлімінің меңгерушісінен, саяси редактордан, нұсқаушыдан, тексерушіден, іс-жүргізушіден, кітапханашыдан және хатшыдан тұрды [8, 46 п.]. Әр цензор өзіне жүктелген объектіні тексеретін болған. Аудандық цензорлардың саны 10 болды.

Қазақстанда 1954 жылғы мәлімет бойынша Бас Басқарманың орталық аппараты 32 қызметкерден тұрды. Олардың атқарған қызметтері жайлы мәлімет төмендегі кестеде берілді: [8, 263-265 п.].

1 - кесте Мемлекет құпияларын баспасөзде сақтау жөніндегі Бас Басқармасының орталық аппаратының құрамы

№	Лауазым атауы	Шенеунік саны	Бөлінген қызметтері	жалақы-сы
1	2	3	4	5
1.	Баслит бастығы	1	1. Цензура бойынша бұйрық-нұсқау, жөн сілтеу, жарлық беру; 2. Алдын ала бақылау бөлімін тексеру;	1250 сом

			3. Республикалық аппараттағы номенклатуралық кадр мәселесін реттеу; 4. Бас Басқарманың құпия бөлімінің жұмысын қадағалау; 5. Қаражатты қадағалау; 6. Әкімшілік-шаруашылық жұмысы;	
--	--	--	--	--

1 кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
2	1- орынбасары	1	1. Цензураның жергілікті органдарын қадағалау; 2. Кейінгі бақылау бөлімінің жұмысын реттеу; 3. Кітапханалар мен кітап саудасы бөлімінің жұмысын бақылау; 4. Барлық орталық баспа өнімдерін қадағалау.	1125 сом
3	2 - орынбасары	1	1. Республикалық аппараттың кадрларын іріктеу, бекіту және оқыту мәселесін шешеді; 2. Алматы облысының цензурасын бақылайды; 3. Қаражат мәселесі; 4. Шаруашылық мәселесі; 5. Полиграфия кәсіпорны, бейнелеу өнері, көрмелер және басқаларды тексереді.	1125 сом
4	Алдын ала бақылау бөлімінің бастығы	1	1. Бөлімді басқарады; 2. Қазрадиокомитетінің, киностудиялардың және «Коммунист», «Үгітші блокноты» (қазақ тілінде) журналы өнімдерін бақылайды.	1000 сом
5	1 - цензор	1	«Казахстанская правда», «Ленинская смена», «Страж», «Турксиб», «Медик», «За отличную учебу» газеттері өнімдерін бақылайды.	880 сом
6	2 - цензор	1	«Социалистік Қазақстан», «Қазақстан пионері», «Теміржолшы», «Лениншіл жас» газеттерін бақылайды.	880 сом
7	3 - цензор	1	Республикалық газеттерді бақылайтын ауыспалы цензор.	880 сом
8	4 - цензор	1	Ғылым Академиясында шығатын орыс тіліндегі өнімдерді бақылайды.	880 сом
9	5 - цензор	1	Қазмембаспадан шығатын қазақ тіліндегі өнімдерді бақылайды.	880 сом

1 кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
10	6 - цензор	1	«Қазақ елі» және Учпедгиздан шығатын ұйғыр тіліндегі өнімдерді бақылайды.	880 сом
11	7 - цензор	1	Ұсақбаспа, картаөнімдері мен өнер туындыларын бақылайды.	880 сом
12	8 - цензор	1	Орыс тілінде шығатын Қазмембаспа, КИХЛ және КазТАГ өнімдерін бақылайды.	880 сом
13	9 - цензор	1	Қазақ және орыс тілінде шығатын КИХЛ, Ғылым Академиясы және Учпедгиздың өнімдерін бақылайды.	
14	Кейінгі бақылау бөлімінің бастығы	1	Орыс тілінде шығатын Алматы қаласының баспа және кітап-журнал өнімдерін бақылайды	1000 сом
15	1 - цензор	1	Шығыс Қазақстан, Семей, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Көкшетау, Ақмола облыстарында шығатын барлық орыс тіліндегі өнімдерді және Алматы қаласындағы карта өнімдерін бақылайды.	790 сом
16	2 - цензор	1	Жамбыл, ОҚО, Қызылорда, Ақтөбе,	790
			Гурьев, БҚО, Талдықорған, Қарағанды облыстарында шығатын орыс тіліндегі барлық баспа өнімдерін бақылайды.	сом
17	3 - цензор	1	Жамбыл, ОҚО, Қызылорда, Ақтөбе, Гурьев, БҚО, Талдықорған, Қарағанды облыстарында шығатын қазақ тіліндегі барлық баспа өнімдерін бақылайды..	790 сом
18	4 - цензор	1	Шығыс Қазақстан, Семей, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Көкшетау, Ақмола облыстарында шығатын барлық қазақ тіліндегі өнімдерін тексереді және Алматы облысының цензорларымен байланыс жасайды.	790 сом
19	5 - цензор	1	Қазмембаспа, КИХЛ, Қаз КСР Ғылым Академиясы, Учпедгиз, «Қазақ елі» баспаларының қазақ тілінде шыққан барлық өнімдерін бақылайды.	790 сом

1 кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
20	Қосымша қызмет атқарушы цензорлар	2	Қосымша өнімдерді тексереді.	595 сом
21	Кітапхана-мұражай ісі	1	Республикадағы барлық мұражайлар мен көрмелерге және Шығыс Қазақстан, Семей,	690 сом

	бөлімінің бастығы		Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Көкшетау, Ақмола облыстарындағы кітапханаларды бақылайды.	
22	цензор	1	Алматы, Жамбыл, ОҚО, Қызылорда, Ақтөбе, Гурьев, БҚО, Талдықорған облыстарындағы кітапханаларды бақылайды.	690 сом
23	Бас бухгалтер	1		690 сом
24	Бухгалтер - кассир	1		450 сом
25	Хатшы-машинистка	2		410 сом
26	комендант	1		410
27	Күзетші-аула сыпырушы	2		260 сом
28	Еден жуушы-қағаз тасушы	2		230 сом

Зерттеу барысында мәлім болғандай, бұл цензорлық органның құрамы сол кездегі идеологиялық жұмыстың мазмұнына қарай үнемі өзгеріске ұшырап отырған.

Ал, 1957 жылғы 2 - 10 шілдеде өлкелік, облыстық баспасөз жөніндегі Бас басқармалар бастықтарының 1 - Бүкілодақтық кеңесі болды. Кеңесте КСРО Министрлер Кеңесінің жанындағы әскери және баспасөзде мемлекеттік құпияларды сақтайтын Бас Басқарманың бастығы П.К. Романов «Бас Басқарма жұмысы және цензура органдарының міндеттері туралы КОКП Орталық Комитетінің қаулысы» деген тақырыпта баяндама жасады. Баяндаманы талқылауға республикалық, өлкелік, облыстық цензура органдарының бастықтары қатысты. Қазақ КСР Баспасөз жөніндегі Бас басқармасының атынан оның бастығы А.Н. Шалабаев сөз сөйледі. Ол өз сөзінде «кадрларды іріктеудегі елеулі кемшіліктерге» тоқталды. Әсіресе, кадрларды даярлауда жалпы білім берудің деңгейінің төмендігін атап көрсетті; 1957 жылға арналған штат кестесіне сәйкес Қазақ Баспасөз жөніндегі Бас басқармасында 89 адам болды, ондағы 12 қызметкердің ғана жоғары білімі бар еді [7, 219 б.]. А.Н. Шалабаев одан соң Қазақ Баспасөз жөніндегі Бас басқармасына өнер туындыларын, мұражайларды бақылау міндеті жүктелгенін, аппаратта тиісті мамандардың жоқ екендігіне тоқталды, ол осы бақылауды министрлікке немесе мәдениет басқармасына, көркемдік кеңеске жүктеу қажеттігі туралы да мәселе қойды.

Кадр мәселесі КОКП Орталық Комитетінің 1957 жылғы 3 сәуірдегі «КСРО Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас басқармасының жұмысы туралы» және Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Хатшылығының 1957 жылғы 16 тамыздағы «Баспасөзде әскери және мемлекеттік құпияларды қорғауды жақсарту шаралары туралы» қаулыларында көтеріліп, цензорлық құрамның негізгі бөлігін біліктілік және жалпы білім беру жағынан даярлаудың өз дәрежесінде емес екені атап көрсетілді. Қазақ КСР Баспасөз жөніндегі Бас Басқармасының және Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті обкомдарының басшылары тиісті білімі, жұмыстағы саяси және нақты тәжірибесі, әсіресе, баспасөз саласында тәжірибесі бар кадрлармен нығайту үшін тиімді шаралар қолданбайтындығы сөз болды. Цензорлық құрамның арнайы біліктілігін көтеру жұмысы жеткіліксіз ұйымдастырылған. Жергілікті органдардың 30 қызметкерінің немесе 45 пайызының тек қана орта білімі ғана болған. Кейбір қызметкерлердің даярлығы әскери және мемлекеттік құпияларды қорғау бойынша заманауи талаптарға сәйкес еместігі сыналды.

Жеткілікті тәжірибесі жоқ, дағдыланбаған жекелеген цензорлар баспасөз өнімдеріне негізсіз араласып, баспасөзде жариялауға тыйым салынған мәліметтерді

жария етеді. Аталған кемшіліктерді жойып, бұл саладағы жұмыстарды жақсарту мақсатында Қазақстан Компартиясының Орталық комитеті төмендегідей қаулы қабылдады:

1. Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Баспасөзде әскери және мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас Басқармасына (А.Н. Шалабаев) республикадағы цензорлық жұмыстың сапасын түбегейлі жақсартудың қажетті шараларын қолдану, баспа өнімдерін алдын ала бақылаудың сапасын жақсартуға айрықша назар аудару міндеттелді.

2. Цензураның іскерлік біліктілігін көтеру мақсатында Қазақ КСР Баспасөз жөніндегі Бас Басқармасына 1958 жылғы 1 наурызға дейін республика цензура органдарының қызметкерлерін аттестаттаудан өткізу жөнінде тапсырма берілді. Цензура органдарын жеткілікті жалпы білімі, саяси және нақты жұмыс тәжірибесі бар, дайындықтан өткен кадрлармен қамтамасыз ету шаралары қолданылу тапсырылды [9].

Осы қаулылардан кейін Қазақ КСР Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас Басқармасы, облыстық басқармалар партия ұйымдарының жәрдемімен цензураның жергілікті органдарын саяси жағынан дайындалған қызметкерлерді жұмысқа орналастыру арқылы нығайтумен тұрақты айналыса бастайды. Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас Басқарманың қызметке тек қана жоғары білімді қызметкерлерді қабылдайтын болғаны жөніндегі ақпаратты басқарманың бастығы А.Н. Шалабаев Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Беляковқа жолдаған.

КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас басқармасының бастамасы және Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас Басқармасының жұмыс жоспарына сәйкес 1958 жылы желтоқсан айының 9-11 күндері өткен цензура қызметкерлерінің жергілікті органдарының республикалық кеңесінде Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Қарағанды облыстық басқармаларының басшыларының баяндамалары тыңдалды. Онда да Қазақстан цензорларының 60 пайызының жоғары білімі жоқ, қызметкерлердің басым көпшілігінің білімдері орта мектеп көлемінде болса, 3 қызметкерде орта да білімі жоқ екендігі тағы да атап өтілді. Мұндай қызметкерлердің жалпы білім дайындықтарының төмендігі, аппараттарда жоғары білімді техника саласының мамандарының жоқтығы Қазақ КСР Ғылым Академиясының математика, химия, металлургия және байыту мәселелеріне қатысты материалдар туралы жазылған ғылыми жұмыстардың терең мазмұны талапқа сай тексерілмеуіне әкеліп соқтыруда делінді [7, 223 б.].

Қазақстанда 1960 жылы Бас Басқарманың мәліметі бойынша Баслиттің орталық аппаратында 26,5 штаттағы қызметкер, жалпы Қазақстан бойынша 91,5 штаттағы қызметкерлер жұмыс істеді. Олардың 80 пайызы коммунистер, жоғары білімі барлар 60 пайызды құрады. Кадрлар құрамының сапасын арттыру мақсатында басшылықты дұрыс ұйымдастырмаған Қарағанды, Солтүстік Қазақстан облыстық басқармасының бастықтары Логвинов пен Поляков жолдастар қызмет орындарынан босатылды.

Ал жергілікті органдардың құрылымы төмендегідей болды:

а) Әрбір одақтас (РСФСР-дан басқалары) және автономиялық республикаларда баспа мен әдебиет істері бойынша Бас Басқармалар құрылды.

ә) Әрбір өлкеде - Өлкелік басқарма және облыстарда - облыстық басқарма (обллит) қызмет атқарды.

Одақтас республикалардың Бас Басқармалары, автономиялық республикалардың Бас Басқармалары, РКФСР – ға қарайтын өлкелік обллиттердің қызметі - тікелей КСРО Министрлер Кеңесінің баспасөздегі мемлекеттік құпияларды сақтау бойынша өкіліне бағындырылды.

Аудандар мен облыс бағынысындағы қалаларда тиісті Бас Басқарма мен обллиттерге бағындырылған аудандық өкілдіктер (цензорлар) жұмыс істеді.

Аудандық өкілдіктер екі категорияға бөлінді: а) штаттағы ә) цензорлық қызметті басқа жұмысына қосымша ретінде атқарушылар. Бұл екінші категориядағылар көбінесе баспа өнімдері мардымсыз болып табылатын аудандарда тағайындалды. Ал, цензураның барлық органдары (орталық аппарат пен жергілікті органдар) Бас Басқарманың одақтық бюджетінен қаржыландырылды.

1965 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша Баслит аппаратының қызметкерлерінің 18 пайызының және облыстық цензура басқарма қызметкерлерінің 42 пайызында жоғары білім болмаған [10].

Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1966 жылғы 2 желтоқсандағы № 836-40 (құпия) қаулысымен Қазақ КСР Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас басқарма туралы Ереже бекітілді.

Қазақ КСР Министрлер Кеңесі қабылдаған қаулыда:

2. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1965 жылғы 27 ақпандағы №158 қаулысымен бекітілген Қазақ КСР Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас басқарма туралы ұсынылып отырған Ережеге келесі өзгерістер енгізілді.

б) 8-тармақтағы «...баспасөзде әскери және мемлекеттік құпияларды қорғау» деген сөздер алынып тасталды.

3. Облыстық атқару комитеттері белгіленген тәртіпке сәйкес халық депутаттары облыстық Кеңестері атқару комитеттері баспасөз басқармаларындағы әскери және мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі басқармаларды қысқартып, халық депутаттары облыстық Кеңестері атқару комитеттерінің жанындағы баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі басқармаларды құру тапсырылды. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы М. Бейсебаев, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Іс басқарушысы А. Түменов қол қойған құжат шықты [10, 145 п.].

«КСРО Министрлер Кеңесінің 1967 жылдың 30 наурызындағы № 260-101 «КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы баспасөздегі мемлекеттік құпияларды сақтау жөніндегі Бас Басқарманың орталық аппаратының штаты мен құрылымы туралы» қаулысына сәйкес бұйрық шықты. Онда Бас Басқарманың орталық аппараты аға цензоры мен цензорларын, сонымен қатар одақтас республикалардың министрлер Кеңесі жанындағы баспасөздегі мемлекеттік құпияларды сақтау жөніндегі Бас Басқарманың аға цензорлары мен цензорларын, автономиялық республикалардың және еңбекші депутаттары Кеңесі ауткомы жанындағы облыстық (өлкелік) цензорларын бұдан былай аға редактор, редактор деп атау енгізілді» [11].

1972 жылы Республиканың Баспасөз жөніндегі Бас басқармасының жүйесінде барлығы 116 адам істеді. Оның 96 - сы цензорлар. Орталық аппаратта 12 - редактор, 12 - аға редактор, 8 - бөлім бастығы және орынбасарлары. Облыстық басқармаларда - 28 редактор, 28 - аға редактор және 16 - басқарма бастығы жұмыс істеді. 96 - цензорлардың 81 - нің жоғары және аяқталмаған жоғары білімі, 15 адамның орта білімі болды. 67 - сі партия мүшесі, 2 - Бүкілодақтық лениндік коммунистік жастар одағының (БЛКЖО) мүшесі болды. 27 - сі партияда жоқтар еді [12].

Республиканың Баспасөз жөніндегі Бас Басқармасының жүйесінде 1973 жылы 125 адам жұмыс істеді. Олардың ішінде - 102 цензорлық қызметкерлер. Оның 85 - нің жоғары және аяқталмаған жоғары білімі және 17 адамда - орта білім болған. Олардың 66 - сы коммунистер, 3 - уі Бүкілодақтық лениндік коммунистік жастар одағының (БЛКЖО) мүшесі және 33 - і партияда жоқ адамдар. Облыстық басқармаларда - 31 редактор, 24 - аға редактор және 18 - басқарма бастығы [11, 51 п.].

1974 жылы А.Н. Шалабаевтың зейнеткерлікке шығуына байланысты Баслитте кадрлық ауыстырулар жүргізілді. А. Шалабаевтың орнына бұған дейін Ақтөбе обкомының екінші хатшысы болған И.К. Дженалаев, орынбасарлығына бұрынғы 2 - бөлімнің бастығы К.Г. Чумаков, 1 - ші бөлімнің бастығы болып аға редактор Рыбальченко, 2 - ші бөлімнің бастығы болып аға редактор Р.М. Тасмағанбетовалар тағайындалды. Бұл жылдары республика бойынша цензорлық жұмыста 106 қызметкер,

оның 70 – і коммунист, яғни 65 пайыз болды [13]. 18 облыстық басқармалардың бастығының 5 - уі КОКП жоғары партия мектебін бітіргендер, 2 - і университет бітіргендер, 8 – і мұғалімдер, 3 – уі толық емес жоғары білімділер болды.

Цензорлық жұмыспен тікелей айналысқан 106 қызметкердің 17 – сі университет бітіргендер, 4 – уі журналист, 7 – уі тіл маманы, 5 – уі тарихшы, 1 – уі геолог - географ, 2 – уі журналист, 43 – і педагог, 3 – уі инженер, 5 – уі экономист, 4 – уі шет тілдер маманы, 1 – уі агроном, 1 – уі заңгер, 6 – уы саяси жоғары білімі барлар, 1 – уі жоғары білімді әскери маман, 1 – уі фельдшер және 22 – сы басқалар [13, 17 п.].

Ал республикалық Баслит жүйесінде 80 - жылдары штат бойынша, 128,5 адам болған, оның 108 – і тікелей цензорлық міндетті атқаратындар. Арнайы қызметкерлер - 13 адам, 3 бухгалтер, 4,5 техника мамандары, 1,5 еден тазалаушылар. 127 қызметкердің 107 жоғары және аяқталмаған жоғары білімі барлар. 66 адам КОКП мүшесі, 65 адамның 5 жылдан 10 жылға дейін жұмыс стажы болса, ал 53 адамның 10 жылдан жоғары жұмыс стажы болған. Бұл жылдары Баслит пен облыстық басқармаларда цензорлық қызметпен айналысатын қызметкерлер үшін арнайы оқулар өткізіліп тұрды. Ондағы негізгі мәселелер құпия құжаттардың тізімін шығару мен оларды қалай анықтау тәжірибесін үйрету болды. Осы мәселелер бойынша Баслиттің орталық аппаратында 19 рет жұмыс - кеңесі өткізілді. 1982 жылдың маусым айында жаңадан тағайындалған 4 облыстық басқармалардың басшыларына арналған үш күндік, ал қараша айында бес күндік тәжірибе алмасу -семинарлары өткізілді. Республикада 18 облыстық басқармалар жұмыс істеді. 1982 жылы 7 облыстық басқармалардың басшылары есеп берді. Жыл бойы Коллегияның 20 отырысы өткізілді. Онда цензорлық қызметке байланысты әртүрлі мәселелер талқыланды. Олар: «Баслиттің орталық аппаратының анықтама қызметінің жұмысы туралы», «Шетел әдебиеттерін сақтау мен пайдалану тәртібі туралы Нұсқау» мәселелері және КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Баслитінің 1981 жылы 22 желтоқсанда «Түрікменстан, Свердлов және Орынбор басқармаларындағы бақылау мен тексерудің жағдай туралы» қаулысының орындалу барысы талқыланды [14].

Кеңестік жүйеге қызмет еткен Бас Басқарма төмендегідей міндеттерді атқарды: [15].

- а) КСРО территориясындағы цензура органдарына жетекшілік жасады;
- ә) Баспасөз және радиохабар шығармаларының барлық түріне алдын ала және кейінгі бақылауды ұйымдастырды;
- б) Шетелдік әдебиеттердің КСРО-ға әкелінуі мен кеңестік әдебиеттерді КСРО-дан шетелге алып кетуді қадағалады;
- в) КСРО-дан шетелге ақпарат тарататын шетел тілшілерінің мәліметтерін қадағалады;
- г) КСРО-дағы кітап және журнал өнімдерін шығаруға тыйым салу және рұқсат беру, баспаханаларды мемлекеттік тіркеуге алды;
- ғ) КСРО-дағы шығатын баспасөз шығармаларын мемлекеттік библиографиялық тіркеуге алды;
- д) кітап дүкендері мен көпшілік пайдаланатын кітапханалардан цензура органдары алып тастауға тиісті саяси зиянды әдебиеттердің тізімін жасау және кітап саудасы мен көне кітаптар (букинист) дүкендерін қадағалады;
- е) кітапханалар жанынан арнайы қоймалар ашу құқығына рұқсат беру, мұражайлар мен кітапханалардың арнайы қоймаларында әдебиеттерді сақтау мен пайдаланудың міндетті ережесін жариялады;
- ж) КСРО-дағы барлық полиграф кәсіпорындары мен баспаханалары үшін міндетті болатын белгілі адрестерге баспасөз шығармаларының алғашқы және міндетті даналарын (ақысыз және ақылы) жеткізу сияқты міндеттер атқарады.

Сонымен бірге Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мына бөлімдеріне: әдебиет және өнер бөлімі, ауыл шаруашылығы бөлімі, ғылым және жоғары оқу орындары бөлімі, мектептер бөлімі, әкімшілік бөліміне, барлық баспа өнімдерінің алғашқы даналарын, ал Қазақстан Орталық Комитетінің хатшыларына полиграфиялық өнімнің 5

данасын, ҚазКСР Министрлер Кеңесінің төрағасына барлық шыққан әдебиеттің бір данасын жеткізіп отыру міндеттелді.

Мұрағат мәліметтеріне жүгінер болсақ, Бас Басқарманың қадағалау-бақылау міндеттерінің негізгі бағыттарына партиялық басшылық жасалып, оны жүзеге асыратын құрылымы анықталып отырылған. 1953 жылдың қазан айынан бастап, бұл мекеме Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің құзырына берілді.

1957 жылы маусым айында Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанынан радиохабарлар және телевидение жөніндегі Комитет құрылып, Бас Басқарманың жұмысы тағы да көбейді. Бір аптада сөйлейтін 66 сағат 51 минуттық материалдарды алдын ала тексеру жұмысына енді арнайы дайындығы бар мамандар қажет болды.

Сонымен Басқарма басшылары алдына жаңа міндеттер қойылды. 1958 жылдың ақпан айында, сондай-ақ, КСРО Баспасөз жөніндегі Бас Басқармасының жаңа Ережесі бекітіліп, онда Бас Басқарманың және оның жергілікті органдарының құқықтары мен міндеттері айқындалды. Осы уақыттан бастап Бас Басқарманың және оның жергілікті органдарының жұмысының мазмұнын, түрлері мен әдістерін айқындайтын цензура құжаттарын қайта қарау және жою жұмысы басталды. Бас Басқарманың Ережесіндегі өзгерістер билік пен қоғам арасындағы өзара қатынастың жалпы стратегиясын жүзеге асырудың нәтижесінде болған еді. Бұл орайда партия «сталиндік модельден» іргесін аулақ салып, мәдениеттегі өзінің басшылық қызметін жоғалтпай, оны жарақтандыруды ниет етті. Осы тұста цензура органдарының іс-әрекеттерінің қарама-қайшылығы және жүйелі еместігі байқалды.

Қазақ КСР Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас басқармасы туралы Ереже қабылданып, оның міндеттері айқындалды: [10, 138-145 п.].

1. Қазақ КСР Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас Басқармасы одақтық-республикалық орган болып табылды.

2. Қазақ КСР Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас Басқармасының негізгі міндеттері мыналар болды:

а) баспасөзде, радио, телевизия хабарларын таратуда, кинофильмдерде, репертуарлық ойын-сауықтар көрсету кәсіпорындарында мемлекеттік құпияларды қорғау;

ә) антикеңестік, антисоциалистік мазмұндағы материалдары бар шетелдік басылымдардың республикада таралуының алдын алу;

б) республикадағы министрліктердің, ведомстволардың, қоғамдық және басқа да ұйымдардың баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау мәселесі бойынша жұмысын үйлестіру.

3. Қазақ КСР Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас Басқарма, халық депутаттары облыстық Кеңестері атқару комитеттерінің жанындағы нақ сондай басқармалар, сондай-ақ аудандардағы (қалалардағы) баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғауға өкілетті басқармалар КСРО Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас басқармасының біртұтас жүйесіне енеді.

4. Қазақ КСР Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас Басқармасы өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

а) баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау, мемлекеттік және халық шаруашылық маңызы бар материалдарды жариялау тәртібін өзгерту туралы ұсыныстарды әзірлеп, енгізеді;

ә) мемлекеттік құпияларды сақтау мақсатында теріс қоғамдық пікір туғызатын, жалған ақпараттардың таралуының алдын алады; республикадағы басылымдарды, радио және телевизия арқылы ашық түрде жарияланатын хабарларды ҚазТАГ материалдарын алдынала бақылауды, өндіріске қабылданған киносценарийлерді, көркемфильмдерді, хроникалық, деректі, ғылыми-техникалық кинофильмдерді, диафильмдерді, диапозитивтерді, театрларда, цирктерде және эстрадада ашық түрде орындалуға арналған шығармалардың мәтіндерін, көп тиражбен шығарылатын изоөнімдерді, республикада

ашық көрсетілетін экспозицияларды, өлкелік, ғылыми-техникалық, табиғи-ғылыми мұражайларды, тұрақты, уақытша өнеркәсіптік, ауылшаруашылық, ғылыми-техникалық көрмелерді алдынала бақылауды жүзеге асырады, сондай-ақ шығармаларды (жарыққа шыққан соң), баспалардың, шығарушы ұйымдардың, газеттер мен журналдардың редакцияларының жауапкершілігімен шығатын және алдынала бақылаудан босатылған басылымдарды одан кейінгі бақылауды жүзеге асырады;

б) министрліктер, ведомстволар, қоғамдық және басқа да ұйымдар шет елдерге жолдайтын немесе шетелдік ұйымдар мен адамдарға тапсыруға арналған баспасөз шығармаларының қолжазбаларын, баяндамаларды және басқа да мәтіндік, иллюстрациялық материалдарды бақылайды;

в) азаматтардың ашық пошта сәлемдемелері арқылы шетелдерге жолданатын баспасөз шығармаларын, мәтіндік, иллюстрациялық материалдарды бақылайды, сондай-ақ республикаға капиталистік елдерден ашық пошта сәлемдемелері арқылы жеткізілетін шетелдік баспасөз шығармаларын да бақылайды;

г) жұртшылық пайдаланатын кітапханалардан, кітап саудасы желісінен республикада шығарылатын және оларды тарату дұрыс емес деп танылған басылымдарды таралымнан алу туралы нұсқау сипатындағы құжаттарды, сондай-ақ алып тастау жөніндегі нұсқау өз маңызын жойған басылымдарды, жалпы кітап қорларына қайтару қажеттігі туралы құжаттарды шығарады; министрліктердің, комитеттердің, ведомстволардың, қоғамдық және басқа да ұйымдардың өз қарамағындағы кітапханалардан, кітап саудасы желісінен жұртшылықтың пайдалануына шек қойылған әдебиеттерді алуын бақылайды; министрліктердің, комитеттердің, ведомстволардың, қоғамдық және басқа да ұйымдардың осы әдебиеттерді сақтау және беру ережесін сақтауын бақылайды; республикадағы кітап басып шығарушы ұйымдар мен полиграфиялық кәсіпорындардың баспа өнімдерін басып шығарудың белгіленген ережелерін сақтауын бақылайды; газеттер мен журналдардың редакциялары, баспалар, радио мен телевизия хабарларын тарату органдары, ҚазТАГ, кино және басқа да мүдделі ұйымдар бойынша мемлекеттік құпияларды қорғаудың негізгі талаптары туралы ақпараттар, кеңестер беруді ұйымдастырады; қажет болған жағдайда, жоғары тұрған органдарға баспасөз шығармаларының, киносценарийлердің, радио мен телевизия хабарларының мазмұнын, театрларда, цирктер мен эстрада арқылы орындауға арналған шығармалардың мәтіндері туралы мәліметті хабарлайды;

ғ) Қазақ КСР Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас басқармасының қарамағындағы органдарды инспекциялық тексеруді жүзеге асырады, осы органдар басып шығаруға рұқсат еткен басылымдар бойынша одан кейінгі бақылауды жүзеге асырады, олардың қызметінің қорытындыларын шығарады, осы жүйе қызметкерлері үшін баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғаудың маңызды мәселелері туралы мәжілістер өткізеді;

д) кадрларды даярлау және қайта даярлау бойынша семинарларды ұйымдастырады;

е) Қазақ КСР Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас басқармасының қызметінің мәселелері бойынша жүйелі және басқа да есептерді КСРО Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас басқармасына тапсырады;

5. Қазақ КСР Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас басқармасы, әдетте, халық депутаттары облыстық Кеңестері атқару комитеттерінің жанындағы нақ осындай басқармаларды бақылайды.

Жергілікті орындарда баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі органдарды құрады және оларды таратады, олардың құрылымдарын, штаттарын, халық депутаттары облыстық Кеңестері атқару комитеттерінің жанындағы баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі басқармалар туралы Ережені бекітеді, сондай-ақ осы басқармалардың бастықтарын тағайындауды халық депутаттары облыстық Кеңестерінің атқару комитеттері КСРО Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас басқармасының келісімімен жүзеге асырады.

6. Қазақ КСР Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас басқармасына мынадай құқық берілді:

а) Бас басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша бұйрықтар, нұсқаулар шығару;

ә) ашық баспасөзде жариялауға тыйым салынған басылымдарды басып шығаруға рұқсат етпеу, радио мен телевизия арқылы беруге тыйым салынған хабарларды эфирден беруге рұқсат етпеу, қажет болған жағдайда, министрліктерден, ведомстволардан, қоғамдық және басқа да ұйымдардан, сондай-ақ баспалар мен редакциялардан олар жариялауға әзірлеген ғылыми-техникалық және басқа да арнаулы жұмыстарда жария етуге жатпайтын мәліметтердің бар-жоғын анықтау үшін сараптама жүргізуді талап ету;

б) белгіленген тәртіпке сәйкес жекелеген басылымдарды алдынала бақылаудан босату, сондай-ақ, егер мемлекеттік құпияларды қорғаудың мүддесі қажет етсе, осы басылымдар бойынша алдынала бақылауды жалғастыру;

в) антикеңестік және антисоциалистік мазмұндағы материалдары бар шетелдік басылымдарды пайдалануда шектеу немесе оларды тәркілеу;

г) одан кейінгі бақылау үшін республиканың аумағында шығарылатын басылымдардың бақылау даналарын белгіленген тәртіпке сәйкес алады.

Қазақ КСР Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас Басқарманың газеттер мен журналдардың редакцияларының, баспалардың, полиграфиялық кәсіпорындардың, байланыс органдарының және басқа да мекемелердің басылымдары мен материалдарын тікелей бақылайтын қызметкерлері жеке, арнайы жабдықталған үй-жайлармен қамтамасыз етілді.

7. Қазақ КСР Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас басқарма Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің жанындағы Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитетімен тығыз байланыста жұмыс істейді, қажет болған жағдайда оған Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғаудың тәртібінің бұзылуы, басып шығаруға әзірленген басылымдардағы қателіктер туралы хабарлап отырды.

8. Қазақ КСР Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас Басқармасына КСРО Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас басқарманың келісімімен Қазақ КСР Министрлер Кеңесі тағайындайтын бастық жетекшілік етті.

Қазақ КСР Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас басқарманың бастығы Бас басқарманың қызметіне жетекшілік етеді, КСРО-ның, Қазақ КСР-інің заңдарын, КСРО-ның, Қазақ КСР-інің Министрлер Кеңесінің Бас Басқарманың құзыретіне қатысы бар қаулылары мен өкімдерін, КСРО Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас Басқармасының бұйрықтарын, нұсқауларын және басқа да ұсыныстарын басшылыққа алды.

Қазақ КСР Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас басқарманың бастығы өз құзыретінің шеңберінде және КСРО-ның, Қазақ КСР-інің заңдарының, КСРО-ның және Қазақ КСР-інің Министрлер Кеңесінің қаулылары мен өкімдерінің, КСРО Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас басқарманың бұйрықтарының, нұсқауларының және басқа да нұсқауларының негізінде бұйрықтар, нұсқаулықтар шығарады және олардың орындалуын тексерді, Бас басқарманың қызметкерлерін қызметке тағайындады және босатты.

Қазақ КСР Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас басқармасының бастығы халық депутаттары облыстық Кеңестері атқару комитеттерінің жанындағы баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі басқармалардың КСРО-ның заңдарына қайшы келетін бұйрықтарының орындалуын тоқтатты.

9. Қазақ КСР Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас басқармасында құрамына бастық (төраға), оның орынбасарлары және Бас басқарманың басқа да басшы қызметкерлері енетін алқа құрылды.

Алқаның құрамын Бас басқарманың бастығының ұсынуымен Қазақ КСР-інің Министрлер Кеңесі бекітті.

Алқа Бас Басқарманың негізгі міндеттерінің орындалуына байланысты мәселелерді, кадрларды іріктеу мәселелерін, бұйрықтардың, нұсқаулықтардың орындалуын тексерудің жайын, маңызды бұйрықтардың, нұсқаулықтардың жобаларын қарады, Бас басқарманың бөлімдерінің есептерін, ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың қызметі және басқа да маңызды жұмыстар туралы баяндамаларды тыңдады.

10. Қаржыландыру одақтық бюджеттен жүзеге асырылды.

11. Қазақ КСР Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас Басқармасының құрылымы мен қызметкерлерінің санын Қазақ КСР-інің Министрлер Кеңесі бекітті.

12. Қазақ КСР Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас Басқармасының Қазақ КСР-інің елтаңбасы бейнеленген, қазақ және орыс тілдерінде өз атауы жазылған мөрі болды [10, 138-145 п.].

Мәселенің маңыздылығына байланысты сол кезде Орталық аппараттың қызметкерлерінің саны, олардың жұмыс ауқымы уақыт өткен сайын өсе түсті, осы кезеңде Баспасөз жөніндегі Бас Басқарманың құрамында барлық ойын-сауық шараларын өткізетін мекемелер мен ұйымдарды тексеру жұмысы жүргізілді: олар театрлардың қойылымдары, сондай-ақ академиялық театрлардың қойылымдары, эстрадалық көріністер, концерттер, дәрістер, бейнелеу өнері (живопись, графика, мүсін), күйтабақтарға және пленкаларға жазылған шығармалар еді. Осы жұмысты неғұрлым тиімді жүргізу үшін Баспасөз жөніндегі Бас Басқарманың құрамында Репертуарларды бақылау комитеті – Бас репертуар комитеті құрылды. Бас репертуар комитетінің негізгі қызметінің құрамына мыналар енді: драмалық, музыкалық және кинематографиялық шығармалардың қойылымына, жұртшылық алдында орындауға рұқсат етілген және тыйым салынған шығармалардың мерзімді тізімдерін жасау және жариялау. Жоғарыда аталған қызметтерді жүзеге асыру үшін Бас репертуар комитетіне келесі міндеттер жүктелді:

- Ойын-сауық құратын барлық кәсіпорындардың репертуарларын бақылау және осы аталған бақылауды жүзеге асырудың тәртібі туралы нұсқауларды басып шығару;

- Ойын-сауық кәсіпорындары осы қаулылардың талаптарын орындау бойынша жөнсіздік жасаған жағдайларда қажетті шаралар қолдану және тиісті әкімшілік, сот органдары арқылы оларды жабу. «Рұқсат етілмеген шығармалардың қойылуына жол бермеу мақсатында» ойын-сауық кәсіпорындарының қызметін қадағалау.

Бас репертуар комитетінің қаулыларының жүзеге асырылуын байқап отыру ҰҚК- не (КГБ) және оның жергілікті органдарына жүктелді. Ал өнер туындылары бойынша бөлім бастығының міндетін уақытша атқарушы бақылау бөлімінің бастығы О.В. Заплавнова және цензорлар Э.Н. Затыльникова мен Д. Жұмалиевке жүктелді [8, 263-265 п.].

Ал республиканың Баслит басқармасы аппаратында алдын ала бақылау жұмысын негізгі екі бөлім атқарды [11, 39 п.].

КСРО Министрлер Кеңесі Баспасөз жөніндегі Бас Басқарма туралы Ережеде көрсетілген цензуралық органдардың қызметкерлері мынадай міндеттер атқарды: а) Баспадағы, телевизия, радиохабарлар, кинофильмдер, ойын-сауық кәсіпорындарының репертуарлары, мұражайлар мен көрмелердегі экспозициялар мен шетелге шығаруға арналған материалдардағы мемлекеттік құпияларды қорғау;

ә) Бас Басқарманың келесі бір міндеті сырттан енетін баспасөз мәліметтерін қадағалау еді. КСРО Бас басқармасының екінші бөлімі «антикеңестік және антисоциалистік мазмұндағы материалдары бар басылымдардың таралуының алдын алу мақсатында» КСРО-ға келіп түсетін капиталистік елдердің материалдарын бақылады. Ашық каналдардан келетін антикеңестік және антикоммунистік материалдардан тұратын шетелдік басылымдардың елде таралуын болдырмау болды.

Міндеттердің ішінде: министрліктер мен ведомстволардың жариялауға жатпайтын мәліметтерінің ведомстволық тізімінің жобаларын қарау; министрліктердің, ведомстволардың, баспалардың, басылым органдарының және т.б. басшыларына баспадағы мемлекеттік құпияларды қорғау тапсырылды. Баспасөз жөніндегі Бас Басқарманың өзінің міндеттерін анықтайтын ережелері бойынша мемлекеттік комитет ретіндегі құқықтарын пайдаланатын кеңестік-республикалық орган мәртебесі бекітілді. КСРО Баспасөз жөніндегі Бас Басқармасының бұйрықтары, нұсқаулары мен қарарлары барлық министрліктер, ведомстволар, баспа органдары және басқа да ұйымдар үшін міндетті болып табылады деп заңдастырылды.

Біз қарастырып отырған кезеңдегі жалпы мемлекеттік идеологиялық бақылау жүйесінің органы КСРО Министрлер Кеңесінің жанындағы баспасөздегі әскери және мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас Басқарма деп аталды. Мекемені ұйымдастырудағы басты мақсат төмендегі мазмұндағы шығармалардың басылып шығарылуына бақылау жасап тыйым салу болды олар: біріншіден Кеңес өкіметіне қарсы үгіт-насихат жүргізетін әдебиет, екіншіден әскери құпияны жариялайтын, үшіншіден жат пиғылдағы қоғамдық пікір тудыратын, төртіншіден порнографиялық мақсаттағы. Ал баспадан шыққан кітаптар мен кітап саудасы жүйелеріндегі мынанадай кітаптар тексеруден өткізілу керек болды: а) контрреволюциялық бағыттағы кітаптар, ә) клерикалды-діни мазмұндағы шығармалар, б) тыйым салынған тізімдегі барлық шығармалар, в) философия, психология, этика бойынша барлық кітаптар, д) хиромантия, магия, түс жору жөніндегі кітаптар [16]. Бұл мекеменің рұқсатынсыз бірде бір афиша, театр репертуарлары, одан қалса, бірде бір мақала осы мекеменің рұқсат қағазы толтырылмай шығарылмады.

Сонымен жоғарыдағы ұстанымдарды басшылыққа ала отырып мемлекет құпияларын баспасөзде сақтау жөніндегі Бас Басқарма – 50 - жылдардан бастап № 6 форма бойынша тексеріс жүргізу құқына ие болды. Олар: Қоғамдық кітапханалар мен кітап саудасы жүйесіндегі кітап қорын тексеру, мұражайлар мен көрмелер жұмыстарын бақылау, өнер туындылары мен кадрларды ауыстыруды қадағалау ісі, газет-журналдарды тізімдеу мен штаттан тыс қызметкерлерді қадағалау істері болып бөлінді. Атап айтқанда, тарихи түрде цензураның мынадай түрлері қалыптасты: алдынала және кейінгі (жазалаушы цензура). Осы екі деңгейдегі жүйе кейбір шығармалар мен мәтіндердің әртүрлі жағдайлармен баспасөз бетінде жарияланса, оларды осы алдын ала бақылайтын жүйе анықтауға тиіс болды. Сонымен бірге олардың одан әрі таралуына жол бермеуі, сондай-ақ бұл мәселедегі кінәлілерді жазалау шараларын анықтауы тиісті еді. Бұл цензураның жазалаушылық сипатқа ие болғандығын көрсетеді.

Басылған кітаптарды айналымнан алып тастау жұмысымен басында Главполитпросвет айналысып, ол мекеме таратылған соң кітапханаларды «тазарту» ісі автоматты түрде Бас Басқарманың қарамағына өтті. Яғни кітапханалар мен кітап шығару енді Баслиттің қызметімен тікелей байланысты болды. Бас Басқарманың құрамындағы «тазарту» ісімен тізбелік эксперттік комиссиялар құрылып, 1991 жылдың тамызына дейін жұмыс жасады. Комиссиялар басып шығаруға, халыққа жариялауға тыйым салынған әдебиет, өнер және т.б. шығармалардың тізімдерін жасап, кітапханалар мен дүкендерден алғызып отырды. Нәтижесінде, сыртқы дүниеге есігі жабық, тек бір жақты ғана ақпарат алуға негізделген қоғам өмір сүре бастады. Осылай бірпартиялық жүйе еркін шығармашылыққа, ой-пікір бостандығына тосқауыл қойып, мәдениетті идеологияға тәуелді етіп басқаратын құқыққа ие болды. Әдебиет, өнер, ғылым және оның қайраткерлері тек өмір сүріп отырған үкіметтің мүддесіне, идеологиясына оның нығайып, күшеюіне ғана қызмет етуге тиіс болды. Цензура мемлекет пен оның идеологиясының нығаюына қызмет ететін бірден-бір механизмге айналды. Осылай қоғамдық өмірдің барлық жаңа салаларына саяси цензура біртіндеп ене бастады. Тоталитарлық жүйеге тән бұл құбылыс әлем жұртшылығына мәлім болды. 1950 жылдары Сорбонна университетінде лекция оқыған социолог ғалым Р. Арон: «Тоталитарлық

қоғамда мемлекет және олардың өкілдері барлық баспасөз ақпарат құралдарының үстінен қарайды (радио, телевидение, баспасөз) сонымен қатар халқы да идеологиялық және саяси террордың құрбандары» [17], - деп берген бағасы соның куәсі.

Баспасөзбен өнер шығармаларына саяси-идеологиялық бақылауды күшейту мақсатында әрбір цензордың бақылайтын материалдары бойынша қырағылығын және жеке жауапкершілігін арттыру; мәтінді ғана емес, сонымен бірге шығарманың мазмұнын мұқият оқу; сондай-ақ баспасөздегі сын - рецензияларға, пікірлерге талдау жасау; жеке жоспарлар жасау және цензорларды аттестаттаудан өткізу; цензорлардың жұмысын күнделікті бақылау, жекелеген шығармаларды цензорлық мақсатта оқуды тәжірибеге енгізу; өндірістік жиналыстарда цензорлардың осындай істерге араласуы туралы хабарларын жүйелі тыңдау; істің мән-жайы бойынша анық-қанығына жету; сондай-ақ қатарласа оқулардың нәтижелерін қарау; барлық ұсталған шығармалар мен саяси-идеологиялық араласулар жүзеге асырылған шығармалар туралы баспалар мен редакциялық алқалардың редакциялық жұмысындағы кемшіліктері туралы жергілікті партия органдарының басшылығының назарына жеткізу мақсат етілді [18].

Цензорлардың қадағалау аймақтары мен нысандары нақтыланып, сонымен қатар есеп беру тәртібі, міндеттері айқындалып отырылды. Цензор кадрларының жұмысының сапасы мен қоса жеке қасиеттеріне де көп көңіл бөлінді. Мысалы: Жамбыл облыстық басшысына ұсынылған Әлиқенов кезінде екі рет Кеңес өкіметіне қарсы көзқарасы үшін сотталғаны анықталған, бухгалтер Дүйсенбаевтың ұлтшыл, бандит, Отан соғысының дизертирі екені, Галимовтың ұлтшыл, жауапсыз, маскүнем, Ильяковскаяның ұзақ уақыт фашистердің басып алған территориясында тұрғаны анықталып жұмыстан қуылған [18, 12 п.].

Зерттеу барысында анықталғандай Кеңес өкіметі өз республикасында тұрса да қазақтарға сенімсіздік білдіріп, құпия бөлімдерге қызметке көбінесе, орыс ұлтының өкілдері алынатын болған. Әлеуметтік жүйедегі қабылданған нормалардан ауытқушылықты болдырмау үшін мақсатты түрде ықпал жүргізуді қамтитын әлеуметтік бақылауды жүзеге асырушы және жекелеген адамдарға, институттар мен әлеуметтік топтарға айқын жетекшілік жасау сияқты басты қызметтеріне қарай цензура өкімет үшін маңызды еді. Сонымен қатар цензура басқа қызметтер мен де байланысты болды, ол қоғамдағы қалыптасқан әлеуметтік нормалардың негізінде тепе-теңділікті сақтау мен оған қолдау көрсетуді реттеуге бағытталған қызмет болатын.

Кеңестік цензура қызметін ғылыми негізде ұйымдастыруға бет бұрылып, оның теориялық негіздемесі жасалды. Цензура өз қызмет аясына ақпараттар ағымына байланысты атқаратын болды, ол үшін бірнеше өлшемдер: 1) ақпарат айналымының ауқымы; 2) оның айналыстағы уақыты; 3) оның қозғалыс бағыты; 4) ақпараттың эмоциялық реңкі; 5) ақпарат өндірісінің заңды немесе заңсыз тәсілдері; 6) ақпарат өндірісінің мақсаттары міндетті түрде орындалуы қажет болды [19].

Қалыпты жүйедегі цензураның ең басты қызметтері төмендегідей болып келді: 1) әлеумет қабылдаған нормаларға сәйкес әлеуметтік ақпараттарды жүйелі түрде тандау, сұрыптау, бағалау, барлау, бақылау қызметтері; 2) ақпарат айналымының тәртібін нұсқаулар, ұсынымдар, ұйғарымдар, тыйым салу т.б. арқылы орнатуға, оның межелерін анықтау мен уақыт шеңберін реттеуге бағытталған қызметтер; 3) мемлекеттік, әскери және басқа да маңызды құпияларды жасырын сақтау және күзетке алу қызметі; 4) цензура ережелері тыйым салған ақпараттарды қолданушылар, сақтаушылар, таратушылар мен өндірушілерге қарсы бағытталған жазалау қызметтері; 5) белгілі бір ақпаратты жеке тұлғалардың қабылдау және өңдеу механизмдеріне тікелей әсер ету мақсатындағы қызметтер; 6) әлеуметтік-саяси тұрақтылықты нығайту және қауымдағы қарама-қайшылық факторын болдырмаудың алдыналу қызметі; 7) цензура салдарынан өзгеріске ұшыраған немесе керісінше, бұрмаланбаған ақпараттардың қоғамда айналысқа түсуіне жол ашушы санкция қызметі; 8) ғылым, өнер мен мәдениеттің, т.б. пайда болуына және оның үлгілерін орнықтыруға арналған эталондық қызметі. Бұл жерде

цензураның қашан да қол жетпейтін шектеулі нәрсенің бәріне деген халық арасында аса қызығушылық тудыратын «Тыйым салынған жеміс - әрдайым тәтті келеді» қағидасына негізделген өзіндік сипатқа ие «қосымша» қызметінің де қоғамда қызығушылықты жандандыра түсетіні ерекше көрсетіледі.

Цензура қызметінің технологиясы жылдар бойы шыңдала, қалыптаса келе, айрықша бір жүйеге енген және белгілі бір деңгейде өзінің әсер ету заңдылықтарын қалыптастырған, сонысымен де ол өзінше бір ерекше мекемеге айналды [20].

2 - тақырып

Цензураның қоғам дамуының субъективтік-волюнтаристік кезеңіндегі қызметі

1.2. Цензураның 1956- 1960 жылдардағы қызметі

50 - 60 - жылдары Кеңес халқы, Сталиннің жеке басына табынушылықты әшкерелеген партияның XX және XXII съездері берген мүмкіншілікті толық мәнінде пайдалана алмады. Кеңес елінде, «жылымықтан» ("Оттепель") зәредей қорыққан әкімшілік-партиялық бюрократия демократияландырудың бағытын қорғап қалуға қырағылығы да білімі мен тәжірибесі де жетпеді. Осыны пайдаланған әлгі кертартпа күштер қайтадан әлденіп алып, Венгрия мен Польшадағы оқиғаларды сылтау етіп, елдегі демократиялық өзгерістерді тоқтатып тастады.

Біздің зерттеуіміздің алғашқы жылы - 1956 жыл сталиндік биліктен құтылып енді сол идеологияның негізін салушылардың ізбасарларының басқаруы басталған тұс болатын. Хрущев волюнтаристік әдіспен тың игеру кезінде республиканың партия, кеңес, кәсіподақ ұйымдарындағы кадрларды жаппай ауыстырды. Соның салдарынан бар билік тыңдағы кеңсарлар комсомол ұйымдарының хатшысынан бастап, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысына дейін - Орталықтан немесе одақтас республикалардан шақырылған орыс ұлтының өкілдерінің қолдарына берілді. Жергілікті кадрлар қажетсіз болып қалды. Хрущев кезінде «қажетсіз» болып қалған осындай маманның біреуі Жұмабай Шаяхметов болды. Көреген, ұлтына қызмет еткен басшы ретінде ол соғыс кезінің өзінде Шет тілдер институтын, Қыздар институты мен педучилищесін, Қазақ консерваториясын, Шымкент химия - технология институтын, соғыс біте сала ҚСР Ғылым Академиясының ашылуына себепкер болған қайраткер еді. Қазақстанның жоғарғы билігінде жиырма жылдай басшылық еткен Ж. Шаяхметов қамқорлық жасап, І. Омаровты, Д. Қонаевты, М. Тәжиевті, Ж. Жанғозинді, Ә. Қанапинді, Ж. Тәшеновті басшылықтың республикалық дәрежесіне дейін көтерген. Ол қазақ әдебиеті мен мәдениетіне тікелей моральдық қолдау көрсетіп отырды. Екі мыңдай қазақ жастарын майданға жібермей, елге аса қажетті болашақ металлургтер даярлауға ұсыныс жасап, оны іске асырған Жұмабай Шаяхметовті қызмет орнынан босатып, тұрған үйін тартып алған да орталықтан келген Хрущевтің қолшоқпарлары еді. Қазақстаннан қуылып, жұбайы екеуі екі чемоданмен Мәскеуде Республика өкілеттілігі үйінің қорасында ұзақ жылдар панасыз жүрген [21].

Ж. Шаяхметовтің тәрбиесін көрген қазақ тарихының ең бір күрделі кездерінде көрегендік көрсетіп, артына үлгілі із қалдырған асыл азаматтардың бірі - Илияс Омаров болды. Ол қаншама кітапхана, театр, филармония, институттардың өмірге келуіне себепкер болған басшы болды [22]. Кремль үшін осындай әріден көріп, тереңнен толғайтын ұлтжанды қазаққа республика идеологиясын сеніп тапсыру қауіпті болғандықтан, оны Басқару академиясына, өзі сабақ бере алатын қабілеті білікті азаматты Мәскеуге білімін көтеруге оқуға жібереді. Оны бітіргеннен кейін қызметін төмендету мақсатымен Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің екінші хатшысы етіп жібереді. Одан кейін Республикалық Мемлекеттік жоспарлау Комитеті төрағасының орынбасары етіп қояды. Әдеби мәдениеті жоғары үлкен тірлікте, қызметте

әріден ойлайтын мемлекет қайраткері басқарған сол жылдары талай ақын-жазушының көкірегі ашылып, өрісі мен тынысының кеңеюіне ықпал еткен.

Осындай ұлт кадрларына билік тізгіні берілмей, оларға сенімсіздікпен қараған тұста цензураның құдіреті бұрынғыдан да күшейе түсті.

1957 жылғы қаңтар айынан бастап КОКП Орталық Комитеті жергілікті партия органдарына өзінің «Партия ұйымдары мен көпшілік арасына кеңестерге қарсы жаулық көзқарастағы элементердің енуіне жол бермеу үшін саяси жұмысты күшейту жөнінде» хатын жолдап, жөнсіздіктер әртүрлі кеңестер мен конференцияларда жасалған баяндамаларда, жарыссөздерде, жекелеген азаматтардың қолжазба материалдарын немесе қызметтік басылымдарды шетелдерге өз тарапынан жіберілген кездерінде де анықталатынын айтты. Осыдан кейін коммунистер бастаған тыңшыларға, бұқара арасында айтылған әрбір сөзбен жиналыстардағы өзге пікірлерге тыйым салу міндетімен де айналысу тапсырылды. Әрине, цензорлардың берген анықтамаларына талдау жасау барысында байқалғандай құпиялылығы жоқ, ұсақ мәселелерге де тыйым салынып, олардың тарапынан көбінесе, асыра сілтеуге үнемі орын берілгенін байқаймыз. Мұндай нұсқаулар кеңес идеологиясының ықпалымен жасалып, халықтың санасын шатастырып, әлемдік өркениеттің даму бағытынан көпе-көрнеу адасуына әкелді.

КОКП Орталық Комитеті өзінің қаулысымен Баслиттің басшылығын «оның жұмысын түбірімен жақсартып, Баслиттің және оның жергілікті органдарының рөлін едәуір көтеруді тапсырды». Баслит бұл бағыттағы жұмысын 1957 жылғы «Баспасөзге ашық жариялауға, теледидар мен радиодан беруге тыйым салынған хабарлардың мәліметтерінің жаңа тізімін» қолданысқа енгізумен бастады. Сондай тізімдегі шығармалардың бірі Жамбылдың 3 томдық шығармалар жинағы болды. 1957 жылдың 9 сәуірінде сол шығармадан алып тасталған өлеңдер тізімі: [23].

1. Сталинді тыңдадым.....	176
2. Сталинді сыйлаймын.....	229
3. Ұсынамын.....	231
4. Конституция күніне.....	-
5. Сталиннің туған жері.....	276
6. Шын жүректен.....	296
7. Сталин, жырым сен үшін.....	-
8. Сталиндік конституцияның екі жылдығына.....	-
9. Үндеу.....	381
10. Жыр арқауы.....	-
11. Сталин.....	387
12. Күні туған елім.....	406
13. Түрксибтің он жылдығына.....	-
14. Бақыт заңы.....	-
15. Өлім мен өмір белдесті.....	434
16. Жау ажалы жақын.....	508.

XX съезден кейінгі сталиндік жеке басқа табынушылықтың сынға ілінуімен, бұрынғы басылымдардағы Сталинге қатысты өлең-мақалалардың қайта басылуына тосқауыл қойылды. Жамбылдың туғанына жүз жыл толуына орай, 1946 жылы орыс тілінде 620 бет болып шығарылған шығармаларының жинағында, жоғарыда тыйым салынған өлеңдері толығымен берілген болатын [24]. Ал замана лебінің өзгеруімен, олар енді саяси қателікке бой ұрындырған деп саналып, шығармалар жинағынан алынып тасталды. Оны жоғарыда тыйым салынған өлеңдер тақырыбынан-ақ анық байқауға болады.

КСРО Бас Басқармасының материалдары бойынша, Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті 1960 жылдың ақпан айында баспасөз және цензура органдарының КОКП Орталық Комитетінің 1958 жылғы 13 қыркүйектегі қаулысын орындауының

қорытындыларын қарады және «Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғауды жақсарту шаралары туралы» шешім қабылдады. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті редакциялар мен баспалардың қызметкерлерінің жариялауға дайындалатын материалдарда құпиялылықты сақтау мәселелеріне жеткілікті назар аудармайтынын атап көрсетіп, облыстық партия комитеттеріне цензорлық бақылаудан босатылған қалалық, аудандық, көп таралымды газеттерде құпия мәліметтердің жариялануына жол бермей, бұл мәселеге айрықша назар аударуды міндеттеді [7, 222 б]. Осындай қырағылықтың арқасында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы И.Д. Яковлевке жолданған «Баспасөздегі әскери және мемлекеттік құпияларды қорғаудың жағдайы туралы» анықтамада 1957 жылдың 6 айында республика цензорларының баспа өнімдерін алдынала бақылаудың нәтижесінде біздің мемлекетіміздің құпияларын құрайтын мәліметтерді жария етудің 741 оқиғасының алдын алғаны атап көрсетілді. Қазақ КСР Баспасөз жөніндегі Бас басқарманың алдынала бақылайтын цензорлары жарты жылда кәсіпорындардың қуаты және өндірістік жоспарлары, жасырын нысандардың құрылысы, әскери бөлімдердің орналасуы, стратегиялық маңызы бар пайдалы қазбалардың жаңа кеніштерінің ашылуы туралы құпия және өте құпия 274 мәліметтің баспасөзге еніп кетуінің алдын алған. Ақтөбе және Қарағанды облыстарының газеттерінде қателер көп жіберілетіні сөз болды [25].

Осы жылдары Баслиттің әскери құпияларды сақтау мекемесі ретіндегі бақылау қызметі шектелді, оны саяси-идеологияны бақылау аясынан шығарды. Бұл өзгеріс 1958 жылы шыққан «КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Баслиті жайындағы жаңа ережеге енгізіліп ашық жариялауға, радио мен теледидардан хабар ретінде беруге тыйым салынған мәліметтердің тізімін» өзгертті. 1960 жылы арнаулы қорда сақталған 100-ден артық кітаптың тізімі өңделіп қайта жасалды, келесі іріктеу 1972 жылы жасалынды. Бұлардың ішінде Алашорда мүшелері мен қатар, оларға қатысы жоқ авторлардың да еңбектері сол қордан шығарылуын күтіп 1988 - 1989 жылға дейін жатты. Бас Басқармадағы өзгерістер алдымен партияның ұстанған бағытындағы «сталиндік жеке басқа табынушылықтан» бас тартуға байланысты билік пен қоғам арасындағы арақатынастың жаңартылуында еді. Соған қарамастан мемлекет өзінің партиялық қадағалауын мәдениет саласында да өз уысынан шығара қоймады. Міне, осыдан туындаған қарама-қайшылықтар қоғамдағы рухани саланың бәз-баяғы күйінде қалуына алып келді. Сонымен 1950 жылдың ортасы мен 1960 жылдың аяғына дейінгі кезеңдегі саяси цензураның рухани мәдениет саласындағы негізгі қызметі жалғаса берді [26].

КСРО Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас басқармасының 1959 жылғы 12 мамырдағы «Тегін әдебиетті басып шығаруды азайту туралы» № 15 «құпия» бұйрығын алысымен баспалардың жоспарлары қайта қаралды. Барлық тегін басылымдар басып шығаруға тек қана Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің рұқсатымен ғана рәсімделетін болды [27].

Жергілікті жерлердегі кітаптардың таратылуы да қатал бақылауда болып, оның есебі шығарылып отырылды. Орталық Комитеттің ғылым - мәдениет бөліміне 1957 жылғы кітаптардың облыстағы таратылуы жөнінде Қазмембаспа директоры Бектемісов есеп берген: Біріншіден, кітаптарды жүйелі түрде тарату дұрыс жолға қойылмаған; екіншіден, облыстық саудада, базаларда кітап жиналып қалған, ал дүкендерде жоқ; үшіншіден, кітаптарды жарнамалау мен сұраныстарды қамтамасыз ету жоқтың қасы делінген [27, 38 п.].

2.2.Цензураның 60 - шы жылдардағы қызметі.

Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас Басқарма 1960 жылғы 2 қарашада Жаңа тізбені Қазақстанда шығатын газеттер мен журналдардың

редакторларына таныстырды. Осы жылы баспа өнімдеріне саяси-идеологиялық бақылау күшейтілді, 25 басылым бойынша 71 рет араласу фактісі болды [28].

Орталық аппараттағы алдын ала тексеру бөлімінде 17 цензор болды. Бұл бөлім қызметкерлері сол кезде Алматыдағы 7 мемлекеттік баспаны және 11 мекемелердегі баспаларға тексеру жүргізді. Жалпы 1960 жылы алдын ала бақылаушы цензорлар 17.284 баспа табақтан тұратын кітаптарды, журналдарды, радио және телевизия хабарларын тарату жөніндегі комитеттің микрофондық материалдарын тексерген. Осы тексерілген материалдардан 444 бетті құпия ретінде сызған, оның 177 беті «азаматтық өнеркәсіп» бөлімінен, 100 беті «пайдалы қазбалар» бөлімінен, 54 беті «әскери өнеркәсіп» бөлімінен, 40 беті «әскери сипаттағы мәліметтер» бөлімінен, 22 беті «теміржол көлігі және азаматтық әуе флоты» бөлімінен сызылған. Ең көп түзетулерді Ғылым Академиясы баспасының материалдары бойынша (119 қателік) және «Лениншіл жас» газетінің материалдары бойынша (18 қателік) жіберілгені белгілі болған. Ғылым академиясы баспасының материалдары сызылып, жасалған 119 ескертудің көбісі А.Е. Ерғалиеваның «Разработка месторождений жилого типа» атты монографиясының (26), «Труды Совета по изучению производительных сил Казахстана» (22) кітабының үлесіне тиген. Баспасөзде мемлекеттік құпияны сақтау жөніндегі Бас Басқармасы Ғылым академиясының баспасынан «Институттардың баспаларға ашық түрде басып шығаруға арналған, цензура шек қойған мәліметтері бар материалдарды бермеулері үшін шаралар қолдануларын», ескерткен [28, 26 п.].

Облыстық және қалалық газеттердің редакцияларында өткізілген партия жиналыстарында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1960 жылғы 12 ақпандағы «Баспасөзде мемлекеттік құпияны қорғауды күшейту шаралары туралы» қаулысы талқыланды. «Социалистік Қарағанды» газетінің редакторы Марфин жолдас баспасөзде мемлекеттік құпияны қорғау мәселесіне жеткілікті көңіл бөлмеді, соның салдарынан облыстық басқарманың цензорларының бір жыл ішінде 22 рет газетте қателіктер жібергендігі анықталды [28, 52 п.].

Бас Басқарманың аппаратында және облыстық басқармаларда цензорларды жоғары жауапкершілік сезіміне, революциялық қырағылыққа тәрбиелеу бойынша тұрақты жұмыс жүргізілді. Облыстық басқармаларда цензорлар 418 рет материалдарды сызды [28, 38 п.]. Жамбыл облыстық баспасөзде мемлекеттік құпияны сақтау жөніндегі басқармасының қызметкері Алмазов, «Коммунист» газетінің 1960 жылдың 19 маусымындағы нөміріне Жамбыл қаласындағы авиаэскадрилья туралы материал жарияланып кетуіне жол бергені үшін жұмыстан шығарылған [28, 39 п.]. Жоғарыда аталған кісілердің барлығы «Цензорлық бақылаудың тәртібі туралы Нұсқаудың» ережелерін сақтамағаны үшін қызметтерінен босатылған. Ал радио мен теледидар хабарларын тарату жөніндегі комитеттің 16 құпия мәліметі жарияланып кеткен (редакторлары, Михайлов, Мәдиев) [28, 44 п.].

Бас Басқарманың осы анықтама қызметі, жұмыс істеп тұрған және салынып жатқан өнеркәсіптерді, кәсіпорындарды, пайдалы қазбалар кеніштерін, ғылыми-зерттеу мекемелерінің баспасөзде ашық жариялауға рұқсат етілмеген тізімдері, қайта қаралды және нақтыланды. Нақтыланған тізімдердің негізінде Қазақстандағы жұмыс істеп тұрған және салынып жатқан өнеркәсіптер мен кәсіпорындардың ашық баспасөзде жариялауға арналған картотекасы жүргізілді. Осы картотекалар құпия құжаттар ретінде сейфте сақталды. Барлық облыстық басқармаларға жұмыс істеп тұрған, салынып жатқан, жобасы жасалып жатқан кәсіпорындардың ашық баспасөзде жариялауға болмайтындығы туралы нақтыланған тізімдері жолданды [28, 57 п.].

Бас Басқарманың бақылауына республикалық баспалардың барлық мерзімді басылымдары, облыстық, қалалық, көп таралымды газеттер, кітап өнімдері, республикалық радио мен телевизияның материалдары ілікті. 1960 жылы бір цензордың материалдарды оқуының айлық орташа жүктемесі 550 баспа табақты қамтыды [28, 58 п.]. Одан соң басылымдарды бақылау ісі мұражайлар мен көрмелерді бақылау Д.И. Глазман

арқылы, шетелдерге жіберілген кітаптар мен қолжазбаларды бақылау В.С. Педаш, бейнелеу өнерінің шығармаларын, қаламгерлердің көркем шығармаларын бақылау Р. Әлібекова, полиграфиялық кәсіпорындарды бақылау Х. Жұмағалиев, Р. Шабкеновалар, кітапханалардың кітап қорын тазартудың жайын бақылау Е. Қанафиналар арқылы жүргізіліп отырылды [28, 59 п.]. Мемлекет құпияларын бақылауды бұлай жеке адамдар арқылы жүзеге асыру тиімді болды.

1960 жылғы 12 ақпанда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті хатшылығы, КСРО Бас Басқармасының және Қазақ КСР Бас басқармасының ұсынған материалдарын карап, «Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғауды жақсарту шаралары туралы» қаулы қабылдады [28, 66 п.]. Бұл мәселе облыстарда талқыланды, 1960 жылғы 28 сәуірде Балқаш қалалық партия комитетінің бюросында «Қала кітапханаларын ескірген басылымдардан тазарту туралы» мәселе талқыланды. Балқаш қаласының цензоры Ниязов жолдас қалалық мәдениет бөлімімен бірлесе отырып, кітапханалар активінің күшімен қала кітапханаларын мұқият тексеруді ұйымдастырды. Нәтижесінде қысқа мерзімде барлық кітапханалар мен кітап дүкендері бақылау мақсатында тексерілді. Кітап қорларын, мұражайларды, көрмелерді және өнер шығармаларын бақылау жұмысы жер-жерлерде жүргізілді. Қазақстанда 10534 кітапхана, 3430 кітап саудасы нүктелеріне тексеру жүргізілді. Жұртшылық пайдаланатын кітапханалардың кітап қорларын және кітап саудасы желілерін цензорлардың құжаттарына енгізілген басылымдардан тазарту мәселесі бойынша жұмыс жүргізілді. 1960 жылы 1442 кітапханадағы, 631 кітап саудасы желілеріндегі кітап қорларына бақылау мақсатында ішінара тексеру жүргізіліп, кітапханалардан 6504 кітап, кітап саудасы желілерінен 5226 кітап, кітапша, антипартиялық топтың 459 портреті алынып тасталды [28, 74 п.].

Қазақстанда цензуралық бақылауға жататын 1 республикалық, 14 облыстық, 1 өлкелік мұражай жұмыс істеді. 1960 жылы цензорлар 70 және 94 экспонатты қоюға рұқсат беріп, 15 экспонатты қоюға тыйым салды. 1960 жылы 46 көрме тексерілген және 16 республикалық, 17 облыстық 2 аудандық көрме тексерілді [28, 75 п.]. Бұлай жаппай тексеруге ұшыраған объектілерде мемлекет қауіпсіздігіне қатер төндіретін оқиғалар ішінара ғана орын алды.

1960 жылы саяси мазмұндағы бейнелеу өнерінің өнімдері тексерілген, КСРО Көркемөнерпаздар қорының Қазақ бөлімшесі бойынша барлығы 3319 дана саяси мазмұндағы бейнелеу өнерінің өнімдері тексерілді және оның 86 -сы бойынша шешім шығарылып, қоюға тыйым салынды. Сондай-ақ, 4 драма театрының қойылымы, 1 әуесқой театрдың қойылымы тексерілді, 82 фотография өнімін қоюға рұқсат берілді [28, 75 п.]. Осы жылдары Қазақстанда 259 баспахана: 20 - облыстардың орталықтарында, 30 - Алматыда болған. Тексеру барысында құжаттардың бақылау даналарын жіберудің «Бірыңғай Ережесінің» талаптарының орындалуына айрықша назар аударылды. Бұл орайда № 331, № 86 бұйрықтардың мазмұны түсіндірілді. КСРО Бас басқармасының 1959 жылғы 19 қарашадағы № 485 бұйрығын алысымен Қазақстанның Бас Басқармасы барлық жергілікті органдарға қалалардағы полиграфиялық кәсіпорындар бойынша мұқият тексеру жүргізуді, құжаттардың бақылау даналарын, міндетті даналарын жолдау кезінде жіберілген барлық жөнсіздіктерді анықтауды және осы істегі барлық кемшіліктерді түзетудің нақты шараларын қолдануды ұсынды. КСРО Бас Басқармасының 1959 жылғы 29 шілдедегі № 331 бұйрығын, Қазақстанның Бас Басқармасының № 86 бұйрығымен бекітілген «Құжаттардың бақылау даналарын және міндетті даналарын жіберудің Бірыңғай Ережесі» талданып, Бас Басқарма 1960 жылғы 3 наурызда Қазақ Мәдениет министрлігіне қарасты Баспа және полиграфия жөніндегі Бас басқармасы бастығының орынбасары Жиреншинге хат жолдап, онда полиграфиялық кәсіпорындардың басшыларынан кемшіліктерді түзетіп, құжаттардың бақылау даналарын, міндетті даналарының уақтылы және дұрыс жіберілуіне қатаң бақылау орнатуды талап етті [28, 77 п.].

Қазақ КСР Мәдениет министрі Қанапин жолдастың 1960 жылғы 20 маусымдағы «Ашық баспасөз шығармаларын басып шығарудың Бірыңғай Ережесінің талаптарын орындауда жөнсіздіктердің жіберілгені және республиканың полиграфиялық кәсіпорындарының баспасөз шығармаларының бақылау және міндетті даналарын жіберу кезіндегі кемшіліктерді түзету туралы» № 208 бұйрығы талқыланды [28, 78 п.]. Жапай жүргізілген қатаң бақылау тәртібі кеңес халқының жеке азаматтық бостандығын шектеу екендігі билік тарапынан ол кезде ескерілмеді.

Алдын-ала бақылаулар газеттерді, ғылыми-техникалық басылымдарды, кітап-журнал өнімдерін барлығы 16.950 баспа табақ бақыланды. 2355 шағын баспа өнімдері, кинохрониканың 16800 метр материалдары бақыланды. 1960 жылмен салыстырғанда 264 рет араласу жүзеге асырылып, жіберілген қателіктер 40 пайызға азайды. Азаматтық және әскери өнеркәсіп бөлімдері бойынша 60 пайыз материал сызылды, 11 басылым бойынша саяси қателіктер түзетілді [27, 1-2 п.].

Қазақ КСР Ғылым Академиясының, ғылыми-техникалық ақпараттар Орталық институтының, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі Ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіру жөніндегі комитетінің, Қазақ КСР Геология және жер қойнауы министрлігінің, Қазақ минералдық шикізат институтының, Ғылыми-техникалық тау-кен қоғамының басылымдары тексеріліп, 1961 жылы экономика, физика, химия, математика, биология, медицина, геология, энергетика мәселелері туралы 3040 баспа табақ әдебиеттер басылды. Цензорлар олардың 26 - сына тыйым салды [28, 14 п.]. Мұндай қырағылық сол жылдарда үнемі қолдауға ие болып отырылды.

1961 жылы «Казахстанская правда» газетінен 27 заң бұзушылық, «Социалистік Қазақстан» газетінен 23, «Коммунизм таңы» газетінен 16, «Лениншіл жас» газетінен 21 заң бұзушылық анықталды. «Лениншіл жас» газетінде шойын, болат, прокат, ферросплавты өндіру, әскери газеттің атауы, жабық кәсіпорын - Қапшағай ГЭС-ы, шекарашылар училищесі туралы тыйым салынған мәліметтер жарияланған. Облыстық «Коммунизм таңы» газетінің шығатын нөмірлерінен шектеу енгізілген жабық кәсіпорындар, азаматтық өнеркәсіп кәсіпорындарының қуаты, азаматтық және әскери авиаотрядтардың нөмірлері, орналасуы туралы мәліметтер алынып тасталды. «Ленинская смена» газетінен әскери бөлімдердің, жабық зауыттардың орналасуы, әскери мамандардың саны, командирлердің аты-жөні, тегі, әскери шендері, мектептердегі әскери іс бойынша сабақ беретін мұғалімдер жөніндегі мәліметтер алынды [28, 15 п.].

1961 жыл бойынша радио және телевизия материалдарын бақылайтын цензорлар радио бойынша 8 хабардың, телевизия бойынша 2 хабардың берілуіне тыйым салды. «Қазақфильм» киностудиясының материалдарын бақылаған цензор Затыльникова 48 журнал мен 11 киноочерткің эфирден берілуіне рұқсат еткен. Ұшақтан түсірілген «Пахта-Арал» кішігірім деректі фильмінің жалпы көрінісі алып тасталды. Көркемсурет қоры көркемсурет шеберханасының 1293 портреті (марксизм-ленинизм классиктерінің, КОКП Орталық Комитеті саяси бюросы мүшелерінің және мүшелікке кандидаттардың портреттері) бақылауға алынды, олардың 27 - сі кемшіліктерін түзету үшін қайтарылды [28, 16 п.]. Мемлекет басшыларының портреттерін соншалықты қастерлеу де қызыл идеологияның сол кездегі жасанды «беделінің» нәтижесі еді.

Жеке адамдардың шетелдерге жолдаған 1326 бандеролі почтаamt арқылы бақылауға алынды. Олардың 8 - і кідірілді. Олардың үшеуі мерзімді басылымның Одақтық баспасөзінің ашық каталогы, біреуінде - Қырғыз КСР-нің картасы, 4 - қызметтік сипаттағы материалдары жарияланып кеткен [28, 17 п.]. Цензорлар тізбелік қателіктер жіберді. Қателіктердің жіберілуіне кінәлілер өздерінің іс-әрекеттері туралы түсініктемелер жазды және жазаланды. Айталық, «Казахстанская правда» газетінің 1961 жылғы 4 қазандағы санында КОКП Орталық Комитеті Төралқасының мүшесі, КОКП Орталық Комитетінің хатшысы О.В. Куусиненнің портретінің орнына басқа адамның портреті жарияланған [28, 19 п.].

Барлығы 18375 баспа табақ баспа өнімдері тексерілді, олар - республикалық, өлкелік, облыстық газеттер, 5173-і - кітапша, 645-сі – радио және телевизия материалдары, 303-і - ҚазТАГ материалдары, 4118-і - қалалық және аудандық газеттер, 1185-і – көп тиражды газеттер, 2024 - і кішігірім баспа өнімдері [28, 20 п.]. 50 тізбелік жөнсіздіктер анықталды.

Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас Басқармасының қызметкерлері 1961 жылы бақылау мақсатындағы тексерумен 332 кітапхана мен 183 кітап саудасы нүктесін қамтыды. Осындай 1604 кітап пен кітапша, антипартиялық топ мүшелерінің (Маленков, Каганович, Молотов, Булганин, Шепилов) 46 портреті анықталды, жергілікті органдар 1598 кітапхана мен 619 дүкенді тексерді және кітапханалардан 3691 дана кітап, ал дүкендерден алуға жататын 3562 кітаптың бар екенін анықтады. Бақылау мақсатындағы тексеру кезінде облыстардағы кітап қорлары мен кітапханалардағы заң бұзушылық фактілері туралы аудандық партия комитеттерінің хатшыларына хабарланды [27, 40 п.].

Республикада 246 полиграфиялық кәсіпорын болды, олардың Алматыда-27, облыстарда - 21, қалалар мен аудандарда - 198 орналасқан. 1961 жылы 58 полиграфиялық кәсіпорын тексерілді, олардың 31 - облыстарда, аудандарда орналасқан, баспа өнімдерін қабылдау мен дайындауда, бақылау даналарын жіберуде кемшіліктер анықталды. Қостанай облысындағы маман (техноруп) Горшунова жолдас цензор басып шығаруға рәсімделген «Телефон анықтамасын» облыстық басқарманың рұқсатынсыз толықтыру енгізген, сондай-ақ цензураның рұқсатынсыз, «қалалық байланыс кеңсесінің телефон анықтамасын», шақыру билеттерін, өрттен қорғау бөлімінің парақшаларын басып, жарыққа шығарған. Республиканың бірқатар баспаханалары КСРО Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас Басқармасының № 331 бұйрығында және Қазақстанның Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас басқармасының №86 бұйрығында көрсетілген талаптарды орындауда жөнсіздіктерге жол берген. Айталық, Ақтөбе облыстық баспаханасы Сенников жолдастың кандидаттық диссертациясының авторефератының бақылау және міндетті даналарын жібермеген [28, 31 п.].

1962 жылғы 5 қаңтарда КСРО Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас Басқармасының 1961 жылғы 2 желтоқсандағы № 1608 «құпия» циркуляры Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне жолданды. Осы циркулярға сәйкес алдағы уақытта Тізбенің төмендегі редакциядағы параграфтарын басшылыққа алу ұсынылды, онда кейбір өнертапқыштардың ойлап тапқан өнертабыстары (мысалы, есептеу машинасы, сандық машина, математикалық машиналар), «Картография, гравиметрия және геодезия» бөлімі бойынша (теңіз карталары, су қоймаларының) карталар шығаруға (цензурасыз) және жасанды алмас шығаруға, одан басқа 21 елді мекенді картаға түсіруге рұқсат берілген [28, 36 п.].

1962 жылғы 13 ақпан Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің жанындағы Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас Басқармасы туралы Ережеге және «Цензорлық бақылаудың тәртібі туралы» Нұсқауға сәйкес КСРО Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас Басқармасы, цензуралық органдар жұртшылықтың пайдалануына арналған, тыйым салынған әдебиеттерді алу туралы бұйрықтар шығарады және кітап қорларын осындай басылымдардан тазартудың барысын бақылау құқығына ие болды. Қазақ КСР Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас Басқармасы әдебиеттерді тексеріп, кітапханалар мен кітап саудасы желілерінен алып тастауға жататын кітаптардың жиынтық тізімін жасап шығарды. «Қазақ КСР Тұтынушылар одағының басқармасы төрағасының орынбасары Х. Жұмаділов 1962 жылғы 13 ақпанда 11303 кітапты жойғандығын жариялайды [28, 89 п.]. Қазақ КСР Мәдениет министрі 1960 жылғы 14 ақпанда 1,5 млн. дана кітаптың Қазақ КСР Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас Басқармасының бұйрығына сәйкес жойылғанын хабарлады.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті 1960 жылғы 10 ақпанда «Республика кітапханаларының жұмысын жақсарту туралы» қаулысы бойынша 1962 жылы Мәдениет министрлігінің, Қазақ КСР Кәсіподақтар Кеңесінің, Оқу министрлігінің және министрліктер мен ведомстволардың кітапханалары тексерілді. Павлодар облысының кітапханалары бойынша - 43 кітап; Степная қаласы бойынша - 71 кітап; Жезқазған облысының кітапханалары бойынша - 75 кітап; Шет ауданының кітапханалары бойынша - 75 кітап алынды. Ал Қостанай облысы Некрасов ауданының кітапханалары бойынша (Молотовтың, Булганиннің, Маленковтың, Шепиловтің кітапшалары) 2805 кітапша тәркіленген [28, 93 п.].

1962 жылғы 27 наурызда №411с (құпия) Циркуляр № 5 қабылданды. Онда ірі ғылыми және халық шаруашылық маңызы бар өнертабыстар, ғылыми-зерттеу жұмыстары, ашылған жаңалықтар, сындарлы эзірленімдер, мұнай құбырларын жүргізудің жайы туралы материалдардың тиісті мемлекеттік комитеттердің рұқсатынсыз жарияланбауы тиіс екендігі атап көрсетілген.

Кентау қалалық баспаханасы белгіленген тәртіпті сақтамай, рұқсатсыз «Кентау қаласындағы өнеркәсіпті кәсіпорындардың ұжымдарының социалистік міндеттемелерінің» материалдарының жинағын басып шығарған. Тексеру барысында осы социалистік міндеттемелерде полиметалл рудаларын өндіру және қайта өңдеу жөніндегі жоспарларының және олардың қуаты туралы құпия материалдардың бар екені анықталды. Осы құжаттардың таралымдарын шығаруға тыйым салынды. Жөнсіздіктердің жіберілгені туралы мәселе Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюросында қаралды [28, 78 п.].

Қазақ КСР Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас Басқармасының 1962 жылғы 23 маусымдағы қызметкерлер құрамы туралы № 26 бұйрығы бойынша, 1962 жылғы 4 сәуірде ҚазМУ - ден А. Рахимов пен А. Соловьевтің «Партия большевиков в революции 1905 - 1907 годов» атты кітапшасын басып шығаруға рұқсат берген цензор Н.О. Асықбаеваны, Қазақ КСР Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас басқармасының рұқсатынсыз «Республикалық ғылыми-техникалық кітапхананың ақпараттық бюллетенін» басып шығаруға рұқсат еткен аға цензор В.И. Рыбальченколар тиісті жазасын алды [29].

Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас басқарманың Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне жолдаған 1961 жыл бойынша атқарылған жұмыс туралы 29 беттік есебінде кадрлар туралы мәліметтер берілген. Мемлекеттік құпияны сақтауда жіберген қателіктері үшін 1961 жылы 17 цензор қызметтен босатылса, 12 жоғары білімді қызметкер қызметке қабылданған, олардың 94 пайызы КОКП және БЛКЖО мүшелері екендігі айтылған. 1961 жылдың маусым айында Алматыда үш күндік семинар - сабағы өткізілген. Партияға жат қылықтары үшін тағы 4 цензор қызметтен босатылған [27, 5-10 п.].

Кеңестік цензура институты жұмыс істеген ұзақ уақытқа қарамастан оның қызметіндегі құқықтық және нормативтік базаның болмауы ұдайы байқалып отырылды. Цензорлық басшылықтың нақ осы жағдайы кеңестік цензураның іс жүзіндегі қызметі барысында көрініп, нақты өлшемдерін анықтау мәселесінде қиыншылық тудырып отырды. Соғыстан кейінгі кезеңдегі цензураның құрылымын, қызметін реттеу барысында, ізденістердің нәтижесінде Баспасөз жөніндегі Бас Басқарманың басып шығарылатын барлық әдебиеттерді алдынала және одан кейін де тиісті бақылау үшін, партиялық және жазалау органдарымен өзара бірігіп іс-әрекет жасаудың жүйелі тетігі жасалды.

1959 жылы болған КОКП - ның XXI съезіндегі баяндамасында бірінші хатшы Н.С. Хрущев КСРО - да социализмнің толық жеңгенін, енді коммунизмге аяқ басқанымыз туралы авантюристік мәлімдеме жасады. Бұл жылдары да мемлекеттік билік халық мүддесімен санаспаған азғана топтың қолында болды. Өзгеше пікір айтқандар қуғындалды. Мысалы, Шығыс Қазақстан облысының бір мектебінің мұғалімі М. Елікбаев

Н.С. Хрущевке ашық хат жазады. Хатта ол Қазақстанның тәуелсіздігі жоқ, қазақ халқының ұлттық мүдделерінің аяқ асты екендігін, қазақ мектептері, қазақ тіліндегі оқу құралдары мен баспасөздің тым аз екендігін баяндайды. Шындықты ашық айтқан М. Елікбаев осыдан кейін МҚК (мемлекеттік қауіпсіздік комитеті) тарапынан қуғынға ұшырап, азап тартады. 1957 жылы М. Елікбаев партия қатарынан шығарылып, жындыханаға жабылады [30].

Билік еркін пікір білдірушілерге әрқашан жаулық көзқараста болған елде, сол биліктің өзінің легитимдігі туралы мәселе қоюшылық диссиденттікке, яғни радикалды оппозициялық көзқарасқа әкелді. Олар биліктегілер шошитындай саяси талаптар қойды.

Қазақтың ұлттық саяси санасын оятуда көрнекті орын алатын 1963 жылы Мәскеуде құрылған жоғарғы оқу орындарына оқитын қазақ жастарының бейресми бірлестігі де осы цензураның қаһарына ұшырады. Ол «Жас тұлпар» ансамблінің негізінде ұйымдасқан болатын. Ұйым жетекшісі Мұхтар Әуезовтің баласы Мұрат Әуезов болды. Экономика мен шетелдік байланыстар бөлімін Болатхан Тайжанов, энергетика мен өнеркәсіп бөлімін Алтай Қадыржанов, мәдениет пен өнер бөлімін Сәбетқазы Ақатай, тарих пен демография жағын Мақаш Тәтімов басқарды. Бірлестіктің құрамында 26 оқу орнынан 800 - ге жуық студенттер енді. Кейін мұндай ұйымдар Ленинград, Киев, Алматы, Одесса, Рига, Қарағанды, Павлодар, Семей, Шымкент т.б. қалаларда жұмыс істеді. Олар қазақ тілінің жайы, республика экономикасының шикізат шығарумен шектелетіндігі, қазақ елінің өз тағдырын өзі шеше алмай отырғандығы, жергілікті тұрғындарының тұрмыс жағдайын жақсарту, тың жерлерді игеруге келген басқа ұлт өкілдеріне артықшылықтар жасалатындығы, республикадағы тәуелсіздіктің жоқтығын және т. б. мәселелерді көтерді. Халқымыздың аяулы ұлдары М. Жұмабаев, М. Дулатов, Ш. Құдайбердиев сынды асыл азаматтардың ақталуын, олардың мұраларын қайта қарап қатарға қосуды жүзеге асыру, нақты баға беру, өмірін, атқарған еңбектерін, тарихын зерттеу керектігін алға тартты. Жас тұлпаршылар Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарында, Омбы облысының қазақ аудандарында болып, үгіт насихат жұмыстарын жүргізіп, концерттер қойды. Алматыда кездесулер, конференциялар, семинарлар өткізді. Бірақ «Жас тұлпардың» іс-әрекеті КГБ - ның (Комитет Государственной Безопасности - Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитеті) назарына ілігіп, оған «ұлтшыл қозғалыс» деген баға берілді. Оның мүшелерімен «әңгіме» өткізіліп, оларға қысым жасалды. Бұл бағыттарынан таймаса оқудан, жұмыстан шығарылатындықтары ескертілді. Кейбір басшыларына солай жасады да. Мысалы, Мұрат Әуезов аспирантураны бітіріп (диссертация тақырыбы «Қазақ әдебиетінің ұлттық ерекшеліктері»), Алматыға оралғанда «студенттер аудиториясына жіберуге болмайды» деген шектеу қойылды. Сөйтіп, ол «керексіз маманға» айналды [31].

Қоғамдағы осындай наразылықтардың алдын алу үшін, цензорлардың (елге жексұрын болып көрінген) қызметін бүркемелеу қажеттілігі туындады. Бастапқы қадам оның қорқынышты атауын өзгертуге қарай жасалды. Ол «цензура» сөзінің өзін, қарастырылатын мәтіннен алып тастау болды. Оған мысал - өз кезінде бір қарағанда, жай ғана «Әдебиет және баспа жұмыстары жөніндегі бас басқарма» деген сыпайы атпен жасақталған КСРО цензуралық мекемесі - 1964 жылы өз атауын «Баспасөздегі мемлекеттік құпияны қорғау Бас Басқармасы» деп өзгертіп, маңдайшасындағы жазуды ауыстырмен ғана шектелді [32].

3 – тақырып

Цензураның тоқырау және қайта құру жылдарындағы қызметі

1.3 Цензураның тоқырау жылдарындағы (1964-1982 ж.) қызметі

1964 жылғы қазанда КСРО - да Н. Хрущевтің жер - көктегі бейнелері алынып, тасталынып, оның лауазымдарын өзара бөліскен Л. Брежнев пен А. Косыгиннің

портреттері ілінді. Сол жылдың күзінде кейбіреулер ойлағандай уақытша емес, жиырма жылға созылған ең басты мәселе - билік туралы машақат туындап еді. Бұл жағдаят өкімет билігінің күні кеше Хрущевті баяу ғана қолдап келген, кейін «либерал-консерватор» бола қалған партияластарының, өз қамдарын ойлайтын шенқұмарлардың, орталықтағы және жер-жерлердегі ішіп-жеп қалған шенеуніктердің сондай ақ, олардың ғылыми және идеологиялық қолжаулықтардың қолына көшкенін көрсетеді.

1964 - 1970 жылдары қоғамның дамуы бірқалыпты болмады. Бірақ әлеуметтік - экономикалық ахуалды жаңғырту жолдарын іздеу кейінгі жылдарға қарағанда, ширақтау болды. Алайда, «әкімшілік-әміршілдіктің тамырына балта шабу керек» деген ұраннан да ештеме шықпады, өйткені мәселе жекелеген тізеге салу мен ауытқушылықта емес, сол кездегі билік жүйесінің өзіндік табиғатында болатын.

Осындай «реформаторлық» талпыныстар дағдарысқа қарай қисая тартып бара жатқан жүйені аракідік «желпіндіріп» қоюмен ғана шектелді. Мұны елдің тарихындағы ең жемісті кезең, *«алтын бесжылдық»* деп аталған сегізінші бесжылдықтың (1966 – 1970 ж.) нәтижелерінен байқауға болады. Өйткені КСРО тарихында қабылданған экономикалық жоспарлар ішіндегі өзі қойған міндеттерді орындаған тек осы сегізінші бесжылдық қана болды [7, 362 б.]. Осындай ел экономикасындағы уақытша табыс кеңестік саяси жүйенің тірегі болып табылатын цензураны ауыздықтай алмады. Керісінше, ол одан сайын күшейе түсті. Сол кезде цензураны қолына алған партия мен Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті республикадағы барлық мекемелерді қатаң бақылауға алды.

1966 жылы Бас Басқарманың алдынала қадағалау бөлімі бірнеше топтарға бөлінді: олар газет, ғылыми-техникалық, қоғамдық-саяси, өндірістік, көркемдік және оқу-педагогикалық әдебиеттер. Осы кезде Бас басқарма идеологиялық және саяси сипаттағы кемшіліктерге ерекше назар аударып, кеңестік шындықтың «бұрмалануына», біздің халқымыздың табыстары мен жетістіктерін «кемсітуге», ауыртпалықтар мен кемшіліктерді «әсірелеп көрсетуге» жол бермеу мақсатында жұмыс жүргізді. Яғни сол кездегі оқиғалар мен фактілерді еркін түрде өз қалауынша баяндауға қарсы белсенді шабуыл басталған болатын. КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Бас Басқармасы 1966 жылы «Кітапханалар мен кітап саудасы жүйелерінен алынуға тиісті кітаптардың тізімдік жинағын» 2 бөлім етіп шығарды. Осы жылдары республикамызда 32 журнал, 18 республикалық, 30 облыстық, 5 қалалық, 264 аудандық көптираждық және мекемелік газеттер шығатын 5 ірі баспахана болды, Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитеті ірі ғылыми-зерттеу институттарына ғылыми еңбектер мен жазбаларын шығаруға рұқсат берді [7, 239 б.].

Бас Басқарма кейінгі жылдары барлық республикалық баспалардың, өнім шығаруға рұқсат алған 22 ұйымның, 30 институт пен ғылыми-зерттеу мекемесінің, 43 министрліктер мен ведомстволардың басып шығаратын материалдарын, 22 республикалық және ведомствалық газеттердің, сондай-ақ журналдардың, радио мен телевизияның мақалалары мен хабарларын алдын ала бақылаудан өткізу міндетін атқаруды қажет деп тапты. Бұл өзгерістер цензорларды қыруар жұмыс атқаруға міндеттеді [33].

Қоғам да, билік те азаматтық құқықты бұлайша түсінуге және оны жүзеге асыруға дайын еместігін Баспасөз жөніндегі Бас Басқарманың одан сайын қаталдана түскен алдын ала цензурасының қызметі дәлел болды. Мысалы, Баспасөз жөніндегі Бас Басқарманың 1968 жылғы 15 шілдедегі алдын ала бақылау қорытындылары туралы анықтамасында цензорлық араласулардың көлемі әлі де жоғары деңгейде тұр деп көрсетілді. Алдыңғы екі жарым жылдың ішінде Бас Басқарма мен жергілікті жерлерде жариялауға тыйым салынған 72 мыңнан аса мәліметтер, оның ішінде: әскери бөлімдерді, жабық кәсіпорындар мен мекемелерді орналастыру туралы мәліметтер; Кеңес Әскерінің және Әскери-Теңіз Флотының әскери жағдайын және саяси дайындығын, қарулануын, әскери техникасын сипаттайтын материалдар; ғарыш кеңістігін, атом энергиясын, радио

және электронды техника туралы мәліметтер; жаңалықтар мен өнертапқыш туындылары ретінде танылуы мүмкін ғылыми-техникалық жетістіктер туралы ақпараттар; өнеркәсіп өнімдерінің маңызды түрлерін шығару туралы деректер жойылып тасталды. Тіпті келіп түскен киносценарийлер мен пьесаларда да жариялауға тыйым салынған әскери сипаттағы және «өндірістің маңызды қорғаныс салаларының дамуын бұрмалап баяндаулар» туралы мәліметтер анықталды. Құқық бұзушылықтар түрлі жиындар мен конференцияларда оқылған баяндамалар мен сөз сөйлеулерде, сондай - ақ қолжазба материалдарын немесе қызметтік басылымдарды шетелге өз бетімен жіберетін жекелеген азаматтардың материалдарды шетелге жөнелту тәртібінен де табылып жатты.

Баспасөз жөніндегі Бас Басқарманың бақылау - тыйым салу қызметтерінің бір бөлігі, Орталық партия комитетінің аппаратына және Ұлттық қауіпсіздік органдарының құрамына көшті. Баспасөз жөніндегі республикалық Бас Басқарма бұл жылдары КСРО Министрлер Кеңесінің Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитетінің құрамына кірді. Баспасөз жөніндегі Бас Басқарманың әккіленген қызметкерлері ҰҚК қызметкерлерімен бірігіп, елдегі мәдени және қоғамдық өмір тынысы, интеллигенция арасындағы өзге пікірлер мен көңіл - күй, олардың шетел баспасөзінде көрініс табуы туралы толық ақпараттар Орталық партия комитеті үшін дайындады. Осы кезеңде Баспасөз жөніндегі Бас Басқарма өзінің негізгі міндеті болып саналатын мемлекеттік және әскери құпияны қорғауды емес, Орталық Комитеттің идеологиялық шешімдерін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін қолшоқпар орган екендігін көрсетті.

КОКП Орталық Комитеті хатшылығының 1969 жылғы 7 қаңтардағы «Баспа, радио, телевизия, кинематография органдары, мәдениет және өнер мекемелері басшыларының жарияланатын материалдар мен репертуарлардың идеялық-саяси деңгейі үшін жауапкершілігін арттыру туралы» құпия қаулысы бұл саланың билік тізгінін цензураға беріп, оның позициясын күшейту болып еді. Қаулы шешімі бүкіл мәдени саланы бір орталыққа біріктіріп, ірі Баспасөз жөніндегі Бас Басқармаға айналдырды. Бұл мекеме шығармашылық және ақпараттық материалдар мазмұнының идеологиялық деңгейі үшін жауапты болып, жаңа өзгерістер жүйесін енгізді.

Ал, іле-шала Қазақстан КП ОК Бюросының 1969 жылы 22 қаңтарда өткен мәжілісінде «Қолжазбаларды баспаға дайындау кезіндегі мемлекеттік құпияларды қорғаудағы кемшіліктер туралы» мәселе қаралды. Осы мәселе бойынша қабылданған қаулыда ағымдағы жылдың 11 айының ішінде астанада 542 жағдайда басып шығаруға тыйым салынған материалдарды жариялаудың алды алынғандығы, оның ішінде «Қазақстан» баспасының материалдарында 124 сызылған факті болса, «Наука» баспасында - 47, Жоғарғы және орта білім министрлігінің материалдарында - 28 және т.б. анықталды [7, 255 б.].

КСРО Министрлер Кеңесінің жанындағы Баспасөздегі мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас Басқарманың 1969 жылғы 16 маусымдағы № 963 жарлығына сәйкес алдын ала бақылау бөлімі екіге бөлінді: баспа бөлімі және мерзімдік басылымдар, радио және телевизия өнімдерін тексеру бөлімі. Бірінші бөлім «Ғылым» («Наука»), «Қайнар», «Жазушы», «Мектеп», «Статистика», «Қазақстан» баспаларын; Ғылым академиясы ғылыми мекемелерінің материалдарын, аспиранттар мен өз бетімен ізденушілердің техникалық ғылым бойынша жазған мақалаларының жинағын, авторефераттарын бақылады. Кейінгі бақылау бөлімі өзгеріссіз қалдырылды. [7, 248 б.].

Осы кезеңде цензураға ерекше көңіл бөлініп, ол мәселе күн тәртібінен түспеді. 1970 жылғы 1 қазандағы КОКП ОК мен КСРО Министрлер Кеңесінің «Құпиялық режимді күшейту шаралары туралы» [15, 196 п] қаулысына сәйкес республикадағы өндіріс орындары мен мекемелер КОКП Орталық партия комитеті мен «КСРО-ның мекемелері мен өндіріс орындарында мемлекеттік құпияларды және құпия режимді сақтауды қамтамасыз ету» деген Нұсқауы жергілікті жерлерде басшылыққа алынды.

Саяси жүйедегі өзгерістер Бас Басқарманың қызметі мен құрамдық құрылымына жаңа міндеттер жүктеді. Негізінен идеологиялық ұрандардың сыртқы келбеті

өзгертілгенімен, оның ішкі мәні бұрынғыдай, бір мақсатқа, билік тұғырының рухани деңгейін қорғауға жұмылдырылды.

Қалыптасқан жағдайда цензура ресми қабылданып бекітілген заңдарға, не құқыққа емес, ең бірінші кезекте, тек аздаған мемлекеттік шенеуніктер арасында ғана белгілі жасырын нұсқаулар мен жоғарғы биліктің шешімдеріне иек артты. Бұл ретте, жасырын тапсырмаларды атқаруда цензура “бүркенші жамылғы жабылған” мекеме болды. Олар жинаған ақпараттар «құпия», «аса құпия» белгілерімен сырт көзден жасырылып отырылды. Оппозициялық партияларға тыйым салатын, шынайы сайлау мен баспасөз бостандығын болдырмайтын әміршіл жүйе, бәрінен бұрын өзінің беделін көтеретін насихат жүргізу үшін цензураны пайдаланды.

Саяси цензура 70 - жылдардың басында-ақ, қалыптаса бастаған брежневтік «тоқырау» белгілеріне еріксіз қызмет етіп, саяси-идеологиялық жүйенің құрамдас бөлігіне айналды. Кеңестік цензура бір жағынан шектелген талаптарды бұзған адамдар мен мекемелерді сот-әкімшілікпен қудалайтын заңды жолы да, екіншісі – «шебер идеологиялық қысып-жаншып, зорлық жасау», арандату мен жеке адамға қарсы қылмыстар жасау тәсілдерін қатар жүргізді. 1970 жылы 25 маусымдағы №133 «Қаз КСР Ғылым Академиясы жүйесіндегі Халықаралық кітап алмасу жұмысының жағдайын жақсарту шаралары туралы» қаулысы шығып, шетелдерден келетін кітаптардың мазмұны тексеріле бастады. Ғылым Академиясы мен Орталық кітапханаға 65 елден келіп түскен шетел кітаптарының мазмұны мен идеясына тексеріс жүргізу үшін 10 адамнан тұратын комиссия құрылып, олар барлығы 12.000 кітапты сұрыптауға кірісті. Әсіресе, шетелден келетін кітаптар мен журналдардың Кеңес өкіметіне қарсы айтылған пікірлердің болмауына баса назар аударды, Орталық Азия мен Қазақстан жөніндегі пікірлеріне тыйым салынды. Комиссияның шешімімен шетелдік апталық «Атлас» журналының 1969 жылға дейінгі 46 нөмірі, ал 1970 жылғы 24 нөмірі өртеу жолымен жойылды [34].

Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің жанындағы Баспадағы мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас Басқарманың Қазақстанның КП ОК-не жіберген анықтамасында «Бас Басқарма мемлекеттік құпияларды қорғаумен қатар жарияланатын материалдардың идеялық жағына ерекше көңіл бөлетіндігі айтылды. Бас Басқарманың Қазақстанның КП ОК-не 1971 жылы 14 сәуірде жазған анықтамасында: «Басылымдарды бақылау кезінде Бас Басқарма партиялық пен таптық әдіс принципін басшылыққа алады және басылымға біздің идеялық қарсыластарымыз пайдалануы мүмкін мәліметтер мен жекелеген деректердің шығып кетуін болдырмайды», деп көрсеткен. 1971 жылғы 24 мамырдағы КСРО Баслитінің бұйрығымен Қазақстанда ашылған жаңа аудандарда газеттер шығару жөнінде, олардың тиражы жөнінде нұсқаулар келді. Ол бойынша: Ақтөбе ауданында «Илекские зори», Шығыс Қазақстан облысының Қатонқарағай ауданында «Арай» («Луч»), Көкшетау облысының Уәлиханов ауданында «Шалқар» («Простор»), Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданында «Сельская новь», Семей облысының Новошұльба ауданында «Колос», Талдықорған облысының Қапал ауданында «Қапал еңбеккері» («Капальский труженик»), Целиноград облысының Краснознаменский ауданында «Целинная нива» газеттері дүниеге келді. 1972 жылы дәл осындай рұқсатпен тағы 12 ауданда газеттер шыға бастады және басылымның тиражын, көлемін көбейту, ұлғайту да осы мекеменің құзырына берілді. КСРО Баслитінің 1971 жылғы 29 - маусымдағы №32 бұйрығында: «1972 жылдың қаңтарынан бастап қазақ тіліндегі «Жұлдыз» әдеби журналының көлемін 13,5 дан 20 баспа табаққа ұлғайтуға рұқсат берілді» [33, 3 п.]. Бұл жағдай барлық басшылық, билік, нұсқау беру, талап ету құқығы одақтық Баслиттің қолына шоғырланғанын көрсетеді. Егер республика Бас Басқармасының қызметкері мемлекеттік құпиясы бар делінген материалды білместіктен басуға рұқсат етіп қойса, ондай қателік қатаң жазаланып отырылды. Мысалы, 1972 жылы «Лениншіл жас» және «Ленинская смена» газеттерін белгіленген бұрынғы көлемнен артық 6 бет қып шығаруға рұқсат бергені үшін цензор-қызметкерлері жазаланды. Ал Павлодар облыстық литосының басқармасының бастығы, журналистер одағының

облыстық ұйымына жарнамалық материалдарды газет түрінде шығаруға, ал Талдықорған облыстық басқармасының бастығы облыстық халық творчествосы үйіне «Жетісу әндері» деген жинақ шығаруға рұқсат еткендері үшін талай ғайбат сөздер, қорқыту естіп, қатаң ескерту алған. Мұндай шектен шыққан зорлық әрекеттері интеллигенцияның цензуралық қысымдарға қарсы наразылықтарын туғызды.

1972 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Бас Басқармасы өз құжаттарына сәйкес кітапханалардың арнайы қорларында сақталуға тиісті 1937 - 1959 жылдары жарық көрген кітаптардың пайдалануға жіберілмейтін бөлігінің тізімін өз күшінде қалдырды. Бұл тізімде Ж. Аймауытовтың - 14 кітабы мен брошюрасы, А. Байтұрсыновтың - 41 еңбегі; Ә. Бөкейхановтың - 4; Х. Досмұхамедовтың - 13; М. Дулатовтың - 16; М. Тынышбаевтың - 7; Телжан Шонановтың - 27 жұмысы көрсетілген. Бұл тізімде, сонымен қатар М. Әуезовтың «Қилы заман», «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Фольклор» кітаптары болды [35].

Осы жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Бас Басқармасы мен облыстық басқармалардың цензорлары, тарапынан 50353 басылым газет, 14620 парақ кітаптар мен журналдар өнімдері, радиодан, теледидардан, Республикалық ҚазТАГ берілетін 20 мың баспа парақ материалдар, 50300 ұсақ басылым, 244 мыңнан астам киноленталары бақыланды. Алдын ала бақылауды жүзеге асыру барысында Бас Басқарма мен облыстық басқармалардың цензорлары тарапынан 1168 рет материалдарды сызу жүзеге асырылды оның 866 облыстық басқармалар қызметкерлері тарапынан да, 297-сі Бас Басқарма қызметкерлері тарапынан жасалды. Оның ішінде 41 – і «Қазақстан» баспасы, Қазақ ақпарат агенттігі, радио мен теледидар материалдары, 19 - ы мұражай мен көрмелердің экспонаттары, 15 – і «Қазахстанская правда», 10 - ы «Социалистік Қазақстан», 32 – сі «Ленинская смена», 14 – і «Лениншіл жас» газеттерінен болды. Алдын ала бақылаудан кейін, кейбір басылым өнімдері жарыққа шыққаннан соң, қайта тексеруге алынды. Тексеруге алынған өнімдер саны 4338 баспа табақ болып, одан 15 заң бұзушылық табылды [36].

Аталған жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Бас Басқармасы аппаратының қызметкерлері редакциялар мен баспаларда 33 рет алдын алу шаралары бойынша сабақ өткізіп, 70 рет республикалық газеттер мен журналдар редакциялары мен баспалардың жауапты қызметкерлерімен жекелей әңгімелер өткізген [36, 35 п.].

1972 жылғы «Мемлекеттік құпияны сақтауды қамтамасыз ету мен КСРО өндіріс орындары мен мекемелерде жүргізілетін құпия жұмыстың тәртібі туралы» №00166 нұсқауға сәйкес және 1973 жылы 15 қаңтарда Баслиттің бұйрығы негізінде ҚазКСР - нде цензура органдары іс - қағаздарының құпиялылығын сақтау жөнінде бірнеше шаралар жүргізілді [13, 14 п.].

1970 жылғы 1 қазандағы КОКП ОК мен КСРО Министрлер Советінің «Құпиялық режимді күшейту шаралары туралы» қаулысына сәйкес республикадағы өндіріс орындары мен мекемелелер КОКП Орталық партия комитеті мен «КСРО-ның мекемелелері мен өндіріс орындарында мемлекеттік құпияларды және құпия режимді сақтауды қамтамасыз ету» деген Нұсқауының орындалу барысын тексеруде 1974 - 1975 жылдары Турлан геофизикалық және Георгиевка геологиялық барлау экспедицияларында, «Каздорпроект» жобалау институтында құпия құжаттар мен карталарды жоғалту фактілері орын алғандығы белгілі болды. 1974 жылы желтоқсанда Турлан геофизикалық экспедициясының бастығы В.Г. Чистяковтың қоластындағы қызметкері, қор меңгерушісі Бузоверованың немқұрайдылығынан құпия белгісі бар бір құжаттың жоғалғандығы анықталды. 1975 жылы қаңтар айында комиссияның тексеруі барысында Георгиевка геологиялық барлау экспедициясының арнаулы бөлімінде құпия топографиялық планшет жоғалғандығы белгілі болды. Соңғы бес жылда 1971 жылдың 6 қыркүйегінен айынан 1975 жылдың 5 қаңтары аралығында «Электроаппарат» зауытында құпия құжаттармен жұмыс жасайтын арнаулы бөлімде 5 қызметкер ауысуы ондағы

құпиялылықтың мәз еместігін көрсетті. Онда құпия құжаттар мен іс-қағаздар тәртіпке сай мүлде жүргізілмеген. Келген құпия құжаттар талап бойынша сақталмаған [37].

1972 жылғы №00166 нұсқаудың бұзылуына жол беріп кейбір басшылар мемлекеттік құпия құжаттармен жұмыс істеуге, саяси және адамгершілік жағынан жағымсыз тұлғаларды өздігінен ұсынулары жиілеген. Осындай себеппен 1974 жылы құпия бөлімде істейтін 290 - нан астам адам қызметтерінен босатылған. Мұндай фактілер Орта және жоғары арнайы білім беру, Денсаулық сақтау, Ауыл шаруашылығы министрліктері мен республикалық «Казглавнефтеснаб» Госстрой, Госстандарт ведомствалық ұйымдарында орын алған. Оларда мемлекеттік құпияларды сақтау мәселесін қадағалау жұмыстары өте нашар жүргізілген. Сөйтіп Денсаулық сақтау министрлігі, Госстрой мен «Казглавнефтеснаб» өздеріне бағынышты ұйымдардың мемлекеттік құпияларды қорғау жұмыстарын қадағаламаған, оларда ұзақ уақыт тексеру жүргізілмеген [38]. Жоғары және орта арнайы білім беру, Денсаулық сақтау министрліктерінде, құрылыс материалдар өнеркәсібінде, Госстройда, «Казнефтеснабта», Мемлекеттік стандарттар басқармасында, «Казстальконструкция» трестерінде, Қазақ Мемлекеттік университетінде, политехникалық институтында және басқа да ұйымдарда құпия материалдармен дұрыс жұмысты жүргізу үшін қажетті жағдайлар жасауға талапқа сай көңіл бөлінбеген деген сын айтылды.

Құпия іс жүргізу кезінде үлкен қателіктер жіберілген. 1974 жылы Казглавнефтеснабта зертханалық жұмыстың аға инспекторында құпия жазбалары бар 5 есепке алынбаған дәптерлер табылған, ал Қазақ КСР Госстройының «Казгорстройпроект» институтында есепке алынбаған бірқатар картографиялық материалдар болған. Осыған ұқсас кемшіліктер «Гуревсельстрой тресінде де (24 құпиялы топокарталар есепке алынбады), Гурьевтік Облпланда (90 құпиялы топокарталар), «Казгидросельхозвод» институтында да (74 құпия карталар), «Горводканал» тресінде де және басқаларында орын алды [38, 39 п.].

1970 жылы 1 қазаннан бастап КОКП ОК әскери және қорғаныс объектілер қызметінің құпия ақпараттарының жоғалуының алдын алу мақсатында оларды шифр арқылы жасырын ұстауға бағытталған нақты шаралар қолданылды. Оралдың «Омега» мен «Металлист» зауыттары шифр қою құралы болмағандықтан, аталған талапты орындамаған. Осындай қателіктерге жол берген Үлбі металлургиялық зауытының және салынып жатқан В.В. Куйбышев атындағы Петропавл зауыт бөлімінде шифрлеуді қайта қарау талап етілді. Орал қаласындағы «қорғаныс» саласындағы кәсіпорындарда («Омега», «Металлист», «Гидроприбор») зауыттарында құпия құжаттарды сақтайтын техникалық жабдықтар қолдану кешеуілдетілген. Ал К.Е. Ворошилов атындағы және Омега зауыттарында рұқсат қағаздарын сақтайтын орын болмаған, нәтижесінде 1974 жылы 76 пропускі жоғалған. Режимдік кәсіпорындарда кадрлардың тұрақсыздығы орын алып, осыған байланысты Орал және Петропавл қалаларының әрбір осындай кәсіпорыннан жұмысшылардың 20 пайызы жұмыстан шығарылған. Мұндай құбылыс құпия ақпараттың таралуына жағдай жасаған. Министрліктер мен ведомстволардың бірқатарында шарттың бұзылуына байланысты шетел өкілдерін жұмысқа қабылдаудың белгіленген тәртібі орындалмаған. Қазақ КСР ҒА шетел өкілдерін оларға көрсетілуге тиісті объектілер тізіміне кірмейтін институттарға қабылдаған. Сөйтіп, 1974 жылы келген 28 шетелдіктердің 21-і осындай жабық объектілерде, институттарға қабылданған. Сонымен қоса қажетті келісімсіз, шетелдіктерді қабылдау фактілеріне орын берілген. 1973 жылы жауапты органдардың келісімсіз Қазақстанның энергосистемаларының диспетчерлік басқармасында, КазМУ-де, политехникалық институтта, Қазақ КСР Балық өнеркәсібі министрлігінде, Алматы ауыр машина жасау зауытында және автотранспорт кәсіпорында шетелдіктерді қабылдаған. Келісімнің белгіленген мерзімінің бұзылуы да аз емес. «Средазэнергострой», Жамбыл ГРЭС - іне келген 6 үндіс мамандары сол күні ғана келіссөз материалдарын көрсеткен. Артынан оларды қабылдауға жағдай жасалмағаны белгілі болды. Нәтижесінде шетелдіктер өздерінің наразылықтарын білдірген [38, 40 п.].

Көрсетілген шарттың бұзылуы, мысалы шетелдіктерді қабылдау кезінде министрліктерде, ведомстволарда халықаралық ғылыми-техникалық және экономикалық тәжірибе алмасуға белсенді қатысатын және осы мақсаттар үшін арнайы бөлінген қызметкерлердің немесе шетел мекемелерімен, өкілдерімен, ұйымдарымен байланыс құру тәртібі туралы 1972 жылы 23 тамызда шыққан № 637-207 КСРО Министрлер Кеңесінің қаулысымен бекітілген тәртіптерді ескеретін сыртқы байланыстар бөлімшелерінің болмауымен түсіндіріледі [38, 41 п.].

«Вопросы экономики минерального сырья и геологоразведочных работ» деген кітапта мұнай мен газдың қоры туралы мәліметтің жариялануы мемлекеттік құпиялар Тізімінің 114 - параграфының 2 - тармағын бұзғандық болып табылып, оны қадағалаған цензор В.А. Халезина әкімшілік жағынан жазаланды. «Местные Советы на страже общественного порядка» кітабын тексерген аға цензор Э.Н. Мацкевич Лениногор қорғасын зауытының жұмысшыларының саны жөнінде мәліметтердің жариялануына жол беріп құпия Тізімнің 102 - параграфының талабы бұзған [11, 41 п.].

Бас Басқарманың бақылау аймағының кеңейе түскенін, 1974 жылы республикалық Баслитке жаңа басшысы болып келген И. Жиеналаевтың «Мемлекеттік басылымдарды бақылау туралы» бұйрығы шықты. Ол бұйрық республикалық газет пен журналдарға және мекемелік әдебиеттерге цензорлық бақылауды жақсарту мақсатын көздеді. Бас Басқармада мекемелік басылымдарды қадағалаушы топ құрылып, олар жоғарғы оқу орындары мен ғылыми-зерттеу мекемелерінің, ғылыми-техникалық ақпарат органдарының, республика мекемелері мен министрліктерді, «Білім» қоғамы материалдарын, шетелдерге шығарылатын қолжазбалар, ұсақ баспа табақтар мен қызметтік басылымдарды, бандерольдарды қадағалайтын болды. Топ құрамына жетекшілік ету аға редактор Р. Тасмағамбетоваға жүктеліп, ол бұрынғы екінші бөлімдегі журналдарды қадағалайтын топ жұмысынан босатылды. Ал екінші бөлімнің басшысы К.Г. Чумаковқа газет және журнал цензорлар тобына жетекшілік ету тапсырылды. Міне, осы бұйрықпен бүкіл республикадағы барлық газет, журналдарға цензорлар тағайындалып, олар өз міндеттеріне кірісті. Аға редактор В.М. Бакиев журналды алдынала қадағалаушы топты басқарады. Олардың құзырына: «Ара», «Білім және еңбек», «Бастауыш мектеп», «Жаңа фильм», «Қазақстан әйелдері», «Қазақ коммунисті», «Қазақстан мектебі», «Қазақстан ауыл шаруашылығы», «Мәдениет және тұрмыс», «Үгітші блокноты» енді [39]. Әр топтың қадағалайтын өз саласы болды.

Республика облыстарында 1973 жылы 217 типография жұмыс істеді. Облыстық басқармалар полиграфиялық өндіріс орындарына 163 рет тексеру жүргізді. Сөйтіп «Бірыңғай ереже» талабын бұзатын жағдайдың алды алынып отырылды [11, 49 п.]. Осы жылы Баслит «Цензорлық бақылаудың тәртібі туралы Нұсқауды» басшылыққа алып, мұражай мен көрмелерге 117 рет тексеру жүргізіп, 11 ескерту жасады [11, 50 п.]. Сонымен қатар республикалық Баслит және облыстық басқармалар 52565 газет, 14406 - кітап-журнал өнімдері, Қазтелеграфтық агенттігі, теледидар мен радио комитеттерінің 20329 баспа парақ материалдары, 232 мың метр кинолента, 46140 ұсақ тиражды басылымдар, шетелге шығарылатын 4566 бандероль, 82 қолжазбалар басқа да ақпарат көздеріне алдынала бақылау орнатқан [11, 39 п.].

1973 жылы Ақтөбе, Жезқазған, Павлодар, Целиноград, Қостанай, Семей, Көкшетау, Қызылорда, Шымкент, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан, Гурьев, Қарағанды, Торғай, Талдықорған облыстық басқармаларының жұмыстары тексерілді. Баслит басқармасының Коллегиясында Шығыс Қазақстан облысының басқарма бастығы Н.А. Скуратова, Ақтөбе облысының басқарма бастығы Е.А. Канафина, Жезқазған облысының басқарма бастығы Б.М. Жаппарова, Торғай облысының басқарма бастығы К. Загипарова, Көкшетау облысының бастығы Ж.М. Мукумова, Павлодар облысының бастығы А.С. Гилязова, Целиноград облысының бастығы Ш. Мухамедиева, Қарағанды облысының басқарма бастығы М.К. Түлкібаевалардың есептері мен ақпараттары тыңдалып, оның нәтижесі бойынша бұйрықтар шығарылды. Республиканың Баслитінің қызметінде ең маңыздысы

аппарат қызметкерлерінің саяси - идеялық деңгейін көтеру бағытында тәрбиелеу болды. Баслит жанында қызметкерлердің жоғары буынына арналған экономикалық білім беретін семинар жұмыс істеді. Сонымен бірге онда қызметкерлердің негізгі цензорлық біліктіліктері жетілдірілді [11, 52 п.].

1974 жылғы Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Баслит және оның жергілікті органдары мемлекеттік құпия ақпараттарға қатысты 5 республикалық баспаға, 2 одақтық баспаның филиалдары «Статистика» мен «Желдориздат», «Қазақ энциклопедия» баспалары, 35 журнал, 23 республикалық, 38 облыстық газет, 40 ведомствалық және көптиражды, 15 қалалық газет өнімдері мен республикалық, облыстық теледидар мен радио комитеттерінің басқармалары «Қазақфильм», «Казахтелефильм» киностудиялары, Қазтелеграфтық агенттігінің, жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарының, министрліктер мен ведомствалардың, ВДНХ экспонаттары, 31 мұражай, 267 полиграфиялық мекемелер, 739 көбейткіш аппараттар, кітапханалар, кітап дүкендері олардың филиалдары ішінара бақылауға алынды [13, 1 п.]. Осы жылы республикалық Баслит және облыстық басқармалары 57446 газет, 15412 кітап-журнал өнімдері, Қазтелеграфтық агенттігі, теледидар мен радио комитеттерінің 22886 баспа парақ материалдары, 272 мың метр кинолента, 52429 ұсақ тиражды басылымдар, шетелге шығарылатын 4676 бандероль, 80 қолжазбалар басқа да ақпарат көздерін алдынала бақылады [13, 2 п.].

Аталған жылы республикада 267 полиграфиялық өндіріс орындары, 739 көбейткіш - баспа орындары мен зертханалар болды, оның 42 - сі Алматы қаласында, 230 - сы Алматы облысында орналасқан. Бұлардың барлығы Ішкі істер министрлігінде тіркелуге тиісті болатын. Баслит пен облыстық басқармалар «құпия емес басылымдардың бірыңғай тәртібін» жүзеге асыру талабын орындау мақсатында полиграфиялық өндіріс пен көбейткіш - баспа зертханалар орындарына үнемі бақылау жасап отырды. Осы жылы жалпы республика бойынша баспаханалар 284 рет, көбейткіш - баспа қондырғылар 477 рет тексеруден өткізді. Оның 82 - сі - Алматы қаласында, 134 - і - Алматы облысында жүргізілді [13, 11 п.].

1974 жылы 25 сәуірде Баслиттің алқасында полиграфиялық өндіріс орындарын бақылаудың жағдайы мен нәтижесі туралы мәселе қаралды. Тексеру қорытындыларын талдай келіп, Баслит көбейткіш аппараттарды алғаш алған мекемелердің жауапты қызметкерлермен кеңес өткізу туралы шешімге келді. Ол кеңес 2 тамызда «Бірыңғай ереже» талабын орындауды жан-жақты талдады. Ал 22 тамызда алқада Целиноград облыстық басқармасының Ш. Мұхамедиеваның «Целиноград облысындағы полиграфиялық өндіріс пен көбейткіш - баспа зертханалар орындарының жұмысын бақылау жағдай туралы» есебі тыңдалды. Бұл мәселені талқылау өзге де облыстарда «Бірыңғай ереже» талабының жиі бұзылу фактілерінің барын көрсетті [13, 12 п.].

1974 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Баслиті және оның жергілікті органдарына тексеруге түскен баспа өнімдері 95800 бет болған. Бұл 1973 жылға қарағанда, 8080 бетке артық. Сондай-ақ, 271 мың метр кинолента және 52400 дана ұсақ тиражды баспа өнімдері тексерілді. Бұл жұмыс барысында 1736 өнімге түзетулер жасалған, ол 1973 жылға қарағанда 300 - ге артық. Газеттерде жарияланатын материалдардан 844 рұқсат етілмеген деректер алынып тасталды, кітап пен журналдардан 275 қауіпті мәліметтер, ал радио мен телебағдарламалардан - 485 материал алынып тасталды. Алынып тасталған материалдардың 275 жағдайында КСРО Қарулы күштер туралы деректер, әскери гарнизондардың, шекара заставаларының, бөлімшелердің орналасуы туралы, әскери атақтар, офицерлер мен генералдардың фамилиялары атқаратын қызметтері және т.б. рұқсат етілмеген деректер болды. 742 жағдай экономикалық сипаттағы мәліметтер болатын, олардың 94 - і әскери қорғаныс өндіріс орындары жайлы (өндіріс орнының шаруашылық түрі, оның орналасуы). Аталған мәліметтер ашық жариялауға жатпайтын рұқсат етілмеген деректер, пайдалы қазбалар (қоры, өндірілуі), ғылым мен техника, көлік және т.б. туралы еді [13, 3-4 pp.].

Алдын ала тексеру барысында Баслиттің цензорлары газеттерден 142 рет ақпаратқа шығуға тиісті емес материалдар сызған. Оның 1 - і саяси мәселеге байланысты, 1 - і дәлелсіз материалдар болған. Алматыда шығатын 43 басылымның 25 - іне ешқандай тексеру жасалмаған. Ал сызылған материалдар «Казахстанская правда» - 33, «Ленинская смена» - 25, «Вечерняя Алма-Ата» - 20, «Огни Алатау» - 12, «Лениншіл жас» - 11, 7 газетте 4 тен 7 - ге дейін жоғарыдағыдай мазмұндағы материалдар сызылған. Кітап - журнал өнімдерінен құпия ретінде - 201 материал сызылды, оның 22 - сі саяси мағынада, «Қазақстан» баспасының үлесінде - 13, «Ғылым» - 30, «Қазақ совет энциклопедиясында» - 11, «Жазушы» - 8, «Мектеп» баспасында - 6 жағдай болды. «Агитатордан» - 9, «Народное хозяйство» - 9, «Партийная жизнь» - 4, «Қазақстан мектебінен» - 3, барлығы журналдардан - 33 рет материалдар сызылған. «Блокнот Агитатора», «Народное хозяйство» журналдарынан сызылған материалдар - мұнай өндіру, түсті металлдар жөніндегі мәліметтер болды [13, 3-4 п.].

1974 жылы облыстық басқармалар тарапынан 1305 цензорлық әрекеттер жасалынды, бұл 1973 жылғымен салыстырғанда 221 - ге өскен, оның ішінде 8 - і саяси мазмұндағы араласу еді. Облыстық газеттерден - 702 материал, кітаптар мен брошюралардан - 74, машинкаларға басылған материалдар - 374, ұсақ тиражды басылымдардан - 154 сызылды. Құпия құжаттардың тізімі бойынша сызылған материалдар «КСРО қарулы күштері мен елдің қорғанысы» - 220, «Экономикалық мәліметтер» - 494, оның ішінде, «Қорғаныс өнеркәсібі» - 197, «Пайдалы қазбалар» - 58, және т.б. Әсіресе Шығыс Қазақстан облысы бойынша - 218, Павлодар облысы бойынша - 179, Жезқазған облысы бойынша - 132, Қарағанды облысы бойынша - 102, Целиноград облысы бойынша - 94 құпия мәліметтер анықталып сызылды [13, 6 п.].

Жалпы алғанда, 1974 жылы облыстық басқармалардың цензорлары 111841 - басылым парақ газетке, 2069 басылым парақ кітаптар мен брошюраларға, 10660 - радио мен теледидар және машинкаларға басылған материалдар, 44078 дана ұсақ тиражды басылымдардан, 32076 метр кино лента материалдарына кейінгі тексеру жүргізді.

1970 жылғы 1 қазандағы КОКП ОК мен КСРО Министрлер Кеңесінің «Құпиялық режимді күшейту шаралары туралы» қаулысына сәйкес республикадағы министрліктер, ведомствалар, өндіріс орындары мен ғылыми-зерттеу орталықтарында мемлекеттік құпиялардың сақталуын қамтамасыз ету жолында айтарлықтай жұмыстар жүргізілген. Кейбір жерлерде құпия режимдегі бөлімдер тәжірибелі мамандармен нығайтылып, оның бөлімшелеріндегі құпия режим қатаң бақылауға алынған. Шетелден келетін ғалымдар мен әр саладағы мамандарды қабылдауды реттейтін шаралар іске асырылды. Сонымен бірге мемлекеттік құпияларды сақтауды қамтамасыз етуде кейбір мекемелер мен ұйымдарда мемлекеттік құпияларды сақтауда кемшіліктер жіберілгендігі анықталды. Құпиялықтың өз дәрежесінде сақталмауына байланысты 1974 жылы республика бойынша құпия құжаттарды жоғалтудың 17 оқиғасы тіркелді. Алматы экспедициясында, Оңтүстік Қазақстан аймақтық геологиялық басқармасында (ЮЖТГУ) 4 құпия топографиялық карта жоғалған. Республиканың тамақ өнеркәсібі министрлігінде азаматтық қорғанысқа тиесілі 4 құпия құжат, Қазақ КСР-ның Энергетика және электрлендіру министрлігінде азаматтық қорғанысқа тиесілі 3 құпия құжаттар жоғалған [40].

КСРО Мемлекеттік стандарттың Қазақ республикалық басқармасының мемлекеттік құпияларды сақтайтын бөлімінде 1970 жылдан бері төрт жылда 6 басшы ауысқан.

1974 жылы Алматы облыстық денсаулық сақтау бөлімінде 15 құпия құжат жоқ болып шыққан. Қазақ КСР Денсаулық министрлігіне қарасты көптеген бөлімдердегі шетелден келгендерді қабылдау дұрыс жолға қойылмаған, онда құпия құжаттар мен жұмыс істейтін арнаулы бөлімде аға инспектор қызметін 68 жастағы 7 - сыныптық ғана білімі бар Г.В. Малинин атқарған деген ақпаратты Қазақ КСР Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің бөлім меңгерушісі Сабитов берген [40, 3 п.].

"Қазақстан ОК партия комитетінің 11 тамыз 1974 жылғы "Партия мен Үкімет директиваларын, өз қаулыларын орындау барысындағы бақылауды күшейту шаралары, 1974 жылғы 8 ақпандағы КОКП ОК дегі Л.И. Брежневтің жазбаларындағы баяндалған талаптарды" жүзеге асыру туралы 1975 жылғы 15 наурыздағы Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің қаулысы қабылданды [41]. Бұл қаулыдан туындаған міндеттер КСР Министрлер кеңесінің жанындағы Баспасөз және мемлекеттік құпияларын сақтайтын Бас Басқарманың алқасында, аппараттың партия жиналыстарында талқыланды.

Жылдың басында Бас Басқарма коллегиясы мақұлдаған Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Бас Басқарма бастығының бұйрығы шықты, онда 1976 жылғы орталық аппараттың бақылау объектісінің міндеттері әр қызметкерге бекітіліп берілді. Осы бұйрық бойынша бақылаудың кейбір салаларында қызметкерлердің іскерліктерін арттыратын мамандарды жетілдіру шаралары жүргізілді. Мысалы, бірінші бөлімнің қызметкерлері мерзімді басылымның алдын ала және кейінгі бақылауын қамтамасыз ететін болды. Оларға КазТАГ деректері мен Алматы қаласындағы газет журнал өнімін бақылау да жүктелді. Екінші бөлім қызметкерлері кітап басылымын, ал үшінші бөлім облыстағы баспа өнімі мен облиттерге инспекциялық бақылау жүргізетін болды. Сонымен қатар бүкіл Алматы қаласындағы басып шығарылатын мекемелерді (тек баспасөзден басқасын), министрлікті, комитеттерді, жоғарғы оқу орындарын және дүкен мен кітапхананың кітап қорларын, полиграфиялық ұйымдарды, сонымен бірге мұражай, көрме, театр, кино, цирк және эстрадалардың жұмыстарын бақылайтын болды.

Қазақстан Орталық партия комитетінің жалпы бөліміне 1975 жылы 4 ақпандағы №42 - 5 Қазақ КСР министрлер кеңесінің қаулысы бойынша, Қазақ КСР баспаларының Бас Басқармасы (Главлит) және оның жергілікті жердегі органдары мемлекет құпияларын қорғау дәрежесін тексерген анықтамасы түседі. Онда баспа, телевизия, радио, кинолар шетелге шығаруға арналған мұражай және көрме экспозициялары тексерілгендігі айтылған [13, 3-4 пп.].

Бас Басқарма тарапынан партия және үкімет директиваларының орындалуын қадағалайтын күшейту мен қызметкерлердің осы саладағы атқаратын жұмыстарына деген жауапкершілігін арттыру жөніндегі мәселе ерекше бақылауға алынды. 1975 жылы республика бойынша баспасөзде жариялануға және радио мен телевидение арқылы берілуге тиісті мемлекеттік құпиялары бар 1789 мәліметке тыйым салынады. 1974 жылы Бас басқарманың орталық аппараты тарапынан жіберілген 4 қате болса, 1975 жылы 1 қате жіберілді. Ал облыстық басқару бөлімдерінде 1974 жылы 15 қате жіберілген болса 1975 жылы 4 - і жіберілді. Осылайша Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Бас Басқарма жүйесі қызметкерлері үнемі қателіктерді, мемлекеттік құпия мәліметтердің жарияланып кетпеуі бағытында айтарлықтай жұмыс жүргізді. [41, 1-3 п.]. Алматы облыстық басқармасы 8 арнайы қорларға 927 рет тексеру жүргізіп, 112 кітап пен 4 журнал көпшіліктің оқуына болмайтындықтан қолданыстан алынды [13, 13 п.].

1970 жылы 23 қарашадағы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің және Қазақстан Коммунистік партиясы ОК-нің және «Құпиялық режимді күшейту шаралары туралы» қаулыларын орындауда қажетті шаралар жасалмағанды аталды. Құпия режимнің жұмысының төмендігіне байланысты 1974 - 75 жылдары 28 рет жоғалу фактісі орын алып, 155 құпия құжаттар жоғалған. Олардың 87 сі ғана табылған. Жоғалған құнды мағлұматтардың ішінде: 89 фотоплан, 47 топографиялық карта, 4 мобильды құжат, 127 беттен тұратын 1 іс. Жоғалудың ең жоғарғы көрсеткіштері Қазақ КСР - ның Геология министрлігінде (7 жағдай 82 құжат), №6 картография мен геодезия бас басқарма кәсіпорынында (4 жағдай 33 құжат), Қазақ КСР Ауыл шаруашылық министрлігінде (3 жағдай 16 құжат), Қазақ КСР Энергетика министрлігінде (3 жағдай 3 құжат) Қазақ КСР Орта және жоғарғы арнайы білім беру министрлігінде (2 жағдай 8 құжат), Қазақ КСР Тамақ өнеркәсібі министрлігінде (2 жағдай 4 құжат) болған. Құпия режимді қадағалайтын міндет жүктелген адамдардың аталған фактіге қатысы барлығы анықталды. Олар: Шымкент қаласының бас архитекторы Чинасилов, Оңтүстік Қазақстан

территориялық басқарманың бас геологы Қонаев, минералды шикізат институтының тематикалық партиясының бастығы Соловьевтар еді [38, 36-37 пп.]. Құпия режимді қамтамасыз етудегі кемшіліктер көп жағдайда бірқатар мекемелер мен ұйымдарда құпиялы-режимдік бөлімнің маңыздылығын түсінбегендіктен болғаны анықталды. Қазақ КСР-нің мемлекеттік Құрылыс және Денсаулық сақтау министрлігінде және осыларға қарасты біршама институттар мен ұйымдарда жеке мемлекеттік құпияны қорғау жұмысын жүргізетін арнайы бөлімдер жоқ, оған тек қана бір адамнан ғана бөлінген.

Құпия – тәртіптік бөлімдердің сапалы кадрлармен нығайтылуына дұрыс көңіл бөлмеген. 1974 жылы материалдық резерв басқармасының арнайы бөлімнің бастығы етіп Заплавнов отырғызылды. 6 айдан кейін үнемі арақ ішіп жүруіне байланысты жұмыстан шығарылды. Осындай себеппен Хмызов (Геология министрлігі), Го Чжен-Цай (автотранспорт министрлігі), Левченко (Өскемен ЖЭС) және тағы басқалары қызметтерінен босатылған. Қазақ КСР Мемлекеттік стандарттар басқармасында 1970 жылдан бастап, арнайы бөлімнің 6 бастығы ауыстырылған. Қызылорда «Қазсельхозтехника» ұйымында тек 1974 жылы ғана 3 арнайы қызметкер ауыстырылды. Олардың тағайындалуы КГБ органдарымен келісілмеген [40, 3 п.]. Арнайы қызметкерлерге олардың тікелей міндеттеріне жатпайтын жұмыстар жүктелгендіктен негізгі жұмыстарында кемшіліктер көбейген болатын.

Бұл жылдары Қазақ КСР Министрлер кеңесінің жанындағы Мемлекеттік Қауіпсіздік комитетінің төрағасы Евдокименко 1975 жылы 31 шілдеде, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетіне Қазақ КСР министрліктері, ведомстволары, ұйымдары мен мекемелерінде мемлекеттік құпиялардың сақталуын қамтамасыз ету жағдайы туралы ақпарат береді. Онда 1970 жылы 23 қарашадағы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің және Қазақстан Коммунистік партиясы ОК-нің қаулысын және «Құпиялық режимді күшейту шаралары туралы», КСРО Министрлер Кеңесінің және КОКП ОК - нің 1970 жылғы 1 қазанындағы №840-285 қаулысын орындауда министрліктер, ведомстволар, ұйымдар мен мекемелер мемлекеттік құпиялардың сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған айтарлықтай жұмыстар жүргізгендігі айтылған. Республикада құпияларды сақтауды ұйымдастыру жұмыстарына ерекше көңіл бөлінгендігі, көптеген мекемелер мен ұйымдардың құпия-режимдік бөлімдері тексеруден өтіп тұратындығы және тәжірибелі кадрларымен нығайтылып, жүргізілетін жұмыстардың оларға сай құпиялық режимін қамтамасыз ететін жағдайлар жасалғандығы баяндалған. Мемлекеттік құпиялардың көпшілікке жарияланып кетпейтін, оның алдын алатын шаралар жүргізіліп отыратын болған. Бірқатар режимдік объектілерде барлауға арналған жаулық жасайтындардың техникалық тәсілдеріне қарсы қорғаныс шаралары жүргізілген. Кеңес азаматтарының білетін құпияларын сақтаудағы жауапкершіліктері күшейтілді.

Құпияларды қорғау жұмысының деңгейін жоғарылатуға Петропавловскіде, Шевченкодa, Өскеменде, Ақтөбе мен Павлодарда партияның аудандық комитеттің қадағалаумен өткізілген семинарлар мен құпиялық режимін нығайту мәселелеріне байланысты өткізілген мекемелерде режимді-құпиялық бөлімдерінің бірінші бастықтары мен жетекшілерінің жиналысы әсер етті.

Сонымен қатар кейбір министрліктер мен ведомстволар құпияларды қорғау жұмыстарын ұйымдастыру кезінде республикада өтіп жататын өзгерістерді есепке ала алмайтындығы көрсетілген. Себебі бұларға, әсіресе, құпия жұмыстар көлемінің ұлғаюы, шетелдермен ғылыми-техникалық және экономикалық байланыстардың кеңеюі және жаулық ниеттегілердің Қазақстанға деген қызығушылығының артуының көрініс табуын жатқызған. Геология, Денсаулық сақтау, Жоғары немесе орта арнайы білім беру, энергетика министрліктері мемлекеттік құрылыс және басқа да ведомстволардың мемлекеттік құпияларды қорғау барысындағы кемшіліктері туралы айтылған.

1975 жылы 1- жарты жылдығы ішінде тексеру барысында Баслит басқармасы тарапынан 308, облыстық басқармалар тарапынан 135 рет мемлекеттік құпиялардың жарияланып кету фактілері тіркелген, бұл өткен жылғы орта көрсеткіштен жоғары [13,

1 п.]. Мұндай кемшіліктердің көбеюінің екі себебі: біріншісі, ақпарат ағынының өсуінен, екіншісі, кейбір авторлар, сарапшылар, баспалар тарапынан материалдарды баспаға дайындау кезінде мемлекет құпияларын сақтау ережесін сақтамауынан болды. Мысалы, Т. Шаукенбаевтың 1974 жылы «Ғылым» баспасынан шыққан «Қазақстан мұнай өнеркәсібінің экономикасы» деген кітабынан Қазақ КСР Баслиті мұнай кен орындарының қорлары туралы деректерді алып тастады.

«Қазақстан» баспасынан шыққан А. Соловьевтың «Қазақстанның түсті металлургиясы» атты кітабында мемлекеттік құпияны ашатын 25 жағдай анықталып, ондағы түсті металлдардың қоры, оларды өндірудің өндірістік қуаты туралы деректер алынып тасталды [38, 19 п.].

Жоғарыда айтылғандай ашық жариялауға рұқсат етілмеген деректер газет және журналдарда жарияланған мақалаларда да кездесті. Осылайша «Қазақстан коммунисті» журналының 1974 жылғы № 6 санында А.К. Протозановтың мақаласы жарияланды. Мақалада Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының 1973 жылғы жоспарының асыра орындалғаны туралы деректер болған, бұл кәсіпорынның өндірістік қуатының жариялануына әкеп соқтыратын еді. Журналдың осы нөмірінің 55 мың данасының бір беті жұлынып тасталды [38, 20 п.].

Дәл осындай жағдайды 1969 жылғы 16 тамыздағы «Ленинская смена» газетінен алынып тасталғанынан, «Народное хозяйство Казахстана» журналының №6 санында «Надежнее в 20 раз» деген металды тоттанудан сақтаудың жаңа тәсілі туралы мақаланың қайтарылуынан көруге болады [42]. Бұл мәліметтер қызмет бабында пайдалануға арналған (ДСП-для служебного пользования) грифіне ие болған. Сондықтан баспасөзде жариялауға болмайтын еді.

Қайта сараптамаға жіберілген жұмыстар арасынан Г.Ж. Ибраевтың «Газожидкостная хроматография важнейших урановых соединений» деп аталатын кандидаттық диссертацияның авторефераты Қаз КСР ҒА Химия институтына тексеруге жіберілді. Бұл жұмыста өнертапқыштыққа ұсыныс жасалған 7 мақала пайдаланған әдебиеттер тізімінде көрсетілген. Міне, сондықтан авторефератқа ҚБП - грифі қойылды [42, 32 п.].

Анықталған жағдайларға байланысты Бас Басқарма тарапынан, сараптамалық комиссия мүшелерімен, ғалым хатшылармен және ғылыми мекемелердің басшыларымен арнайы кеңейтілген отырыс өткізіліп, ескертулер жасалды. Осындай отырыстар төмендегі институттарда: Металлургия кен байыту, Қ.И. Сәтбаев атындағы геология, Химия, Тау-кен ісі, Өлкелік патология, КазНИИНТИ, Қазақ минералдық шикізат, Бүкілодақтық геофизикалық барлау институтының филиалы, Ядролық физика және Қазақ политехникалық институтында өткізілді [42, 33 п.].

Бас Басқарманың «қырағы көзінен» тіпті ақпараттық парақшалар да тыс қалмаған. Соның бір дәлелі, 1969 жылдың 30 қарашасында республикалық Бас Басқарманың Бастығы А. Шалабаевтың ҚКП ОК хатшысы С.И. Имашевқа жолдаған «Қызмет бабында ғана пайдалануға» деген грифпен жіберген хаты: «Мысалы, «Шаги роста» ақпараттық парағы 9 -айлық жұмыстың қорытындысын баяндайды, (мақала авторы Т. Сәрсенова - гастрonom меңгерушісі). Бұл «Юбилею Ильича» деген ақпараттық парақта жаңадан салынған дүкендер, жарысты ұйымдастырушы «тамаша адамдар» дүкен меңгерушілері т.б. жайлы мәліметтерді келтірген, бірақ отандық және шетелдік ғылым мен техниканың жаңа жетістіктері туралы ешбір мәлімет болмаған [43].

Республикалық «Казахстанская правда», «Социалистік Қазақстан», «Ленинская смена» газеттері мен журналдарда жариялануға мүлде рұқсат етілмеген кәсіпорындар мен басқа объектілердің аттарын алып тастау жиіледі. Олар: Үлбі металлургиялық зауыты, Петропавл қаласындағы Ленин атындағы ауыр машина жасау зауыты, Павлодар қаласындағы химиялық зауыты, Каспий жағасындағы тау-кен комбинаты, Шевченко қаласындағы азот тук (туковый) зауыты. 1975 жылғы «Қазақстан коммунисті» журналының №4 санынан Т. Әшімбаевтың «Өлке байлығы - Отан

қызметіне» мақаласында мұнай қорлары туралы жариялауға рұқсат етілмеген мәліметтер болды. Жариялауға рұқсат етілмеген мәліметтердің көбі С.М. Киров атындағы ҚазМУ, Ленин атындағы Қазақ политехникалық институты, республикалық «Білім» қоғамы дайындаған кітаптардан табылды. Мысалы, республикалық «Білім» қоғамы дайындаған республиканың түсті металлургия министрлігінің жауапты қызметкерлері В. Мейерович пен Л. Карлинскийдің «Қазақ КСР түсті металлургиясындағы техникалық прогресс» атты брошюрасында құпия материалдар алынып тасталды [13, 13 п.].

С. Дәулетов пен Б. Двоскиннің «Қазақстан халық шаруашылығының территориялық ұйымдасуы» атты кітабынан құпия жариялауға рұқсат етілмеген кәсіпорындар туралы үш мәлімет, екі құпия өндірістік кәсіпорындардың өндірістік қуаты туралы, бір пайдалы қазбалардың қорлары туралы мәліметтер алынып тасталды. ҚазНИИИТИ - дің «Қазақстан металлургиялық өндірісінің дамуының экономикалық проблемалары» деген кітабында №2711 почта жәшігі туралы және қорғасын мен мырыш өндіру туралы мәліметтерді жариялауға жатпайтындықтан қиылды [38, 18-21 п.].

Ұйымдар мен мекемелердегі сарапшылық комиссиялардың материалдарды ашық түрде жариялаудың мүмкін болу жағдайларын анықтауға немесе сыртқа жіберілуінің жоғарыда аталғандай формальді қорғау фактісі байқалады. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының сарапшылық комиссиясының біліксіздігінен 1975 жылы қаңтарда «Ғылым» баспасынан А.А. Пузыреваның, «Оңтүстік Қазақстанды климаттық аудандарға бөлу» монографиясы жарық көрген, онда жабық координаттар туралы мағлұматтар көрсетілген. Көрсетілген және басқа да кемшіліктер кейбір министрліктер, ведомстволар, ұйымдар мен кәсіпорындар жетекшілердің мемлекеттік құпиялардың сақталуын қамтамасыз етілуді ұйымдастыру жұмыстарына немқұрайды қарауының нәтижесі деген қорытынды жасалды. Бұл қолжазбаның сарапшысы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының география факультетінің деканы И.М. Төлебеков болды [38, 36 - 41 п.].

Республиканың қауіпсіздік комитеті мемлекеттік құпияларды баспасөзге жарияланып кетпеу бағытындағы жұмыстарын барлық облыстарда жандандыра түсті, олар тарапынан 260 құпия объектілерге тексеру жүргізілді, облыстық партия комитеттері, министрліктер мен ведомствалар басшылары және 1 - бөлім мен арнаулы бөлімнің қызметкерлері 23 кеңеске қатысты. 1975 жылы мемлекеттік құпиялардың қорғау барысында 748 рет тексеру жүзеге асырылды. Партия органдарына мемлекеттік құпияларды сақтаудың мәселелері туралы 41 ақпаратты берді. Құпия режимді бұзған, құпия мәлімет таратқан 132 адамдармен жеке жұмыс жүргізілді. Соңғы 3 айда қауіпсіздік комитеті органдарының қызметкерлері саяси қырағылықты күшейту мақсатында 500 лекция мен әңгіме өткізді [38, 196-197 п.].

1975 жылы құпия құжаттармен жұмыс істеу тәртібі құпия режимдегі объект болып саналатын Алматының қолданбалы гидромеханика ғылыми-зерттеу институтында бұзылған. (директоры К.И. Дон) Онда ешбір бақылаусыз көбейтілген екі құжат табылған. Оның бірі құпия да, екіншісі мүлдем құпия мазмұнда болған. Бұл құжаттар қаншаға көбейтілгені, онымен қанша адам танысқаны белгісіз күйде қалған. 1975 жылдың екінші жартысында құпия құжаттарды жоғалту Павлодар гидрогеология экспедициясында, «Казгипрозем» институтында, Орал қаласындағы «Казгипроводхоз» жобалау институтында, Қостанайдың «Целингипрозем» институтында, Арқалық қалалық әскери комиссариатында КСРО Қорғаныс министрлігінің өте құпия бұйрығы жоғалған [38, 198 п.].

Қазақстан Орталық партия комитетінің ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі Карбовский 1975 жылғы 9 желтоқсанда жазған анықтамасында, 1975 жылдың 12 тамызындағы Қазақстан Орталық партия комитетінің «Республикадағы министрліктер, ведомствалар, өндіріс орындарында іс қағаздарын жүргізуді ұйымдастырудың

құпиялығын сақтаудағы өрескел кемшіліктер жөнінде» атты қаулысының орындалу барысында Қазақ КСР ауыл шаруашылығы министрлігінде бұл бағытта айтарлықтай жұмыстар жүргізілгендігін баяндаған. Осы жылдың қыркүйек айында мемлекеттік құпиялардың сақталуын қамтамасыз етуде республиканың барлық ауылшаруашылық саласындағы мекемелер мен ұйымдарында әртүрлі шаралар ұйымдастырылып, жобалау институттарында құпия топографиялық карталарды пайдалану мен сақталу тәртібіне қатаң бақылау қойылды.

Министрлік бойынша бұйрық шығарылып, «Казгипрозем» бөлімшелеріне мемлекеттік құпиялардың сақталуын қамтамасыз етуде жіберген кемшіліктері, жоғалтқан құпия топографиялық карталары және бұл бағыттағы бақылауды босаңсытқаны үшін «Казгипрозем» директоры А.Я. Кизовскийге әкімшілік шара қолданылады. Құпия құжаттарды сақтау жұмысын дұрыс тәртіпке келтірмегені үшін «Целингипрозем» институтының директоры Б.Ф. Бородинге ескерту жасалынды [13, 13 п.].

Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің орман шаруашылығы мемлекеттік комитетінің аппаратында мемлекеттік құпиялардың сақталуындағы кемшіліктерді реттеу мақсатымен, 1975 жылғы 12 тамыздағы Қазақстан Орталық партия комитетінің «Республикадағы министрліктер, ведомствалар, өндіріс орындарында іс қағаздарын жүргізуді ұйымдастырудың құпиялығын сақтаудағы өрескел кемшіліктер жөнінде» атты қаулысы осы Мемлекеттік комитеттің коллегиясында талқыланып «Республиканың орман шаруашылығы жүйесіндегі мемлекеттік құпиялардың сақталуын және құпия іс қағаздардың ұйымдастырудағы өрескел кемшіліктер туралы» бұйрық шығарылды. Қазақстан Орталық партия комитетінің қаулысын жүзеге асыру мақсатымен Қазақ КСР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігінің бөлімдерінде жұмыстың ерекшелігі ескеріліп, бұйрық шығарылып, оның орындалуы облыстық су шаруашылығына, жобалау институттарына, Қазбас суқұрылысына жүктелді. Мемлекеттік құпия құжаттардың көпшілігі «Казгипроводхоз» институтында шоғырланғандықтан 1975 жылы май айында оның барлық бөлімшелеріне арналған құпия іс-қағаздарын сақтау тәртібіне арналған 3 күндік семинар-кеңес өткізілді. Сондай-ақ Қазақ КСР Дайындау министрлігінде, республикалық «Казсельхозтехника» бірлестігінде мемлекеттік құпия құжаттардың сақталуын қатаң бақылау қолға алынды [44].

1975 жылғы 12 тамыздағы Қазақстан Орталық партия комитетінің «Республикадағы министрліктер, ведомствалар, өндіріс орындарында іс қағаздарын жүргізуді ұйымдастырудың құпиялығын сақтаудағы өрескел кемшіліктер жөнінде» атты қаулысын орындауда облыстық партия комитеттері, министрліктер, ведомствалар мен республикадағы өндіріс орындары Мемлекеттік қауіпсіздік комитеттерімен бірге құпия іс- қағаздарын жүргізуді, мемлекеттік құпияларды сақтау және атқарылатын істердің құпиялығын күшейтуде айтарлықтай жұмыстар жасаған.

Аталған қаулы 12 облыстық партия комитеттерінің бюросы мен секретариаттарында талқыланды. 926 облыстық ұйымдар мен ведомстваларда осы мәселе бойынша тексеру жүргізіліп, тікелей көмектер көрсетілді [13, 13 п.]. Тексеру нәтижелері мекемелердің бірінші басшылары, партия ұйымдарының хатшыларының және бірінші бөлім мен арнаулы бөлімдердің қызметкерлерінің қатысуымен өткен кеңесте талқыланды.

Республиканың барлық министрліктері, комитеттері мен ведомствалары, Қазақстан Орталық партия комитетінің Бюросының қаулысын өздерінің ұжымдарында коллегияларында талқылап, іс-қағаздарды жүргізудің құпиялығын сақтау жұмысын жақсартудың әртүрлі шаралары бекітіліп, бұл жөнінде бұйрықтар шығарылды. Құпия іс-қағаздарымен жұмыс істейтін бөлімнің қызметкерлерінің құрамы қайта тексеруден өткізілді.

Республиканың 10 салалық министрлігінде, комитеттерімен ведомстваларының құпия білімдерінде істейтін қызметкерлері қатысқан семинар-кеңес өткізілді [44, 19 п.].

1975 жылғы 12 тамыздағы Қазақстанның Орталық партия комитетінің қарарларын орындауда құпия іс жүргізуді ұйымдастыру мен министрліктердегі, республикалық

кәсіпорындардағы және Шығыс Қазақстан облысындағы кәсіпорындардағы мемлекеттік құпияларды сақтауға қатысты 60 - қа жуық келеңсіздіктер орын алған. Кәсіпорын мен ұйымға қатысты істерді қатаң тексеру барысында 1975 жылғы 12 тамыздағы КОКП Орталық партия комитетінің қарарлары мен 1970 жылғы 1 қазандағы КСРО Министрлер Кеңесінің және Қазақстан КП ОК «Құпиялық режимді күшейту жөніндегі шаралар туралы» қаулысын орындауда басшылардың тарапынан жіберіліп отырған кемшіліктер мен қателіктер анықталған. Құпия бөлімдерге қатысты қатаң бақылануға тиіс ережелер тәртібі сақталмаған. Тиісті құжатты толтыру және бақылау, тексеруден кейін ғана мәліметтерді алу тәртібі үнемі сақталмаған. Құпия іс жүргізу нұсқауларының талаптары орындалмады. Құпия құжаттардың тиісті деңгейде рәсімделмеуі немесе жоғалған құнды құжаттардың, құпиялық режимінің бұзылуы, қызметкерлерге жасалған бақылау органдарының ескертуінің нәтижесіздігі бұл істе шалағайлық пен шикілік тудырған. Мысалы, облыстық органдарда құпия құжаттарға арналған жұмыс орнынан басқа, құпия іс қағаздарды сақтайтын арнайы орын қарастырылмаған. Сейф пен мекемедегі құпия құжаттар бөліміне қатысты баспа немесе сақтау мен қорғау шаралары өте төмен деңгейде. Шығыс Қазақстанның басқару органы мен арнайы бөлімдерінде де қажетті жұмыс қызметтері көрсетілмеген. Материалдық - техникалық базасы, «Востокказсельстрой» трестінде, облыстағы өндірістік-техникалық басқару байланысында, конденсаторлық зауытта, Зырян қорғасын комбинатында, Шемонайха ауданының ауылшаруашылық басқару мекемелерінде арнайы бөлімдерде жұмыс тәртібі сақталмаған. Үлкен Нарын ауданындағы аудандық қаржылық бөлімге келіп түсіп жатқан қаржылық құпия құжаттарын тіркейтін есеп журналы мүлдем жоқ болып шықты, құпия құжаттар болса, басқа құжаттармен аралас қойылған. Іс қағаздарының сақталуын тексеру барысында көптеген жауапсыздықтардың беті ашылды. 1973 жылғы 25 желтоқсанда келіп түскен № 25/4 құжатпен 1974 жылғы № 40 құжаттар табылмады. Сол ұйымның жетекшісі К. Құрманғалиевтің құпия құжаттармен жұмыс жасауға да және жалпы ол жерде жұмыс істеуге де еш рұқсаты болмай шықты.

ДЭУ - 336 бастығы Т. Касаткин, № 6 СПТУ бастығы Т. Бахтияров, білім беру Үлкен Нарын аудандық халыққа білім беру бөлімінің меңгерушісі Т. Жұмағұловтарда құпия құжаттармен жұмыс істейтін рұқсат қағаздары болмаған. Арнайы тексеру барысындағы тергеу шараларынан кейін олардың құпия құжаттармен жұмыс жасауға рұқсаттары және тиісті кәсіби сауат-тылығының жоқтығы әрі жалпы ережемен тұтастай таныс еместігі анықталды.

Алтай геологиялық-геофизикалық кешенді Шығыс Қазақстандық экспедициясында құпия құжаттармен жүргізілген жұмыс мүлдем сын көтермейді. 1974 жылы аға геолог Юрченский алаң үстінде масштабы 1:25000 топопланшетін жоғалтқан. Арнайы іздестірген жұмыс барысының өзінде-де бұл құнды құжат табылмады. Дәл осы экспедицияның Тигирецкой партиясының бастығы Кравченко құпия бөлім тарапынан түсірілген аэрофотосуреттерді жоғалтқан. Тек кейіннен ұзақ іздестірулерден кейін ғана, олар табылып мемлекеттік қауіпсіздік органдарының қолдарына тапсырылды. Осы партияның аға геологы Хен Мон Блан бірнеше рет құпия құжаттармен жұмыс жасау ережелерін бұзды. Режимді кәсіпорындарда да осы сияқты көптеген заң бұзушылықтар жиіледі. 1974 жылдың ақпан айында Ульба металлургиялық зауытының инженері Рудин «Усть-Каменогорск» мейрамханасында отырып зауыттың құпиялық тәртіп деңгейі туралы, зауытқа кіру жүйесі, күзетті және көптеген жабық құпиялар туралы, «Казмонтажавтоматика» басқармасының прорабы Бондар әскери объектіде құпия қаруды сынау жөнінде құпияны ашып, бөгде адамдарға мәліметтер берген.

Мемлекеттік құпияларды сақтау тәртібі облыстық ДОСААФ комитетінде, баспа, теледидар мен кинофикация мекемелерінде тым нашарлап кеткен. Облыстық басқарманың 1974-75 жылдардағы тексеру нәтижесінде аталған мекемелерде 339 мемлекеттік құпияны жариялайтын материалдар сызылған. Оның 45 – і қорғанысқа қатысты мәліметтер де, 254 - шикізат көздеріне қатысты экономикалық статистика

болған. Мемлекеттік құпияларды сақтау тәртібінің бұзылуы, Ішкі істер министрлігінің органдарында, облыстық комсомол комитетінде, Өскемен қаласының атқару комитетінде орын алғандығы анықталды. Облыстық қауіпсіздік комитеті облыс көлемінде мемлекеттік құпиялардың сақталу жағдайы туралы тексерулер жүргізіп, шектеулер тізімі мен нормативті құжаттар тізімі қатаң бақылауға алынып, оның нәтижелерін талқылап отырған. Зерттеу объектісі болып отырған кезеңде Баслиттің басты міндеттерін бұрынғыдай партия белгілеп беріп отырды. Шығыс Қазақстан облысындағы титан-магний, қорғасын-мырш комбинаттарында, конденсатор зауытында, облыстық шаруашылық-техникалық байланыс басқармасында, Қазақ теміржолының Защита бөлімшесінде 1975 жылдың қарашасына дейін облыстық партия комитетінің 1975 жылғы 12 тамыздағы Қазақстанның Орталық партия комитетінің Бюросының қарарларын іс жүзіне асыру орындалмады [38, 199 п.].

Қазақстан Орталық партия комитетінің 1978 жылғы 1 қарашада «Ақтөбе облысының партия, кеңес органдары мен өндіріс орындарында партия және мемлекет құпияларын сақтаудың нұсқау талаптарының өрескел бұзылғандығы туралы фактілер» деген қаулысы қабылданып, бұл қаулы өзге де облыстарда талқыланды. Мысалы, аталған қаулы 1978 жылы 14 желтоқсанда Қазақ КСР Ғылым Академиясында талқыланып, дереу жүзеге асыру қолға алынды [45].

Капиталистік елдермен жарысып жатқан, Кеңес өкіметі өз ішіндегі кемшіліктердің сыртқа жария болмауын және шетелдегі демократиялық өзгерістердің еніп кетпеуіне қарсы «темір шымылдық» саясатын ұстанды.

Осы саясатты іс жүзіне асыру барысында бірнеше қаулы, қарарлар жарық көрді. 1977 жылы құпия іс-қағаздарын жүргізу мен мемлекеттік құпияларды сақтау жөнінде арнайы қарарлар қабылданды. 1977 жылдың 23 мамырында «Кеңес азаматтарының қырағылығын одан әрі арттыру шаралары туралы»; Қазақстан КП Орталық комитеті мен Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің, «КОКП Орталық комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесінің «Мемлекеттік құпияларды сақтау жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» шарасы» деген қаулылары қабылданды.

Жоғарыда аталған қаулыларды орындау барысында Қазақ КСР Әлеуметтік камсыздандыру министрлігі «жұмыс істейтіндердің мертігу, жарақат алу, көкжөтел және басқа да жұқпалы аурулар бойынша, 10.000 адамның мүгедектікке шыққандарын ашық мәтіндерде жариялауға қатаң түрде тыйым салды». Құпия іс-қағаздарымен жұмыс істейтін аппарат қызметкерлерімен жиналыс өткізілді. Республиканың Жоғары оқу орындары министрлігінде 1973 және 1976 жылдары құпия материалдармен жұмыс жөнінде семинарлар өткізіліп тұрды [46]. Осы қаралардың мүлтіксіз орындалуы үшін құпия іс-қағаздармен жұмыс істейтін мекемелер қызметкерлеріне арнайы семинарлар өткізіліп, оларға тиісті нұсқаулар берілді. Орталықтың «құлағы» мен «көзі» болып табылатын цензорлардың құқықтық базасы осылайша ұлғая түсті.

Кеңес халқын брежневтік тоқырауға әкелген өктемдік, жаппай жебірлік, билік сатысын өңкей қызметтегі қылмыскерлер құрап тұрған кездің де, өзіндік ерекшеліктері болды. «Брежневщина» - бұл да жеке басқа табынушылық, бірақ бұл үрдіс тарихта халық трагедиясы емес, маскара фарс ретінде із қалдырды. Публицистердің бірі айтқандай, бұл-«қансыз табынушылық» болды.

Тоқырау жылдарында әміршіл-әкімшіл жүйеге оның келеңсіз әрекеттеріне қарсы тұрған азаматтың бірі – Хасен Қожахмет. Ол 1974-1977 жылдары "Жас қазақ" деген жастар ұйымын құруға талпынды. Сол үшін бағдарлама және оның болашақ мүшелерінің антын жазды. Ол қазақ елінің тәуелсіздігі мен егемендігі, өзін-өзі билеу, тілі мен мәдениетінің сақталуы жөнінде бірнеше мақалалар жазды. Соған байланысты «диссиденттігі үшін» 1977 жылы сәуір айында ұсталып, 2 жылға еңбекпен түзеу колониясына айдалды. Одан шыққаннан кейін де ол өз көзқарасынан таймады. 1986 жылы Желтоқсан көтерілісі кезінде алаңға да шықты. Оны арандатушылық ісі үшін деп тағы да ұстап, соттайды [47].

1978 жылы 20 сәуірде Қазақ КСР-нің Конституциясы қабылданды. Бұл кеңестік жүйедегі Қазақстанның соңғы конституциясы болды. Бұл конституцияда да демократия шектелді, адам құқығы еленбеді, қоғамға жат құбылыстарға орын берілді. Ұлтаралық қатынастарда да келеңсіз жағдайлар көбейді. Республикада орыс тілі "ұлы тіл" ретінде дәріптеліп, қазақ тіліне немқұрайдылық күшейді.

Баслиттің орталық аппаратының екінші бөлімі Алматыда шығатын басылымдарға газет, журналдарға (ғылыми техникалық журналдардан басқа), Қазақ КСР сессияларының, Қазтаг материалдарын, алдынала бақылау жүргізді. Үшінші бөлім «Ғылым», «Қайнар», «Мектеп», «Статистика», «Желдориздат» баспаларынан шығатын материалдарды, ғылыми-техникалық журналдарды, авторефераттар мен Ғылым Академиясы саласындағы баспалардың өнімдерін, Қазақ совет энциклопедиясының, Қазақ КСР-ның ВДНХ-дағы экспонаттарын, Қазақ КСР Геология министрлігінің көрмелерін бақылады. Төртінші бөлім «Қазақстан», «Жазушы», «Жалын», радио мен теледидар, «Қазахфильм» киностудиясын және «Қазахтелефильмді», «Білім» кітап сүйерлер қоғамдарын, шығармашылық одақтарды, репертуарларды, шетелге шығарылатын қолжазбалар мен бандоролдерді бақылауға алды. Бақылау нәтижесінде құпия Тізім шектеген 364 материалға араласу жасалды. Оның 101 - і газеттен, 136-і кітаптар мен журналдардан, 124 - і машинкеге басылған мәтіндер, 3 - уі ұсақ тиражды басылымдардан сызылды. 24 – і сызылым кіріспеден, 77 – сі қарулы күштер мен ел қорғанысы туралы, 3 - уі ғылым мен техника, 234 - і экономикалық мәліметтер, 3 – уі сыртқы саясат пен сыртқы сауда, 23 - і әртүрлі өзге де мәліметтер.

Бас Басқарманың 1979 жылы алдынала бақылауға алған материалдары - 85529 баспа табақ болды, бұл 1978 жылмен салыстырғанда, 3105 паракқа артық, 40119 метр кино лента тексерілді немесе 1978 жылмен салыстырғанда, 106956 метр кино лентаға артық, 54058 дана ұсақ тиражды басылым немесе 9936 атауға артық тексерілді [46, 2-3 п.]. 18 облыстағы алдынала бақылауға алынған жалпы материалдар 54306 баспа табақты құрады. Бұл 1978 жылмен салыстырғанда, 709 баспа табаққа артық, оның ішінде 34013 газет, 2229 кітап, журнал өнімдері, 18064 теледидар мен радиохабарларын тарату материалдары. Алдынала бақылаумен 248511 метр кинолента және 47718 ұсақ баспа өнімдері, 1978 жылмен салыстырғанда 79810 метр 10118 ұсақ баспа өнімдері артық болды. Осы жылы ашық және тыйым салынған басылымдарда, радиохабарларда, теледидарлардан тыйым салынған 8772 мәлімет алынып тасталды [46, 4 п.].

Осы жылы соңғы тексеру барысында С. Атауовтың «Деятельность Компартии Казахстана по развитию тяжелой промышленности» деген кітабынан тыйым салынған мәліметтер алынылып тасталды. «Простор» журналының № 5, 6 нөмірлерінде жарияланған М. Симашконың «Искупления дабира» аты мақалаға КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Баслит басқармасы тарапынан саяси-идеологиялық сипаттағы ескерту жасалынды [46, 5 п.].

Бас Басқарма туралы Ережеге және «Цензорлық бақылаудың тәртібі туралы» Нұсқауға сәйкес Қазақ КСР-нің Бас басқармасы мен облыстық басқармалар мемлекеттік құпияларды қорғаудың жаңа тәртібі туралы баспа және редакция, радио мен теледидар, мұрағаттар мен көрмелердің басшылары арасында алдын алу шаралары бойынша әңгімелер өткізіп, олардың жауапкершіліктерін арттыру бағытында жұмыс жүргізді. Осы жылы Баслиттің аппарат қызметкерлері, баспа және редакция, радио мен теледидар, мұрағаттар мен көрмелер қызметкерлері арасында 29 сабақ, 79 рет әңгіме өткізді. Осындай алдын алу шаралары облыстық басқармалар тарапынан да жүргізіліп отырылды. Мысалы, газеттер, радио мен теледидар редакцияларында 292 сабақ, 639 рет әңгіме өткізілді. 65 аудандық газет редакторларына көмек көрсетіліп, құпия тізімді шектеу ретін түсіндіретін 18 хат жолданды [13, 10 п.].

1979 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Баслит басқармасы облыстық басқармаларының басшыларына, жас редакторларға арналған мемлекеттік құпияларды баспада қалай қорғау керектігі туралы баяндама жасап, Қазақ ақпараттық агенттіктің,

радио мен теледидардың жұмыс тәжірибелерімен таныстырды. Семинардың тыңдаушылары Қарағанды облыстық басқармасының жұмыс тәжірибесімен танысты [46, 8 п.].

Партия, мемлекет органдарының директиваларына сәйкес Баслит сараптама комиссияларына методикалық көмек көрсетті. Республика бойынша олардың саны 400 болды. Оның 134 - і Алматы қаласында шоғырландырылды. Республика бойынша олармен 41 рет кеңестер мен сабақтар, 276 әңгіме өткізіліп кеңес берілді [46, 3 п.]. Құпия құжаттарды пайдалану тәртібін сақтамаушылық, оған немқұрайды қараушылық бұл жылдары өзге де мекемелерде кездесті. Мысалы, аталған жағдайлар Лениногор полиметалл, Зырян қорғасын-мырш комбинаттарында, Алматы электротехникалық, С.М. Киров атындағы ауыр машина жасау зауыттарында орын алды [38, 199 п.].

2.3. Цензураның 1982-1991жылдардағы қызметі

1982 жылы 26 тамыздағы Қазақстан Компартиясының ОК Бюросының Қаулысы бойынша министрліктерде, ведомстволарда, өндіріс орындары мен ұйымдарда құпиялық режимді күшейту бойынша іс-шаралардың орындалу барысы талқыланды. Қазақ КСР мемлекеттік қауіпсіздік комитетімен 1982 жылдың 26 тамызындағы Қазақстан Компартиясы ОК Бюросының қаулысына сәйкес республикадағы министрліктерде, ведомстволарда, өндіріс орындарында және ұйымдарда құпиялық режимін күшейту мәселесі бойынша аталған қаулының орындалу барысын тексеріп, осы жұмысты ұйымдастыруда мекеме әкімшілігінің рөлі анықталып, қосатын кемшіліктерді жою мақсатында шаралар жүргізілді.

Қорғаныстық, маңызды саяси және экономикалық мәселелер бойынша ақпаратты алу мақсатындағы жаулық көзқарастағы жақтың арнайы қызметтерінің талпынысы туралы мәліметтерді ескере отырып, қорғаныс саласының өнеркәсіп объектілерінде мемлекеттік құпиялардың сенімді қорғалуына басты назар аударылды. 1982 жылы Қазақстанның режимдік объектілерінде құпиялық режимді сақтауда үлкен кемшіліктер анықталған болатын. Осындай жағдайлар ескеріліп, мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметпен қамтылған маңызды қорғаныс объектілерінде, құпия ақпараттың сыртқа шығу фактілерінің алдын алу жұмыстары жүргізілді. Республика аумағында халық шаруашылығының жеке салаларында мемлекеттік құпияларды қорғау деңгейі бақыланып, осы бағыттағы атқарылған жұмыстарға кешенді түрде тексеру жүргізіліп отырылды. Анықталған кемшіліктер мен жіберілген қателіктер өз уақытында жергілікті партия органдары мен мекемелердің, кәсіпорындардың басшыларына хабарланып отырылды. Осы саладағы қателіктер туралы 1983 жылы партиялық органдарға 168 ақпарат, әкімшіліктерге 380 ақпарат берілді. МҚК органдарының анықтаған фактілері негізінде, құпияларды қорғау жөнінде анықталған кемшіліктер партияның облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттерінің бюроларында (Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Жезқазған, Гурьев, Қызылорда, Павлодар, Семей, Торғай облыстарында) және осы аталған облыстар мен басқа да облыстардың партиялық-шаруашылық белсенділер жиынында, ірі режимдік өндіріс орындарының партия комитеттерінің жиналыстарында талқыланды. Құпияларды қорғау мәселелері республиканың министрліктері мен ведомстволарының (Геология, Түстіметаллургия, Энергетика, Мемлекеттікбанк, Мемлекеттікстандарт және т.б.) қызметкерлерінің коллегияларында талқыланды [48].

Құпиялық режимнің бұзылуын алдыналу мақсатында, 1983 - 1984 жылдары кеңес халқының саяси қырағылығын арттыру үшін МҚК қызметкерлері, еңбекшілер алдында жаулық пиғылдағы жақтың арнайы қызметтерінің астыртын тіміскі бүлдірушілік жұмыстарын болдырмау үшін 1870 - тен астам арнайы дәрістер оқылды. Министрліктер мен ведомстволардың құпия режимді сақтайтын бөлімдердің қызметкерлерінің тәжірибе алмасу мен біліктіліктерін жоғарылату мақсатында өткізілетін семинар-кеңестерге МҚК қызметкерлері қатысуы міндетті болды. Өткен уақыт аралығында республикалық

көлемде осындай 168 кеңес өткізілді, оның 12-сін жетекші министрліктер мен ведомстволар ұйымдастырды. 1983 - 1984 жылдары МҚК органдары қызметкерлерінің құпиялық режим тәртібін өрескел бұзған басшыларға қатысты 242 алдын алу шаралары жүргізілді [48, 71 п.]. Министрліктер, ведомстволардың орталық аппараттарында, оларға қарасты басқа ұйымдарда осы шаралардың нәтижесінде құпия-режимді бөлімдердің жұмысына тәртіп орнатылды. Геология, Денсаулық сақтау, Жоғары және орта арнайы білім беру, монтажды және арнайы құрылыстық жұмыстар министрліктерінде, жеңіл және Тамақ өнеркәсібі министрлігі, Госснабтың ведомстволық ұйымдарында құпиялық режимінің жағдайын тексеру сапасы жақсарғаны айтылды. Жүргізілген шаралар мемлекеттік құпияны сақтау жұмысын жақсартуға ықпал етті.

Дегенмен, жүргізілген тексерулерге қарамастан кейбір министрліктер мен ведомстволардың жұмысында мемлекеттік құпияны қорғауда үлкен кемшіліктер әлі де орын алып, ол құпия режимінің бұзылуына және құпия ақпараттың таралуына әкелді. Ондай фактілер 1983 - 1984 жылдары Автожол, Геология, Сауда - саттық, Ет және сүт өнеркәсібі министрліктерінде, Госстрой, Госкомнефтепродукт ұйымдарында, қалааралық Байланыс және телевидение (ТЦУМС-11) басқармасының аумақтық орталығында, КСРО байланыс министрлігінде орын алып, онда құпия құжаттар жоғалған.

Мемлекеттік құпияларды қорғау бойынша әр дәрежедегі шешімдер қабылданғанына қарамастан, кейбір министрліктер мен ведомстволарда әлі күнге дейін жеке режимді-құпиялы органдар құрылмаған. Ондай жағдай Дайындау министрлігінде, өндіріс құрылыс материалдары, мелиорация және су шаруашылығы, финанс, жеңіл, тамақ, ет және сүт өндірісі, ауыл құрылысы, балық және жеміс-жидек шаруашылығы, мұнай өнімдері бойынша мемлекеттік комитет, мемлекеттік Құрылыс министрліктерінде орын алды. Олардың функциялары әскери-мобилизациялық бөлімдер мен кадрлар бөлімдеріне жүктеліп, өз деңгейінде орындалмай жүрді. Госкомсельхозтехника мемлекеттік комитетінде және КСРО Стройбанкiнiң республикалық кеңсесінде құпия режимдік жұмыс ауқымына қарамастан, ондағы міндет тек бір ғана қызметкерге жүктелген.

Аталып өтілген барлық министрліктер мен ведомстволарда және олардың бөлімшелерінде тексеріс кезінде құпиялықты сақтау режимі ережелерін бұзушылық фактілері тіркелген. Мұндай құпия ережелерінің бұзылуы ведомстволық ұйымдарда бақылаудың болмауынан және мемлекеттік құпиялығы бар қызметтерге МҚК-нің келісімінсіз жеке тұлғалардың орналасуы, арнайы жұмыс кадрларының көп ауысуы жатады [48, 70-72 п.].

Бас Басқарма мен облыстық басқармалар баспасөзде мемлекеттік құпияны сақтау барысында Орталық партия комитеті мен облыстық партия комитеттерімен тығыз байланыста жұмыс істеп, оның үгіт -насихат бөлімінің жетекшілігіне сүйеніп отырды. Баслит баспасөзде жіберілген халықты шатастырып мемлекетке нұқсан келтіретін қоғамдық пікірлер туғызатын материалдарың саяси қателіктерін тауып, оны партия органдарына хабарлап отыруына байланысты дер кезінде қателіктері түзетілген идеялық-саяси сапасы жоғары әдебиеттер шығарылды. Баспасөз және электронды бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) жұмыстың өзге де түрлерін қолданды. Осындай саяси цензураны жүзеге асыруға ықпал ететін едәуір тиімді түрі Орталық комитетінің мәжілістері болды. Мұнда идеологиялық қателерді жан-жақты талқылап қана қоймай, ақпараттық және насихаттау материалдарының мазмұны туралы тікелей нұсқаулар берілді. Мысалы, 1977 жылдың мамыр айының соңында, КОКП Орталық комитеті насихат бөлімінде баспасөз, радио және телевизия органдары өкілдерінің қатысуымен саяси қырағылықты күшейту және бұқаралық ақпарат құралдары басшыларының жарияланатын материалдардың идеялық-саяси деңгейін бақылау жауапкершілігін арттыру мәселесі бойынша мәжіліс өткізілді.

КОКП XXVI съезінің одан кейінгі ОК пленумдары мен Қазақстан Компартиясының XV съезінің шешімдерін басшылыққа ала отырып, 1982 жылғы Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Бас Басқармамен олардың жергілікті органдары мемлекеттік құпия

ақпараттарды сақтау деңгейі жөніндегі тексерулер жүргізді. 1982 жылғы Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Баслиттері мен жергілікті органдардың мемлекеттік құпия ақпараттарға қатысты жүргізілген тексерулері нәтижесі көрсеткендей 154 газет, 38 журнал, 8 республикалық басылымның өнімдері мен 52 баспа ұйымдарының, «Қазақфильм» екі киностудиясы, «Статистика» мен «Желдориздат» атты кеңестік баспаның екі филиалы қатаң бақылауға алынды [11, 45 п.].

Сонымен қатар мұнда шетелден шығарылған ақпараттарға деген жауапкершілік тым ерекше болды. 41 газет, 38 журнал, 8 республикалық баспасөз, 31 баспа ұйымдары мен екі киностудия мен барлық бандерольдар, сәлемдемелер мен басқа да шет жаққа шығарылған ақпарат көздері алдынала бақыланып отырылды. Облыстық басқару орталығының қадағалауымен 109 газет алдынала тексеріліп отырылды, Қарағанды және Целиноград облыстық партия комитетінің баспасөз органдары мен 21 баспасөз ұйымдары, облыстық радио мен телебейне алдынала сүзбеден мұқият тексеруден өткен соң барып қана, жарыққа аса сақтықпен шығып отырды. Алдынала бақылаудан өткен тексерістің қатаң сараптамасынан республикадағы 89408,5 ғылыми - баспа материал беттері алдынала бақылانған, 369565 метр кино лентасы, 45998 ұсақ атаулы баспасөздер, 35000 бандероль мен сәлемдемелер шетелден шығуына байланысты қатаң тексеруге түсті. Ал, 33580 ғылыми баспа материал көздері мен 209935 метр кинолентасы, 13651 ұсақ атаулы баспа органдары мен 3500 бандероль мен сәлемдемелер шетелге шығарылып тұруына байланысты Министрлер Кеңесі жанындағы Баслит орталығынан қатаң бақылаудан өткізілді. Алдын ала тексерістен өткізілген материалдардың жалпы көлемі 1981 жылмен салыстырғанда, республика көлемінде 3001 ғылыми баспа бетке ұлғайды. Соның ішінде 1089 бет ғылыми техникалық басылымдар, 1898 басқа парақтар, 14 газеттерді құрады. Орталық аппаратындағы тексеріс 1346 парақтан, 821 параққа көбейіп ғылыми баспа беттері сараптама мен талдаудан өтіп отырды [49].

Республиканың Министрлер Кеңесі жанындағы Баслит органдары бір жылда 1004 ақпараттың баспасөз бетіне шығып кетуінен сақтап қалды. Олардың 611 ақпараты экономикаға қатысты болса, ал 255 - і КСРО қарулы күштер және қорғанысқа қатысты мәліметтер болды. Бас Басқарма Қарағанды облыстық басқарманың цензорлық жұмыстағы баспа өнімдерін алдынала бақылау әдістерін меңгерген тәжірибесімен алмасты. Көкшетаулық облыстық басқармасының баспа өнімдерін алдынала бақылау әдістері, теледидар мен радиоға қатысты тексерістері туралы есебі алқада тыңдалды. Қызылорда, Жамбыл, Целиноград облыстық басқармаларына осы сала бойынша жұмыстарына көмек көрсетілді. 3 аға редактордың алдынала тексерудегі есебі тыңдалды. Облыстық басқарманың жиналыстарда да осы мәселе кең талқыға түсіп тұрды. Қызметкерлердің цензуралық біліктілігін өсіру мәселесі қарастырылып, ол күн тәртібінен түспеді. 1982 жылы алдынала бақылануға тиісті баспа көздерінен басқа да органдар қатаң тексеруге алынды. «Қызметке пайдалану үшін ғана» грифімен шағын тиражды баспа өнімдері, сонымен бірге радио, журнал, газет материалдары жалпы тексеру нысанына айналды. Республикалық, облыстық, қалалық, аудандық баспасөз орындары мен радио, телебейне әрі көптиражды баспа беттері қатаң бақылаудан өтті. «Ара» - «Шмель», «Ленинскому комсомолу 60 лет», Орал және Целиноград облыстық газеттері мен Талдықорған қалалық телефон желісінің анықтамалық тізіміне алдынала бақылау жүргізілудің нәтижесінде, Баслиттің аға редакторы - 1, Обллит бастығы - 2, КСРО Баслит бастығы - 2 қателер тапқан. Бір жылдың ішінде нормативті құжаттарға қатысты – 509 сабақ, 1250 кеңестер өткізілді. Алматы қаласындағы баспа орындарында шығарылатын республикалық, облыстық және қалалық газеттері жылына екі рет, ал көп тиражды газеттерде жылына бір рет қатаң бақылау шаралары өткізілді. «Наука», «Қазақстан», «Кайнар» сияқты ірі баспа орындарында жылына бір реттен кем емес тексеру жүргізілді. 9 журнал редакцияларында, сабақ өткізілді. Мемлекеттік телерадио компаниясы, Казтаг, КазНИИИИТ және Қазақ КСР мемлекеттік жоспарлау комитетінің

меңгерушілерімен, қазақ техникалық институтының редакторлық құрамы және Алматы облысының 15 аудандық газетінің барлық редакцияларында тексеріс жүргізілді [49, 9-10 п.].

Обллит 424 сабақ, 702 рет әңгімелер өткізді. Газет, радио, телебейне мен облыстық редакцияларда ай сайын, кейбірінде тоқсан сайын екі рет, ал қалған қалалық, аудандық, және көптиражды газеттер редакцияларында бір рет кеңестер өткізіліп, бақылаулар жүргізілді.

Республика бойынша 450 эксперттік комиссия жұмыс істеп, 1982 жылы бойы әдістемелік ұсыныстар беріп отырды. Баслит пен обллиттің сарапшыларына 66 рет сабақ өткізіліп, 456 топтарда құпия құжаттарды сақтау Ережелерінің тәртібі туралы жекелей кеңестер өткізілген. Ал 70 сарапшылық комиссияларға әдістемелік көмектер көрсетілген.

Әдебиеттерді басып шығару ісі қатаң бақылауға алынып, 1982 жылы республика бойынша тиражы 13225 дана, 36 басылымға тыйым салынды. Олар «Антигены» әдістемелік оқу құралы, «Актуальные проблемы повышения уровня производственного обучения учащихся средних профтехучилищ в свете требований XXVI съезда КПСС» атты конференция материалдары, «Сәлем» қойылымының сценаріі мен «Обработка медицинской информации» авторлық ұжымның материалдары еді. 1982 жылдың наурызында Алқада Қостанай облыстық басқармасының 1979 жылдың 11 қаңтарынан бергі КСРО Главлитінің кітаптарды басып шығаруды реттеп отыратын №1 бұйрығының орындалуы туралы есебі тыңдалды. Типография, басып көбейтетін ірі аппараттары бар министрлік, ведомствалардың басшыларымен кеңес өткізіліп, баспа өнімдерін шығарудың ережелері түсіндірілді. Жыл бойы Министрлер Кеңесі жанындағы Баслит пен обллит 383 баспаханалар мен 1401 көбейткіш техникалары бар мекемелерге тексеру жүргізілді. Тексерулердің басым бөлігі Республиканың мемлекеттік баспа комитеті мен ІІМ органдарымен бірлесе жүргізілді. «Қазақстан Журналистер Одағының VI съезінің резолюциясы», «Состояние и перспективы развития театрально-музыкальной критики в республиках Средней Азии и Казахстана» атты 1 республика аралық ғылыми-техникалық конференцияның Бағдарламасы Баслиттің бақылауынсыз басылып кеткен [49, 12 п.]. Арнайы басылған мәліметтер ретінде саналатын құпия құжаттар болып табылатын баспа бетіне рұқсатсыз басылған материалдар үшін жауапты басшыларға өз кезегінде өте қатаң әкімшілік шаралар қолданылды. Бір жыл ішінде 14 акт жасалынып, 37 хат жазылды. Типография мен көбейткіш техникалары бар басшыларымен 22 рет кеңес, 139 сабақ, 1523 әңгіме өткізілді. Ақтөбе, Манғышлақ, Көкшетау және Қостанай облыстарының типография жетекшілерімен, көбейткіш техникалары бар ұйымдардың басшыларымен кеңес өткізілді.

Адын ала тексеру ережесі бойынша 66 мұражай мен 3 көрменің, 43 мұражайы, 3 көрменің барлығының экспонаттары қатаң тексеруден өткізілді.

Сонымен қатар Алматы қаласындағы өткізілуге тиісті, 10 тақырыптық көрме алдын ала тексерілуден өтті. Баслиттің тізімінде қатаң бақылануға алынуға тиісті тізімдердің ішіндегі мұражайлар мен көрмелер үнемі қадағалауға алынды. Кітап қорлары мен барлық кітап сататын дүкендер қатаң бақылауға алынып, 1 жылдың өзінде 2 - 3 реттен кем емес тексеруге ұшырап отырды. Алматы малдәрігерлік институтында, Павлодар облысындағы Баянауыл балалар кітапханасында, Жамбыл облысының балалар кітапханасында, Целиноград қаласының медициналық училищесінің кітапханасында рұқсат етілмеген кітаптар табылды. Жалпы жұртшылық пайдалануға тыйым салынған кітаптарға қатысты акт жасалып, қылмыстық іс қозғалды. Кітап қорынан рұқсат етілмеген 55 кітап алынды. Кітап сатушылар мен кітапхана қызметкерлерін рұқсат етілмеген кітаптарды алу тәртібі жөніндегі бұйрықпен таныстырып, 11 рет кеңес, 377 рет әңгіме өткізілді. Республикада кітап сақтайтын арнайы 8 қор болды, оның 3 - нде шет тілдерден шыққан шетел әдебиеттері сақталды. Жыл бойғы арнайы комиссияның шешімімен 1020 кітап ескірген, адамзат үшін ешқандай құндылығы жоқ деп табылып

жойылды. Қауіпті деген беттері жойылғаннан кейін тағы 57 шетелдік басылым көпшіліктің пайдалануына жіберілді [49, 7-13 п.].

1957 жылы елдегі цензура органдарының бақылаған материалдарының мазмұны бойынша жасаған ескертулері 467 болса, 1984 жылы олардың саны 1700 - ден асты [49, 14 п.]. Бұл цифр осы кезеңнің өзіндік ерекшеліктері болғанын айғақтайды.

80 - жылдардың екінші жартысынан басталған қоғамдағы үлкен өзгерістер көркем әдебиетке, ғылымға қатысты саяси бақылау мен цензураның сипатын өзгертті. «Егер 1940 - 1980 жылдары Кеңес өкіметінің идеологиясын бірнеше жыл бойы үзбей басқарып келген Михаил Андреевич Суслов болса, оның Қазақстандағы шәкірттерінің бірі әрі қазақ әдебиетін, қазақ поэзиясын қан қақсатқан цензор Есет Әукебаев болды. Егер Н. Хрущев кезінде отаршылдық нокта жұмсарып, қазақ әдебиетінің тынысы кеңі бастаса Л.И. Брежневтің кезінде бұрынғы темір нокта қайта кигізілді. Н. Хрущев кезінде сәл-пәл жүрісінен жаңылған Суслов есін жиып, қаһарына қайта мінді. Есет Әукебаев та бұрын өзі қол қойған дүниелерін қайта басылуына рұқсат етпей, ана автордың да, мына автордың да кітабына шүйлігумен болды. Қысқартпайтын тармақтар қысқартылды, тармақ пен шумақ тұрмақ, тұтас өлеңдер алынып тасталды. Қазақ өлеңі, бүкіл қазақ әдебиеті, қазақ ақын-жазушылары қиянат шегіп жатты. Бүкіл заңды белінен басып, жазушының азаматтық арын таптап қасиетті өлеңдер осылай қорланып жатты. Е. Әукебаев тіпті, өзін «Жазушы» баспасының бас редакторы емес, республикалық литоның бастығы ретінде сезініп Ө. Канахиннің «Жұлдыз» журналында жарияланған «Жұлдыздар аққан түн» хикаятын, Т. Медетбековтың «Шекарадағы торғайлар» өлеңін шығартпай тастады» [50, 70 п.]. Ақын Қадыр Мырза Әли «абыройым асқан сайын кітаптарымның шығуы қиындай түсті. Баспа Жазушылар одағы сызып тастады десе, Жазушылар одағы Баспасөз комитеті қысқартып жіберді. Ал Баспасөз комитеті барлық жауапкершілікті Орталық партия комитетіне жаба салады», - деп күйзеліс білдірген.

1983 жылы кеңестік жүйеге қарсы зиянды құжаттардың авторлары деп табылған 63 адам әшкереленді. Олар 27 үнпарақ, 97 хат, 15 рет партия кеңес қызметкерлеріне күш көрсетіп, қоқан-лоқы жасаған құжаттар таратқан. Оның екеуі ұлтшылдық, қалғаны жала жабу сипатында болған. Мұндай көзқарастағы адамдарды қайта тәрбиелеу мақсатында партия ұйымдарымен келісе отырып, көптеген алдын алу шаралары жүргізілді. Соған қарамастан республика аумағында соңғы біржарым жылда 90 автордың 214 кеңестік жүйеге қарсы жасырын 100 құжаты (84 үн парақ, 117 хат, 13 әр мазмұндағы жазулар) таратылған. Олар «Қазақстанның мұсылмандар партиясы», «Азат ету комитеті», «Жас социалистер Одағы» деген жалған ұйымдар атынан жазылғандығын анықтаған [51].

1984 жылдан бастап Қазақстан Компартиясы идеология бөлімінің жаңа басшысы Зақаш Камалиденов бұрынғы идеологтар Нұрымбет Жанділдиннің, Саттар Имашевтің бітпей қалған істерін одан әрі өрісте түсті. Қолында билік, төңірегіндегі большевик жандармдардың арқасында кітап шығару ісін коммунистік үлгіге көшіруге тырысты. Билігі бар, мөрі бар Баспаком Олжас Сүлейменовтен бастап, ұлттық санадағы қаламгерлерді түгел қудалауға кірісті. «Цензура өрісімізді шектеп, өзіңше ойлауға, әсіресе өзіңше жазуға мүмкіндік бермеді», - дейді 60-80 жылдардағы жазушылар. Бұл кезеңде ресми идеологияға қарсы келмек түгілі, өзгеше пікір айтудың өзі мүмкін болмады. Марксизм-ленинизм ғылым емес - догмаға айналды. Бұл ілімді басшылыққа алған партия өзгеше ойлауға талпынғандардың бәрін тұншықтырып, үнін өшіріп отырды.

Қайта құру кезеңі Баспасөз жөніндегі Бас Басқармаға да өзгеріс әкелді, жаңа жағдайға бейімделіп бағдарлама әзірлеп, өзін-өзі сақтап қалу қамына кірісті. Цензура органдарына осы бір түсініксіз жағдайда өзінің орнын табу керек болды. Осындай аласапыранда КОКП XXVIII съезінің шешімдерін насихаттау мен жүзеге асыруда баспасөздің рөлін арттыру, халықты елдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы маңызды мәселелер бойынша хабарларды кеңейту, бюрократизммен, өндірістік және шаруашылық қызметтегі кемшіліктермен, басқа да жағымсыз құбылыстармен күресте жариялықты күшейту, сондай-ақ мемлекеттік және әскери құпияны құрайтын мәліметтер

мен басқа да жариялауға жатпайын елдің қорғаныс және экономикалық мүдделеріне зиян келтіретін, ашық басылымға тыйым салынған деректерді қорғау жұмыстарының деңгейін арттыру жолында Баспасөз жөніндегі Бас Басқармаға мыналар тапсырылды:

- тиісті министрліктермен, ведомстволармен бірлесе отырып, Баспасөз жөніндегі Бас басқарма Тізімінен: жариялау үшін жауапкершілік бұқаралық ақпарат құралдарының басшыларына жүктелген саяси сипаттағы мәліметтерді; егер оларды ашық жариялау еліміздің қорғаныс және экономикалық мүдделеріне зиян келтірмейтін болса, салалық және ведомстволық материалдарды; болашақ қарсыластар барлауының кеңінен дамыған техникалық құралдарының көмегімен оңай ала алатын мәліметтерді жариялауға шектеу қоюды алып тастай отырып, тізімге қажетті өзгерістер енгізу;

- баспасөздегі мемлекеттік және әскери құпияларды қорғаумен байланысты мәселелерге көңіл бөлу, себебі шығармаларды жариялауға іріктеу мен идеялық-саяси мазмұны үшін жауапкершілік баспасөз, радио және телевизия органдарының, мәдениет және өнер мекемелерінің басшыларына жүктелді;

- КСРО Баспасөз жөніндегі Бас Басқарма туралы Ережеге оның қазіргі заманғы міндеттері мен қызметтерінен туындайтын қажетті өзгерістер енгізу тапсырылды [7, 263 б.].

1987 жылы «ашық жариялауға тыйым салынған мәліметтердің Тізімі» қайта жасалды. Басты назар баспасөздегі мемлекеттік ерекше құпияларды қорғауға аударылды. Материалдардың идеялық - саяси мазмұны бойынша оларды бақылаудың жаңа әдістері тегіс енгізіле бастады, цензура органдары қатаң ескертулер туындаған кезде, материалдарға араласпастан, олар туралы тиісті партиялық комитеттерге хабарлайтын болды (1987 жылы бақыланатын материалдардың мазмұны бойынша мөлшері 1984 жылмен салыстырғанда 10 есеге дейін азайды).

Шетелден келіп түсетін әдебиеттер мен дыбысты - бейне материалдарды бақылау жөніндегі жұмыстар да түбірімен өзгерді, бағалау критерийлері өзгеріп, жалпы қолданыстағы әдебиеттерге қойылатын шектеулер біршама азайды, барлық ғылыми-техникалық, ғылыми-көпшілік, анықтамалық әдебиеттер мен көптеген басқа да басылымдар Баспасөз жөніндегі Бас Басқарманың бақылауынан алынды; кітапханалар, мұражайлар, мұрағаттардың арнайы қорлары құрылды.

Баспасөз жөніндегі Бас Басқарманың бұйрығымен 1920 - 1980 жылдардағы кітапханалардың жалпы қоры мен кітап сату жүйесінен алынып тасталған басылымдарды қайта қарап және оларды арнайы қорлардан кітапханалардың ашық, жалпы қорларына қайтару жөніндегі жұмыстар жандана бастады; мұрағат құжаттардың біртіндеп құпиялылығын алу жұмыстары басталды. Баспасөз жөніндегі Бас Басқарманың арнайы сақтау орындарынан кітап қорына қайтару жұмыстары, Орталық партия комитетінің тікелей нұсқауы арқылы жүзеге асырылды.

13 қаңтарда КОКП ОК 36/146 «Кітапханалар мен кітап сатылымы жүйесінен алынып тасталуға жататын кітаптардың жинақ тізімін» және «Шығармалары алынып тасталуға жататын адамдардың тізімін» ішінара қайта қарау үшін, құрамында КСРО Баспасөз жөніндегі Бас Басқармасының, КСРО Мәдениет министрлігінің және КСРО Мемлекеттік баспа жөніндегі комитетінің өкілдерінен тұратын ведомствоаралық комиссия құрылды. 1987 жылдың наурызынан 1988 жылдың қазанына дейінгі кезеңде бұл комиссия кітапханалардың жалпы қорына 7930 шығарманы қайтарып, «шын мәніндегі антикеңестік сипатына» байланысты, қалған 426 басылымды арнайы қорда қалдырды [7, 265 п.]. Олар кеңес өкіметіне ашық түрдегі сипатта, «В.И. Ленинге, КОКП-ға, Кеңес өкіметі мен халқына айып таққан», «ақгвардияшыл, сионистік, ұлтшыл басылымдар» деп баға берілді [7, 265 б.].

Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Баслиті мен оның жерлігікті органдарының жұмысы қайта құру арқылы демократияны дамыту мен баспасөздегі мемлекеттік құпияларды сақтаудың жоғарғы деңгейіне жету мен цензорлық бақылаудың сапасын артруды қамтамасыз етуге бағытталды.

Партияның XXVII съезінің шешімдерін орындау цензура органдарының да басты міндетіне айналды. Осы бағытта жүргізілетін жұмыс барысында жеті республикалық кітап баспасы мен Қазақ кеңес Энциклопедиясының Бас редакциясының материалдары алдын - ала тексеруге алынды. Сонымен бірге 159 газет, 38 журнал, радио және теледидар хабарлары, 58 баспа өнімдерін шығаратын мекемелер, «Қазақфильм» студиясы, «Қазақтелефильм» репертуарлары және тағы басқа басылымдар бақыланды. Олардың жылдық өнім мөлшері 99744 есепті - басылым парақты құрады (оның ішінде қазақ - 33757, орыс - 63848, ұйғыр - 1340, 799 - неміс тілдерінде), 303717 метр кинолента болды. Жариялануға жатпайтын жабық мәлімет болып табылатын қарулы күштер мен елдің қорғаныс қабілеті, ғылым мен техника, экономика, сауда мен сыртқы саясат, денсаулық саласындағы және тағы да басқа құпия мәліметтері бар 1443 деректің алды алынды [52]. Құпия мәліметтер көбінесе, газет (322) және кітап-журнал (233) өнімдерінде кездесті.

Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің үгіт және насихат бөліміне, үнемі бақыланатын материалдардың саяси-идеялық мазмұны хабарланып отырылды. Саясатқа қайшы келетін 1985 жылы 15 мәлімет анықталса, 1987 жылы сондай 8 оқиға тіркелді. Ескерту жасалған материалдар көбі ұлтаралық қарым-қатынас мәселелеріне қатысты болды. Сонымен қатар осындай кемшілікке жол бергені үшін 64 басылымды өнім шығару құқығынан айырды. Кейінгі бақылаумен әртүрлі басылымның 157603 есепті - баспа парақ өнімі қамтылды. Материалдарды баспаға дайындау кезінде министрліктер, ведомстволар, ғылыми мекемелерде, сараптама комиссиялардың, редакциялардың басшыларына ең алдымен, КСРО Главлитінің нормативті-құжаттарын басшылыққа алу міндеттеліп, ашық баспасөзге жариялануға тиісті емес, Кеңестер елінің қорғаныс және экономикалық мүддесіне зиян тигізетін мәліметтерді жібермеу тапсырылды.

Эксперттік комиссияларға сапалы басқару жүргізілу барысында, тексерілетін материалдардың мазмұнына ерекше бақылау жасау міндеттелді. 358 полиграфиялық өндіріс, 1572 баспа-көбейткіш орындары тексерілді. Тексеруге Ішкі істер министрлігі, ҰҚК, Республикалық мемлекеттік баспа өкілдерінің қатысып, бірлесіп жүргізуі, оның сапасын арттырады деп есептелді. Тікелей жұмысқа қатысы жоқ материалдарды көбейту оқиғасы анықталды. Мұражайдың 311 экспозициялары мен 43 көрме орындары тексерілді. Кітапханалар мен кітап дүкендеріне жасалған тексеру барысында көбінесе, кітапханалардан, жалпы қорда сақталуға тиісті емес 337 кітап табылған. Капиталистік елдерде басылған әдебиеттер сақталатын кітапхана мен арнайы қорлармен тыңғылықты жұмыс жүргізілді [52, 2-3 п.].

Республика цензорларының арнайы білімдерін жетілдіру мамандығы бойынша біліктілігін арттыру мақсатында КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Баслитінің 1988 жылдың 30 қараша - 4 желтоқсан аралығында Алматы қаласында өткізген семинар кеңесінің маңызы зор болды. Кадрларды аттестациялау, олармен жұмыс жүргізуді жақсартпақ болды. Өндірістік жиналыстарда қайта құру жұмыстары, бақылау ұйымдары, тәртіп пен реттің іске асуы, құпия режимінің орындалуы туралы сұрақтар қарастырылды.

КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Баслитінің ұсынысымен цензорлық бақылаудан көптиражды және аудандық газеттерді босату туралы ұсыныс енгізілді [52, 2 - 3 п.].

Осы жылдары Қазақстан Компартиясының Орталық комитетінде қазіргі заман талабына сай партияның идеологиялық жұмысының кейбір аспектілері талқыланды.

Онда қоғамда тек қана үгіт-насихаттан тұратын жасанды өмір құрылғаны сөз болды. Біз ұзақ уақыт бойы қоғамдық өркениеттің заңдылықтарын айналып өткіміз келді. Диалектиканы тұншықтырдық, қарама-қайшылықты мойындамадық. Жариялық – саяси сұрақ, жауабы болмады. Жалғандық туралы ашынып жазу қажеттілігі туды, бірақ өткен күннің “Болмайды!” деген стереотипі әлі күнге дейін өмір сүріп кедергі жасады. Шектен шығушылық, оқыс оқиғаларды, ақпараттарды, жапа шеккендер туралы жазуға болмады. Ақпарат – тек таңдамалыларға ғана арналды. Жұмбақты жауып қою беделді өсірмейді

деген пікірлер айтылды. Оны қолдаған А.Н. Яковлев баяндамасында: «Қазақстанда сәуір Пленумынан кейін бірді-бір республикалық газет сын мәселесін көтере алмады, өйткені рталық партия комитеті тарапынан қолдау таппады, құпталмады», - деп мойындады [53].

II БӨЛІМ

2 МЕМЛЕКЕТТІК САЯСИ ЦЕНЗУРА - КЕҢЕСТІК ТОТАЛИТАРЛЫҚ (ӘМІРШІЛ-ӘКІМШІЛ) ЖҮЙЕНІҢ ИДЕОЛОГИЯСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ БАСТЫ ТЕТІК

4 – тақырып Кеңестік идеологиямен қаруланған саяси цензура

1.4 Цензураның ұлт зиялыларына тигізген әсері

Кеңестік идеологияның негізгі функциясы - бір таптың мүддесіне қызмет етіп оны қорғау, оның әлеуметтік базасын кеңейту, өздерінің жолын ұстаушыларға билік жүргізетін құрылымдарға жол ашу және солар арқылы билік жүргізуге өкілеттілік жасау болып табылады. Сол құрылымдардың бірі - саяси цензура органдары.

Сол кездегі цензуралық қызметтің нақты заңды негіздерінің болмауы, төрешілдік ортада билік жүргізген партияның үстемдік етуі кез келген шығарманың идеологиялық жағынан зиянды деп есептеуге мүмкіндік берді. Баспа немесе басқа да шығармашылық өнімдерді қадағалау және бақылаудың әдістері, сондай-ақ оларды жүзеге асырудың тәсілдері көп түрлілігіне байланысты бір-бірінен ерекшеленіп отырылды. Сондықтан тарихи жағынан кеңестік нұсқада қалыптасқан «саяси цензура» термині, мағынасы жағынан өте жақын және белгілі бір дәрежеде мемлекеттік мәдени - саясатты жүзеге асыратын, қоғамдағы саяси жүйенің бір бөлігі болып табылатын идеологиялық билік жүйесі екенін көрсетті. Сондай-ақ ол әдебиеттің, мәдениеттің қоғам дамуының шынайылығын көрсететін басым бағыттарын бақылауға алатын, олардың қызметі мен шығармашылығын ресми үстем ұстаным қалпында ұстап отыратын, шығармашылық ұжымдарға дегенін істететін қарсы келген жекелеген мәдениет өкілдерінің шығармашылығына шектеу қойып, тыйым салатын құдіретке ие болды.

Идеологияның осындай үстемдігі халықтың барлық ісіне, оның ішінде ғылым мен мәдениетке, әдебиеттің әрқайсысына қатаң бақылау жасап отырды. Адамдардың ақыл-ойы, рухани жан дүниесі заттар ретінде бағаланды. Еркін ой, еркін еңбек, сөз бостандығы деген жоғалды. Шындықты іздеушілікке тыйым салынды. Ғылым мен өнер идеологияландырылды.

Цензура адамдардың әлеуметтік, рухани, саяси, қоғамдық өмірінің барлық саласына сұғына ене отырып, халықтың бір қалыпта даму мүмкіндігінен айыратын жағдай туғызды. Брежневтік билік тұсында бүкіл әдебиет, өнер, шығармашылық туындылары, саясаттандырыла бастады, оларды бір қалыпқа түсіріп, бір бағытпен жүргізді. Жоғарыдан бұйрық неғұрлым көп болған сайын, төменнен соғұрлым белсенділік азайды. Барлық салаға тыйым салынғандықтан, халықтың рухани дамуы, бостандығы шектелді. Шығармашылық өнімдерін цензурадан өткізу қиямет болған кезеңде, сол рухани азық арқылы халық санасына адамгершілік құндылықтарды сіңіру мүмкіндігі де шектелді.

Қызыл идеологияның пәрменінің күштілігі сол, С. Мұқанов секілді қазақ әдебиетінің атақты өкілдері санатындағы тұлғалардың беделдерін пайдаланып, билік оларға өзінің шашбауын көтертіп кеңестік саясатқа жат деп есептеген, Алаш қайраткерлеріне қарсы шығарса, 50 - жылдары данышпан Абай төңірегіндегі ақындарға қарсы "жорығын" ұйымдастырды. Пролетариат жазушысы деген атқа масаттанған ағамыз 60 – 70 ші жылдары қазақтың жаңадан шығып жатқан ұлттық сананы өсіретін тарихи романдарын тұншықтыру әрекетіне де атсалысты. Ал Ғабит Мүсіреповтің, 70-жылдары тұманы сейіле бастаған Кенесары қозғалысын қайта күстаналуы, кейінгі кездердегі өз

шығармаларындағы әсіре кеңесшілдігі ондағы объективті шындықты бұрмалап көрсетуге әуестенуі кеңестік саясаттың әсерінен еді.

Ұлы Мұханың өзінің бар атақ абыройға жеткен кезде, мақала сөздері былай тұрсын, әйгілі эпопеясының соңғы кітаптарында қазақ тарихына, қазақ болмысына, дін ислам мен хақ Құранға қатысты әбес қисынға баруы, ең аяғы, ежелгі мұра, әдебиет тарихы қайтадан, жаңаша бағалануға тиіс деген пікірге келуі тоталитарлық тәртіптің өзіндік заңының қыспағынан еді. 1959 жылы Ғылым академиясында ұйымдастырылған үш күндік конференцияда жасалған, бар шешімнің түйіні болуға тиіс, кең көлемдегі байыптамасында қазақ әдебиетінің ежелгі Түрік кезеңіне қарсылығы өз алдына, басы да, басқасы да аршылып, жарыққа жеткелі тұрған Дулат, Шортанбай, Мұрат, Мәшһүр - Жүсіп, Ғұмар Қараш, тағы басқа да, XIX-XX ғасырдағы ұлттық классиктерге тосқауыл қоюы, керек десеңіз және бір мақалаларында Мағжанға - көзі тірісінде құдайдай табынып, көлеңкесінен орын алуға тырысқанын ұмытып, енді айдау мен азапты өлімнен соң сүйегінің қайда қалғаны да белгісіз ұлы тұлғаны іліп-шалған, біржола құрдымға сілтеген сөздері рухани тарихымыздың қасірет тарихына бар бедерімен таңбаланғаны шындық [54].

Көпшілік біле бермейтін ұлы тұлғалардың бұлай құбылуы сол кездегі тоталитарлық тәртіптің басты құралы болып есептелетін цензураның тегеурінен еді. Мұндай саясат осылай қазақ ұлтының рухани дүниесін дағдарысқа ұшыратты. Аталған кезеңдегі тіршілік арнасының рухани-психологиялық ортасында үрей, көңіл-күйдегі мазасыздық, күдікшілдік, болашаққа деген сенімсіздік пайда болды.

1958 жылдан 1964 жылға дейінгі кезеңде негізгі орталық, мәдениетті іс жүзінде басқару органы және нақты саяси цензор ОК - тің идеологиялық комиссиясы болды. Бірінші Идеологиялық комиссия КОКП Орталық комитетінің Президиумының 1958 жылғы 3 қаңтардағы шешімімен құрылды және ғылым, әдебиет, өнер саласындағы саяси немесе идеологиялық мәні бар істер мен оқиғалардың жағдайы секілді мәселелерді зерттеуі тиіс болды. Комиссия, сонымен бірге, кеңестік мамандардың, шығармашылық интеллигенцияның шетелдерге шығуын және шетел мамандарының келуін ұйымдастыру мәселесімен де айналысты. Осылайша шет елге бару сенімділік пен бойсұнушылықпен тығыз байланысты болды. Комиссия шын мәнінде «мәселелерді зерттеумен» және «теориялық мәселелермен» айналыспады, нақты жағдайлар бойынша дайындап, шешім шығарды. Бұрынғы аппараттық дәстүр бойынша Орталық комитет құрылымы шығаратын шешімдер негізінен құпия немесе өте құпия сипатта болды. Мәселелердің бір бөлігі комиссияның мүшесі болып табылмайтын, бірақ осы мәселеге тікелей қатысы бар адамдарды шақыра отырып, комиссия мәжілісінде талқыланды. Басқа мәселелер бойынша «сұрау» арқылы сырттай шешім қабылданды. Комиссияның қызметі өзінің сипатына қарай КОКП Орталық комитет Төралқасы мен Хатшылығы атқаратын қызметтен еш ерекшеленбеді. Алайда, маңызды мәдени мәселелер, әсіресе, халықаралық жариялыққа ие мәселелер КОКП Орталық комитет Төралқасында қаралды.

КОКП Төралқасының 1962 жылғы 3 қарашадағы шешімімен құрылған идеологиялық комиссияның қызметі біршама басқаша сипат алды. Оның қарауынан халықаралық мәселелер мен спорт мәселесі, нақты мекемелердің жұмысын «бақылау» алынып тасталды, бірақ халыққа білім беру жүйесін (жалпы және арнайы) басқару мен бақылау мәселесі қосылды. Комиссияның мәртебесі де өзгерді: комиссия ешқандай қаулылар қабылдамады, ол тек жобаларды талқылап, Орталық комитеттің Хатшылығында және Төралақасында бекіту үшін қаулылардың жобасын әзірлеп, ұсыныстар дайындады. Комиссия құрамында да болған айтарлықтай өзгерістер комиссия мәртебесін төмендетті. Оның бірінші төрағасы болып, Орталық партия комитетінің хатшысы, КОКП Орталық комитетінің одақтас республикалар бойынша насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Л.Ф. Ильичев тағайындалды. 1965 жылы оның орнына Орталық комитеттің хатшысы, Орталық комитеттің Төралқасының (Саяси бюро) мүшелігіне кандидат П.Н. Демичев келді. Комиссияның бірінші құрамына Орталық

партия комитетінің бөлімдерінің меңгерушілері, ведомстволардың басшылары, газеттердің бас редакторлары кірді. Әрі қарай комиссияның дербес құрамына өзгерістер енгізіліп, ал комиссияның өзі Саяси бюроның 1966 жылғы қаулысымен таратылды [55].

Идеологиялық комиссиялардың басты назар аударатыны ең алдымен, мемлекеттің жалпы мәселелері ғана емес, сондай-ақ оның іргетасы қаланатын негізгі мәселесі: мәдениеттің «жоғарғы партиялық идеалдарға» қызмет етуге дайындығы бар ма деген мәселе болды. Идеологиялық комиссиялардың мәжілістерінде «мәдени және саяси жариялылық жағдайдағы буржуазиялық ортаның жағымсыз әсері» оның ел үшін несі «пайдалы» немесе «зиянды» екендігі туралы мәселе болды. Қорғау, тыйым салу, айтақтау мен қаралап күйе жағу сияқты тәсілдер күн өткен сайын ескіріп нәтиже бермеді. Ескіні аңсағандар мен жаңа көзқарастағылар арасындағы ұзаққа созылған теке-тірестен соң, догмалық көзқарасты ұстанушылардың жеңісімен аяқталып, ол жеңіс шешімі 1963 жылы маусым пленумында бекітілді. Дағдарыстан шығуға мүмкіндік беретін құрал ретінде қуғын-сүргін органдарының резервтік мүмкіндіктері қарастырылды. Олардың рөлін күшейту мен қызметін кеңейту КОКП ОК Төралқасының және КСРО МК 1960 жылғы 5 ақпандағы «КСРО МК жанындағы ҰҚК және оның жергілікті органдарының құрылымына өзгерістер енгізу және штат санын қысқарту туралы» қаулысына сәйкес жүзеге асырылды. Жаңа штат кестесіне сәйкес идеология мәселесімен 2 - Бас басқарма (қарсы барлау) айналысты. Ол 1967 жылға дейін, яғни саяси жүйедегі өзгерістерге сәйкес ел басшылығының талабымен «идеологиялық диверсиямен күресу» үшін, кеңестік интеллигенция арасында кеңінен танымал арнайы 5 - басқарма ретінде қайтадан бөлінгенге дейін жұмыс істеді [55, 10-11 б.]. Нақ осы кезеңде Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті Орталық партия комитетінің тиісті бөлімдері мен комиссияларымен бірлесе отырып, саяси цензураны жүзеге асырды, әдебиет пен өнердегі жекелеген бағыттарға және ондағы жазушыларға, суретшілер мен т.б. қарсы қуғын-сүргін ұйымдастырды. Олардың «жедел» әрекеттері мен жұмыстарын, көптеген қуғын-сүргіндерін мұрағат деректерімен танысу барысында анықтадық. Оның ішінде Баспасөз жөніндегі Бас Басқармасының рөлі өте зор болды. Баспасөз жөніндегі Бас Басқарма Орталық партия комитеті мен Ұлттық Қауіпсіздік Комитетіне олардың өкімдерін бұзған немесе цензура барысында белгілі болған антикеңестік әрекеттердің, сөздер туралы хабарлап, үнемі ақпарат беріп отырған. Осылайша бұл қоғамды басқарудың үштік сұлбасы құрылды.

50 – 60 - жылдардағы айтыс - тартыстардың негізгі бағыты «ұлтшылдықты» ауыздықтау болды. Коммунистік идеология билік құрған кезде, баспасөз таптық күрес құралы, ұжымдық насихатшы, үгітші және ұйымдастырушы болып табылғаны белгілі. Баспасөздегі халықтың ойлы азаматтарына бағытталған саяси ұрандар «Халық жауы, тап дұшпаны», «буржуазияшыл-ұлтшыл», «ұлтшыл-фашистер», «алашорданың сұрқиялары», «пантүркішілер», «Алашорда төбеттері мен күшіктері» дегендерден аяқ алып жүргісіз болды. Партиялық екі бас газет: «Социалистік Қазақстан» мен «Казахстанская правда» (редакторлары - Ж. Арыстанбеков пен В.М. Берховых) партияның көзі мен құлағы ретінде Қазақстан Жазушылар Одағының қыр соңына түсіп алды. Олар өз араларынан «халық жауын» табуға тиіс болды. Таппағандар өзі «халық жауына» айналды.

Баспасөз беттерінде әдебиет пен руханият дүниесіндегі социалистік идея тазалығы үшін майдан ашылды. Алдымен, олардың тізімін жасап, тізімге кірген зиялылардың саны 199 адам болды. Құпия тізімге кірген 199 адамның не аттары, не кітаптары баспасөзде айтылып, не олар туралы қандай да бір пікір айтылуға тыйым салынды. Туындылары мен кітаптарын кітапханалардың арнаулы қорлары (спецхран) бөлмелерінде құлыптап сақтауға жіберілді [33, 3 п.].

1956 жылы Қазақ КСР Ғылым Академиясының библиографы Үшкілтай Субханбердина «Түркістан уалаятының газеті», «Дала уалаятының газеті», «Айқап» сынды қазан төңкерісіне дейінгі ағымды баспасөз материалдарына ден қойып, елеулілерін жинап, библиографиялық көрсеткіш түзе бастайды. Көбі ұлтшылдық басылым деп жаламен жабылған қазақ баспасөзінің құжаттарын одақ бойынша

кітапханалар мен мұрағаттардан іздестіріп, «Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар», «Айқап» бетіндегі мақалар мен хат-хабарлар» деп аталатын мазмұнды библиографиялық көрсеткіш кітаптарын жазады. Бұл кітаптарға өте жоғары баға беріледі, редакциясын Е. Ысмаилов пен Ә. Марғұлан басқарады. Білікті де, аса құнды библиографиялық көрсеткіштің шыққанын Орталық партия комитетінің сакқұлақтары естіп, екі күннің бірінде автор мен редакторды шақыртып жазалау басталады. «Егер ұсталып кетсем, кішкентай үш балапанымның халі не болар екен?» - деген ойдан, түнгі ұйқысынан айрылған авторды Б. Кенжебаевтың «Қазақстан мұғаліміне» шыққан «Айқап туралы еңбек» деген сын мақаласы құтқарып қалады [56].

Бұл бағытта мемлекеттік құпияларды баспасөзде сақтау жөніндегі Бас Басқарма қызметі өз міндетін мінсіз атқарды. Жазылған әрбір ғылыми-техникалық мақалалар мен кітаптың қолжазбалары журнал редакциясы мен баспаларға жіберілмес бұрын эксперттік актілермен бірге өткізілуге тиіс болды. Көп салалы тексерістен өту тәртібі көп жағдайда авторлардың шығармашылықпен айналысуына деген құлқын төмендетті.

«Жүгерінің атасы» аталған Н.С. Хрущевтің дәуірі қазақ халқына тигізер шапағатынан көрі қайырымсыздығы басым болды. Н.С. Хрущевтің ұстанған саясатының авантюристік бағыт екендігінің бір көрінісі Беларуссияда бір журналистің «Біз коммунизмге қашан жетеміз?» деген сұрағына: «Қай кезде барлығымыз орысша сөйлейміз - сол кезде жетеміз!» - деп берген жауабынан айқын байқалды. Хрущев билігі тұсында қазақ ауылдары құлдырап, қазақ мектептері жабылып, жергілікті жерлердегі кадрлардың екінші сортқа айналуы етек алды. «Қазақ әдебиеті» газеті осы жылдары ұлт мәдениеті мен әдебиетінің өз шешімін таппай, көп уақыт іркіліп қалған мәселелерін батыл көтерді. Қазақ мектептерінің қысқара бастауы, қазақ тілі мен әдебиетінің сағат сандарының күрт азаюы, ауыз әдебиетіндегі ондаған, жүздеген көне, қаһармандық, ғашықтық, нақтылы тарихи дастандардың «Қамбар батырдан» басқасына залалды деген «үкім» шығарылып, қайта басылмай қалуы, жоғары оқу орындарына түсуге талаптанған қазақ талапкерлеріне орысша шығарма жаздырып, жаппай құлатушылық, қысқарған сөздерді орысша нұсқасындай етіп жазуға қаулы қабылдануы, кейбір республикалық газет, журналдардың («Қазақстан мұғалімі», «Қазақстан коммунисті» т.б.) орысшадан аударылып басылуы, облыстық газеттердің «Көкшетау правдасы», «Семей правдасы» делініп, жартылай орысшалануы, қазақ тілінде іс қағаздың жүргізілмеуі, қазақ жастарын Алматы секілді үлкен қалаларға тіркеуге қатаң шектеу қойылуы, «коммунизмге жету үшін орыс тілін білу керек» деген Хрущев шақыруларының жедел қарқынмен жүзеге аса бастауы, Қазақстанның орталық және солтүстік облыстарында қазақ халқының қалыпты тілдік ортасының бұзылуы, жер атауларының өзгертілуі, жазба әдебиетінің асыл нұсқалары кертартпа идеяларды уағыздайды деген сылтаумен жаппай дерлік қаралануы жұртшылықтың көңілінде шешілмеген түйткіл болып ұялаған еді. «Қазақ әдебиеті» осы және басқа көптеген мәселелерді өзінің беттерінде ашық әңгімелеп, «тұмшаланған» ойлардың тиегін ағытты. Мұншама сорақы бұрмалаушылықтардың әшкереленуінен қауіп көрген Орталық комитет 1956 жылдың күзінде «Қазақ әдебиеті» газетінің «тас-талқанын» шығаратын қаулы қабылдады, «ұлтшылдығы» үшін Т. Кәкішев қызметтен кетірілді, көп ұзамай газет редакторы С. Мәуленов, оның орынбасары Ж. Молдағалиев, жауапты секретары Т. Әбдірахманова «идеялық қателіктері үшін» орнындарынан алынды. Нақақ зәбір көру бұл азаматтарға жеңіл тиген жоқ. Дегенмен, олар қазақ халқының ұлттық тарихына, тіліне, әдебиетіне, дәстүріне ұзақ жылдар бойында қиянат жасалып келген жағдайларды әшкереледі.

Сол жылдары Партия тарихы институтының алты ғылыми қызметкері - Тұрсынбек Кәкішев, Рахметолла Сәрсенбаев, Хамит Қасенов, Төрехан Әлішеров, тарих ғылымының кандидаттары Ағзам Байшин, Әдиет Мұхтаров, «Қазақстан коммунисті» журналының бөлім меңгерушісі Құрманбек Әбілдаев, «Үгітші блокнотының» жауапты хатшысы Қызыр Әлиасқаров қол қойған «Тіл мәдениеті» атты мақала шықты. Басқа жарияланғандардан гөрі бұл мәлімдеменің жөні де, мәні де басқарақ болды. Қазақстан

Компартиясы Орталық комитеті жанындағы институттың ғылыми қызметкері қазіргі саясатқа мұндай деңгейде қарсылық көрсетіп жатса, онда бізде үн қосып қалайық деген ниет қазақ азаматтарыда күш болып, редакцияға хат жауып, өткір мақалалар көп түскен. Мәселенің насырға шауып бара жатқанын көрген Орталық комитет газетте материал жариялауды тоқтатып, өзінің 10 - желтоқсанда шығарған қаулысымен (құпия) осы мәселенің ушығуына жол бергендер - Р. Бердібаев, Т. Кәкішев, Ә. Мұхтаровты және т.б. идеялық қателікке ұрындырар, ұлтшылдықты қоздырушылар деп айыпталады [57].

60 – 80 - жылдары шыққан жарияланымдардың басты мақсаты «буржуазиялық - фальсификаторларды» әшкерелеу арқылы коммунистік партияны дәріптеу, партия мен үкіметтің ғылым мен өнер саласындағы қаулыларын мадақтау, осы саладағы саяси бақылаудың керектігін негіздеу болды. Кеңестік жүйедегі шығармаларға тыйым салудың бар екенін мойындамау арқылы идеологиялық қызметті жүргізу болды. 60 - жылдардың басында Д. Каутский: «Цензура арқылы жаппай пікір қалыптастыру және оны бақылау, насихаттау әміршіл-әкімшіл жүйенің үшінші басты белгісі болып табылады» - деді [58].

Цензура әсіресе, қазақ тарихын зерттеушілерге қатты шүйлікті. Мысалы, ол М. Өуезовтың «Қилы заман» кітабы (1916 жылғы Албан руындағы көтеріліс жайында), Х. Айдарованың «Шоқан Уәлиханов» кітабы,

Е. Бекмахановтың «XIX ғ. 20 - 40 жж. Қазақстан», «Исторические корни дружбы казахского народа с великим русским народом» кітаптары, А.К. Богачевтың «Алаш-орда» Краткий очерк о национально - буржуазном движении в Казахстане периода 1917-1919 гг. атты кітабы, «Едіге» (батырлар эпосы) араб шрифтімен жазылған жинағы, С. Мұқановтың құрастыруымен шыққан «Батырлар жырының» I томы, Б. Кенжебаевтың «Абылай» кітабы, К.И. Мартыненконың «Алаш-Орда» кітабы, М. Манкеевтің «Қарасай-Қазы» кітабы, Б. Сүлейменовтің «Амангелді Иманов - азамат соғысының батыры» кітабы, М. Тынышпаевтың «Ақтабан шұбырынды», «Исторические справки и племенной состав коренного населения Ташкентского уезда, «Киргиз-казахи в 17-18 веках», «Коксуйские развалины города Баласагун», «Материалы к истории киргиз-казахского народа» кітабы, Т.Ж. Шойынбаевтың «Восстание Сыр - Дарьинских казахов под руководством батыра Жанхожи Нурмухамедова (1856-1857 гг.)», А.Ф. Рязановтың «Восстание Исатая Тайманова (1836-1838 гг.)», «Шоқан Уәлиханов» атты кітаптары еді [59].

Осы аталған авторлардың ішінде ерекше зардап шеккені XX ғасырдың аса көрнекті тарихшысы ғалым Ермахан Бекмаханов болды. 1951 жылдың 10 тамызындағы ҚК(б)П ОК тапсырмасы бойынша, Е. Бекмахановтың барлық кітаптары мен мақалалары шыққан газет-журналдар кітапханалар мен кітап қорларынан алынып тасталды. «XIX ғ. 20 - 40 жж. Қазақстан» атты оқулық кітабының 2,5 мың данасы отқа өртеліп, ал оның он мақаласы жарияланған «Известия» газетінің 12 номері, «Вестник АН Каз ССР», «Ученые записки» журналының 499 данасы ұсақтап туратылу жолымен жойылған. И.О. Омаров пен А.М. Панкратованың «История Каз ССР с древнейших времен до наших дней» кітабының Кенесары Қасымов бастаған көтеріліс бөлімін Е. Бекмаханов жазғаны үшін ғана баспаға жіберілмеген. 1955 жылғы 30 маусымдағы №116 бұйрық бойынша: «1955 жылы айналымға жіберуге тыйым салынған басылымдардың жалпы тізімінен келесі адамдардың барлық кітаптары шығарылып, макулатураға жіберілсін: Е. Бекмаханов, Ә. Жиреншин, Б. Сүлейменов» делінді. Жалпы 50 - жылдары Қазақ тарихына байланысты 97750 кітап жойылған [60].

Сонымен цензура республикадағы барлық ғылыми орталықтардың жұмысын толық қадағалауға алды. Осындай қадағалауға түскен ғалым Ебіней Арыстанұлы Бөкетов болды, ол ұстазы Қ.И. Сәтбаев жасаған металлогения ілімін екінші қырынан дамытып, жер қойнынан табылған кен құрамындағы барлық металды түп - түгел айырып, техника қажетіне пайдалану ісімен шұғылданады. 1966 жылы ғалым селен айыру технологиясын жетілдіру жайында Мәскеуде докторлық диссертация қорғап, өзі ашқан жаңа технологияны өндіріске енгізу үшін оншақты жыл әуре-сарсаңға түседі. Ал,

Германияның Мансфельд қаласындағы зауыт ғалымның ашқан жаңалығын 1970 жылы өндірісте қолданып, шаш етекпен пайда көреді. 1960 - 1983 жылдары Е.А. Бөкетовтың жетекшілігімен 63 адам ғылым кандидаттығын қорғаған, Қарағанды қаласында ғылым, білім ошақтарын құрып, Ғылым академиясының жаңа орталықтарын ашуға арнаған ғалымның еңбегі бағаланбай, қиянаттан бес жылда үш рет инфаркт алып, 1983 жылы қайтыс болады [61].

2.4 Цензураның 1970 жылдардағы қызметі

1967 жылы КСРО-ның 50 жылдығына байланысты алынған Орталық комитеттің қаулысында: «КСРО-да социализм мен коммунизм орнату жылдарында адамдардың тарихи жаңа қауымы – Кеңес халқы пайда болды», - деген тезис қабылданды. «Кеңес халқы» деген ұғым Кеңес халықтарының ұлттық ерекшеліктерін мойындамау, олардың ұлттық мүддесі, психологиясымен санаспау, бәріне бір көзбен қараудың көрінісі болды. Осы негізде партия «біртұтас мәдениет» туралы пікір кіргізді. Бұлар партия саясаты мен ұлт мәдениетінің сыйыспайтын тұсы еді.

Кеңестік қатаң саясат, ғылым жолына түскендерге де тосқауыл болды. 1973 жылы көрнекті әдебиетші Рымғали Нұрғали «Қазақ драматургиясының поэтикасы» атты тақырыпта докторлық диссертациясын қорғауғайды. Сол кездегі тәртіп бойынша ғылыми дәреже беретін аттестациялық комиссия Мәскеуде еді. Мәскеу ұлтының тілі үшін шырылдаған 33 жастағы ғалымның жолына әртүрлі себептер тауып, түрлі кедергілер жасады. Соның салдарынан «ұлтшылдығы, саяси қатесі бар» деген айыппен ғылыми жұмысы бекітілмей, Мәскеудегі мекеменің сөресінде 5 жылдан аса жатып қалды [62]. Дәл осындай мысалдарды ғылым жолына түскен талай қазақ таланттарының тағдырынан көптеп келтіруге болады.

1974 жылы «Ғылым» баспасы Бас Басқармасының тексеруіне Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтында дайындаған монографиясы ұсынады. Монографияға жасалған цензорлық бақылаудың қысқаша мазмұнына тоқталсақ: «Автор көптеген деректерді пайдаланған, соның ішінде Алашорда идеологтарының ұлтшылдық бағытына табынған, М. Тынышбаевқа көп сілтеме жасалған. Қазақ тайпаларының ежелгі Қытай территориясын мекендеген тайпалармен қарым-қатынасы мен байланысын көрсеткен (Қытайдың Юань әулетін) Орыс-қытай шекарасының қалыптасу мәселесі қарастырылып, картографиялық схемада, Қытай мен Ресей арасындағы шекара дұрыс көрсетілмеген. КСРО Сыртқы Істер министрлігінің рұқсатынсыз басылған. Кітапта «орыс отаршылдығы» деген термин жиі кездеседі, бұл біздің көзқарасымыз бойынша дұрыс емес, шындыққа жанаспайды және біздің халықтар арасындағы достықты нығайтуға кедергі жасайды деген айып тағылған [60, 1 п.]. Міне, осы аталған кемшіліктерді көрсете келе, Бас Басқарма цензорлары кітапты осы күйінде жариялауға болмайды деген шешім шығарған.

1974 жылдың 4 қаңтарында Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Бас Басқармасының «Құпия емес басылымдарды басып шығарудың біртекті ережесінің» бұзылу фактілері туралы» бұйрығы шықты. Сондай бір «ерекше» ережелік құжаттар тәртібінің бұзылуы мысалы ретінде «Қазақстан» баспасында дайындалған М. Қозыбаев пен З. Голикованың «Партияның алтын қоры» кітабы атап көрсетілді. Кітап Қазақ КП ОК мен Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Баслитіне міндетті түрде жіберілетін даналары берілмей тұрып шығарылуға қол қойылып кеткені үшін баспаханадан алынып тасталды [39, 1 п.]. Басинның монографиясы КСРО ҒА Қиыр Шығыс институтына сараптамаға жөнелтілген болатын. Ол жерде монографияның келеңсіз жақтары өзгертілуі қажет екендігі туралы ескертулер жасалады.

Басылымдарды бақылау кезеңінде Бас Басқарма партияның принциптерін басшылыққа алды және идеялық қарсыластардың пайдасына қызмет ететін мақалалар мен мағлұматтарды баспаға жібермеуге тырысты. Әсіресе, басты назар Л. Белоусовтың

“Нілдің жағасындағы 10 күн” және “Көне және Таяу Шығыс” шығармаларына аударылды. Бұл шығармалар кеңес делегациясының шетелде болғаны туралы және шетелдіктер өмірі туралы жазылған. Бұл кезеңде цензура саяси пікірлері өзгеше, қоғамның көзқарасын өзгертетін шығармалардың жарық көрмеуіне бар күшін салады [26, 5-10 п.].

Әміршіл - әкімшіл жүйе қазақ ғалымдарының, жазушыларының, музыканттарының шығармашылық еңбектеріне зардабын тигізді. Қазақ интеллигенциясын конъюктурашылдық, жасқаншақтық, науқаншылдық секілді әдеттерге үйір қылып, ұлттық санасын тұйықтады. Осыған байланысты тарих ғылымы қасаң догмадан, партияны жөнсіз марапаттаудан шыға алмады, шындықты көре тұра көрмегенсіді, ұлттық мәселелерден айналып өтуге үйретті. Сонымен бірге алға шыққан таланттылар ыңғайы келсе, өсек-арыз, домалақ арыз сияқты жолдармен күйе жағу тәсілі арқылы «тәрбиеленіп» отырды. Ғылыми интеллигенцияның дарынды тобының өсіп қалыптасуына көп кедергілер кездесіп жатты, мұрағаттардағы тарихи деректер зерттеушілердің қолына тимеді. Дегенмен, Кеңес заманында қазақ әйелдерінің бала тууына шектеу қойған, қазақ жастарының жоғары білім алуын азайтқан, басқару жүйесіндегі мекемелерді түгел орыстандыру сияқты заңсыздықтарға қаймықпай қарсы дауыс көтерген қазақ зиялылары болды. Желтоқсан дүрбелеңінен соң шындықты әйгілеп, еңсесі басылған халқына қайтадан күш берген, жерді улаған атомдық полигондарға қарсы күрес бастаған, алаш азаматтарына тарихтағы тұғырлы орнын қайтып әперген, ұлттың мың жылдық тарихи шежіресін қайта тірілткен, бүкіл қазақ жұртына еркіндік, азаматтық қоғам жемістеріне жеткізген, тұлғаланып бой көтерген мемлекетінің рухани өркендеуіне кәміл сенген де осы қауым.

5- тақырып

Кеңестік саяси цензураның қазақ халқының мәдениеті әдебиеті мен өнеріне тигізген залалдары

1.5. Кеңестік саяси цензураның қазақ халқының әдебиетіне тигізген залалдары

Хрущевтік «жылымық» кезеңінде шындықтың шымылдығы сәл түрілгенімен, істің ақырына дейін жетуіне Хрущев те, оның төңірегіндегілер де мүдделі бола қойған жоқ. Дегенмен, жеке басқа табынушылық айыпталып, әміршіл жүйенің заңсыз әрекеттері әшкерелене бастады. Солардың бірі 20 - 30 - жылдары қуғын-сүргінге ұшыраған ақын-жазушылардың шығармаларына жасалған тыйымды жою туралы біраз бұйрықтар шығарылды: Бұйрық мәтінін сол қалпында орыс тілінде бердік.

Приказ № 2 от 21 января 1957 года.

Приказ Начальника Главного Управления по охране военных и государственных тайн в печати при Совете Министров Каз ССР.

Отменить приказ Каз Главлита № 33 за 1938 год об изъятии всех произведений нижеследующих авторов:

- 1. Джансугурова И. (псевдоним Ильяс)*
- 2. Майлин Б. (псевдоним Бейимбет)*
- 3. Сейфуллин С. (псевдоним Сакен) [63].*

Кейінгі жылдары орын алған өзгерістер нәтижесінде 1955 жылғы «Казбаслиттің ерікті тізімінен» (қара тізімнен - автор) құтылып көптеген шығармалар қайтадан өмірге жолдама алды. Бұл кітаптардың цензура тырнағынан құтылуының себебі оның авторларының заң арқылы толық ақталуына байланысты, бір кезде тез шұғыл түрде айналымнан, қоғамдық кітапханалар қорларынан, кітап саудасы жүйелерінен алынған шығармалар ендігі жерде, оларға тыйым салу қажеттігі болмауынан цензура тізімінен алынып тасталынды.

Олар мынадай шығармалар:

1. Ақан Сері. Өлеңдерінің таңдамалы жинағы. Құрастырған:

С. Сейфуллин. А., 1935. Латын әрпімен (тізімдегілердің барлығы орысша берілген - автор). 32, 48 - беттерде - Абылай хан мен оның маңайындағылар, Шынғысхан және оның көптеген ұрпақтары мадақталған. Осы - 32, 48 - беттер алынып, кітап айналымға жіберілсін.

2. Қ. Бекхожин. Шеру. А., 1944. 16-18 - беттерде Кенесары мадақталған. Осы беттерді жойып, кітапты айналымға жіберуге болады.

3. Жастар даусы. Құрастырған Т. Жароков және Манаев.- А., 1934.

35 - 37 - беттердегі қуғындалған М. Дәулетбаевтың өлеңін алып тастап, кітапты айналымда қалдыруға болады.

4. Жарыс. Әдеби-көркем альманах. Петропавловск., 1930. Альманахқа-Сейфуллин мен Майлиннің әңгімелері енген, олар ақталды [64].

Міне, осындай түсініктемелермен бұл тізім жалғасып кете береді. Осы тізім бойынша 28-ден астам шығармалар саяси қателіктері жөнделіп, өңдеуден өткізіліп қайтадан айналымға жіберілді. Осы бір қым-қиғашты заманда қоғамдық өмірде ғылым мен білім, әдебиет саласында аянбай тер төккен азаматтардың есімдерінің ақталуы оңайға түскен жоқ. Соған қарамастан «жылымық» жылдар, біраз өзгерістер мен жағымды жаңалықтар да әкелгенін жоққа шығаруға болмайды. Соның бір дәлелін төмендегі тарихи дерек растайды.

Протокол №5

Заседания президиума Союза советских писателей Казахстана

26 апреля 1957 года

Присутствовали: члены президиума: Ауэзов, Мусрепов, Ахтанов, Жароков, Омаров, Хасанов.

Писатели: Орманов, Бекхожин, Абишев, Ергалиев, Кабдулов, Моргун, Шашкин, Каратаев, Жарылгапов, Ипмагамбетов, Абуталипов, Исмаилов.

Из аппарата: Джармагамбетов, Абилев, Саин, Шамкенов, Кривошеков, Мартьянов, Шаймерденов, Мухамаджанов, Оспанов.

Повестка дня:

1. О посмертном восстановлении в правах члена СП Казахстана писателя Сейфуллина Садвакаса (Сакен).

2. О посмертном восстановлении в правах члена СП Казахстана писателя Жансугурова Ильяса.

8. Об отмене решения президиума СПК о восстановлении в правах члена СП Есенберлина И. [63, 14 п.].

Міне, осы отырыстың негізгі қорытынды шешімдеріне тоқталар болсақ: С. Сейфуллин, І. Жансүгіров КСРО Жазушылар Одағының мүшелігіне қайта қабылданып, олардың жанұясына (Гүлбаһрам Сейфуллина және Габитова Фатимаға) 2 айлық есеппен (3000 рубль бір айға) жалақы беру шешімі қабылданды. Сонымен қатар С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлиннің әдеби мұраларын қалпына келтіру туралы комиссиялар құрылады. Ол комиссияның арқасында аталған ақын-жазушылардың өлмес мұралары оқырман қауымға қайта оралса, кейбір құнды кітаптары қолды болып, ұшты-күйлі жоғалды. Мәселен, Б. Майлиннің «Қоңсылар», «Қызыл Жалау» романдарының бізге үзінділері ғана жетті. Ал «Дударай» операсына жазылған либреттасы әлі табылмай отыр, арнаулы қорда да жоқ болып шыққан [33, 3 п.]. Осындай тәртіппен сол 1957 жылы 17 сәуірде Ә. Досов, Қ. Тәштитов, Қ. Бекхожиннің, А. Жұбановтың, Ж. Сәдуақасовтың, Х. Юсупбековтың тағы басқалардың кітаптары қайтарылып, оқырмандарға беруге рұқсат етілді. Жалпы 1957 жылғы 10 мамырдағы Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Баслиттің бұйрығы бойынша 32 кітапқа қатысты жасырын ұстау туралы бұйрықтың күші жойылды.

1956 жылы Министрлер Кеңесі жанындағы Баслит Жазушылар Одағына И. Щеголихиннің «В одном институте» повесіне өздерінің пікірін білдіруді сұрайды. Жазушылар Одағы қарсы болмаған ба, әйтеуір повесть 1956 жылғы «Советский Казахстан» газетінде басылады. Сол-ақ екен, повестің мәселесін Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің Үгіт насихат бөлімі бастығының орынбасары С. Қирабаев қарайды. Баслиттің бастығы А. Шалабаевқа «повесті басуға кім рұқсат берді, ол саяси қатеге толы, сондықтан барлық жарық көрген нұсқалары жойылсын» деген бұйрық береді [65]. Міне, осылай Орталық комитеттің қырағы көзі өз бақылауын Бас Басқармаға күшейте түседі.

Қазақ жазушыларының күншілдіктері, бір - бірінің жолын кесуі цензураға үлкен көмек болды. КОКП Орталық комитетінің ғылым мен мәдениет бөлімінің меңгерушісі Серікбай Бейсембаевқа жазған Сағынаевтың: «Құрметті Сәке, жуырда ғана Базарбаевтан хат алдым, ол Сұлтанмахмұт Торайғыровтың жинағы 1957 жылдың жоспарына кірген жоқ, - депті. Сұлтанмахмұт шығармаларын халықтан жасырулары жеткен жоқ па? Меніңше, І. Кеңесбаев, С. Мұқанов тағы біраз адамдар оның шығармасын мәңгі шығарғылары келмейді, үнемі жоқ сылтау тауып, етегінен тарта беретіндері Сізге мәлім ғой. Кейбір адамдар, өлген ақындармен бақ күндес болып, әбден өштесіп алды. Жамбыл туралы мәселе өздеріңізге мәлім ғой. Солар сияқты мансапқор, өзімнен басқаның аты шықпасын, еңбегі еш болсын деген тар пейілді адамдардың пікірін қабылдай бересіздер ме?» деген хат келіп түседі [66]. Бұл хаттан сол кездегі ақын-жазушылар арасындағы кикілжіңге талай, атағы дардай адамдардың да араласып, күншілдік шырғалаңына түскенін көруге болады.

Тарихи деректер арқылы аға буынның көреалмаушылық, қызғаныштық қадамдарынан көптеген талантты ақын - жазушылардың жолы қысқарғанын мұрағат құжаттары дәлелдейді. Сол кездің куәсі ғалым профессор Тұрсынбек Кәкішұлының естелігінде: «Менің әлі күнге дейін қайран қалатыным – осындай документтердің (сталинизм тұсындағы, жаңсақ қаулы-қаралардың-авторлары) алынуына көбіне білімі саяз, айғайы басымдардың ықпал жасауы. Бірді - екілі мысал келтірейік. Не орысшаны, не қазақшаны дұрыс сөйлей алмайтын, білімі бастауыш класс деңгейінен сәл ғана асатын Әмірбек Тәкежанов сынды адамдардың Қ. Сәтбаев сияқты алыптарды «құлатуы» қайран қаларлық жай. Немесе Сәбит Нұрышев сықылдының М. Әуезовке «күн көрсетпеуі», ойына келгенін «Казахстанская правда» газеті арқылы оңды - солды жазуына дәлел таба алмай қиналамыз» [67]. – деуі бүгінгі және болашақ ұрпаққа сабақ ретінде ауадай қажет.

Ендігі бір деректе 1957 жылы 4 қаңтарда КП Орталық партия комитетінің ғылым, мәдениет бөліміне түскен «Бір зиянды мақаланың кесірі атты» хатта Рахманқұл Бердібаевтың «Көкшетау правдасы» газетіне жариялаған «Қазақ әдебиетінің кейбір мәселелері» мақаласы сыналған. Хат авторы Ж. Қалиев Р. Бердібаевты әдебиеттің идеялылығын жоққа шығарды, оны саясаттан тыс тұруына үгіттеді, әдебиет тарихы еш бояусыз қарастырылған деген айып тағады. Мұндай айып «шығармашылық еркіндікке» қысым көрсету болып есептелсе де [66, 150 п.]. «Көкшетау правдасы» газетінің редакторы Оспанов пен «Әдебиет және искусство» журналының редакторы З. Қабдолов осы саяси қате және ғылыми негізделмеген мақаланың жариялануына жол берді, әдебиет тарихын зерттеу мәселесінде партия саясатынан ауытқып, өздерінің саяси қырағылығы жоқтығын көрсетті деп айыпталған [66, 17 п.]. Міне, осындай әпербақандық қадамдарға барған фактілерге толы хаттарды сол кезде партиялық газеттерден жиі кездестіруге болады.

Мысалы, Бейсенбай Кенжебаевтың алғашқы журналистік қаламына басшылық жасаған - Ғани Мұратбаев, ал алғашқы сын мақаласына басшылық жасаған - Мағжан Жұмабайұлы. Жетімдер мектебін бітіріп, Мәскеуге оқуға аттанған Бейсекең Нәзір Төреқұлұлымен араласады.

Күнкөрісінің қиындағанына қарамай, бар күш-жігерін бір топ ағартушыларды ақтауға, әдебиет тарихын зерттеуге, аудармаға арнай бастайды. 1957 жылығы 25 қаңтарда «Қазақ әдебиеті» газетінің бетінде «Өтелмеген парыз» деп аталатын мақала жазып,

Голощекинді «боқтаған» Смағұл Сәдуақасұлын жақтайды (осы үшін газет қызметкерлері С. Мәуленов, Ж. Молдағалиев, Т. Әбдірахманов, Р. Бердібай қызметінен кетеді) [68]. 1960 жылы татар досы Хабиболла Махмудов екеуі Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерін орыс тіліне аударып, аудиторияларда әңгімелей бастағаны үшін сөгіс алады. 1962 жылы жарты ғұмырын зерттеуге арнаған Сұлтанмахмұттың екі томдық шығармалар жинағын шығарып, оған Алашордашыл өлеңдерін қосқаны үшін Орталық партия комитеті екі томдық кітапты қайшымен турату жолымен жойғызып, ғалымға партиялық сөгіс жариялаған. Ал Ғылым академиясы өткізген конференциясында «Қазақ халқының жазба әдебиетінің тарихы қайдан, кімнен басталады?» деген мақаласы үшін оппоненттерінен «надан», «бейшара» деген сөздерді естуіне тура келген, себебі ғалым қазақ жазба әдебиетінің тарихын ХҮІІІ ғасырдан емес, б.з. YІ ғасырындағы Орхон Енисей жазуларынан бастау алады деп, қазақ әдебиеті тарихын жасаушы ғалымдар арасында «бомба» жарады. 1966 жылы ұрпағым өшпесе екен, ұлтым өссе, өркендесе деген ұлы мұратпен «Зор» деген толғанысын баспасөзге ұсынады. Баспасөз белсенділері «қоқыс қопарып, архив ақтарған, әруақтармен сырласқан» шалды алжыған, жыннанған болар-ау деп ғалымды мазақтайтын пародия жариялайды. «Ұстаз» (М. Жұмабайұлына), «Телегей теңіз» (Ж. Аймауытұлына), «Мірдің оғындай еді» (М. Дулатовқа) арналған сағынышқа толы естеліктерін баспа алмағандықтан, ғалым Орталық мұрағатқа өткізеді. Осылай социализм дәуірлеп тұрған кездің өзінде халқымыз бен мәдениетіміздің тарихын тереңінен қозғап, талдап берген ғалым, ұстаз өмір сүрген [56, 6-20 б.].

Әдебиет газетіндегі өткір жарияланымдардың дүмпуі қазақ тілі, әдебиеті, өнерін дамытуға арналған тағы да екі қаулының (1957, 1958) қабылдануына ұласты. Сонымен С. Мәуленов басқарған «Қазақ әдебиеті» газеті қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне жасалған шабуылды тойтарып, оларға деген теріс көзқарастың тоңын жібітуге елеулі үлес қосты. Бұған қарсы «Социалистік Қазақстан» газеті атынан 1957 жылы 29 желтоқсанда қазақшадан аударған іспетті болып, «Казхстанская правда» газетінде «Қазақ әдебиетінің» ұстанған бағытын айыптаған мақала жарияланды. Алғаш мақала жазған Р. Бердібаев жұмыссыз қалды. Т. Кәкішевтің аспирантураға кетуіне тиісті «жағдай» жасалады [69]. Газетке жарияланған кез келген мақаланы «талқылау» сол кездегі рухани өмірдің жалпы деңгейін айнаға түскендей анық көрсетіп отырды. «Демократия», - деп аталатын қасиетті сөздің қаншалық мүшкіл күйге түсіп, адамдардың өз пікірін айтуға батылы бармай, жаттанды, жалған тезистердің құлы болғандығына да, зымиян саясат, оны жүзеге асырушы тетіктердің бірі цензура кінәлі болды. 1964 жылы осы «Қазақ әдебиеті» тағы да сынға ұшырайды. «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторы Ә. Нұршайықов тәжірибелі журналист болғанмен, газет дұрыс бағыт ұстамай отыр деген айып тағылады. Қазақстан Жазушылар одағының төралқасының жоспарлы мәжілісінде «Қазақ әдебиеті» газетінің жұмысы талқыланып, қанағаттанарлықсыз деп табылады. Орталық партия комитеті Ә. Нұрпейісов пен Ә. Нұршайықовқа партиялық сөгіс жариялап, жұмыстарынан босатады [70].

Сонымен Жазушылар Одағының басшылығына жоғарыдағы қырағы көздердің нұсқауы тым нақтылы болса керек, ешкім ескертумен шектелейік деген ұсыныс айта да алмады. Сол кезде әкімшіл-әміршіл жүйенің негізгі қағидаларына қарсы келу мүмкін емес еді. Сондай жоғарыдан түсірілген жарлықтардың бірі әдебиет саласындағы Нобель сыйлығын алған «Доктор Живаго» романының авторы, әйгілі жазушы Б. Пастернакты Қазақстан Жазушылар одағының отырысында талқылап, тиісті сыбағасын береді. Мұндай талқылау 1958 жылы 29 қазанда Жазушылар одағы төралқасының отырысында өтті. Оған «идеологиялық диверсия» жасаушы, «рухани дүниесі жұтаң», «өзімшіл», «арамза», т.б. деген айдарлар тағылып, Жазушылар Одағының құрамынан шығаруды қолдайтындықтарын білдіреді [57, 1 п.].

Аз да болса саяси өмірде күн жылынғандай болғанын сезініп, орыстың атақты жазушысы Илья Эренбург «Оттепель» атты шығарма жазады. Заман да сол туындының атымен «жылымық» деп аталып кетті. Осы жылдары қазақ жазушысы Сәбит Мұқанов

«Өмір мектебінің» үшінші кітабын, яғни «Есею жылдарын» жазды. Бірінші болып көркем шығармада Голощекиннің саяси бейнесін жасады. Бірақ бұл кітап цензураға бірден ұнаған жоқ. Марксизм-Ленинизм институтында, Жазушылар одағының президиумында бірнеше күн бойы талқыланды [71].

Сол жылдары көркем-әдеби туындылардың цензураның қаһарына ілінбеген шығарма болмапты, ал ерекше мүйіздеуге түскен шығармалар: Қ. Аманжоловтың «Дауыл» өлеңдер жинағы, А. Тоқмағамбетовтің «Тарту» жинағы [69], Қ. Шаңғытбаевтың «Ар» өлеңдер жинағы, М. Хакімжанованың «Мәншүк» поэмасы, Ә. Әбішевтің «Мансап пен Ұждан» пьесасы, Қ. Бекхожиннің «Мариям Жагор қызы», «Шеру», «Біздің Мәлік» жинағы, Қ. Жармағамбетовтің «Адам туралы аңыз», «Ерлік пен Езгілік», «Заман біздікі» өлеңдер жинағы және т.б. [72]. Осы жылдары цензура үшін үлкен проблемаға айналған М. Әуезов болды. Әсіресе, «Абай» романы басылып шыққаннан кейін Мұхаңнан тыныштық кетеді. Әртүрлі себептермен күрделі туындының үстінен арыз берушілер молаяды. Комиссия құрылып, Мәскеуден келген тексерушілер «Әуезов романында ескілікті аңсау бар. Өткен феодализм дәуірі сондай бір үлкен сүйіспеншілікпен суреттелген. Ең бастысы - ұлтшылдық сарын байқалады» деген уәж айтады [71, 20 б.]. Сөйтіп жиырма жылға созылған «Абай» романының әуре-сарсаңы басталып кетеді.

ХҮІІ ғасырда өмір сүрген Джон Мильтонның «Убить хорошую книгу - то же, что убить хорошего человека. Тот кто убивает человека, убивает разумное создание, подобие Божие, но тот, кто уничтожает хорошую книгу, убивает самый разум, действительное, истинное подобие Божие» [73] - деген сөзі осы кезеңдегі цензураның ұстанған қағидасына айналғандай болды.

1960 жылдың күзінде Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық комитетінің бірінші хатшысы Д.А. Қонаевтың атына Рахмалы Байжасаровтан арыз келіп түседі. Онда ол: «Социалистік Қазақстан» газетінде менің «Тұрар Рысқұлов» деген мақалам жарияланған еді. Бұл мақалада 1937 жылы қуғын-сүргінге ұшыраған, көрнекті қазақ коммунисті, ірі қоғам қайраткері, қазіргі кезде ақталып, партия қатарына қайта алынған тұлға туралы жазған едім. Бұл мақаланың шығуына қарсы болған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Нұрымбек Жанділдин, Қазмем баспасының директоры Шәкәрім Үржановтар, мақаланың Орталық комитетте талқыланатынын айтып, мені тағы да жаза күтіп тұрғандығын ескертті. ККП ОК баспасөз жөніндегі бөлімнің меңгерушісі А. Шалабаев газет редакциясына телефон шалып, бұдан былай баспасөзде не Рысқұловтың, не менің де атым аталмауын бұйырған» [74]. Содан кейін «КОКП Орталық комитеті жанындағы партиялық бақылау Комитетінің мүшесі М. Жорабаев пен Р. Байжасаровтың 1960 жылдың 19 қазандағы Социалистік Қазақстан газетіндегі «Т. Рысқұлов» деген мақаласында өрескел саяси қателіктер орын алған деген пікір білдіріп, Қазақстан КП ОК «Социалистік Қазақстан» газетінің редакциясының әрекетін айыптады, ол республикадағы партия ұйымының еңбекшілерді интернационалдық тәрбиелеу ісіне кедергі келтіріп, идеологиялық жұмысқа зор зиян жасайды деп айыптады. Газеттің редакторы Қ. Шәріпов Қазақстан КП ОК бюросының 1960 жылдың 12 қарашасындағы қаулысымен қызметінен босатылды. Ал Р. Байжасаровтың «оның қудаланудамын деген арызы шындыққа жанаспайды» - делінген баға беріледі [75]. Осы жағдайдан кейін Нұрымбек Жанділдиннің тапсырмасымен Т. Рысқұлов туралы қайтадан редакциялық мақала жазылып онда: Тұрар Рысқұлов «буржуазияшыл-ұлтшыл», «ұлтшыл уклонист», «пантюркист» болып қайтадан қапасақ құлайды. Жалғыз қалған Рахмалы Байжасаров көп ұзамай ауруханада көз жұмады. Т. Рысқұлов туралы мақала жазбақ түгілі, атын сыбырлап айтуға бата алмаған уақытта қарт журналист өзінің азаматтық келбетін осылай танытқан болатын.

Ғылым академиясы баспасынан шыққан материалдар бойынша Бас Басқарма саяси мәселеге де үнемі араласып отырған. Айталық, Академия жанындағы Тіл және әдебиет институты басуға дайындаған «Вопросы диалектологии казахского языка» атты еңбектің 3 - басылымында «автор Жанұзақов жолдас өз мақаласында «Қазақ халқы Шыңғыс

ханның билігін өз еркімен қабылдаған» деген сипаттағы аңызды мысал ретінде келтірген. Мұның өзі тарихи фактіге қайшы келеді. Бас Басқарма осы факті туралы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті ғылым және жоғары оқу орындары бөлімінің меңгерушісі С. Бейсембаев жолдасқа жоғарыда аталған кітапқа түзету енгізілді деп хабарлады» делінген. Осылайша, «Шмель» журналының 1960 жылғы қаңтар айындағы нөмірінен «дәрігер мен сырқат адамның» карикатурасы алынды. «Шмель» журналының № 10 нөмірінен М. Коротковскийдің бұқаралық үгіт жұмысын сынаған өлеңі алынып тасталды. Наурыз айында Ю. Груниннің өлеңдер жинағынан «Восхождение» атты өлеңін басуға тыйым салынды. Цензорлар «Простор» әлеуметтік-саяси және әдеби-көркем журналындағы материалдарға елеулі ескертулер жасады. 1960 жылғы сәуір айындағы нөмірден Ю. Ильященконың «Хроника село Солдатово» атты очеркі алынды. Автор очеркінде партия және кеңес басшыларының аты-жөнін, тегін қасақана көрсетпей, олардың кемшіліктерін астарлап баяндағаны анықталған [28, 31 п.]. Журналдың мамыр айындағы нөміріндегі Я. Фонаревтің «Как у бумаги заговорила совесть» атты өлеңі түзетілді. Н. Ановтың «Пропавший брат» романы, Н. Вирттің «Возвращенная земля» романы, Ә. Тәжібаевтың «Өмір және поэзия» атты монографиясы бойынша саяси араласуға тура келді. Н. Ановтың «Пропавший брат» романында Петрин деген баланың өмірбаянында Анненковтың лагеріне түскен балаға жеген нанын өтеу үшін далаға теміржол төсеге жібергені баяндалады. Түркісібіт дер кезінде бітіру үшін мыңдаған концлагерлердегі адамдардың еңбегі пайдаланылды деген «шындықты» жазып қойғаны, осы романда патша адмиралы Колчакты «Бұл - өте батыл, білімді теңізші, дарынды ғалым еді» деп мақтағаны үшін саяси араласу жүзеге асырылды [28, 30-31 п.].

1961 жылы «Ленинская смена» газетінің редакциясына «Казахстан через пять лет» атты мақаланы жариялағаны үшін ескерту жасалды, «Простор» журналының 4-нөмірінен А. Абайділиновтің «Инвалид» атты өлеңі алынды, Қазақ КСР «Ғылым Академиясының «Хабаршысында» (октаника және топырақтану сериясы) саяси қателік жіберілген (Қытай және Тайвань жеке қарастырылған), Қазақтың мемлекеттік баспасы Б. Өтетілеуовтің мақалалар жинағын әзірледі және осы автордың «Өз көйлегім денеме жақын» («Своя рубашка ближе к телу») атты мақаласында Шонановтың аты-жөні аталады. Шонановтың барлық кітаптарына тыйым салынуына байланысты Қазақ КСР Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас Басқармасы мақаланы жариялауға болмайды деп санайды.

Ж. Нәжімеденовтің «Балауса» өлеңінде көшпелі қазақтың байырғы патриархалдық тұрмысының мадақталуына байланысты аталған өлең жинақтан қиып алып тасталды [27, 13-14 п.]. Жергілікті органдардың цензорлары жасаған 15 жөнсіздіктің 7 - еуі Тың өлкесінің басқармасының үлесіне тиеді. Мысалы, «Целинный край» газетінің 1961 жылғы 9 наурыздағы нөмірінде Тың өлкесінің картасы жарияланды. Онда машина жасау, түсті металлургия кәсіпорындарының, Жалымбет, Бестөбе түсті металл кеніштерінің орналасқан жерлері шартты белгілермен көрсетілген. Ал мұндай шартты белгілермен көрсетуге тыйым салынған [27, 23 п.].

Қазақ КСР Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас Басқармасы цензорлардың материалдарды бақылау кезінде С. Сейфуллиннің 4 томдық шығармалар жинағын басып шығаруға дайындауда елеулі кемшіліктерді анықтағанын Сіздің назарыңызға жеткізеді. С. Сейфуллин «Қазақ әдебиетінің пайда болуы мен дамуы» атты мақаласында М. Жұмабаев, М. Дулатов, А. Байтұрсыновпен және М. Әуезовпен бірге «алашордашыларды» атап, Шәкәрімге тәуір баға береді. Редактор А. Лекеровке түзету жасау ұсынылған [27, 95 п.].

1962 жылғы 7 сәуірде Ж. Нәжімеденовтің редакциялауымен жарыққа шыққан К. Райбаевтың «Жаңа толғау» атты өлеңдер жинағындағы «Димекеңе» деген өлеңі басылған (101-105 беттері) жұлынды. Себебі онда Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Д.А. Қонаевқа өзінің 12 жылдан бері пәтер ала алмай жүргені туралы жырлаған [27, 116 п.].

Қазақ КСР Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас Басқармасы Жамбыл, Қызылорда, Батыс Қазақстан, Павлодар, Қостанай, Гурьев, Солүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарындағы халық шығармашылығы үйлерінің 1960 - 1961 жылдары жергілікті орындарда рұқсатсыз «Репертуарлық парақшалар» басып шығарғанын, Мәдениет министрлігі, Қазақ КСР Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас Басқармасының «Репертуарлық парақшаларды» басып шығаруды шектеу шараларын қолданғанын 1962 жылғы 16 тамыздағы жолдаған Ф. Халезиннің анықтамасында хабарлаған [27, 15 п.].

1962 жылғы 25 мамырда Қазақ КСР Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас Басқарма бастығы А. Шалабаевтың Н. Жанділдинге жазған құпия хатында: «Простор» журналы тиражын көбейту үшін жалған, теріс жолға түсті. Журналдың №6 нөмірінде эмигранттардың әңгімелері жариялауға дайындалған. Онда: «Эмигранттар кезінде концлагерге түскен еді, ал қазір олардың тұрмысы жақсы. КСРО-ға қайтып оралуды қаламайды», - деген сөздер жазылыпты. Мұның өзі журнал редакциясының кеңестік өмір шындығын көрсету бағытынан ауытқығанын білдіреді. Қазақ КСР Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас Басқармасы «Простор» журналының № 6 нөмірін басып шығаруға болмайды деп санайды және Сіздің нұсқау беруіңізді өтінеді делінген [27, 40-43 п.]. «1962 жылғы 4 шілдеде Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетіне: «Қазақ КСР Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас Басқармасының бастығы А. Шалабаев Қазақ КСР Ғылым Академиясының баспасы басып шығаруға әзірлеген «Үлкен Жезқазған» кітабының II томында Жезқазған облысын Ұлытау ауданындағы еңбекшілер тұрмысының медициналық-санитарлық жағдайының «көлеңкелі» жақтарының көп екендігін хабарлайды. Айталық, осы еңбектің 8 - 12 - беттерінде аудан бойынша тырысқақ (дифтерия) ауруымен ауырған адамдар көп, балалар өлімінің деңгейі де жоғары, баспаналардың медициналық-санитарлық жағдайының нашарлағы туралы көптеген фактілер келтірілген, қала мен жұмысшы кенттерін (поселке) ауыз сумен жабдықтау жағдайының да нашарлығы, өндірістік жарақат алудың да жиі кездесетіні баяндалған. Біздің пікірімізше, аудандағы «көлеңкелі» фактілердің толық жинағын ашық баспасөзде жариялау саяси тұрғыдан тиімсіз» деген баға берген [27, 74 п.].

1962 жылғы 30 қазан айында А. Шалабаев Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетіне: «Буревестник» ЕСК Орталық Кеңесі қолданылыстағы тәртіпті бұза отырып, «Студенческие игры» кітапшасын басып шығарды (авт. М. Жайшыбаева, И. Горунa). Кітапшада Алматыда кеме жасау өнеркәсібі бар екенін баяндайтын келеңсіз деректер берілген. Бұл КСРО Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас Басқармасының Тізбесінің 69- параграфына сәйкес жабық тақырып болып табылады. Тираждары жойылсын деген ақпарат түсіреді.» [27, 143 п.].

2.5 Саяси цензура идеологияның қырағы көзі

Сол кездегі деректердің мәліметіне сараласақ, Бас Басқарма Орталық комитетпен қоян-қолтық жұмыс істеп партия идеологиялық майданының «қырағы көзіне» айналғанын байқаймыз. Көптеген қаулы-қарарлардың арқасында Бас Басқарма аналитикалық орталықтың қызметін атқаруды өз құзырына алды. Алға қойған міндеттерді орындау барысында «тіс қаққан» тәжірибелі Бас Басқарма қызметкерлері, МҚК - (КГБ) қызметкерлерімен бірлесіп, Орталық комитетке елдегі қоғамдық өмір мен мәдениет жайында, интеллигенцияның ой-өрісі мен пікірлері туралы, олардың шетелдік баспасөздердегі көрінісі жөнінде кең түрдегі ақпарат беретін.

Бас Басқарманың партия органдарын араластыру арқылы: «ұлтшыл-ақын М. Жұмабаевтың шығармалары» баспасөзде жарияланып кетуіне тосқауыл қойылды деген ақпараттар берілген. Терілуге берілген «Простор» журналына жариялануға тиісті біраз мақалалар мен «Наука» және «Жазушы» баспаларының кейбір материалдары алынып

тасталды. Ш. Уәлихановтың шығармалар жинағының 4-ші томы күрделі түзетулерден кейін баспаға жіберілді. Осы секілді түзетулер мен ескертулер Қ. Бекхожиннің өлеңдер жинағы мен тағы да басқа басылымдарға жасалды. ҚКП ОК келісе отыра қайта өңдеуге 20-дан астам кітап, брошюра, жекелеген мақалалар, саяси-идеологиялық сипаттағы ескертумен жіберілді [76].

Ал 1970 жылдары баспасөзге күнделікті бақылау жүргізген Бас Басқарма мемлекеттік құпияны қорғаудан тыс, өз назарын үнемі басылымның идеялық жағына да аударды. Саяси идеологиялық ескертпелер туралы дер кезінде Бас Басқарма Қазақстанның Орталық партия комитетіне баяндап отырған және нақтылы бір жағдайда қажетті шаралар қолданылған.

Кейбір жағдайда баспасөздегі мағлұматтарға редакция тарапынан қажетті өзгертулер енгізілді. Қазақстанның Орталық партия комитетінің ұсынысы бойынша «Қазақстан» баспасынан шыққан “Это было в Синьцзяне” атты кітаптың мазмұны түбірімен өзгертілді. Бұл кітаптағы Синьцзянь халқының азаттық үшін күресі туралы тарихи шындық бұрмаланды делінген [26, 6 п.]. «Ғылым» баспасынан шыққан Лениннің 100 жылдығына арналған «В.И. Ленин и советская национальная республика» атты кітапты (авторы С. Зиманов) тексерген кезде автордың “Алашорда” партиясының мүшелері М. Дулатов, А. Байтұрсынов және басқа да лидерлерінің шығармаларынан келтірілген дәлелдері алынып тасталады [26, 5 п.]. Өзгертулер енгізу арқылы И. Дүйсенбаевтың “Исповедь веков” және У. Суханбердинаның “Литературные наследия”, кітаптары басылды. “Исповедь веков” кітабында автор Ғ. Карашевтың және Шортанбайдың әдеби мұраларына сипаттама берілген. Кезінде Қазақстанның Орталық партия комитетіні нұсқауымен ұлттық - буржуазиялық мазмұнда деп баға берілген болатын. “Литературные наследия” кітабында халықаралық бірлікке қайшы келетін және кейбір қазақ халқының тарихи оқиғаларын керісінше көрсететін жағдайлар көптеп кездеседі деген баға беріп: “Қазақ пен қалмақ арасында бітпес шайқастар болып отырады және қазақтар қалмақтардың жерін басып алуда. Жеңілген қалмақтарды шығыс пен оңтүстікке қоныс аударуға мәжбірлеуде” [26, 7 п.] -деген мысал келтіреді.

«Ленинские документы о Казахстане» кітабында да біраз өзгертулер жүргізілді. Кітап “Ленинские документы о Казахстане” деп аталғанымен, Ленинмен бірге «Ленин и Казахстан» шығармасының авторы С. Бейсембаев туралы да жазылған. Қазақстанның Орталық партия комитетіні нұсқауы бойынша қажетті өзгертулер енгізілді [26, 7 п.]. В.И. Лениннің мерейтойы алдында журналынан «Правозвестник свободы» атты мақала алынып тасталды. Бұл мақалада «Алаш» газеті қазақ әйелінің теңдігін қорғағаны туралы жазылған «Казахстан», «Мәдениет және тұрмыс», «Жұлдыз» және кейбір басқа да журналдардан сапасыз суреттер және т.б. алып тасталынды. Қазақстанның Орталық партия комитетінің нұсқауымен журналдың бірінші нөмірінен 1970 жылы И. Эренбургтың «Обыкновенном и необыкновенном» атты мақаласы алынып тасталды. Бұл мақалада 20 - жылдардағы шығармалары туралы мадақтаулар жазылған болатын. Ал журналдың № 3 А. Вознесенскийдің “Читая Махамбета” атты өлеңі алынып тасталды [26, 5-10 пп.].

Бұл проблемалармен “Қазақ әдебиетінің тарихы” шығармаларының авторлары да кездесті. М. Жұмабаев пен Ж. Аймауытовтың буржуазиялық ұлттық шығармалары және басқа да кітаптар Орталық комитеттің үгіт - насихат бөлімінде М. Қаратаевтың қатысуымен талданды. Қазақ КСР-ның Жоғары және орта білім министрлігі және С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің аспиранттары жазған “Тарих” атты мақаласынан үгіт - насихат бөлімі көптеген саяси дөрекі қателер тапқан [26, 5-10 п.].

70 - жылдардың ортасындағы цензура қыспағына ұшыраған дарынды талант иесі ақын Мұқағали Мақатаев өз тағдырын күнделік дәптерінде жазып қалдырған. Өзінің жан күйзелісі жайында: «... Ақындық тағдырым, қарғыс атсын сені! Мені қоршаған орта, үш мәрте қарғыс атсын сені! Мен жаныммен, жүрегіммен берілген, сенген, жақсыдан үміт күткен ортам. Өзімді төмендеткен, маған қайғы мен қиналыстан өзге ештеңе әкелмеген

күндерді бастан өткізудемін (27 қаңтар 1974 жыл). Асылып өлмек те болдым, балаларымды қимадым. Бұл халге де жеткізді. Соншама не істеп қойдым бұларға? Себепсіз адам өлмейді. Бірақ біздің ел оған пысықырып та қарамайды. О, не деген қиын уақытта өмірге келгенбіз, бауырым....Газетке ұсынған өлеңдерден хабар-ошар жоқ. Жарыққа шығара ма, жоқ па білмеймін» (10 ақпан, 1974 жыл) [77]. Осылайша толғанған ақын, талай баспалардың табалдырығын тоздырып, өмірден торыққанын ақындық сезімталдығымен ашына баяндайды. Сыншы-цензорлар жайында ол былай дейді: «қазіргі ұраншыл сыншылар көркем шығарманы шатпақтан ажырата алмайды. Олар үшін автордың өзі бірінші орында тұрады. Оның кім, қандай қызметте екеніне көңіл аударады. Ал, ондай шатпақайлардың көлеңкесінде таланттар бірте-бірте сөне береді. «Тек қана өз уақытында жақсы сыншылардың болмауынан қаншама өркениет пен ғажайып өнер туындылары құрып кетті екен десеңші!» (Чехов айтқан) (397) «...Мен өлеңді ойдан құрастырып жазбаймын, Әлдекім құлағыма сыбырлағандай болады. Соны көшіремін, сенесің бе?» [77, 421 б.]. Ақынның тоталитарлық жүйенің темір құрсауында бұлқынған жүрегі талантты талай туындылар әкелгенімен, оның көбі көзі тірісінде жарық көрмеді. «Қырағы» бақылаушылар өлеңдерінде халықтың көкейіне қозғау саларлық тегеурін бар екендігін дер кезінде байқап, баспаға жібермеді.

1974 жылдың 11 маусымында Мұқағалидің «Болашаққа» деген өлеңінің төмендегі шумақтары баспахананың терімінен алынып тасталды. Онда ақын:

Білемін бір керемет күн туады,
Жан - жағым жаннаттайын құлпырады.
Шықпақ болып шындыққа ұмтылады,
Құлпыдағы жүрегім бұлқынады, - деп толғаған.

Бұл Мұқағали көксеген күн - қазақ елінің тәуелсіздігі болатын. Кеңес дәуірінде табиғат апаты деген атымен жоқ делінген заманда, дабыл қағып Есік көлінің жоғалып кеткенін жоқтаған ақынның «Есік көл» өлеңінің аты бүркемеленіп «Бесік көлге» өзгертілген [77, 12 б.]. Әрине, бұл жерде цензорлардың қол таңбасы айқын көрініп тұр. Мұқағалидың цензураға ұшыраған шығармалары көп болды. Солардың біреуі жайында Мұқағалидың 1967 жылғы қолжазбасында «Самұрық» деген атпен Бауыржан Момышұлына арнап поэма жазбақ жоспарын айтады. Бірақ оны кейін ақылшылардың ұсынысымен «Мұзбалақ» деп өзгертіп шығаруға дайындалғанымен, жинаққа кіргізілмеді. Сол сияқты «Ән» деген өлеңі (әнші Бақыт Әшімоваға арналған) қолжазбада бар, ал жинаққа ешбір себепсіз енгізілмей қалған. Қатал бақылаушылардың сынынан өтпей қалып, алынып тасталған. Уақыт бәрін өз орнына қояды демекші, 2001 жылы шығарыла бастаған Мұқағалидың төрт томдық шығармалар жинағында бұрын цензура рұқсат бермеген 16 - өлеңі қайта енгізілді [77, 13 б.].

Мәскеу жоғары әдеби курсының түлегі, жаңа бағыттағы жаңа жазушы, балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың да тағдыры өте аянышты болды. Бүкіл кеңес әдебиетінің, соның ішінде қазақ кеңес әдебиетінің жалған бағыттағы жәдігөй әдебиет екенін, Республиканың республика емес, колония екенін ұққан жазушы Ташкент қаласында өткен Азия және Африка жазушыларының халықаралық конференциясында: «Бізді арнайы шақырыңыздар! Біздің айтатын уәжіміз бар. Біз отарланған елде өмір сүріп жатырмыз....», - деп сол заман үшін көзсіз ерлік көрсеткен. Сол-ақ екен Бердібек Соқпақбаевты Қауіпсіздік комитетінің саққұлақтары қадағалай бастайды. «Менің атым Қожа» повесі қысқартылған күйінде шығып, «Өлгендер қайтып келмейді» романынан кейін ұзақ уақыт үнсіз қалған жазушы: «Еш нәрсе жазып жүрген жоқпын! Жазбайын демеймін, әрине! Жазғым-ақ келеді. Бірақ ақиқатты айттырмайды. Өтірікті жазғым келмейді!» - деген. Бердібек Соқпақбаевтың соңына түскен тыңшылар түбіне жетеді, ақыры жазушы қала сыртындағы саяжайында жұмбақ жағдайда асылып тұрған жерінен табылады [71, 126 б.].

Ал, «Жазушы» баспасынан шыққан Сырбай Мәуленовтың өлеңдер жинағынан «Алматының көк түтіні» атты өлеңі үшін кітап сөрелерінен алынып тасталды. Себебі айтпаса да түсінікті.

Цензураның қатал бақылауында қазақ журналы «Жұлдыз» болды. 1972 жылы «Жұлдыз» журналының №7 санының 130 мың данасын қайтару туралы қаулы қабылданған. Оған себеп болған жағдай Ж. Молдағалиевтің «Секретарьға хат» атты өлеңінің тыйым салынған соңғы шумағының жарияланып кетуі еді [78]. Жұбан Молдағалиев ұзақ жылдар Жазушылар одағын басқарған жылдары қазақ әдебиеті шарықтап өсті, «Жұлдыз» журналының таралымы бүкілодақтық «Октябрь», «Дружба народов», «Знамя», «Новый мир» және басқа журналдардан асып түседі. Бірақ цензура Ж. Молдағалиевке құдай берген қабілетін, мүмкіндігін пайдалануға кедергі жасады. Ішқұса болған ақын Желтоқсан оқиғасынан кейін Колбинмен кездесіп пәленбай жылдар ішінде жүрген запыранын шығарып тынады. Ондай батылдықтан кейін оның тірі жүруінің өзі ақылға сыймайтын нәрсе [71, 126 б.].

Осы 1972 жылдың жазында «Простор» журналы қайтадан сынға ілікті, оның № 5 санында Нина Рабкинаның «Золотая середина» деген мақаласы терілуге берілген еді. ҚКП Орталық комитеттің мәдениет бөліміне жолдаған қатынас қағазында Бас Басқарма басшысы А. Шалабаев бұл мақалада «патша генералы П.П. Ланской жайында айтылғаны және мәтіннің мазмұнына қарай оның «атақтылығы» тек А.С. Пушкиннің жесірі Наталья Гончароваға үйленгендігінен екендігі ғана байқалады деп атап көрсетеді.

1988 жылы 31 қазанда Қазақ КСР Мемлекеттік қауіпсіздігі комитеті «Алаш» ұлттық партиясының белсенді мүшелері Ж. Аймауытов, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаевтардың істерін қарап, аталған азаматтарды ақтау мәселесін мезгілсіз деп тауып оған Комитет басшысы В.М. Мирошник қол қойған [79].

Заман өзгеріп, жылжыған уақыт талай нәрсені өз орнына қойып жатса да, көкірегін қызғаныш оты жайлағандар дарынды, біртума замандастарының соңына шырақ алып түскендер де азаймады. Сондай пиғылдағылар Олжастың сол кездегі жазған кітаптары мен мақалаларын у-шуға айналдырып түртпектеуін қоймаған. Сырттандай сақ цензура ақын шығармаларына үнемі жол «көрсетіп» отырған. Олжас Сүлейменовтың «Адамға табын, жер енді», «Арғымақтар», «Шапағатты шақ», «Қыш кітап», «Жағалауды айқындау» жинақтарының бірде-біреуі, қырқылмай, «жұлмаланбай» шыққан емес. Атақты «Аз и Я» кітабының дауы үлкен жанжалға айналғаны белгілі [79]. Орталық комитеттің хатшысы С. Имашевке ақпараттық хабарлама ғана емес кейбір жазушылардың мінез-құлқы, жазғандары да ұнамады. Әсіресе, тым еркін, тік мінез, бастықтар алдында кішірейе салуды білмейтін тәкаппар О. Сүлейменовтің Ермакты батыр қылып көрсетудің орнына, отаршыл, қанышер қарақшы ретінде көрсеткен «ерлігін» Имашев кешірмеді. Имашевтың қара тізіміне ілігіп, қаһарына шалдыққанына қарамастан Олжас «ұлтшылдық рухында жазылған, орыстарға қарсы», «ұлттар достығына нұқсан келтіретін» «Глинянная книга» («Қыш кітабын») жазады. Кітап тез тарап, кітапханаларда жинақты оқуға жұрт кезекке тұрып жатқандығына қарамастан Орталық комитет жазушыны шетелге шығатын жастар делегациясының құрамынан бірнеше рет сызып тастаған [80]. Осы жылдары Жазушылар Одағы басқармасының мәжіліс залында Орталық комитеттің нұсқауымен І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы талқыға түсті. Талқылауға қатысушылар романға жоғары баға бергенмен, Орталық комитеттің мәдениет бөлімі әдебиетке жанашыр басшы болудың орнына, оңсыз да өшіп бара жатқан тарихымызды жандандыруға сеп болатын романға кесірін тигізіп, бөгет жасап бақты.

1980 жылы 11 тамызда Мәскеудегі «Советский писатель» баспасының сұратуы бойынша, Қазақстан Орталық партия комитетінің хатшысы Зақаш Камалиденов талантты жазушы Ілияс Есенберлиннің «Лодка, переплывающая океан» атты 400 беттен тұратын романының қолжазбасына «басуға болмайды» деген пікір жіберген. Онда бұл романның қолжазбасы 1978 жылы республикалық «Жазушы» баспасына ұсынылып, идеялық

көркемдік кемшіліктеріне байланысты басуға қабылданбағанын алға тартып Камалиденов мырза атақты жазушыны ірі партиялық мемлекеттік мәселелерді түсінуге өресі жетпеген деп қаралайды. Қоғам дамуының заңдылықтарын білмегендіктен ірі партия және мемлекет қайраткерінің образын жасай алмаған. Мұндай тұлғаның күші оның істеген ісінен, басқарудың ұжымдық әдісінен көрінуі тиіс болатын, ал автор ондай кейіпкер жасай алмаған деп, кінәлап ол жасанды образды кеңестік идеологияның қалпына салып қарайды. Коммунист деген атақтың абыройын көтерудің орнына автор романында оны төмендетіп көрсеткен. Автордың шығармасының сәтсіз болуы да осыдан деп білеміз деп қол қойған [81].

1986 жылы «Асыл арналар» кітабының авторы, Ш. Уәлиханов, М. Әуезов, Б. Майлин, І. Жансүгіров, Жамбыл, Кенен жайлы еңбектер жазған Мырзатай Жолдасбековтің «Бейімбет Майлин драматургиясы» атты мақаласы баспагерлер тарпынан алынып тасталды. 1987 жылы мемлекет қайраткері М. Жолдасбеков журналистерге берген сұқбатында: «Әлі талай дүниелерім шаң басып жарыққа шықпай жатыр» деп ағынан жарылған [82].

Тұп-тура отыз жыл «Алдаспан» кітабын пышаққа түсірген (дайын кітапты ұсақтап турайды) бар ғұмырын, мұңын, зарын кітапты толық шығаруға арнаған жазушы ғалым Мұхтар Мағауин қара түнек заманның өзгеріп тәуелсіздікке жеткенін үлкен бақыт санайды [83].

Цензураның «ерекше қамқорлығына» алынғандар қатарынан Ә. Қоңыратбаев, Е. Ысмаилов, Б. Кенжебаев, Ә. Марғұлан, Қ. Мұханбетов, Р. Бердібаев, Т. Кәкішев, У. Суханбердина тағдырлары қиын болды. Бұлардың шығармашылық тынысының тарылуы сол кездегі қазақтың әдебиет, тіл және тарих саласындағы озық ойлы ұлт зиялыларының тағдырының ерекше бейнесі көрінеді.

Кеңес дәуірінде туып, қалыптасқан әдебиет сыны мен әдебиеттану ғылымына елеулі еңбек сіңірген, артында мол ғылыми мұра қалдырған қайраткерлердің бірі филология ғылымдарының докторы, профессор Әуелбек Қоңыратбаев. Еліміздегі саяси ахуал мейлінше асқынып, Е. Бекмаханов, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов сияқты ғалымдар істі болып, ұзақ мерзімге бас бостандығынан айрылып жатқанда «Наурызбай-Қаншайым» поэмасы туралы зерттеу жазып, Кенесары қимылын халық қозғалысы ретінде бағалаған Ә. Қоңыратбаевтың аман қалуы екіталай іс болатын.

Сонымен жалғанды жалпағынан басқан компартияның жапқан жаласына душар болған 1935 жылы Ә. Қоңыратбаев небәрі отыз жаста еді. Сол кезден бастап 1958 жылға дейін бар күш-жігерін азаматтық ар-намысын қорғау, ақталу жолына арнаған болып шықты. Бір жағынан, партия мансапқорлары оның ізіне «үш әріп» тыңшыларын салып, ашықтан-ашық қудаласа, екінші жағынан, ғылыми еңбектеріне тосқауыл қойып, оларды «ұлтшылдық көрінісі» санап жарыққа шығармаған. Бұл іске әр жылдары республикалық баспа орындарына иелік жасап отырған бірқатар жазушылардың (Д. Әбілев, Т. Жароков, Е. Әукебаев, т.б) баспа орындарының белсенді «қара жұмысшылары» - редакторлардың қосқан үлестері де аз болмаған. Соның салдарынан бірде «контрреволюцияшыл», бірде «ұлтшыл», тағы бірде «космополит» болып, үсті - үстіне айыпталған Ә. Қоңыратбаев өзінің көптеген ғылыми еңбектерін жарыққа шығара алмай кеткен. Партия мекемелері оны ғылыми ортадан аулақ ұстауға тырысып, ғылыми дәрежесі мен білім-білігіне сай қызмет бермеген. Лауазымды қызмет беру, мамандарды пайдалану ісінде де сыбайластық психологияға жол берген бұл саяси ұйымның түбіне компартия қатарына тамыр-таныстықпен өткен, қолынан іс келмейтін, білімсіз, коммунистік партия принциптерінен бір-ақ сәтте сырт айналып кеткен «қайраткерлердің» жеткенін бүгінде бүкіл ел біледі. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, Ә. Қоңыратбаев еңбектерінде саяси қателіктер емес, қазақ халқының ғасырлар бойы жинақталған фольклор мұрасы, әдебиет тарихының сан алуан мәселелері сөз болып, оларға негізінен оң ғылыми баға беріліп отырған. Ғалымдарды ғылымға қосқан үлесі, қоғамдық ойды алға жылжытатын теориялық ұстанымы емес, «үстіне киген шекпені, ішкен асы, мінген атына» қарап бағалаған «совет» идеясына

қызмет көрсеткен компартия шабармандарына, ұлт тағдырына жандары ауырып тиек еткен зерттеушілер ұнамаған [84].

Деректерде келтірілген фактілерді саралай отырып Ә. Қоңыратбаевтың басындағы жағдай, сол кездегі саяси ахуалдың қаншалықты зардапты болғанын және сол саясат тарапынан рухани-мәдени саладағы ғалымдарға жасалған қыспақты көрсетеді.

Ендігі жерде Орталыққа жалтақтамай, ұлттық әдебиетіміз тарихымыз туралы ана тілімізде еркін жазуға кең жол ашылды. Өркениетті елдер төрінен орын алуға ұмтылысымыз, рухани дүниеміздің жаңғыруына, экономикалық, саяси, мәдени дамуымызда алға жетелеуде.

Сөз еркіндігі 1988 жылдың көктемінде Шәкәрімді, желтоқсанда Ахмет Байтұрсынов пен Мағжан Жұмабаевты халқына оралтты. Әрі қарай Алаштың басқа да арыстарының жолы ашылды, есімдері әйгіленіп, шығармалары жарыққа шыға бастады.

Мемлекет құпияларын баспасөзде сақтау жөніндегі Бас Басқармаға осындай жағдайдың әсерінен қызметтерінде түбірлі өзгерістер орын ала бастады. Сырттан келетін әдебиеттер мен ұнтаспа материалдарына көзқарас өзгерді: оларды бағалаудың негізі өзгерді, көпшілікке ұсынылатын әдебиеттердің тыйым салынғандарының саны қысқарды, ғылыми-техникалық, ғылыми-көпшілік және анықтамалық әдебиеттер Бас Басқарма бақылауынан шығарылды. Мұражайлар, мұрағаттар мен кітапханалардың арнайы қорлары ашылып, көпшілікке қызмет ете бастады.

3.5 Цензураның қазақ өнеріне тигізген залалы

Хрущевтік «жылымық» кезеңінде рухани көркем шығармалардан кінәраттар іздеп, оларды тек «таптық» тұрғыдан тексеру әдістері музыка әлемін танып бағалауға, қадірлеуге залалын тигізді.

Қазақ тарихы әдебиетімен қатар, маркстік-лениндік идеология тұрғысынан тексергенде музыка саласында да кемшіліктер аз болмай шықты. Сол жылдары халықтың тамылжыған небір сұлу әндері «қара тізімге» алынды. Тәттімбеттің кербез, сылқым күйлері белсенділер мен догматшылдардың тар пиғылына сыймай, цензураға ұшырады. Қазақ музыка аспаптарының жоқтаушысы болған үлкен ғалым, профессор Болат Сарыбаевтың соңына шырақ алып түскен өз әріптестері оның докторлық диссертациясын бекітпей тастады. Ғалымға бұл үлкен соққы болып, өмірден мезгілсіз кетті. Соғыс тақырыбына жазылған Ә. Әбішев пен М. Әуезовтың «Намыс гвардиясы», М. Әуезовтың «Сын сағаты», С. Мұқановтың «Гвардия алға», Ә. Әбішевтың «Қырағылық», Ғ. Мүсірепов пен М. Әуезовтің «Қынаптан қылыш» деген пьесалары мен опералары театр сахналарынан шығарылып тасталды [85]. Ал Ахмет Жұбановтың «Қазақ сазгерлерінің өмірі мен шығармашылығы» деген кітабы қатал сынға ұшырап, 3-13 беттері «орыс халқына деген жеккөрінішті үгіттейді» және Кенесары хан жайында айтылғандықтан» алынып тасталды [86].

Қаз КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Баслиттің «қырағылығы» нәтижесінде қазақ халқының інжу-маржан, ән-күйлерінің негізінде жасалған «Қыз Жібек» операсы көптеген жылдарға театр кестесінен шығарылып тасталды. «Қыз Жібек» драмасының авторы Ғ. Мүсірепов 1937 - 1939 шы жылдарды басынан кешкен, 1952 - жылды көзімен көрген сезімтал жан, бүгін болмаса-ертең, ертең болмаса-бүрсүгіні айдалып кетемін деп ойлап, бір-екі пар таза киім, бет орамал, шұлық, ұстара, сабын, тарақ және басқа аса қажет дүниелер салынған жол чемоданын босағаға сүйеп қойып, екі көзі есікте болған дейді білетіндер. Ерте ме кеш пе, ұстала қалған күндерде тергеушілер жармасады-ау деген туындыларынан алдын ала бас тартып, күнделік-жазбаларында өз пайдасына шешетін пікірлер жазып отырған. Мысалы: латын әрпімен басылған «Қыз Жібек» драмасының үшінші бетінде өз қолымен жазылған: «Прошу всех, мужчин и женщин, настоящих и будущих, т.е. ныне здравствующих и будущем рождающихся, если эта глупейшая вещь попадет кому-нибудь в руки, не читайте ее дальше этой страницы.

Написаны мерзко, глупо, бездарно, даже бессовестно!» Автор Мусрепов [71, 43 б], - деген сөздер бар. Бұл жан-далбасалап аман қалудың, қызыл қырғынның қанды шеңгелінен құтылудың бір айла амалы болды. Өз заманымыздың төрінен қарағанда, бұған біз түсіністікпен қарауға тиіспіз.

1956 жылы 26 қыркүйекте Мәдениет министрлігі мен Халық творчествосының үйі Орталық комитетке мынадай ұсыныс жасайды: 1951-1953 жылдары Репертуарлардан көптеген халық әндері мен композиторлардың әндері «ескі, идеологиялық тұрақсыздығына байланысты» деген айыппен алынып тасталған. Осы әндердің кейбіреуін қайта қарап, репертуарларға енгізу үшін комиссия құру қажеттігіне тоқталады. Сөйтіп әндердің сөзін қайта қарау үшін (ал тыйым салынған әндер саны 102 болатын) 9 адамнан тұрған комиссия құрылып, олар көп әндердің сөзін өзгертуге тапсырма алады. Сонда мәтіндеріндегі сөздер қауіптілігінен көркемдік жағы нашарлығынан, идеясы жоқтықтан тыйым салынған халық әндері: «Желдірме», «Ахау Нәзік», «Жарым Айдай», «Харарау Қалқаш», «Ай Керім», «Алай Көк», «Кәмшат бөрік». Әкімгерейдің «Сүмбіл шашы», Көкбайдың «Әудем жері», Әлидің «Он алты қызы», А. Лекаеровтың «Кестелі ақ жібек орамалы», Қ. Аманжоловтың «Шалқар дариясы» еді. Осындай айыппен К. Қуанышбаевтың «Бет ашары», Қ. Бекхожиннің «Кел шырқайық», «Жерде жанған жұлдыздар», Қ. Мұхамеджановтың «Сағындым ау», І. Есенберлиннің 27 өлеңіне тыйым салынған. 102 мәтіні «дұрыс емес» әндердің 9-ы пьеса болды, олар: Л. Хамидидың «Песня Лағылы», «Жайлауым бақша сайраған», «Шаттық жыры», «Ержан әні», Е. Брусиловскийдің «Қыз арманы», М. Төлебаевтың «Келші сәулемі», «Қарымбаевтың «Алатау», Әбжановтың «Жар сыры», «Қазақ романсы», т.б. болды [87].

А. Жұбанов атына байланысты сын-пікірлерді 1956 жылдың 6-ақпанында өткен КСРО Музыкалық сын комиссиясы мен Кеңестік Композиторлар одағы музыкатанушыларының жиналысының стенограммасынан да танысуға болады [63, 1 п.]. Көптеген қазақ сазгерлерінің шығармашылығына тұсау болып, талай жылдар бойына көлеңкеде қалуы осылай жүргізілді.

Тіпті, классикалық шығармалардың өзінен де мін табылды. Мысалы, М. Төлебаевтың «Біржан-Сара», А. Жұбанов пен Л. Хамидидің «Абай» опералары сондай күйге ұшырады. Саяси әшкерелеудің басты құрбаны тұңғыш қазақ музыка зерттеушісі Ахмет Жұбанов болды. Ғалымға жала жабылып, «Біржан-Сарадағы» Біржанның феодалдарға қарсы күресі көрсетілмеген деп кінә тағылды. Сондай-ақ, оның «Қазақ сазгерлерінің өмірі мен шығармашылығы» атты тұңғыш зерттеу-монографиясы да сыналды. А. Жұбановты әшкерелеуге кім-көрінгеннің тісі бата бермейтіндіктен бұл іске музыка мамандары кеңінен тартылды. «Казахстанская правда» газеті М. Төлебаевтың «Қазақстан музыка тануындағы бұрыс бағыт туралы» деген сын мақаласын жариялап, А. Жұбановты буржуазияшыл-ұлтшылдығы, панисламист және пантюркистігі үшін айыптады. Сазгердің «Социалистік Қазақстанда» қателіктерін мойындауы оны басқа сыншылардың жабыла шанышқылауынан құтқармады. Республика Сазгерлер одағы қазақ музыкасындағы буржуазияшыл-ұлтшылдық бұрмалаушылық туралы арнайы талқылау жасап, оған Мәскеуден үш өкіл қатынасты. Таңғаларлығы сол, тек А. Жұбановтың ғана мәселесі қаралып, әр шешен өз атынан жаңа эпитеттер табуға тырысты. Баяндамашы П.В. Аравин оған «идеалист, тұрпайы социолог, формалист, буржуазияшыл-ұлтшыл» деген теңеулер тапса, Б.Г. Ерзакович «ұлтшыл, әрі космополит» деп елді таң ғалдырды. Сазгер Иванов - Сокольскийдің А. Жұбановты «музыкатанудағы бекмахановшылдықты дәріптеуші» деп айыптаса, сыншы В. Мессман мен КСРО Сазгерлер одағының хатшысы М.В. Коваль бірауыздан А. Жұбановты «орыс мәдениетін және орыстарды жек көруші, реакционер» деп кінәлады. Жиналыс қаулысындағы А. Жұбанов Қазақстанның Ресейге өз еркімен және бейбіт жолмен қосылуының прогрестік маңызын жоққа шығарушы, феодалдық-монархиялық қозғалыстардың басшыларын, Абылайды, Кенесарыны тағы басқаларды дәріптеуші деген сөздер айтылды [86, 11 п.]. Дегенмен, 8-ші наурызда өткен республика сазгерлер одағының басқармасының

отырысында А. Жұбановтың 50-жылдығын атап өтуге болмайды, себебі ол партиялық сын-ескертпе алған-делінсе, 1958 жылы Орталық комитеттің идеологтары А. Жұбановтың «КСРО халық артисі» деген атақ алуына қарсы шығып, одақтық атаққа жарамайды деп шешті [86, 22 п.]. Жалпы 50 - жылдары цензура арқылы жыл сайын 30-дан астам пьеса мен 170-тен астам ән мәтіндері репертуардан алынып, тыйым салынып отырылды. Осы сәттен бастап Бас репертуар комитетінің немесе оның жергілікті органдарының арнайы рұқсатынсыз бірде-бір шығарма жұртшылық алдында орындалмауы немесе көрсетілмеуі тиіс болды.

Түбегейлі өзгертуден соң ғана «Сұлу» пьесасына республикалық жасөспірімдер театрында қойылуына рұқсат етілді. Кейбір өзгертулерден соң А. Тәжібаевтың пьесасы қойылды. М. Хасеновтың пьесасында басты рөлдегі жесір әйел жағымсыз кейіпкер және өзінің бұрыс іс-әрекетін «адам ол періште емес, барлығымыздың да кемшілігіміз бар» деп түсіндіреді [26, 5-10 pp.].

1968 жылы белгілі қазақ режиссері Сұлтан Қожықов «Қыз Жібек» көркем фильмін түсірді. Осы кинофильмге арналып жазылған 20 шақты өлеңнің 4-і ғана алынып, Мәскеу фильмді қатты қысқартқандықтан, шығармашылық топтың көп еңбегі далаға кеткен. «Қыз Жібектің» алдында Мәскеу «Құлагер» көркем фильмін біржолата өткізбей тастаған. Ешбір идеологиялық негізі жоқ осындай туындыларға тыйым салу арқылы, басқа туындыларға ескерту жасалды. Әр ұлттың қандай өнерді тамашалау керектігіне дейін Мәскеу шешіп, ұлттық шовинизмнің айқын көрінісі осылай жүргізілді.

1974 жылдың 16 сәуірінде Қаз КСР Мәдениет министрлігі М. Әуезов атындағы академиялық драма театрында қоюға дайындалып жатқан Ә. Әбішевтің «Мансап пен Ұждан» пьесасын алдын ала цензуралық тексеріске жібереді. Цензорлардың берген жауабында оны қайта өңдеу керектігі айтылған. Оның себебі: пьесадағы коммунистер ірі қызметтер атқаратындар, соған қарамастан, олар ұяттан безген, жеккөрініштілер ретінде көрсетілген. Белді кейіпкерлердің ішінде бірде-бір жағымдысы жоқ деп атап көрсеткен [81, 3 п.]. Сол кездегі идеологиялық тәрбиенің мазмұнына қайшы келген, коммунистердің «үлгілі» тұлғасына шек келтірген шығарманың шығуына осылай жол берілмеді.

1962 жылғы 3 желтоқсан айында А. Шалабаев Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Н.Д. Жанділдинге: «Қазақ КСР Баспасөзде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі Бас Басқармасының ақпаратын жеткізіп, онда кейінгі уақытта Алматыда телевизия студиясы, студиядан тыс жерлерден мәтінсіз хабарлар бере бастағанын жазған (сөз залынан репортаж, зауыт цехынан тікелей хабар). Мәтінсіз хабарлар ұйымдастыру цензура органының тарапынан да, студия қызметкерлерінің тарапынан да бақылаудың болмауына әкеледі. Осылайша әскери және мемлекеттік құпияларды қорғаудың талаптары бұзылды. Тыйым салынған деректердің жариялануына кінәлілер жазалануы тиіс» деген ақпарат жіберді [29, 154 б.].

«1962 жылғы 8 ақпанда телекөрсермендерге «Алматы экономикалық ауданы жетіжылдықта» атты хабар көрсетілді. Алматы кеңестік халық шаруашылығы мекемесі өндірістік-техникалық бөлімінің бастығы Поздняков жолдастың Алматы облысының картасының жанында тұрып сөйлеген сөзі телеэкраннан берілді. Цензураның бақылауынсыз және рұқсатынсыз бұл тақырыптағы аталған хабар эфирге шыққан. Осы жөнсіздіктері үшін телевизияның Алматы студиясының қызметкерлері жазалансын» деген Шалабаевтың Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне есебі жіберілген [27, 47-48 pp.].

4.5 Цензураның шет елдік туристермен жұмысы

Идеологиялық саяси жүйенің аса маңызды тетігі ретінде, цензура мемлекеттік және қоғамдық өмірдің барлық саласында заңдардан бастап, БАҚ-тарға арналған нұсқауларда, мәдениет, өнер, білім мен ғылымды бақылауда белсенділік көрсетіп отырды. Егерде демократиялық елдерде идеологияның мәдениет-білім саласына енуі шектеулі немесе

мүлдем жоқ болса, ал тоталитарлық мемлекеттерде оның басымдылығы саяси-мәдени шара ретінде саяси цензураның басты міндетіне айналған.

Бас Басқарманың қырағы көзінен шетелдік туристердің қолындағы газет, журнал, кітапшалар да таса қалмаған. Соның бір мысалы Қазақстан Орталық комитетіне «Интурист» Бүкілодақтық Акционерлік қоғамынан 1960 жылы 23 қаңтарында келіп түскен мәліметтің ішінде америкалық туристік фирманың шығарған «Кенес Одағына аттанған туристерге арналған ескертпе» мәтіні алынған. Онда кеңестік цензура туралы: «Сіздер жіберген немесе алған хат-хабарларыңыз цензуралық бақылауға алынады. Сондықтан диктафон және магнитофон алып жүріп, жазылған үн таспаларды тексерусіз және цензуралық қадағалаусыз алып өткен жөн, оны поштамен жіберуге болмайды. Көмек сұрағанда өз дегеніңізде тұрыңыз, бірақ абай болыңыз», - делінген. Міне, осындай мәліметтерге қатысты шаралар қабылданғандығын Бас Басқармаға Ж. Тіналин (Алматылық «Интурист» бөлімшесінің меңгерушісі) хабарлаған [88]. Бұл Бас Басқарманың тарапынан ұсақ-түйектің болмайтындығын анықтайды.

1974 жылдың 24 шілдесінде «Құпия емес материалдарды шетелге шығару мен халықаралық кітап алмасуды жүзеге асырудың нұсқаулығы» бұзылған себепті бандерольдерді жою актісі жасалды. Өртеу арқылы Болгарияға, ГФР, Сирия, Польша, Швецияға бағытталған бандеролдар жойылды. Оларда соншама тыйым салынған не болды десеңізші? Бар - жоғы- «Огни Алатау», «Казахстанская правда», «Вечерняя Алма-Ата» және апталық «Советский спорт» газетінің қосымшасы болған еді [39, 3 п.].

Шетелге жіберілетін 429 қолжазба мен 1927 бандерол тексеріліп, оның ішінен екеуіне рұқсат етілмей, ұсталды [52, 3 п.].

Республикамыздың мемлекеттік қауіпсіздік Комитетінің соңғы уақытта алған ақпараттарындағы мәлімет бойынша, Қазақстанға халықаралық туризм арқылы келетін капиталистік елдердің азаматтарының кейбірі әлі де болса, КСРО территориясында жүріп тұру режимін бұзып, валюталық операция жасау заңдылығын сақтамай, заңға қарсы діни және антикеңестік мазмұндағы әдебиеттерді алып келіп таратулары жиілегені сөз болды.

1955 жылы Жобин Петер мамандығы дәрігер, Швейцария турісі "КСРО-ның лагерлері, түрмелері, психиатриялық түрмелері бойынша жөнсілтер" атты неміс тіліндегі антикеңестік мағынадағы кітапты КСРО-ға заңсыз түрде енгізген. Жүргізілген шаралар нәтижесінде, заң аясында жасалған процессуалдық нормалар барысында аталған әдебиеттер шетелдіктен тартып алынып, оның Кеңес Одағына кіруіне тыйым салынды.

Германия Федеративтік Республикасына тұрақты өмір сүруге кеткен бұрынғы кеңес азаматтары КСРО территориясында жүріп тұру ережелерін бұзу фактілерін жалғастыруда. Тек соңғы екі ай ішіндегі алдын ала ескерту және әкімшілік іс-шаралар этникалық немістер болып табылатын 18 шетелдіктерге қолданылды. Олардың заң бұзған іс-әрекеттеріне құжат толтырылды. Ондай оқиға тамыз айында Алматыда ГФР туристтері ерлі-зайыпты Янерттер тарапынан орын алды. Олар 40 мың батыс германиялық маркаға бартерлік іс-әрекет жасауға тырысқан. Олар Алматы облысының жабық аудандарына кірмекші болған. Шетелдіктердің бартерлік іс-әрекеттері іске аспай, оларға қалада жүріп тұру ережесін бұзғандары үшін айыппұл салынды [48, 7 п.]. 1984 жылдың 8 қыркүйегінде кеңес азаматымен валюта айырбастау кезінде 1928 жылы туылған ГФР-дің туристік тобының жетекшісі Шепперле Хараль Эрнст батыс германиялық барлауға қатысы бар деген күдікпен ұсталды. Сол жылдың 9 қыркүйегінде валюта-саудалаған кезінде 1940 жылы [48, 8 п.]. туылған АҚШ-тың Вирджиния штатының "Ксерокс" фирмасының кадрлар бойынша менеджері Аллен Лоуренс Эдвин атты турісі ұсталды [89].

Заңсыз түрде валюта айырбастаған Италияның турісі Кротти Альдо, Кодек Марко, батыстық немістер Вальтер Макк, Бурс Пауль және тағы басқа шетелдіктер ұсталды. ГФР - ның және Францияның 4 шетелдік азаматтары Қазақстанның жабық территорияларын ұшақтан фотосуретке түсіру оқиғасының алды алынды [48, 81-83 п.].

Капиталистік елдердің туристерінен алынған Кеңестер елінің беделіне нұқсан келтіретін материалдар қарсы үгіт мақсатында "Интуристтерге" алдын алу шаралары ретінде қолданылды.

КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің шешіміне сәйкес, оның Қазақстандағы органы Республика Ішкі істер министрлігінің қызметкерлерін кеңес өкіметіне қарсы бағытталған әртүрлі идеологиялық диверсиялар мен тыңшылық әрекеттерден сақтандыру мақсатында оперативтік жұмыстар жүргізді. Осы шаралар барысында әскери және мемлекеттік құпияларды алуға әрекеттенген ішкі істер органдарының қызметкерлері оның ішінде көлік милициясының қызметкері Ю. Табалов Қарағанды облыстық ауылшаруашылығы басқармасынан құпия мәлімет алуға тырысқан. Бұл саланың қызметкерлері арасында шетелге кетуді аңсаушылық анықталды. Осындай көңіл күйдегі милиционерлер Зетцер Ф., Тимковский Г., Шмидгаль Г., және т.б. бақылауға алынды. 1983 жылы ішкі істер органында 5 құпия құжат жоғалған. 1984 жылы сотталған прокуратура қызметкері Мұхаметжановтың үйінен тінту барысында 19 құпия басылым оның ішінде, 4 - уі Ішкі істер министрінің бұйрығы тәркіленді. 1984 жылы Жезқазған ішкі істер басқармасын тексеру барысында КСРО Ішкі істер министрлігінің және Қазақ КСР-ның 16 құпия бұйрығы табылмады [48, 38-40 пп.].

Барлық салаға тереңінен енген көзбояушылық жалған көлгіреушілік режимнің күшімен халыққа шындық ретінде жеткізіліп отырылды. Ондай партия тарапынан айтылған пікірлерге күмәнданушылық дереу қудалауға ұшырады.

Орталық нұсқаған жергілікті жердегі басшылар қолдап жүзеге асырған бұл саясат халықты жаппай рухани азғындауға итермеледі.

Бас Басқарманың Қазақстандағы рухани саладағы жасаған қиянаттары ұлттың санасына зиянды қорқыныш ұялатып, оның еркін дамуына кеселін тигізіп халықтың мәңгірттенуіне жол ашқан еді.

6- тақырып

Қазақстандағы цензорлық органдардың дінге қарсы жүргізген саясаты және оның ұлттық санаға тигізген зардаптары

1.6 Хрущевтік атеистік кезеңнің қарқынды жүргізіле бастауы

Кеңестік идеология КСРО халықтарын коммунистік рухта тәрбиелеу үшін, ең алдымен, өткен дәуірдің адам санасындағы сарқыншақтарын біржола жоюға күш жұмсау қажет деп тауып, осы бағытта мемлекет органдары тарапынан жан-жақты жұмыс жүргізілді. Дін адам қоғамын білім жағынан да, мәдениет жағынан да өрістетпей, мәңгілік мешеулік құрсауда ұстайды деген қате авантюристік саясат ұстанды. Сол кезде осындай саясатпен қаруланған коммунистер өз мақсаттарын жүзеге асыруда тоталитарлық тәртіптің күшіне арқа сүйемеске амалдары болмаған, өйткені олардың алға қойған идеялары барлығы қияли, жүзеге асуы екіталай сандырақ болатын. Сондықтан коммунизм орнатуды көздеген олардың осы зорлық әдісін басты құрал ретінде қолданбастан басқа шарасы қалмаған.

Кеңес өкіметі өз азаматтарына ождан және діни сенім бостандығын салтанатты түрде жариялай отырып, сонымен қатар, ымырасыз атеистік саясат та жүргізді, ол дінге қарсы күресте тағылықтың шектен шыққан үлгісін көрсетті, мораль мен құқықтың барлық нормалары ашықтан-ашық аяққа басылды. Мәселен, Қазақстанда қысқа мерзім ішінде мешіттердің, намазханалар мен шіркеулердің көпшілігі қиратылды. Халықтың пікірімен және көңіл-күйімен санаспай, селолық аудандарда діни үй-жайлардың (Забия мешіттер) барлығы дерлік құлатылды немесе жабылды. Кеңестендіру жылдарында большевиктер партиясы өздерінің идеологиясын қазақ ауылдарына енгізуге кедергі жасайтын басты тосқауыл осы ислам діні деп біліп, ол дінді тұтушыларды да тап

жауларының қатарына қосып, оларға қарсы ымырасыз күрес жүргізді. Сол күрес Қазақстанда "коммунистік идея мен дін сыйыспайды" деген ұранды желеу етіп жүргізілді. Осы қағиданы бетке ұстаған жергілікті "белсенділер" ойларына келгендерін істеді. Мешіттер мен шіркеулерді талқандап, қасиетті Құраны және діни кітаптарды өртеді. Оған дәлел тек бір Атырау өңірінде Ахмедияр Халфе, Еркінғали Ахун, Мырзағали, Қарабала, Хасен хазірет, Маман, Жайық бойындағы Тегісбай және Құспан, Ғаббас мешіттері, Толыбайдағы Хасан, Ғұбайдолла, Нарындағы Әйіп мешіттері бұзылып, онда қызмет еткен молдалар, олардың туыстары Кеңес өкіметінің жауы ретінде қуғындалды [30, 321-313 б.]. Сөйтіп, осы кезеңде қазақтарды өз дінінен ажыратуға қатты күш салынды. Тіл мен дін қай халықтың болмасын өнер, өсер тиянақты тұғыры екені белгілі. Ал Кеңестер өкіметі қазақ халқын осы құндылықтардан зорлықпен айырды. Дін иелері оны тұтушы мұсылмандарды да азаматтық құқықтарынан күштеп айырып, оларды жер аударып, молда, қажы тұқымдарын қуғынға ұшыратты. Сөйтіп, Орталықтан басқарылып жүргізілген саясат нәтижесінде халқымыздың басым бөлігі өз дінінен, тілінен ажырап қалды. Тарихта тәуелсіз елдің құқығы болмайтынын қазақ халқына қарсы жүргізілген осы жойқын саясаттан көреміз. Ол саясат қалай жүргізілгені туралы сол кезеңнің куәгері Мұстафа Шоқай: «Кеңес өкіметі қуғын-сүргінге ұшырату, азапқа салу, аштыққа душар ету, атып өлтіру тәрізді шаралармен өз жоспарларын жүзеге асырып келеді. Адам баласы мүгедектікке қалай үйренсе, кеңестік Ресейдің қол астында қалған тұрғындар кеңестік шаруашылық саясаты тудырып отырған қыспақтарға да солай көндігуде», - [90] деп оның бет пердесін ашып берген болатын.

Ал адамдар өмір сүрген қоғамдағы дін мәселесінің маңызы ерекше. Оның қаншалықты маңызды екендігі туралы кезінде итальяндық ойшыл Томмазо Кампанелланың: «Мемлекеттегі дін мен наным-сенім сұрапыл, дүлей күшке ие, өйткені ол адамдардың жан дүниесін біріктіреді», - деген анықтамасы кез келген мемлекетке бұл мәселені ешқашан да назардан тыс қалдыруға болмайтынын көрсетеді [91].

Әлем өркениетіндегі шыңдалған қағидаларды мойындамаған кеңестік тоталитарлық жүйе өзі өмір сүрген кезеңіндегі дін мәселесіне немқұрайлық танытты. Дінге деген көзқарас-өзінің арсыздығымен, жеке адам рухына қол сұғушылығымен, барлық адами қағидаларды мойындамаушылығымен көрінді. Коммунистік идеологияның атасы К. Маркс: «Религия - это вздох угнетенной твари, сердце бессердечного мира, подобно тому, как она - дух бездумных порядков. Религия есть опиум для народа» [92], - деген тұжырымы кеңестер елі КСРО – да басшылыққа алынып дінге қарсы аяусыз күрес жүргізілді. Дін негіздеріне: «Коран-книга, содержащая изложения догм и положений мусульманской религии, мусульманских мифов и норм права» [а «Библия...-религиозный сборник разрозненных легенд, взаимно противоречащих, в разное время написанных и полных исторических ошибок сочинений, выдаваемых церковью за «священные книги» [93], - деп баға беріліп халықты дінге қарсы қойып, атеистік көзқараста өмір сүруге мәжбүрледі.

Ал, социалистік қоғамды өмірге әкелген пролетариаттың келесі бір көсемі В.И. Ленин «Дін дегеніміз-өмір бойы басқа біреулерге жалданып жұмыс істеумен, мұқтаждықпен күнелтетін халықты рухани езудің бір түрі», - деген бағасы кеңестер еліндегі дін жөніндегі негізгі саясатты анықтап берді [94]. Ұлы көсемнің дінге берген бұл бағасы, біздің қоғамның «ілгері дамуына бөгет жасайтын ескіліктің адам санасындағы, мінез-құлқындағы қалдықтармен аяусыз күрес жүргізілуі тиіс екендігін» міндеттеді. Ол міндет коммунистік құрлыстың дамуы, оның одан әрі өріс ала беруі арқасында үнемі және пәрменді түрде жүргізілетін ғылыми-атеистік насихат негізінде діни сенімдерді барған сайын жоққа шығару болып табылды.

КСРО - ның құрамындағы Қазақстан республикасында әрекет еткен барлық діни ұйымдар: ислам, православия және өзге де конфессиялар мемлекеттің қырағы көзінің бақылауына алынды. Мұрағат деректерін талдау барысында анықталғандай діни ұйымдар арасына, тіпті құпия тыңшылар жіберіліп, солар арқылы олардың қызметін өз

мүдделеріне сай бұрмалауға ұмтылған фактілер де болғандығы белгілі болып отыр. Адамдардың рухани өмірі осылай коммунистік идеологияның тұтқынына, дінсіздікті насихаттау партиялық жұмыстың маңызды салаларының біріне айналды. 1950 жылдары белең алған дінге қарсы күрес коммунизм үшін, капиталистік дүниені насихаттауға барынша күш салатын буржуазиялық идеологияның бұқараға тигізетін ықпалына қарсы күрестің маңызды салаларының бірі болып табылады дей келіп, адам санасындағы діни қалдықтарды жою партия ұйымдарының, барлық коммунистердің ең маңызды міндеттерінің бірі деп есептеліп, бұл жұмысқа зор идеологиялық және саяси міндет жүктелді. Жүргізіліп отырған ғылыми-атеистік тәрбие өз дәрежесінде емес деген баға беріліп, 1959 жылы 12 наурызда, Қазақстан КП Орталық комитеті және облыстық партия комитеттері «Республикада ғылыми-атеистік насихатты жүргізуді күшейту шаралары туралы» атты қаулысын қабылдап, атеистік үгітті одан әрі күшейту туралы барлық бастауыш партия ұйымдарына өзінің жолдауын жариялады. Көптеген партия, кеңес және комсомол ұйымдары халық арасындағы дінге қарсы насихатты түбірімен жақсарту жөнінде қажетті нақты әрекеттерге көшті. Оларға:

Халықты кеңінен қатыстыра отырып, ана тілінде дін жөнінде атеистік тақырыпқа дәрістер оқу, баяндамалар жасап, әңгімелер өткізіп отыру;

Дінге қарсы насихатта осы заманғы ғылым мен техниканың жетістіктерін және табыстарына сүйеніп, оларды кеңінен пайдалану. Сондай-ақ, кеңестік жасанды жер серіктері мен тік ұшақтары туралы ғылыми деректер мен материалдарды, дінге қарсы бағытталған көпшілікке кең тараған көркем шығармаларды, фельетондарды, мақалдар мен мәтелдерді кеңінен пайдалану;

Партия ұйымдары көрнекі үгіт құралдарын, плакаттарды, диапозитивтерді, арнаулы ғылыми-көпшілік фильмдерді, саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының барлық аудандық бөлімшелеріндегі тәжірибе көрсетуге арналған химиялық реактивтерді және сол сияқтыларды пайдалана отырып, дінге қарсы сұрақ және жауап кештерін үнемі ұйымдастыру;

Клубтарды, мәдениет үйлерін, кітапханаларды, оқу үйлерін, қызыл отауларды, ғылыми-атеистік насихатқа кеңінен пайдалана отырып, олардың жұмысын жақсарту;

Атеистік стенділер-көрмелер ұйымдастырып, жаратылыстану ғылымы және дінге қарсы тақырыптағы кинофильмдер мен диапозитивтерді көрсету арқылы дәрістер, тақырыптық кештер үнемі өткізіп тұру;

Атеистік мазмұндағы пьесалар қойып, концерттер көрсету;

Партия ұйымдары мен мәдениет мекемелері оларды диапозитивтер мен кинофильмдерді көрсетуге арналған құралдармен, атеистік стенділер-көрмелер жабдықтауға арналған құралдармен және материалдармен, қажетті әдебиеттер мен қамтамасыз ету;

Барлық киноқондырғыларда атеистік кинофильмдерді кеңінен көрсетуді қамтамасыз ету;

Республикадағы мұражайлар жанынан кәсіпорындарда, құрылыстарда, ұжымшарлар мен кеңшарларда көрсету үшін дінге қарсы көшпелі көрме ұйымдастыру шаралары енді;

Еңбекшілерге атеистік тәрбие беру ісін онан әрі жалғастырып, оның өрісін ұлғайту партия ұйымдарынан атеистік насихатқа партия, кеңес және комсомол белсенділерінің таңдаулы күштерін, мектептің мұғалімдерін, ең алдымен, химиктерді, биологтерді, физиктерді, агрономдарды, дәрігерлерді және ауыл шаруашылығы мамандарының көптеген отрядтарын кеңінен таратуды талап етеді. Сонымен қатар бұған атеистік насихатқа белсене қатысқан қарттарды, сондай-ақ діннен қол үзген адамдарды кеңінен тартты;

Қазақстан КП Орталық комитеті дінге қарсы насихатты жаппай өрістетудің маңызды шарттарының бірі насихатшылармен атеист-лекторларды іріктеп, тәрбиелеу болып табылады деп есептейді. Партия ұйымдары бұл күндері олардың құрамын қайта

қарап, олардың идеялық теориялық дәрежесін және медициналық шеберлігін арттыру жөнінде шаралар жүйесін белгілеп, оны жүзеге асыруға міндетті;

Осы мақсат үшін ең алдымен, қалалық және аудандық партия комитеттері жанынан атеист-насихатшылардың тұрақты жұмыс істейтін семинарларын құрып, олардың жұмысын қадағалау;

Қазақстан КП Орталық комитеті бастауыш партия ұйымдарының даярлығы мол инженер-техник қызметкерлерінен, ауыл шаруашылығының мамандарынан, мұғалімдер мен дәрігерлерден атеист-насихатшыларды іріктеп, оларды жиналыстарда бекітіп, ислам дініне қарсы арнаулы лекциялар оқуға даярлап, жұмыс орнында сондай-ақ дінге сенушілердің тұрған жерінде дінге қарсы жеке әңгімелер өткізу үшін пайдалану;

Бастауыш партия ұйымдары, саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының бөлімшелері таяу күндердің ішінде қалалар мен жұмысшы поселкелерінде атеистер үйін ұйымдастыру жөніндегі мәселені қарап, шешкені және олардың жұмыс істеуі үшін партия, кеңес, комсомол және ғылыми қызметкерлердің, интеллигенция өкілдерінің, халық шаруашылығы мамандарының таңдаулы күштерін қатыстыру;

Мектептердегі ғылыми-атеистік жұмыстың жағдайына ерекше көңіл бөлген жөн. Көптеген мектептермен оқу орындарының партия ұйымдары жоғары партия органдарының қаулысын қанағаттанғысыз орындайды, оқушылар арасындағы атеистік тәрбиенің бетімен кетушілігіне ымырашылдық жасайды. Халық ағарту бөлімдері, партия және комсомол ұйымдары жергілікті жерлерде істің жағдайын мұқият тексеріп, мектептер мен оқу орындарындағы атеистік тәрбиені негізінен жақсарту жөнінде практикалық шаралар қолдану;

Жастар арасында атеистік жұмысты да жақсарту талап етілді. Комсомол ұйымдарының бұл істегі рөлін кеңейту жөнінде нақты шаралар белгілеп, талқылау керек болды. Кеңес жастары арасындағы ағарту жұмыстарының мәдениетінің жаңа тиімді түрлерін кеңінен енгізіп, қолдау керек, оларды діни әдет - ғұрыптардан құтқарып, дәстүрлі халық мейрамдарын пайдалану керек;

Партия ұйымдары жастардың өміріндегі маңызды оқиғалардан (үйлену тойы, төлқұжат алу, Кеңес армиясының қатарына шақырылуы, оқу орнын ойдағыдай бітіруі, т.с.с.) тыс қалмауы. Осылай насихат жүргізетін мекемелердің жұмыстары тиісті тәртіпке келтірілді [95].

Аталған шараларды жүзеге асыру үшін жұмыс алдымен, Қазақстан көлемінде ашық және құпия шіркеулеудің, мешіттер мен діни секталардың барлық түрлерін тізімге алудан басталды. 1956 жылғы есеп бойынша, Қазақстанда 60 православие шіркеуі, 26 мешіт, 2 синагога, 1 лютеран үйі тіркелген. Оларда 40 священник, 30 имам болған. 1958 жылы шіркеуге Украинамен Беларуссиядан тағы да 20 священник, 1960 жылы Қытайдан 22 молда келіп, [96] олардың жұмысы толық бақылауға алынды. 1960-1961 жылдары жүргізілген шаралардың әсерінен 9 шіркеу жабылып, дін басыларының саны 106-дан 87-ге кеміген. 1962 жылы республика бойынша барлығы 25 мешіт ғана болды. Оның алтауы Шымкент облысында, Семейде - үшеуі, қалған бес облыста екіден, қалғандарында бірден, мешіттер тек Шығыс Қазақстан облысы мен Қостанай облысында болмаған. Республика бойынша 167 мұсылман қоғамында 32.000 мұсылман тіркелсе [97]. 1958 жылғы ақпаратта олардың саны 40 000 деп көрсетілген [96 3-8 п.]. Революцияға дейін бір ғана Түркістанда 200 мешіт, бірнеше медреселер жұмыс істесе, 1960 жылы мұнда бір ғана мешіт жұмыс істеп, «жұма намазға» 260-300 ғана діндарлар қатысып тұрған [98].

КП Орталық комитетінің үгіт насихат бөлімінің нұсқаушысы Ж. Үстеміровтің түсірген ақпаратында 1958 жылы «құрбан айт» мерекесінде он мыңдаған малдың сойылғаны туралы, 27 шілдедегі құрбан айтқа Қазақстандағы 27 мешітке 60.000-ға жуық сенушілердің барғанын анықтап және осы жағдайды көре тұра партия, кеңес, комсомол ұйымдарының еш шара қолданбай сырт қалғандығын жазған [99].

1958 жылғы 28 қарашадағы КОКП Орталық комитеті Президиумының қаулысымен «Әулие жерлер деп аталатын орындарға баруды тоқтату шаралары туралы»

шешім қабылданып, дінге сенушілердің «қасиетті орындарға» (бұлақтар, үңгірлер, мазарлар) барып түнеуіне тыйым салынып, ол жерлерді жаппай жабу орын ала бастайды. Қазақстанда тіркелген 26 «қасиетті орынның» 1959 жылы 13 - і жабылған, оның ішінде: 1958 жылы Қызылорда облысындағы «қасиетті орындар» «Арыстанбай әулие», «Қожан - қожа», «Адам-ата», «Қуандық - әулие», «Сараман қожа», «Базар - қожа» мазарларына бару тоқтатылды. Ал «Сығанақ», «Қорқыт», «Ақтас», «Оқшы ата», «Қора Сайын», «Бегім ана» мазарлары облыстық еңбекшілер депутаттарының шешімімен республикалық дәрежедегі мәдениет және тарихи орындар қатарына енгізіліп, оған діни рәсімдер орыны ретінде пайдалануға тыйым салынды [100]. Ал, Оңтүстік Қазақстан облысындағы 1958 жылғы тізім бойынша 16 «қасиетті мазардың» 1960 жылы 14-і жабылып, 1964 жылы бірде-біреуі қалмаған. Олардың кейбіреулерін трактормен талқандап, кірпіштерін бастықсымақтар шошқа қора салуға таратып әкеткен. Міне осылайша тек қана қасиетті орын ғана емес, тарихи ескерткіш болып табылатын, көптеген мазарлар әпербақан коммунистердің талқандауына ұшырап, елдің рухы мазаққа айналдырылды. Оның ішінде Түркістандағы Қожа Ахмет Иассауи мазары дін тарихының мұражайына айналып, әдебиеттер мен экспонаттар жинау орнына айналдырылған [100, 3-8 п.]. Шәуілдір ауданындағы ірі тарихи орын «Арыстан баб» мазары атеист үйіне айналып жанынан «қызыл отау» тігіліп, онда атеистік кітапхана жұмыс жасаған. Сайрамдағы «Ибрагим ата», «Абдул-азиз баба» мазарларына бару жасырын түрде жүргізіліп, осы мазарлардың кілтін ұстап, келушілерге жағдай жасап отырған шырақшылар Асанхан Мансұров пен Төрехан Үсенходжаевтың арқасында сақталып қалған [101]. Жамбыл облысы бойынша: «Әулие Қарахан баба», «Шамансұр», «Бабаджа хатун», «Тектұрмас» және «Сыпатай батыр» мазарларына баруға тыйым салынған. Жергілікті ауылдық кеңестің шешімімен «Әулие Қарахан» мазары облыстық өлкелік мұражайдың ғылыми-атеистік бөлімшесіне айналған. Бөлімде атеистік экспонаттар, жол көрсеткіші бар нұсқаулар болған. Осы мазардың көрмесіне бір ғана 1960 жылы 20600 адам келіп, 200 саяхат ұйымдастырылған [95, 10 п.]. Алматы облысындағы «қасиетті орын» Жамбыл ауданындағы Жанкелді елді мекеніне жақын жердегі «Арасан-Қорасан», Шелек ауданындағы «Аяқ-Қалқан», Қаскелең ауданындағы Пригородный көкөніс-сүт кеңшарының территориясындағы бұлақ болған. «Арасан-Қорасан» Жанкелді ауылынан 5-6 шақырым жерде кішкене арығы бар сайда орналасқан, бұл жерден 2 бұлақ көзі ашылған. Көне көздердің айтуы бойынша, революцияға дейін дінге сенушілер бұл жерге көптеп келіп тұрған, ал революциядан кейін атеистік үгіт насихаттың күшімен бәсеңдеген.

Халықтың рухани санасының тірегі болып табылатын, көненің көзі, өркениеттіліктің ізі, тарихи ескерткіштерді жою, әсіресе, Алматы, Жезқазған, Қызылорда, Маңғышлақ, Талдықорған облыстарында масқаралықпен жүргізілген. Бір ғана Алматы облысында мемлекет қарамағына алынбаған 635 ескерткіш болды. Жетісу өңіріндегі ортағасырлық Талғар қаласының орнына су тазартатын станция салынып ірі қоқыс төгетін орынға айналған. Шамалған ауылынан 3 шақырым жерде орналасқан 10 сақ қорғаныны бұзылып егістікке айналған. Қопа - Балхаш жолын салу барысында Алматы облысындағы жалғыз қола дәуірінің қорғаны жойылды. Кеген ауданындағы Төрткөл, Қызыл Қайрат, Шелек ауданындағы Шелек қалашықтарының орны жойылды. Ал Талдықорған облысындағы ежелгі петроглифтері бар бірнеше ескерткіш сындырылып, Еңбекші селосындағы бөгетті салуға жұмсалған. Сарқанд жолының бойындағы Қызыл-ағаш селосының жанындағы б.з.д. VІІ-V ғасырларға жататын сақ дәуірінің қорғаны бульдозермен тапталған. Қойлық қаласының қалдықтары, Маңғышлақта бұрынғы қабір-мазарлардың орны бұзылып, жаңа қорғандар салынды. Ақтөбе облысы Мартөк ауданында Сармат дәуіріне жататын Ногорненск қорғаны тоналған. Жезқазған облысы Шет ауданындағы екі сақ қорғаны су қоймасына айналдырылған. Қожа Ахмет Иассауи мазарының төңірегіндегі мәдени қабат дүңгіршектер салу үшін тазартылған. Шолақ-Қорған, Рабия Сұлтан-Бегім мазары, Әулие Құмшық-ата, Әлқоджа ата сарайлары, Сайрам мешіті, Сордоба Мирзо-Рабат мешіттері

жойылған. Қызылорда облыстары бойынша Көккесене қалашығы, Жүніс-Әулие, Бегім-Мұнар мұнарасы, Қарағанды облысы бойынша Қызыл - кент сарайы жойылды [102]. Жамбыл қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесінің шешімімен «Тектұрмас» мазары бұзылып жермен жексен етілген [97, 153 п.]. Діни орындарды жабу, қирату салдарынан көптеген тарихи-мәдени ескерткіштер жойылып, Кеңес өкіметінің «аса маңызды шарасы» бос қалған мешіттер мен шіркеулерді бұзып, оларды қамбаға, ауылшаруашылығы техникасын сақтайтын гаражға, атқораға, дүкенге, шеберханаға айналуына әкеліп соқтырды. Босаған мешіттер мен шіркеулердің «шаруашылыққа тиімді» жұмсалуды, халықтың діннен бас тартып, дін иелерінің «халықтың көңілінен» шыға алмағандығынан басталды деп түсіндірмекші болды. Өкімет иелерінің мешітке, «киелі» орындарға деген көзқарасы көптеген сенушілердің тастап кеткен, бос қалған ғимараттарын өздерінің күшімен жөндеп, ұйымдарын тіркеу туралы өтініштерін қайта жазуларына себеп болды. Осы жағдайға байланысты академик тарихшы М.Қ. Қозыбаев: «Кеңес өкіметі өз азаматтарына дін мен ождан бостандығын жариялай отырып, атеистік саясатты өршіте түсті. Бұл жолда барлық моральдық нормалар мен адамдардың құқықтары аяусыз тапталғаны мәлім. Оған барлық ауылдық жерлерде мешіттердің жаппай тартып алынып, қиратылуы, кей жерлерде мәдени-ағарту орындарына беріледі-мыс деп жабылған мешіттердің астық қоймаларына немесе мал қамайтын қораларға айналуы толық дәлел бола алады» [103]. Мінеки, коммунистік идеологияның жарқын болашаққа бастаған жолы, халықтың санасындағы ата - баба салт дәстүрлері мен рухани құндылықтарын талқандау арқылы жүргізілгені бүгінгі ұрпаққа да зиянды із қалдырғанын көреміз.

Халықты діннен ажырату мақсатында еңбекшілерге берілетін атеистік тәрбие беру ісі онан әрі жалғастырып, оның өрісін ұлғайту үшін, атеистік насихатқа партия және комсомол белсенділерінің таңдаулы күштерін, мектеп мұғалімдерін, ең алдымен, химиктерді, биолгтерді, физиктерді, агрономдарды, дәрігерлерді және ауыл шаруашылығы мамандарының көптеген тобын кеңінен қатыстыру міндеттелді. Мысалы, бір ғана Қызылорда облысы бойынша атеистік насихат жұмысына: 27 дәрігер, 26 физик-математик, 11- географ, 38 - биолог тартылған [96, 179 п.].

1956 жылдан - 1960 жылға дейін Семей облысында атеистік тақырыпқа 4775 дәріс оқылса, 1958 жылы Қызылорда облысы бойынша - 579 дәріс, Гурьев облысында - 872 дәріс оқылған. Ақтөбе облысы бойынша 700 дәріс, Оңтүстік Қазақстан облысында 1534 дәріс оқылып, 112 клубта атеистік бұрыш ашылып, 150 кітапханада атеистік көрме ашылып, 474 атеистік фильм көрсетілген. Жалпы 1958 жылы атеистік тақырыпқа 20 000 дәріс оқылып, республика газеттерінің беттерінде 100 мақала, облыстық газет беттерінде 600 мақала жарияланған [96, 3-8 пп.]. 1959 жылы 7 облыста (Ақтөбе, Павлодар, Қарағанды, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан) 30 000 дәріс оқылып, барлық облыстарда атеистік үйірмелер жұмыс істеген. 1959 жылы атеистік тақырыпқа 100 кинофильм көрсетілген. 1960 жылы бүкіл Оңтүстік Қазақстан облысына белгілі исламтанушылар Зұлпыхар қожа, Әмре қожа, Түсей, Қарабай әжімен «Құранның ғылымға қарама-қайшылығы туралы» ілімді дәлелдеу үшін 66 баяндамашы 900 дәріс оқыған [96, 200 п.]. Республика бойынша бір ғана 1963 жылы бес облыста: Қостанай, Өскемен, Жамбыл, Шығыс Қазақстан, Семейде 7 000 дәріс оқылып, дінге қарсы үгіт-насихат майданы зор қарқынмен жүргізілді.

1960 жылы республикада 10 қоғамдық жұмыстан босатылған қызметкерлер штаты ашылып (үшеуі Қаз КСР Министрлер Кеңесінде және жетеуі облаткомдар жанында) дінбасылар мен діни қоғамдардың Кеңес өкіметі заңдары мен өкімет қарарларын орындауын қатал бақылауға алып қадағалайтын болған. Міне, осы дерек кеңестер елінде дінге қарсы үлкен идеологиялық майдан ашылғанын көрсетеді. Рухани жұтандыққа бастайтын бұл шаралардың зардабын біздің бірнеше ұрпағымыз басынан кешіріп, оған қарсылық көрсете алмай, шарасыздық танытқан кезді басынан өткізген жайы болды. 1959 жылы қалалардағы шіркеулерге 3.000 адам, мешітке 5000-ға жуық адам барды десе, бір

ғана Шымкент облысындағы «айт намазына» 3700 адам қатысып, олардың саны 1960 жылы 50 пайызға кеміген. Кеңес үкіметі осылай ораза кезінде намаз оқып, ораза ұстағандарға айып төлетіп, халықтың шыдамын шегіне жеткізе қорлап, қудалау саясатын жүргізіп отырды. Батыс Қазақстан облысында 1930 жылы 45 мешіт болса, 1960 жылғы жалғыз мешіт қалып, «айт намазына» 100 - 250 адам, жұма намазға 15 - 20 адам баратыны тіркелген [96, 3-8 п.].

Алматы қаласында 1960 жылы жалғыз мешіт қалып, ол Пушкин көшесіндегі № 6 үйде орналасқан. Ол мешітке намазға 3000 адам баратын болған [136]. 1960 жылы Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Иассауи кесенесінің жанындағы ескі мешіттің орнынан салынбақшы болған жаңа мешіттің құрылысы Мәскеуден келген уәкілдің араласуынан кейін тоқтаған [95, 11 п.]. Түркістан қаласындағы мешітке айт намазына 1963 жылы 4500 адам жиналып, мешітке сыймағандықтан Қожа Ахмет Иассауи кесенесінің сыртында, вокзалда, жол үстінде оқылған [101, 3 п.]. Халықтың еркінен тыс 1963 жылы Алматы облысы Панфилов қаласында салынған жаңа мешіт жабылған [104]. Дегенмен мешіттер саны әр жылы әртүрлі жағдайға байланысты өзгеріп отырған. Шымкент облысында 1963 жылы бір мешіт тіркелсе, 1964 жылы алты мешіт тіркелген [138]. Жамбыл облысындағы жұмыс жасап тұрған алты мешіттің екеуі ғана тіркелген, оның біреуінің бертін келе жұмысы тоқтап, дәріханаға айналдырылған [95, 11 п.]. Мешіттерді жабу, олардың санын кеміту үрдісі басталғаннан кейін, жаңа мешіт салу ешбір мүмкін болмады. Ал, Алматы облысы бойынша 1963 жылы «айт намазы» он ауылда өтелсе, 1964 жылы бір ғана ауылда (Еңбекшіқазақ ауданында) өтелгені анықталып, айт намазына қатысушылар саны 1500 адамға кеміген. Осындай қыспаққа қарамастан республика бойынша 1962 жылғы айт намазына 28000 адам қатысса, 1963 жылы олардың саны 31485 адамға өскен [104, 80 п.].

Жоғарыда аталған жағдайлардың әсерінен дінге сенушілердің саны жылдан - жылға кеміп отырғандығы партия жүргізген идеологиялық жұмыстың пәрменділігін көрсетеді. 1961 жылы 16 наурызда КСРО Министрлер кеңесінің «Об усилении контроля за выполнением Советского законодательства о культах» [27, 73 п.] қаулысынан кейін дінбасыларының азаматтарды барынша дінге тарту мақсатымен діни мейрам күндері өзінің жұмысын жандандыра түсетінін, мешіттер мен шіркеулерге құрбан айт, ораза айт, пасха және сол сияқты діни мейрам күндері баратын адамдар санының көбейіп кететінін ескеріп, мешітке барған адамдар санын тізімге ала бастаған. Дінге қарсы жұмысты МҚК, сот, және прокуратура, Бас Басқарма бөлімдері сол сияқты Дін істері жөніндегі Уәкілдік атқарып және оның әрбір облыста дін істері жөніндегі уәкілдігі жүргізді. Бұл мекемелер (қадағалау - бақылау) яғни діни ұйымдардың қызметін тексеріп, министрліктерге, ведомстволарға, мекемелермен ұйымдарға діни ғұрыптар туралы заңды қолдану мәселелері жөнінде түсінік беруге, діни ғұрыптар туралы заңды бұзғаны үшін кінәлі адамдарды тәртіпке шақыруға, әкімшілік және қылмыстық жауапқа тарту мәселесін қоюға құқылы болды. Мысалы, 1958 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетінің 4 - бөлімінің бастығы майор Жалмағанбетовтың Орталық партия комитетіне түсірген мәлеметінде 100 - ге жуық сенушінің тұратын жері, жұмыс орны, қашан және қай жерге жиналып, қандай уағыз айтатыны туралы толық мәлімет жіберген: «Қазақстан мұсылмандарының дін ісін «қазир» бақылайды, оны Орта Азия және Қазақстан мұсылмандар қоғамы сайлайды, қазір Қазақстанда 31 имам және 27 азаншы бар, жақында мұсылман қоғамының Ташкент қаласында орналасқан медресесіне екі комсомол мүшесінің оқуға жіберілгені белгілі болды» [105], - деген ақпарат түсірген.

Бұл мекемелер бақылап қана қоймай шіркеулер мен мешіттердің жылдық табысын да есептеп отырған. Мысалы: 1956 жылы шіркеулер табысы - 2.102.300 сом болса, мешіттердің табысы - 1.939.002 сом болған, 1958 жылы шіркеу табысы - 3.518.631 сом болса, мешіттердікі - 3.530.000 сомға өсіп, 27 шілдедегі «құрбан айт» кезінде мешіттерге 146.622 сом ақша түскен. Ал 1959 жылы мешіттердің табысы керісінше, 300.000 сомға

кеміген. Бір ғана Батыс Қазақстан облысы мешітінің жылдық табысы туралы мынадай мәліметтер келтірілген: 1958 жылы - 70.000 сом; 1959 жылы - 70.000 сом; 1960 жылы - 72.000 сом; ал түрлі діни мерекелерден: 1958 жылы - 5.000 сом; 1959 жылы - 10.000 сом; 1960 жылы - 6.000 сом түскені белгілі болған [96, 9 п.]. Алматыдағы соңғы мешіттің табысы 1964 жылғымен салыстырғанда, 1.500 сомға өскен. Жалпы 1963 жылы 1962 жылғымен салыстырғанда, мешіттердің табысы республика бойынша 174,618 сомға көбейген [106]. Бұл деректер діни мекемелер мемлекет тарапынан қаржыландырылмаса да оған келушілердің қолындағы барын беріп, өздерінің рухани қажеттерін атқаратын қасиетті орынның жабылып қалмауына мүдделі екендіктерінің айғағы.

Дінге қарсы ғылыми-атеистік насихаттың жағдайы КП Орталық комитетінің бюроларында жылына екі рет ал, барлық облыстық, қалалық, аудандық және бастауыш партия комсомол ұйымдарының бюроларында бірнеше рет қаралып отырған. Сонымен қатар ғылыми-атеистік жұмыс барлық партия, комсомол жиналыстарында, мәдени орталықтар мен мекемелерде, аудандық оқу бөлімдерінде, мектептер мен оқу орындарының кеңестерінде талқыға түсіп тұрған. Шымкент қалалық партия комитетінің бюросы «дінге қарсы жұмысты тиімді ұйымдастырудың» шараларын бір жылда (1962 ж) бес рет қараған [103, 36 п.]. Әсіресе, Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданындағы атеистік жұмыс Орталық комитеттің ерекше бақылауында болған, егер басқа аудандар Орталық комитетке жылына бір рет есеп берсе, Сайрам ауданының уәкілі ай сайын есеп беруге тиісті болған. Атап айтқанда осы ауданда 1961 жылы - 715 атеистік дәріс оқылса, 1962 жылы - 865, 1963 жылы - 1000 дәріс оқылған. Аудандық кітапханадағы 40.000 кітаптың - 3.000 - ы атеистік кітаптан тұрған. Жалпы ауданда 123 лектор жұмыс жасаса, Ленин атындағы колхозда 190 тыңдаушысы бар ғылыми атеизм университеті жұмыс істеген [107]. Оның себебі, осы аудандағы діни мерекелерге барушылардың алынған тізіміне қарай, дінге сенушілердің басым екендігінің анықталуында еді. Мәліметтер партия ұйымының алдында діншілдермен күресуді күшейту міндетін қоюға негіз болды.

Осылай жүргізілген үгіт-насихат жұмысы өзінің «жемісін» бере бастаған, және дінге қарсы насихатты жаппай өрістетудің өте маңызды шарттарының бірі еңбекшілер арасында насихатқа діннен қол үзген адамдарды кеңінен қатыстыра отырып жүргізген жөн деп есептеген. Мысалы: Жамбыл қаласында 1963 жылы оқылған 20 000 атеистік дәрістің әсерінен 57 адам діннен бас тартып, 4 священник пен 1 молда діни қызметін тоқтатқан [101, 83 п.]. Алматы облысы бойынша 695 мүшесі бар 23 діни ұйым, жалпы 1964 жылы 170 молда өзінің қызметін тоқтатқан [104, 8 п.]. Ал, бұның астарында саяси, әлеуметтік қысым жатқаны айқын еді. Шымкент қаласында атеистік кеңес құрылып әрбір сенушіге бір үгітші - коммунист бекітіліп оған мынадай нұсқау берілген: «үгітші дін уағыздаушылардың кім екендігін жақсы білуі тиіс, ол қайда істейді, кіммен қызметтес болды, моральдық келбеті, білімі, дінге сенушілер алдындағы беделі қандай, өзінің тұрмысы қандай, діншілдермен қандай қарым-қатынас жасайтынын білуі тиіс болған» [101, 36 п.].

Дінге қарсы жұмысты табанды ұйымдастыру ісінде әрбір коммунист белсенді атеист болу керек және діни әдет-ғұрыптарды жақтаушы адамдарға немқұрайлы қарайтын коммунистерді партия органдары қатаң жазалап отырды. Мысалы, Жамбыл облыстық атқару комитетінің дін істері жөніндегі уәкілі Сауырғалиев діни ұйымнан пара алғаны үшін жұмысынан босатылған [95, 44 п.]. Бас Басқарманың қырағылығы арқасында Ақмола қаласының есепшісі Ақбаевтың Вишневск аудандық атқару комитетінің төрағасына: «Бүкіл аудан халқын келесі жұмада «күрбан айт» басталатынын хабарласаңыз екен» деп жазған телеграммасы ұсталып, бұл шектен шыққан әрекет деп бағаланған [101, 115 п.]. Ақтөбе қаласына Шалқар қаласынан келіп вокзалдың алдындағы В.И. Лениннің ескерткішінің түбіне шапанын жая салып, намаз оқыған Абдығалиев пен Рысмағамбетовке вокзал қызметіндегі коммунистердің еш шара қолданбағаны қатты сыналған [108].

2.6 «Ел кезіп» кеткен дін иелерінің жалпы жағдайы

Хрущевтік «жылымық» жылдары мешіттердің жаппай жабылу салдарынан, мешіттерден кеткен молдалар «ел кезіп» кетуге мәжбүр болған. Осындай «ел кезген» молдалардың діни қызметін партия ұйымдары «халықтың артта қалған бөлігін, әсіресе, үй шаруасындағы әйелдерді» алдап, арбау арқылы «арамтамақтықпен өмір сүрушілер» деген атпен тізімдеп қызметіне қатаң бақылау жүргізе бастаған. Мысалы: Арал қаласының тұрғындары өздерінің жиналыстарында ел кезіп, «арамтамақтық өмір сүріп жүрген» молдалар Абдулла Садиров пен Хаджи қожаның еш жерде жұмыс істемейтіндігін анықтап, оларды ауданнан 5 жылға аластау туралы шешім шығарған [96, 179-186 пп.]. Осындай «кезбе молдалардың» ісіне тыйым салудың тиімді жолы олардың табысын бақылап салық салу болды.

Алайда, бақылаушы органдардың мәліметтері бойынша, 1960-1961 жылдары құжаттарда қаржы мекемелерінің осы мәселеге мән бермей отырғандығы анықталған. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша дін істері жөніндегі уәкіл Ляпуновтың осы облыстағы «кезбе молдаларды» тізімдеп, олардың табысын анықтау керектігі жөніндегі қаржы бөлімшесіне түсірген ұсынысы жауапсыз қалған [97, 175 п.]. Тек, Ақмола қаласының қаржы бөлімі әрбір «ел кезуші» молдаға 4.000 сом көлемінде табыс салығын салған [96, 20 п.]. Бұл табыстарды молдалар әртүрлі діни (қаза болғандардың жаназасын шығару, сүндетке отырғызу) салт-дәстүрлерді атқару жолымен (ақшалай, малмен және затпен) табатынын анықтаған [95, 71 п.]. Көкшетау облысында 38 молда, Қызылорда облысында 50 молда, жалпы 1963 жылғы ақпаратта республикада 350 - 400 «кезбе» молда бар екендігі анықталған [104, 80 п.]. Олардың «кезбе» атануының себебі артына түскен қуғындаудан құтылу мақсатында олардың бір орында тұрақтап тұруына мүмкіндік болмағандықтан еді. Ал, қарапайым халық діни рәсімдердің жасалуына өте зәру болды. Міне, сондықтан, дінбасылары төнген қауіп қатерге қарамастан, өз міндеттерін осылай атқаруға мәжбүр болған.

Дін қызметкерлерінің жұмысы заңға қайшы деп есептелсе, ҚазКСР - ы Қылмыстық кодексінің 200 - 1 бабымен айыпқа тартылған [97, 144 п.]. Заңға қайшы келетін «әрекеттердің» де ауқымы кең болған, Мысалы: Семей облысы Көкпекті ауданындағы балаларды сүндеттеумен айналысып жүрген екі «қожа молданың» ісі сотқа берілсе, Тобыл ауданы Красносельский кеңшарында 25 жыл бойы емшілік жүргізіп жүрген бақсы Жетпісов Дүйсенің ісі заңға қайшы деп есептелініп, 2 жылға бас бостандығынан айрылу жазасына кесілген [106, 136 п.]. Жалпы бір ғана 1964 жылы республикада «аса қауіпті дінбасылары мен секта басшыларының» 37-сі қоғамдық соттың шешімімен жауапқа тартылған [106, 89 п.]. Алматы облысы бойынша 79 «кезбе» молданың 33 - і сот үкімімен өзінің жұмысын тоқтатқан [106, 89 п.]. Сонымен қатар, молдалардың дінге сенушілерден ақша жинап мешіт салдыру, қабірлерді жаңарту фактілері әшкереленіп сыналған. Осындай жағдайлар: Қызылорда облысындағы Сұлутөбе станциясында тұратын КОКП мүшесі, мұғалім, әкесі осы мешітте қызметін атқарған Еділов тарапынан болған [96, 162 п.]. Павлодар қалалық атқару комитетінің араласуымен жергілікті имамдардың қабірлердің сыртын қоршауға жинаған 63.000 сом ақшасы тәркіленген [95, 32-44 п.].

1964 жылы 2 қаңтарда № 91 КОКП Хатшылығының «Тұрғындардың атеистік тәрбиесін күшейту жөнінде» қаулысы ерекше қатал бақылауға алынып, құпия түрде мешітке барып жүрген мемлекет және қоғамдық мекемелердің жеке қызметкерлері, сондай-ақ жастардың кейбір бөлігі жеке тізімделіп, қатал партиялық жазалауға ұшырай бастады. Осындай жағдай Қызылорда облысының коммунистері Көмеков пен Қайыровтар тарапынан орын алып, олардың отбасы мүшелерімен құпия түрде мешітке барып тұрғаны анықталды [96, 162 п.]. Дінге қарсы жұмысты дұрыс ұйымдастырмай керісінше, дін басыларының қызметіне жүгініп жүрген коммунистердің әрбір қимылы бақылауға іліне бастады. Осы жылы Оңтүстік Қазақстан облысында атеистердің

жұмысын жандандыру мақсатында үш күндік 500 адам қатысқан семинар болып өтті. Семинарға Мәскеуден, Алматыдан лекторлар шақырылып, ислам діні жөнінде 104 баяндама, христиан діні жөнінде 81 баяндамашы мағлұмат береді [104, 70 п.]. МҚК - ті мен Дін істері жөніндегі Кеңестің Қазақстандағы уәкілдігі бірігіп, ұжымшарлардағы село интеллигенциясының кейбір бөліктерінің, тіпті, комсомол мүшелері мен коммунистердің діни әдет-ғұрыптарды сақтап, өлген туыстарына ас бергенін анықтаған. Семей облысы Ақсуат ауданының партия комитетінің бөлім бастығы Сейілханов (1920 жылдан КОКП мүшесі) әкесінің өлімін бір топ молда шақырып, барлық шарифат жолымен жерлегенін, бұған екінші хатшы С. Табариков басынан аяғына дейін қатысып ешбір шара қолданбастан барлық билікті молдаларға беріп өзі шет қалғанын Семей облыстық партия комитетінің бюросына хабарлаған [95, 35-44 pp.]. Солтүстік Қазақстан облысы № 3 кеңшарының коммунисті М. Әбішевті қожа - молдаға баласын сүндеттеткені үшін айыптаған [106, 157 п.]. Жезқазған қалалық комсомол комитетінің 1 - хатшысы Хромовский мен қала милициясы бастығының орынбасары О.Т. Юрченконың ата - аналар күнінде туысқандарының басына барып гүл қойғаны анықталып тиісті жаза қолданылған [109]. Алматы қаласының кейбір ұйымдарында діни мейрам кездерінде шіркеулер мен мешіттерге көмек беру орын алғаны, Алматы қаласының автобазасы діни мерекелер «пасха», «құрбан-айт» кезінде қала шіркеуі мен мешіттеріне арнайы рейстер жіберіп көлікпен қамтамасыз еткені, бұл автобустар түнгі сағат 2.00 - ге дейін жұмыс істегені белгілі болған. Діни мерекелер кезінде діни ұйымдарға көмек бергені үшін, партия ұйымдары рейд арқылы автобаза қызметкерлері коммунистер - Шаломановқа, Ротинге, Костенколарға партиялық сөгіс жариялайды [101, 4-21 pp.]. Ал, Алматы қалалық өнеркәсіп сауда бастығының шешімімен еврей синагогасына «пасха» кезінде «мацы» пісіру үшін 12 тонна ұн сатқан адам жазаланған [101, 30 п.]. Бұл істе қандай да болсын ымырашылдық жасау партияның дінге қарсы жұмысына зиянын тигізеді, дей келе, қаулыда коммунистердің діни әдет-ғұрыптарды сақтауы, әртүрлі діни секталардың жұмысына қатысуы, шіркеу мен мешіттерге баруы олардың партияда болуымен сыйыспайды делінген. Жүргізілген атеистік үгіт - насихаттарға қарамастан 1964 жылғы дерек бойынша қайтыс болған адамдардың Жаңа Семейдегі - 95%, Аягөзде - 83,3%, Түркістанда - 82%-нің жаназасы мешітте шығарылған [104, 80 п.]. Алматы мешіті 1965 жылы 342 жаназа, Шымкент мешіті қайтыс болған 1520 адамның 581 - інің немесе 38% - ының жаназасын мешітте шығарған [101, 36 п.]. Бұл деректерден партия қаһарынан қорқып кейбір коммунист болса да рухтарының жасымағанын, ата - баба дәстүрін сақтап, дінінен безбегендігін және сол үшін жазаға ұшырап отырғанын көруге болады.

Қабірлердің сыртын жаңартуға, ал мазарлардың кейбіреуінің құрылысы жоғары сәулеттік стильде салынғаны олардың тарихи ескерткіш екендігі, оны сақтау керектігі мәселесі қаралмады. КОКП Орталық комитеті үгіт - насихат бөліміне Жезқазған қаласының бас сәулетшісі К.О. Тұрлыбаев ресми құжат жолдап, онда Жезқазғандағы мазарлардың кейбіреуінің құрылысы архитектуралық мазмұны жағынан сапасы жоғары өнер туындысы түрінде қаланғаны, оларды сақтау керектігін жазады [109, 8 п.]. Бірақ та Орталық комитеттен оларды қорғау туралы ешбір жарлық берілмеді.

Діни рәсімдер болып табылатын құрбандық шалуға, ораза ұстауға, балаларды сүндеттеуге, діни жолмен неке қиюға, мешітте жаназа шығаруға, тасаттық жасауға тыйым салынды. Бұл шаралар молдалардың халықтан мол ақша жинау және осы жағдайлар орын алмауы үшін көптеген атеистік бағыттағы дәрістер оқылып халықтың «көзін ашатын», түрлі конференциялар өтіп, үгіт-насихат бұрыштарын ұйымдастыру қызу қолға алынды. Халықтың санасындағы бір ғана сенім - «коммунизм» ғана болуы керек қалғанының бәрі, жалған, кертартпа, адасушылық болып саналды. Сондықтан да халықты тура жолға салудың бір-ақ тәсілі «дін - апиыннан» ажыратып жарқын болашаққа жол сілтейтін коммунистік идеологияны кең насихаттау ғана қажет болды.

Осы бағытта істелген шаралардың бірі 1965 жылдан бастап жоғары және орта арнаулы оқу орындарындағы жастар арасында атеистік тәртіпті күшейту мақсатында

1958-1959 жылы енгізілген «Ғылыми атеизм негіздері» факультативтік курсы енді жеке пән ретінде жүргізіліп, міндетті емтихан тапсырумен жоғары оқу орнына 24 сағат жүктемемен, орта арнайы оқу орындарында 16 сағат жүктемемен бекітілді. Осы пән бірінші болып медицина, ауыл шаруашылығы, педагогика, өнер институттарында оқытылып, пәнді жүргізуге республика бойынша дайындықтан өткен мамандар шақырылды [104, 103-104 п.]. Сонымен қатар жастардың өміріндегі маңызды оқиғалар (үйлену тойы, төлқұжат алу, Кеңес армиясының қатарына шақырылуы, оқу орнын ойдағыдай бітіру) сияқты жаңа мерекелерді енгізу арқылы әлеуметтік өміріндегі оқиғалардан тыс қалмауға әрекет жасалды. Әрбір облыстан Орталық комитет 60 - жылдардың аяғынан бастап осы шаралардың қалай ұйымдастырылып жатқандығы жөнінде есеп талап етіп отырылған. Мысалы: Ақтөбе облысында бір жылда 59 төлқұжат беру мерекесі, 38 армияға шығарып салу мерекесі, 32 комсомол тойы, 17 шопандар тойы, 329 еңбек ардагерлерін марапаттау кеші, 3 еңбек мерекесі, 432 тақырыптық кеш өткен [108, 103-104 п.].

3.6 Дінге қарсы күрестің жаңа кезеңінің басталуы

1965 жылы желтоқсан айында жаңа мемлекеттік орган, бұрынғы Дін істері жөніндегі Уәкілдік енді Дін істері жөніндегі Кеңес болып құрылды. Министрлер Кеңесі жанынан құрылған бұл орган КОКП Орталық комитетінің идеологиялық бөлімімен, КСРО ҰҚК - нің идеологиялық диверсиямен күрес бөлімімен тығыз байланыста жұмыс жасады.

Тарихшылар Кеңес өкіметінде 1965 жылы құрылған бұл органның дін саясатында атқарған қызметі мен жұмысына әртүрлі бағалар берді. Ресей тарихшысы М.И. Одинцов бұл Кеңесті революцияға дейінгі обер-прокурорлық мекемесінің жандануы [110] десе, Г. Штриккер «Кеңес діни ұйымдардың қызметін бақылаушы рөлін атқарды» [111] деді. Канадалық тарихшы Д.В. Поспеловский «бұл мекеме дінге сенушілердің құқын аяққа басып, әрбір ізін аңдушы орган болды» деп баға берді [112]. Ал Бүкіл дүниежүзілік ислам лигасының газеті «Ислам әлемінің хабаршысы»: Кеңес Одағында «Мұсылмандар ислам әлемінің басқа халықтарынан оқшаулау мақсатында мұсылмандар төңірегіне темір дуал орнатылды», «КСРО - дағы мұсылмандар құқықтарының бұзылуы» басталды деп жазды. Осы құрылған Кеңестің негізгі қызметі мен тарихтағы орны жөніндегі деректер зерттеушілерге соңғы жылдары ғана ашылған мұрағат құжаттары арқылы ғана белгілі бола бастады.

Жаңа құрылған Дін істері жөніндегі Кеңестің әрбір одақтық республикаларда Уәкілі сайланып, олардың атқаратын жұмыс ауқымы да кеңейді. 1965 жылғы 5 қаңтарда №13 Қазақстан Орталық партия комитетінің «Шымкент облысының Түркістан ауданы тұрғындарының арасындағы атеистік тәрбие беру ісіндегі өрескел кемшіліктер жөнінде» қаулысы қабылданып, оны орындау барысында Түркістан жерінде «бай-феодалдық және діншілдік ескішілдік» әлі де болса жойылмай отыр деген баға берілді. 1965 жылғы «ораза айт» намазына 1964 жылғымен салыстырғанда, 1000 адамның көп болғаны, пітір садақасын жинауға, тіпті, коммунистердің де қатысқаны, жаназаны мешітте шығарудың артып кеткені белгілі болып оған шара қолданылды. Аудандық партия комитетінің хатшысы Н. Құрбанбаев және оның туған бауыры, коммунист, аудандық газеттің редакторы аналарын жерлеуге дін иелерін шақырып, үстіне шапан, қолына таяқ ұстап, бас иіп қарсы алғаны, ал барлық аудандық басшылар көре тұра еш шара қолданбағаны және аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Бейсенбаев жолдас осы жағдайдан кейін Құрбанбаевты орнынан алуға асықпағаны анықталған. Сонымен қатар Түркістан қаласындағы Калинин атындағы мектептегі 676 баланың 601 - нің сүндеттелгені белгілі болған. «Мұқым ата», «Ұкаша ата» мазарларына зиярат етудің тоқтамай отырғаны, мазарлардың жанынан егілген бақтың Куйбышев кеңсарына беру туралы үкімнің орындалуы кешеуілдеп жатқаны қаралған [113]. Осы жағдайларды болдырмаудың алдын

алу үшін атеистердің кеңесі айына бір рет жалпықалалық атеистердің семинарын өткізіп тұруға, оған партия, кеңес, комсомол ұйымдары, кітапханашылар, мәдениет қызметкерлерін қатыстырып, алдағы болатын шараларға жоспар құрылған.

1966 жылы 19 қарашада КСРО Министрлер кеңесі жанындағы Дін істері жөніндегі Кеңестің «Қазақ КСР - нің кейбір облыстарында діни ұйымдарды тіркеу мен діни культтар туралы заңдылықтың бұзылуы» атты қаулысы қабылданып, көп ұзамай 1967 жылдың желтоқсан айында республикадағы дін иелерінің жоғарғы жаққа түсірген арыз шағымдарын тексеруге КСРО дін істері жөніндегі Кеңестің инспекторлары Г.П. Шиловский мен Р. Маршаев келеді. Тексеру барысында өздерінің діни ұйымдары тіркелмей (арыз 30 күн ішінде қаралуы керек болатын) 10 жылдан астам уақыт бойына жауап күтіп жүрген 29 ұйымның тізімі анықталады және кеңес өкіметінің сенушілерге қарсы заңсыз жүргізген 10 арызы қаралды. Өздерінің діни ұйымдарын тіркеу туралы өтініштің көбі, 9 - ы Қарағанды облысынан, 6 - ы Қостанай облысынан, 6 - ы Алматы облысынан түскен [114].

Республикадағы Дін істері жөніндегі уәкіл Құлымбетовтің Орталық комитетке жіберген есебінде облыстарда әлі де болса халықтың көбі «кезбе молдалардың» қызметіне жүгінетінін, сондықтан тіркелген мешіттер кассасына олардың жинаған ақшасының түспейтіндігін, бұл жағдайды болдырмау үшін оларды тіркеу жұмысын дұрыс жолға қою керектігі жөнінде баяндап, бір ғана Қарағанды облысы Шет ауданының «кезбе молдасы» Х. Алдоңғаровтың жаназадан ақша мен заттардан басқа 1 сиыр, 4 өгіз, 4 жылқы, 4 қой, 4 қаз алғанын жазған [114, 23 п.].

1969 жылдың 2 маусымында Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің «Діни нанымдар туралы заңды қадағалаудың қанағаттанарлықсыз жағдайы туралы» қаулысы қабылданып оның орындалуын тексеру жұмысы қайта қолға алынып, Дін істері жөніндегі Кеңестің және оның жергілікті бөлімдері: Алматы, Жамбыл, Қарағанды, Талдықорған, Целиноград, Қостанай, Семей, Шымкент облыстары жергілікті атқару комитеттерінің, үкіметтің өкімдерін дұрыс орындамай отырғандығы туралы, сонымен қатар діни ұйымдардың заңға қайшы қызметін анықтау басталады. Жалпы республика бойынша тізімге алынған 513 діни ұйымның 403-і тіркеусіз жұмыс жасап жатқандығы, әрбір діни адамды, әрбір дінге табынушыны, әрбір дін қызметкерінің «қоғамға қарсы» жұмысын бақылау керектігін жазады. Сөйтіп Алматы облысында - 2 ұйым, Талдықорған облысында - 5, Целиноград облысында - 3, Шымкент облысында - 1, Қарағанды облысында - 2 ұйымның тіркеусіз, заңсыз қызмет атқарып жатқандығы анықталған [115]. Діни бірлестіктерді тіркеу, тіркемеу құқына тек қана КСРО Министрлер Кеңесінің жанындағы дін істері жөніндегі Кеңестің құзырында болғаны жоғарыда айтылды. Діни бірлестіктерді тіркеу өтініші қатаң тексеріліп, олардан заңды бұзбауға міндеттеме алған жағдайда ғана тіркелген. Ол мына міндеттемелер болған:

а) діни ұйымдар уағыздарында Кеңес мемлекетінің мүдделеріне қарсы бағытталған саяси сөздер сөйлеуге;

ә) дінге нанушылардың азаматтық міндеттерін орындаудан жалтаруға;

б) діни ұйымдар дінге сенушілерді мемлекеттік және саяси өмірге араласпауға арандатуға;

в) мейірімсіз ғұрыптар жасауға.

г) діндарлықты қоздыру үшін жалған әрекеттер жасауға тыйым салады.

Бұл шараларды жүзеге асыру үшін жылдан-жылға бақылау күшейгенмен халықтың дінге деген сұраны көбеймесе азаймаған. Жасырын, тіркеусіз діни қызмет өтеу кең түрде белең ала бастаған.

Дін туралы заңның орындалу жағдайы жөнінде 1969 жылы 23 маусым №396 Қаз КСР Министрлер кеңесінің «құпия» «Діни нанымдар туралы заңды қадағалаудың қанағаттанарлықсыз жағдайы туралы» қаулысында тағы да қаралды. Осы қаулының шешімімен Семей, Көкшетау, Қарағанды, Шымкент, Целиноград, Жамбыл, Алматы облыстарындағы дін туралы заңның орындалуы тексеріліп, 51 тіркелмеген мұсылман

ұйымдары анықталған [116]. Шымкент облысын тексеруге барған дін істері жөніндегі Кеңестің уәкілінің орынбасары Т.С. Саидбаев жолдас 30 - ға жуық тіркеусіз жұмыс жасап жатқан мұсылман ұйымын анықтап, тіркеуге жол бермеген, дұрыс ақпарат бермеген облыстық уәкіл Оспановты сынап, 7 діни ұйымды тіркеп сәуір айында облыстық дін істері жөніндегі уәкілдердердің қатысуымен кеңес өткізген [116, 3 п.]. Осы жылғы есепте мұсылман мешіттерінің табысыныңда өскені белгілі болған, 25 мешітте 1968 жылы игерілмеген 215.000 сом анықталса, 1969 жылы ол 275.273-ке, 1970 жылы 355.571 - ге жеткен. 1968 жылы мешіттер бейбітшілік қорына 35.130 сом аударса, 1969 жылы - 40.775 сом, 1970 жылы – 78.230 сом аударған [116, 21 п.]. Уәкіл Құлымбетов Орталық комитетке жіберген 1969 жылғы есебінде әлі де болса «кезбе молдалардың» санына жете алмай отырғанын қайта мәселе етіп қояды. 1969 жылы Қостанай, Шығыс Қазақстан, Талдықорған облыстарында мешіт болмағанмен, әр жерде 40 - тан 70 - ке тарта молдалар қызмет жасайтынын, олардың табысын да қадағалау мүмкін болмай отырғандығы жөнінде жазады [116, 27 п.].

1969 жылғы Қазақстандағы орыс православие шіркеуінің жағдайына келсек, олар мынадай: республикада 46 тіркелген, 4 тіркелмеген шіркеу жұмыс жасап тұрды, сенушілерінің саны 80.000 - 85.000 адамды құрап, 1962 жылмен салыстырғанда, табысы 2 есеге көбейіп, 2.380.354 сомға жеткен, оның 238.920 сомы бейбітшілік қорына аударылған. Діни рәсімдердің өтелуінен түскен қаржының молаюы жергілікті еңбекшілер депутаттарының шіркеу жұмысына бақылауының күшейгендігінің арқасында дін иелерінің қалтасына түспей, шіркеу кассасына түскеннен және халықтың әл-ауқатының өскендігінен деп түсіндірген [116, 20 п.]. Мұсылманның бес парызының біреуі «қажылыққа» бару кеңес өкіметінің салтанат құру жылдарында мүлдем тоқтатылды, анығырақ айтқанда өтелуі мүмкін болмады. Дегенмен, әр жылы діни ұйымдардан өтініш түсіп тұрған, 60 жылдардың басында Қаз КСР Министрлер Кеңесіне Меккеге бару жөнінде 52 өтініш келіп түскен [95, 32-44 п.].

Кеңес өкіметі жергілікті жердегі Уәкілдіктермен біріге отырып, мұсылмандардың бес парызының бірі қажылыққа баруды да реттеуге тырысты. Бұл жылдары Орта Азия және Қазақстан діни басқармасының басында 1953 жылы тағайындалған қазі Сәдуақас Ғылманов отырды. Осы діни басқарманың араласуымен, 1969 жылы 25 мешіттегі имам - хатиптың 6 - ы ауыстырылды, қажылыққа баруға ниет білдіргендер саны жылдан-жылға өскенімен Қазақстанға тек 1-2 орын ғана беріліп тұрған. 1970 жылы Арал қаласының имамы Ә. Тұрсынбаев қана барса, 1972 жылы Алматы облысы Қарғалы ауылындағы мешітінің имамы М. Мүсіралиев пен Жамбыл қаласының имамы М. Юсупов, 1974 жылы 3 адам (Х. Садықов – Жамбыл қаласынан, Ш. Мұхамеджанов, М. Геккиев – Шымкент қаласынан), 1975 жылы 2 адам барған [117].

1970 жылы 12 қаңтарда Қазақ КСР Министрлер кеңесінің «Қазақ КСР - нің қалалары мен өзге де тұрғындары бар жерлерде мәйітті жерлеуді ұйымдастыру қызметін жақсарту жөніндегі» қаулысы шығып, шіркеулер мен мешіттерде жаназа шығаруға тыйым салына бастады. Бірақ дерекке жүгінер болсақ бұл рәсім жылдан жылға көбеймесе азаймаған: 1969 жылы орыс шіркеулері - 7535 (отпевании) өткізсе, 1973 жылы – 8609 - ға жеткен, мұсылман мешіттеріндегі жаназа шығару 1970 жылы 6.018 - ден 6.475 - ке көбейген [117, 37 п.].

1971 жылғы 17 желтоқсанда Қаз КСР Министрлер Кеңесінің «Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөнінде» қаулысының Қазақстандағы ескерткіштерді қорғауға жаңа бетбұрыс болды. Осы қаулының негізінде бір ғана Қызылорда облысындағы 14 «қасиетті орын», енді тарихи-мәдени ескерткіш ретінде қайта тізімделіп, мемлекеттік дәреже деңгейіне көтерілді. Ал діни ұйымдар осы шараға белсене араласа отырып, тарихи және архитектуралық ескерткіштерді қорғау қорына ақша аудара бастаған. Осы жылы тіркеудегі мешіттер қорға 4.000 сом аударса, 1972 жылы – 25.360 сом, 1973 – 15.772 сом, орыс шіркеулері 72. 414 сом аударған [117, 4 п.]. Осы жылғы Дін істері жөніндегі уәкілдің №19 «құпия» хабарламасында «ораза айт» діни мерекесі кезінде

Шымкент облысында кеңес заңына қарсы іс-әрекеттердің орын алғандығы туралы айтылды. Ол заңсыздық небәрі «айт намазын» өтеуге келген сенушілерге арнап уақытша соғылған шатырлар екен.

4.6 Дінді саясиландырудың басталуы

Дін ісін саясиландыру «жемісін» бере бастағанын 1972 жылғы уәкіл Құлымбетовтің Қазақстан КП Орталық комитетінің хатшысы С.Н. Имашевқа жолдаған есебіндегі фактілерден көруге болады (86 бет). Құлымбетов сонымен қатар 1972 жылғы есебінде жылдан жылға дінге сенушілер санының азайғандығын, халықтың көп бөлігі діннен бас тартып отырғанын мына деректермен дәлелдейді: 1969 жылы Қазақстандағы барлық діни ұйымдар саны 565 болса, 1972 жылы 504 - ке азайған, ал тіркеусіз жұмыс жасаған барлық 761 ұйымның 25-сі өзінің жұмысын тоқтатқан, оның 12 - сі мұсылман, 2 - католик, 2 - строобрядтық, 2 - пятидесяттық, 1- адвентистік 7 күн, 1 - истинно православтық шіркеу ұйымдары болған [150]. «Кезбе молдалар» саны керісінше артып, 1969 жылы - 83 болса, 1972 жылы - 482 жетіп, 60 өтініш діни ұйымдарды тіркеу туралы түскен. 39 тіркеусіз жұмыс жасап жүрген дін иелеріне 6.520 сом айыппұл төлетіп, 80 адамға дін туралы заңды бұзғаны үшін ескерту жасап, 16 адамға қарсы қылмыстық іс қозғалған [118].

1973 жылы Қазақстанда тіркелмеген мұсылман ұйымының саны 27 - ге азайған (1969 жылы 51 болған), ал тіркелген 26 ұйымда 153 діни қызметкер жұмыс жасаған. Уәкілдік діншілдіктің «ескішілдіктің» ең көп тараған және өзінің күшін жоймай келе жатқан рәсімі «жаназа» шығару екенін және ескертіп, жер-жерлерде осы рәсімге қатысқан коммунистерді жеке тізімдеп отырған. Мысалы: Шымкент педагогикалық институтының оқытушылары А. Әуелбековтің, С. Жүнісбековтің, облыстық әділет қызметкері Қ. Қабдуллиннің, милиция қызметкері А. Тұрсыметовтың, ал Арыс қаласының 9 коммунистінің жаназасын молдалар шығарғанын анықтаған. Мешіттердің табысының өсуін, «кезбе молдалардың» табысын тексеріп, салық төлеуге мәжбүрлегенінің арқасында, діни ұйымдарды тіркеуді дұрыс жолға қойғандықтан болды деп түсіндіреді [117, 44 п.].

1973 жылдан бастап мешіттерді жөндеу жұмысы мен қайтадан ашу мәселесі де көтеріле бастады. Мешіттердің есеп шотындағы игерілмей қалған қаражатты (ол 1972 жылмен салыстырғанда, 90.223 - ке өскен) жаңа мешіттерді салуға жұмсау керектігі мәселе болып қойылғанмен оған рұқсат берілмеген. Немесе мешіттерді жөндеп мұражайлар етіп қайтадан реттеу қарастырылған. Мысалы: Әулие Қарахан ата мазарының орнында Жамбыл облыстық тарихи-өлкелік мұражай орналастырылды, Қожа Ахмет Иассауи кесенесі тарихи мұражай болып құрылды. Осы жылғы есепте республикада 23 «қасиетті орынның» тізімі келтіріліп, оның көбі Гурьев пен Маңғыстауда орналасқан, жаз мезгілінде келушілердің көбейіп кететінін, 49 «кезбе молданың» ісі заңға қайшы деп ескеріліп, 2.280 сом ақшалары тәркіленген [117, 47 п.].

Құрбан айтқа шалынған мал санын мешітке өткізген терілерді санау арқылы анықтап отырған: 1970 жылы – 1397 бас мал, 1972 жылы 527 бас мал, 1973 жылы 658 бас мал, 1975 жылы–574 бас мал құрбандыққа шалынған [119].

1975 жылы тағы да 22 діни ұйым тіркеліп, жалпы соңғы он жылда тіркелген ұйымдардың саны 46 - ға жеткен. 4 - 6 маусымда Алматы қаласында «Халыққа атеистік тәрбие берудің өзекті мәселелері» атты ғылыми-практикалық конференция өтіп, оған Мәскеу мен Балтықбойы елдерінен қонақтар қатысқан. Конференцияда қызу талқыға түскен мәселе кеңес өкіметіндегі ірі конфессия ЕХБ (Евангелия христиан баптистерінің) мәселесі болды [120].

1975 жылғы есепте Қазақстанда 27 «қасиетті орынның» бары, оның 14 - і Қызылорда облысында орналасып, 9 - ы облыстық атқару комитетінің шешімімен мәдени ескерткіштер қатарына қосылғандығы айтылған [121].

1977 жылдың шілдесінен бастап, Дін істері жөніндегі Кеңестің Қазақстандағы уәкілі болып К. Бегімов тағайындалды [122].

1978 жылы 16 маусымда Орталық комитеттің № Б - 54 «аса құпия» «Республика халқына атеистік тәрбие берудің шараларын жетілдіру» атты қаулысы қабылданып, барлық бастауыш партия органдарының атеистік жұмысы туралы есебі талап етіле бастады. Қостанай облысында діни орындарға барып жүрген 12 оқушы, Қарағанды қаласында 172 оқушы, Жезқазған облысында 201 оқушы анықталған [122, 32 п.].

1979 жылы Денсаулық сақтау министрі Т. Шарманов атеистік тақырыпқа 7.573 лекция оқылып, 393 радиохабар берілгенін, 67 мақала жарияланып, 5973 кино көрсетілгенін, 321 көрме ұйымдастырылғанын, 819 атеистік бұрыш, 271 тақырыптық кеш, 258 сұрақ - жауап кештері, 5 телехабарлары ұйымдастырылып, 1.113 санбюллетень шыққанын хабарлаған [122, 18 п.].

Прокурор У. Сеитов тіркеусіз жұмыс жасап отырған ШҚО - да 18, СҚО-23, Целиноград облысында - 25, Қарағанды облысында - 23 ұйымды анықтап, 58 тексеру жүргізіп, 84 адамға қарсы әкімшілік ескерту жасалғанын хабарлайды. Осы жылы Солтүстік Қазақстан облысында жүргізілген сұрақ-жауап қорытындысы: тұрғындардың 65% - ы өздерін атеистпіз деген, 17% - ы здерінің немқұрайды көзқараста екенін айтқан, 15% - ы нақты жауап бермеген [122, 53 п.].

Республиканың партия, кеңес органдары, министрліктер мен ведомствалары және өзге де ұйымдары КП Орталық комитетінің «1981 жылы 30 маусымдағы «Республикада атеистік тәрбиені одан әрі жетілдіру шаралары жөнінде» деген қаулысын және КОКП Орталық комитетінің «О мероприятиях по противодействию попыткам противника использовать «исламский фактор» во враждебных Советскому Союзу целях», «Об усилении атеистического воспитания» и «О мерах по идеологической изоляции реакционной части мусульманского духовенства» атты қаулыларын орындау барысында атеистік жұмыстарды кеңінен жүргізді. Атеистік насихатты жетілдіру мақсатында Орал қаласында республикалық кеңес өткізіліп, онда осы мәселе талқыланды. Орталық партия комитетінің хатшылығында жұмыс барысын қадағалау мақсатында Жамбыл облысының Мерке аудандық партия комитеті мен Талдықорған облыстық партия комитеттерінің атеистік насихат жүргізудегі істеген жұмыстарының есептері тыңдалды. Бұл тақырып күн тәртібінен түспей Орал, Жезқазған облысының Никольский қалалық, Алматы қаласының Әуезов аудандық, Қарағанды облысының Гагарин аудандық, Павлодар облысының Успенск аудандық және т.б. партия комитеттерінің пленумдарында талқыланды [123].

Жамбыл, Солтүстік-Қазақстан, Талдықорған, Шымкент облыстарында «кезбе моллалардың» діни қызметтеріне тыйым салынып, балаларын діни оқуға бермек болғандардың әрекеттері тоқтатылды. 190 діни ұйымдар жабылды. Республикада алғаш рет шіркеуде неке қию және өзге де діни ырымдар азайды [123, 136 п.]. Орталық Азия мен Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының әйелдерге шектеуді қысқартқаннан кейін, мешіттерге әйелдердің баруы 40 пайызға артқан [96, 3-8 п.]. «Исламның сарқыншақтарын» уағыздаушы Қазақстанда тұратын ұлттарды: қазақтар, өзбектер, ұйғырлар, дүңгендер, шешендер, ингуштар, балкарларды тізімдеп оларды Орталық комитет ерекше «қамқорлығына» алған. Жоғарыдағы деректерге көз жүгіртсек, кеңес өкіметі дінге сенушілердің тізімін жасап, оларға қарсы үгіт насихатты барынша күшейтіп неше түрлі тәсілдерге жүгініп, діннен бездіруге жұмыла кіріскенін байқаймыз.

Мәскеу қаласында 1980 жылы 21 - 22 маусымда өткен атеистердің бүкілодақтық кеңесінде КСРО дін істері жөніндегі Кеңестің төрағасы В.А. Кураедов өз баяндамасында: «Қазақстанда діни ұйымдардың 70 пайызы тіркеуге рұқсат ала алмай жүр, әсіресе, Қарағанды, Қызылорда, Семей облыстарының уәкілдері жұмысты дұрыс ұйымдастырмайды десе, ал Ақтөбе облысының уәкілінің ХҮІІ ғасырда өмір сүрген Есет батырға қорған тұрғызғаны» сыналды [124]. 1981 жылы 28 қаңтарда Қазақстанда дін істері жөніндегі бұрынғы уәкілдің орнына жаңа бастық С. Тотанов келді.

1981 жылғы 28 - 29 сәуірде Алматы қаласында облыстық дін істері жөніндегі уәкілдердің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің басқарма бастығы С.К. Абдрахмановтың, республика прокурорының аға көмекшісі В.В. Орловтың, КСРО дін істері жөніндегі Кеңестің бөлім бастығы В.Р. Виснапудың қатысуымен кеңес өтіп, пікірлер айтылып, тәжірибе алмасылды. [125].

Жаңа бастық қызметін ислам дініне қарсы жұмыстан бастады. Мысалы, 1981 жылы 14 желтоқсанда Орталық партия комитетінде, Қаз КСР Министрлер кеңесі төрағасының орынбасары Ш.Ж. Жәнібековтің қатысуымен болған кеңесте «Шымкент облысындағы діни мәдениет жағдайы және бұл бағыттағы кеңестік заңдылықты сақтау мен қадағалау мәселелері» талқыланды. Бұл кеңеске Орталық комитеттен - А.И. Артемьев, Ішкі Істер министрлігінен А.Т. Тұрарбеков, ҰҚК - нен С.К. Абдрахманов, Прокуратурадан - Н.И. Петров, Дін істері жөніндегі уәкілдіктен - С. Тотанов, И. Евдокимов, В.П. Мисюржев, Шымкент атқару комитетінен Д.Б. Бапова, Министрлер кеңесінен - М.Х. Жекбатыров, С. Даулетбаев, Б. Шендаулова, Л. Шарипова қатысып, Шымкент облысында заңға қайшы діни ұйымдардың әрекетінің көбейіп кеткенін, 50 - ге жуық тіркелмеген діни ұйымдардың анықталғаны (оның небәрі 7 - і мұсылман ұйымы болған), 350 кезбе молда бары, діни мерекелерді тойлау көбейіп, әсіресе, Сайрам ауданындағы жағдай ушығып тұр деп үлкен дау дамай туғызды [125, 70-73 п.].

Осыдан кейін Қазақ КСР Министрлер кеңесі Хатшылығының 10 маусым 1981 жылғы № 10-6 «аса құпия» «Республика халқына атеистік тәрбие беруді одан әрі күшейту шаралары туралы» қаулысы қабылданды [126]. Облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттеріне, Республикалық кәсіподақ комитетіне, ЛКЖО орталық комитетіне, министрліктер мен ведомстваларға, шығармашылық одақтарға, Республикалық «Білім» қоғамына Орталық партия комитетінің қаулысын міндетті түрде орындауды тапсырды. Оларға үгіт насихаттың барлық құралдарын пайдалана отырып, діни сарқыншақтарды жойып, кеңестік өмір салтын еңбекшілер тұрмысына кеңінен енгізуде жүйелі жұмыс жүргізуді міндеттеді.

Бұл іс - шаралардың ауқымы да кең болды. Кез келген қалада, ауданда, еңбек ұжымдарында, оқу орындарында халықтың діни наным сенім деңгейін және сипатын анықтап, КОКП XXVI съезі мен Қазақстан Компартиясының XV съезінің талаптарына сай ғылыми-атеистік насихатты күшейту шараларын қолға алу тапсырылды. 1982 жылғы 1 қаңтарға дейін барлық партия ұйымдарының жанынан атеистік жұмысты біріктіріп жүргізетін кеңестер құру тапсырылды. Үгітші атеистердің, ғылыми атеистік халық университеттерін ұлғайтып, солардың мүмкіншіліктерін пайдалану көзделді. Лекторлар құрамын жоғары оқу орындарының ғалымдары мен оқытушыларынан, әдебиет және мәдениет қайраткерлерімен толықтыру көзделді. 1982 жылы Қазақ КСР ҒА - ның Философия және право институтында ғылыми атеизм секторын құру тапсырылды. Он бірінші бесжылдықта республиканың педагогикалық жоғары оқу орындарында этика, эстетика, ғылыми коммунизм кафедраларын, ал ҚазМУ мен ҚарМУ де дербес ғылыми атеизм кафедраларын ашу жоспарланды [126, 7 п.].

Қазақ, орыс, ұйғыр және неміс тілдерінде атеистік кітаптар шығаруға конкурстар жарияланды. Атеисттік тақырыптағы кинолар түсіру, спектакльдер қою жолға қойылды.

Осы жүктелген міндеттерді іс жүзіне асыру барысында министрліктер мен мекемелер Орталық партия комитетіне жеке-жеке есеп беріп, атқарған іс - шаралары туралы бірінен - бірі асып түскен ақпараттарға толы қағаздар жіберумен айналысты. Мысалы, Қаз КСР Мәдениет министрлігі осы қаулыны орындау барысында 1982 жылға атеистік тақырыпқа 19 пьеса жоспарлап отырғаны жөнінде хабарлайды. Әсіресе, көрермендердің қызығып тамашалаған атеистік тақырыптағы спектакльдерге А.Н. Островскийдің «Грозасын», М. Булгаковтың «Кабала светаш», Ф. Шиллердің «Коварство и любовь», Лессингтің «Эмилия Галотти», М. Варфоломеевтың «Святой и грешный», Н. Хикметтің «Фархад и Ширин», М. Әуезовтың «Қарагөз», Х. Диктің «Живой Будда» қойылымдарын жатқызған [126, 35 п.].

5.6 Цензорлық органдардың ислам әлеміне қарсы шабуылының басталуы

80 - жылдары атеистік жұмыстың басты бағыт бағдары ислам дініне қарсы бағытталды КОКП Орталық партия комитетінің 1981 жылғы 25 қыркүйектегі «Жау жактың «ислам факторын» Кеңестер Одағына жаулық пиғылда пайдалану мақсатына қарсы тұру шаралары жөнінде» қаулысынан кейін Қазақстанда ең көп шоғырланған жердегі ислам дініне сенушілердің іс-әрекеті ерекше бақылауға алынды. 1982 жылы 13 шілдеде № 31 Орталық партия комитеті «Жамбыл облысы Мерке аудандық партия комитетінің КОКП Орталық партия комитетінің «Атеистік тәрбиені күшейту жөніндегі» қаулысындағы хатшы О. Мирошхин жолдастың: Мерке ауданында коммунистер атеистік жұмысты дұрыс жолға қоймай отыр, ғылыми – атеистік лекторийлер аз, діндарлармен жұмыс дұрыс жүргізілмейді, клубтар мен кітапханаларда атеистік шаралар тиімді жолға қойылмаған, жергілікті радио атеистік хабарды аз береді дей келіп, соның салдарынан 200 оқушының дін жолына түскенін, 400 баланың шіркеулер мен мешіттердің жанында жүретінін, жаназа шығарудың көбейіп кеткендігін, қабірлерді қымбат металдардан орнату әдетке айналғанын айтып, ол әрекеттер сыналған. Түрлі тексерістер басталып жан - жақтан ауданға көмекке Орталық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінен коммунистер жіберілді. Дін істері жөніндегі Кеңестің Қаз КСР бойынша уәкілі С. Тотановтың 6 наурыз 1983 жылғы № 32 «құпия» Орталық партия комитетіне түсірген хабарламасында бірінші рет Қазақстанда 1982 жылғы тамыз айында мұсылман діни басқармасының мүшелерінің қатысуымен семинар – кеңес өткені, оған 90 адам қатысқаны жайында, 73 діни ұйымның тіркелгенін, одан басқа әлі де тіркеусіз жұмыс жасап жатқан 43 ұйымды анықтағандарын, жалпы республика бойынша 740 діни ұйым 14 түрлі конфессия барын хабарлайды. Сонымен қатар уәкіл С. Тотанов 740 діни ұйымның төрттен үш бөлігін протестанттар құрайтынын, сенушілердің 50 пайызы неміс ұлтының өкілдерінен тұратындығына дәлел келтірді [127]. Бірақ Орталық партия комитетіне сол жылдары Қазақстандағы ең көп таралған протестанттық дін иелерінің жұмысы емес, жоқ ислам экстремистерін іздеу маңыздырақ болды. Оған ислам дініне шабуылдың көкесі КОКП Орталық комитетінің 1983 жылғы 5 сәуірдегі «Мұсылман діндарларының реакциялық бөлігінің идеологиясы бойынша бөлу шарлары туралы» қаулысынан кейін күшейді. Жер жерлерде енді мұсылман экстремистерін іздестіру басталды. 15 сәуірде уәкіл С. Тотанов Қаз КСР Орталық партия комитетінің хатшысы К. Қазыбаевқа № 41 «құпия» құжат «Мұсылман дініндегі кейбір жатымсыз көріністері туралы» хабарламасында республикадағы 6 миллион халық барын, 10 ұлт өкілдері ислам дінін тұтатынын, соңғы кезде олардың ислам дінін уағыздаулары күшейіп, санының арта бастағанын, тіркеусіз молдалардың санының көбейгенін, олар өткізетін рәсімдердің жиілеп отырғанын, ортағасырлық үлгімен мазарлар тұрғызудың дәстүрге айнала бастағанын, табыстарының арта бастағанын жазған. Сондай-ақ, соңғы екі жылда 7 мұсылман ұйымы тіркелгені, 200 «кезбе молда» мешіттерге жұмысқа алынғаны, 750 «кезбе молданы» анықтап, жұмысына тосқауыл қойғаны, бірақ әлі де болса 18 тіркеусіз молда жұмыс жасап жатқан мұсылман ұйымдарының анықталғаны айтылған. Жергілікті өкімет орындары негізсіз кедергі жасап тіркеуге алмай отырған Шымкент облысының атқару комитетінің төрағасы Д.Б. Бапованының әрекеті сөз болды. Соңғы 10 жылда кезбе молдалар санының 500 ден 1600-ге артып кеткенін, әрбір ауылда 2 - ден 5 - ке дейін молда барын, тіпті, олардың кейбіреуінің коммунист, бұрынғы мұғалім, басшы болғанын анықталған [128].

Орталық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Д. Бибиковтың 1981 жылғы 30 маусымдағы хабарламасында дінге сенушілерге ымырашылдық жасағаны үшін партия қатарынан 40 коммунисттің шығарылғаны жазылған [123, 133 п.].

Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті хатшылығының 1981 жылғы 10 қарашадағы, 1981 жылы 22 қыркүйектегі қабылданған КОКП Орталық комитетінің

«Атеистік тәрбиені күшейту туралы» қаулыларын орындау үшін Қазақ КСР Жоғарғы Соты 1983 жылы мынандай іс шараларды жүзеге асырды. Республика соттарымен діни наным - сенім туралы заңды бұзғаны үшін 1982 жылы 8 адам, 1983 жылдың 1 жарты жылдығында 5 адам сотталған [129].

Шымкент облысы Сарыағаш аулының 3 молдасы, Көкшетау облысының 3 молдасының коммунистер екендігі, қабірлерді ислам дінінің нышандарымен жасаған коммунистер аталып, Ақтөбе облыстық кәсіптік техникалық оқу орны басқармасының бастығы Е. Мусиннің бауырына мазар салдырып, оны Ақтөбедегі «Металлобытремонт» зауытында жасатқаны сыналды. Мұндай келеңсіз құбылыстар республиканың өзге де өңірлерінде, Гурьев, Жамбыл, Қызылорда облыстарына да жиі кездесетін жағдай болды [128, 25 п.].

Әрбір облыс, аудан басшылары, министрліктер ислам дініне қарсы өткізіп жатқан шаралары туралы Орталық партия комитетіне ақпаратты қарша боратты. 1983 жылы 17 мамырда Шестаковтың Орталық партия комитетіне жолдаған ақпаратында ислам дініне сенушілерге қарсы жұмысты жүргізу үшін 16 облыстық партия органдарында 3750 коммунист тартылғанын хабарланған. Мәдениет министрлігі 1983 жылы республика мұражайларының атеистік тақырыпқа 200 лекция оқып, 75 тақырыптық кештер өткізгенін, республика театрларының 20 спектакль қойып, оны 80.000 көрерменнің тамашалағанын хабарлайды [130].

Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінің хатшысы А. Милкиннің 1984 жылы 2 ақпанда Орталық партия комитетіне жолдаған хабарламасында атеистік жұмыстағы жетістіктерімен қоса ауданда әлі де болса ислам дініне сенушілерді толық жоя алмай отырғаны, облыста бірде бір мешіт қалмаса да, 66 «кезбе молданың» бары анықталғаны, оларды тек жаназа рәсімін өтеу кезінде ғана көруге болатыны туралы жазған [126, 70-72 пп.].

Ислам әлеміне шабуыл Қаз КСР Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің басшысы болып, 3. Камалиденов келгеннен кейін одан да бетер ушықты. 1983 жылғы 28 қарашада № 5/4 - 4745 «құпия» «Кейбір КОКП мүшелерінің исламға қызмет еткені жайлы» хабарламасында Камалиденов ислам дініне сенуші коммунистердің соңына шам алып түсті. Ол «экстремистік ланкес діндарлар» соңғы кезде күшеюде, олар уағыз жүргізетін орындарды ашуды талап етуде, «киелі орындарға» баруға, балаларды ислам дініне сенуге шақыруда, ал ең сорақысы республика бойынша 80 молданың коммунист екені немесе бұрын коммунист болғаны анықталғанын тізімге алған. 3. Камалиденов осы жағдайдан кейін жергілікті қауіпсіздік комитетінің көмегімен 20 молда – коммунистерді әшкерелеуге қатысып, партия қатарынан қуылғанын ерекше мақтанышпен жеткізген [128, 52-53 пп.].

Қазақ КСР «Білім» қоғамы басқармасы, шетелдік идеологиялық орталықтардың әртүрлі дінді уағыздауға арналған жұмыстарына қарсы атеистік насихатты жандандыру барысында республикада 278 лекциялар циклін жүргізіп, 260 кинолекторий, 24 ғылыми атеизмді насихаттайтын арнаулы автоклуб жұмысын ұйымдастырған.

1984 жылы республика бойынша оқырмандарға берілген ғылыми және діни мазмұндағы кітаптардың саны 9 миллион данаға жетті. Бұл 1982 жылмен салыстырғанда, 230 мың данаға көп болды. Театрлардың репертуарында 14 атеистік мазмұндағы спектакльдер қойылды. Республика баспаханаларынан 1982-1984 жылдары 29 атаулы 392 мың дана көпшілікке арналған атеистік әдебиеттер басып шығарылды [131]. 143 ғылыми атеизм университетінде 14.220 тыңдаушы білім алды.

Ал барлық марксизм-ленинизм университетерінде ғылыми атеизм факультетінің ашылса да, атеистік жұмыс дұрыс жолға қойылмағаны, әсіресе, ислам дініне қарсы жұмысты жандандыру қажеттілігі және баса айтылған [131, 123 п.].

Атеистік насихат жүргізуде қазақ теледидары мен радиосы да қалыспады. Апта сайын екі рет эфирден «Миллиондардың лениндік университеті» деген рубрикасы үзбей көрсетіліп тұрды. Онда Орталық партия комитетінің үгіт насихат бөлімінің лекторлары

мен республикалық «Білім» қоғамының лекторлары діни тақырыптарға әңгімелер өткізді. Мұнда негізінен насихатталатын тақырыптар, «Наш советский характер», «Образ жизни-советский», «Казахстан день за днем», т.б. кеңестік өмір салты туралы болды. Айына екі рет атеистік тақырыпқа арналған «Спектр» хабары көрсетіліп тұрды. Онда «Ураза и ее последствия», «Атеизм и современная идеологическая борьба», «Задачи атеистического воспитания юношества» деген тақырыптарда хабарлар берілді [123, 18-20 п.].

Жамбыл облысында ай сайын радио эфирінен «Атеист» радиожурналы, теледидардан тоқсан сайын қазақ тілінде «Дін апын», орыс тілінде «Человек и религия» хабарлары беріліп тұрды. Алматының бес кинотеатрында «Юный атеист» кинолекторилері жұмыс істеді [123, 18-20 п.].

1981 - 1982 оқу жылында республика бойынша 82 халықтық ғылыми атеизм университеттері болса, 1985 жылы оның саны 152 жетті [123, 80 п.].

1982 жылы республикада алғаш рет мұсылман дінінің қызметкерлері мен атқару комитетінің төрағаларына арнап тамыз айында 90 адам қатынасқан семинар - кеңес өткізілді. Онда «Кеңестер заңнамаларындағы діни культ жөнінде» деген тақырыпқа баяндама жасалды [128, 17 п.].

Қазақ КСР прокуратура органдары 1981 жылы 22 қыркүйектегі «Атеистік тәрбиені күшейту туралы» КОКП Хатшылығы мен Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің 1981 жылы 30 маусымдағы «Республикада атеистік тәрбиені одан әрі жетілдіру шаралары жөнінде» қаулыларын орындау барысында діни наным-сенім туралы заңдылықтардың сақталуын қадағалауды жүзеге асырып, осы мәселе саласындағы үгіт-насихатты жандандырумен шұғылданып жатқандарын КСРО Бас прокуратурасына хабарлап есеп беріп отырған. Діни ұйымдардың заңға қайшы келетін әрекеттерінің алдын алу мақсатымен республика прокуратурасы 1984 жылы Павлодар облысында екі мәрте, 1985 жылы Қызылорда облыстарында кеңестік заңдылықтардың сақталуы жөнінде діни ұйымдардың жетекшілерімен кеңестер өткізілді. Бұл жұмыстар бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халыққа жеткізіліп отырылды. Республиканың прокуратура қызметкерлері 1984 жылы және 1985 жылдың 8 айы ішінде жұртшылық алдында 905 рет атеистік мазмұнда лекциялар оқып, әңгімелер өткізген. Сондай-ақ, жаңа социалистік мазмұндағы салттар енгізіліп, үйлену тойларын салтанатты түрде өткізу, төлқұжат тапсыру, Кеңестер Армиясы қатарына шығарып салу дәстүрге айналды [123, 99-100 п.].

Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің 1981 жылы 30 маусымдағы «Республикада атеистік тәрбиені одан әрі жетілдіру шаралары жөнінде» атты қаулысын орындау барысында Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі республикадағы оқу орындары даярлайтын болашақ мамандарға атеистік тәрбие беруді жетілдіру жолында көптеген жұмыстар жүргізді деген Орталық партия комитетіне берген 1984 жылғы 15 ақпандағы хабарламасында министрлік алқасында осы мәселеге арнай бағдарлама әзірленгендігі сөз болады. 1983 жылы желтоқсанда министрлік алқасында Жамбыл қаласының екі жоғары оқу орнының студенттеріне, жалпы теориялық және арнайы пәндерді оқыту барысында берілетін коммунистік көзқарастарын қалыптастыру мәселесі талқыланды. Ал осы жылы қаңтар айында Гурьев қаласының жоғары оқу орындарында студенттерге коммунистік және атеистік тәрбие беру мәселесінің жағдайы тексерілді. 1981-1983 жылдары Абай атындағы Қазақ педагогикалық, Орал және Өскемен педагогикалық институттарында арнайы этика эстетика және ғылыми атеизм кафедрасы ашылды. 54 жоғары оқу орындарында атеистік тәрбие беретін кеңес ашылып, жұмыс істеді. Аталған курс 1982-1983 оқу жылынан бастап, республиканың барлық оқу орындарында 24 - 40 сағаттық жүктемемен, ал орта арнаулы оқу орындарында 12 - ден 60 сағатқа дейін жүктемемен оқытыла бастады. Студенттер арасындағы атеистік тәрбие сабақтан тыс жағдайда кеңінен жүргізілді. Кітапханаларда, оқу-методикалық кабинеттерде, қызыл бұрыштарда дәрістер оқылып, әңгімелер өткізілді. Атеистік тақырыптағы тематикалық кештер, оқырман конференциялары конкурстар, викторина ойындары өткізіліп тұрды. Кентау тау-кен, Қостанай механика-технологиялық және

Солтүстік Қазақстан механикалық техникумдарында атеистік білімді насихаттау үздігі деген атпен ең жақсы қабырға газетіне конкурс өткізілді. Халық университеттерінің арнаулы факультеттерінде оқыған 609 тыңдаушы болды [126, 99-102 п.].

Мәдениет министрлігі өзінің 1983 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан Компартиясы Орталық партия комитетіне жолдаған хабарламасында өз саласында атеистік тәрбиеге ерекше назар аударғандарын көрсеткен. Осы жылы республика театрларында дінге қарсы мазмұндағы 20 спектакль қойылып, оған 83 мың адам көрермен болғанын жазған. Мәдениет ошақтары дінге қарсы халық арасында атеистік тәрбие жүргізуде әртүрлі формаларды пайдаланды. Олар «Атеист» клубын ашып, дінге қарсы әртүрлі кештер ұйымдастырды. Ақтөбе облысының мәдениет ошақтарында атеистік тәрбие беру айлығы өткізілді. Бір ай ішінде мұнда 312 тақырыптық кештер, 290 әдебиеттерге шолу, 348 әдебиеттермен танысу, 420 кітап көрмелері ұйымдастырылды. Мұндай шаралар Қазақстанның барлық өңірлерінде өткізілді. Мысалы, Шығыс Қазақстанда «Кеңестік заңдар дін туралы», «Коммунистік мораль мен діни мораль», т.б. тақырыптарда дәрістер оқылды. Алматы облысында атеистік білім беретін 9 халық университеті жұмыс істеп онда 1000 тыңдаушы оқыды [128, 55-58 п.].

Дінге қарсы күреске республиканың комсомол ұйымдары да атсалысты. Қазақстан республикасының комсомол ұйымдары, КОКП Орталық комитетінің жастардың атеистік көзқарастарын қалыптастырып, діни идеологияға қарсы тұра алатындай таптық сезімді күшейту жұмысын жандандыру қажет деген мәселені қараған 1983 жылғы маусым айындағы пленумының шешімін орындауға жаппай жұмыла кірісті. Жастардың ғылыми-материалистік көзқарастарын қалыптастыру мәселесі облыстық комитеттердің бюролары мен хатшылықтарында үнемі қаралды. Мысалы, 1985 жылы Қазақстан ЛКЖО Орталық комитетінің жанындағы ғылыми-методикалық кеңес, «Ақтөбе облыстық комсомол комитетінің дінге сенетін жастармен жекелей жұмыс жүргізу тәсілін», «Көкшетау облысының Уәлиханов ауданының комсомол комитетінің жастарға атеистік білім беруді насихаттау жұмысы», «Целиноград облысының Краснознаменск аудандық партия комитетінің жастар мен комсомолдарға атеистік тәрбие беру жұмысы» талқыланды. 1985 жылы Қазақстан ЛКЖО Орталық комитетінің үгіт-насихат бөлімі, ғылыми-атеистік насихатты көтеру мақсатында комсомол белсенділеріне атеистік тәрбиеге арналған Бүкілодақтық семинар-кеңестің материалдары негізінде атеистік тәрбиені жандандыруға көмек ретінде практикалық кеңестер көрсетілді. 1984 жылы 607 952 жас саяси оқу жүйесінен өтті. 1984 - 1985 оқу жылы «Ғылыми атеизмнің өзекті мәселелері» курсы оқытатын 86 тыңдаушылар мектебі ашылды [123, 53-54 пп.]. Мұражайларда «СССР - страна массового атеизма» деген тақырыпта көрмелер ұйымдастырылды.

1984 жылы уәкіл С. Тотановтың есебінде ислам дініне сенушілер арасында әлі де болса, 1000 - нан астам «кезбе молдалардың» жұмыс атқарып жатқанын анықтағаны айтылған [132]. Республикада жүргізілген атеистік насихаттың негізінде соңғы 2 жылда 184 діни ұйымдар мен топтар өз жұмыстарын тоқтатуға мәжбүр болды [131, 123 п.].

Діни ұйымдарды ауыздықтаудың арты олардың жұмысына тыйым салып қоюмен ғана аяқталмағаны белгілі. Қаз КСР Жоғарғы соты төрағасы А.Т. Айтмұхамбетов дін туралы заңды бұзғаны үшін 1984 жылы 13 адамға, 1985 жылы 2 адамға қарсы іс қозғалғанын хабарлады [129, 102 п.].

Республика көлемінде 1988 жылы 659 діни бірлестіктер мен 16 конфессия тіркелді. Әсіресе, діни ұйымдарға мүше әртүрлі ұлт өкілдерінің саны артты. Алматы мешітіне келіп, мінажат ететін діндарлардың 30 пайызы месхет-түріктері, ал Алматы облысы бойынша барлық діндарлардың жартысынан астамы жергілікті халықтың өкілдері болмай шықты. Барлық мұсылмандардың 40 пайызы ұйғыр, өзбек, шешен, дұңған, татар ұлтының өкілдері болды [133].

Бұрынғы ата-бабамыздан қалған, мыңдаған жылдардан бері келе жатқан мерекелер мен салт дәстүрлерге «ескі», «кертартпа», «діни» деген айыптаулар тағылып, жойылды.

Ал коммунистік партия болса жаңа рәсімдерін халыққа күштеп енгізу үшін 70 жылдан астам тер төкті және солардың кейбіреуін енгізуде үлкен «табыстарға» жеткені шындық.

Кеңес дәуірі осылай халықты 70 жыл бойы атеистік тәрбиесімен мазасын алып, құдайға қарсы қоғамның идеологиясымен суарып, замандастарымыздың және олардан тараған ұрпақтарымызды өз дінінен бездіріп жіберді. Соған қарамастан халықтың жүрек түкпірінде жатқан рухани азығы имандылықты өшіре алмады, еліміз тәуелсіздік алған соң, халықтың діни наным - сеніміне еркін жол ашылды.

ҚР Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына 2005 жылғы Жолдауында: «Біз барлық діндердің тең құқылығына кепілдік береміз және Қазақстанда конфессияаралық келісімді қамтамасыз етеміз. Біз исламның, басқа да әлемдік және дәстүрлі діндердің озық үрдістерін құрметтеп әрі дамыта отырып, осы заманғы зайырлы мемлекет орнатамыз», - деуі біздің елде халықтардың рухани байлығына жол ашылғанын көрсетеді.

Қазіргі кезде, компьютерлік жүйелер, әлемдік байланыс тораптары тәулік бойы шексіз, өлшеусіз ақпараттар тасымалданып жатқан дәуірде, жастарға қазақ халқының адамзат баласы мақтанарлық қасиеттері, мұралары, құндылықтары бар екенін паш етіп, көрсетуіміз керек. Қазіргі кездегі үлкен қауіп - Қазақстанның діни экспансия мекеніне айнала бастауы. Діндер «тасқынынан» сақтанудың ең сенімді жолы Орталық Азия мен Қазақстан халықтарының дәстүрлі діні - исламды қайта жандандыру болмақ. Түрік халықтарының басын құрайтын, күшін біріктіретін, ынтымағын арттыратын, бәрінен бұрын қауымның имандылық тәрбиесіне қуатты негіз болатын ислам дініне табан тіреу бірлігіміздің бірінші шарты. Себебі ислам діні - бейбітшілік діні. Кезінде мұсылмандар барған жердің бәріне бейбітшілік қоса барды. Олар кеткеннің өзінде артында ешқандай ұлтаралық, дінаралық араздықтар тастап кетпеген. Еліміз мәдениет, өркениет, өнеркәсіп, білім-ғылым жағынан әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінің бірі болсын десек, осы мақсатқа жетуде бізге жол көрсететін, бізге күш беретін иманымыз, дініміз екені сөзсіз. Исламды құбыжықтай етіп көрсетушілерге алданбауымыз керек, мұсылмандарды потенциалды қауіп етіп көрсетушілерге иланбауымыз керек. Тек иждаһаттылықпен, үмітпен, иманмен алдыға, келешекке ұмтылуымыз керек. Ендеше Қазақстан жеріне келгеніне 1250 жыл болған ислам дінінің адам баласының інжу-маржаны, күллі адамзаттың басының тәжі, көзіміздің нұры, күллі адамзаттың арманы екенін әрқашан ұмытпағанымыз жөн.

Мемлекет әлбетте халықтан тұрады. Ал сол халықтың рухани азығы - дін болса, мемлекет пен дін бір-бірінен бөлек деген бұрынғы кеңестік дәуірдегі жасанды қызыл идеологияның жалған саясаты біздің ұлттық бірлігімізге нұқсан келтіреді. Дін - қоғамдық сана. Дін адамзатты жоғары дәрежелі қоғамдық сананы қалыптастыру арқылы өркениетке жеткізсе, дінсіздік адамзатты төменгі дәрежелі қоғамдық сананы қалыптастыру арқылы өркениеттен адастырады. Дін мен наным-сенім мемлекеттегі сұрапыл әрі дүлей күшке ие, өйткені ол адамдардың жан дүниесін біріктіреді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н. Жадымызда жатталсын, татулық дәйім сақталсын //Ақиқат. – 1998. - № 3.- 8 - б.
2. Блюм А.В. Как было разрушено «Министерство Правды»: Советская цензура эпохи гласности и перестройки (1985-1991) //Звезда. – 1996.- № 6. - С. 213.
3. Мамардашвили М. К. Мысль под запретом //Вопросы философии.- 1992. - № 4. - С. 110.
4. Устав по цензуре и печати: сб. Официальных документов.- СПб., 1904. – С. 49.
5. Каипова Б. История политической цензуры в Казахстане (1929 -1956): автореф. ... канд. ист. наук: – Астана, 2002.- 30 с.
6. ҚРОММ 1740 - қ., 2 - т. 71 – іс: 124 - п.
7. Капаева А. Культура и политика (Государственная политика в области культуры в Казахстане во второй половине 1940-1991-гг.). – Алматы: «А»тамұра, 2004. – С. 219-220.
8. ҚРОММ 1740 - қ., 1 - т. 8 – іс: 46 - п.
9. ҚР ПМ 708 - қ., 30 - т. 240 – іс: 34 - п.
10. ҚР ПМ 708 - қ., 40 - т. 240 – іс: 138 - п.
11. ҚР ПМ 708 - қ., 58 - т. 151 – іс: 39 - п.
12. ҚР ПМ 708 - қ., 56 - т. 162 – іс: 38 - п.
13. ҚР ПМ 708 - қ., 61 - т. 4 – іс: 16 - п.
14. ҚР ПМ 708 - қ., 109 - т. 11 – іс: 14 - п.
15. ҚР ПМ 708 - қ., 61 - т. 16 – іс: 196 - п.
16. ҚРОММ 81 - қ., 12 - т. 10 – іс: 7 - п.
17. Арон Р. Демократия и тоталитаризм. – М., 1993.- 230 с.
18. ҚРОММ 1740 - қ., 1 - т. 16 - іс: 37 – п.
19. Коган В.З. Информационное взаимодействие. – Томск: Издательство Томского университета, 1980 - С. 39-41.
20. Лотман Ю. М. Культура и взрыв. – М.: «Феникс», 1993. - С. 192.
21. Қозыбаев М.Қ. Тарих зердесі (екінші кітап). – Алматы, 1998.- 225-226 - б.
22. Омаров І. Замандастарының естелік- эсселері. – Алматы: «Санат», 2003.- 7 - б.
23. ҚРОММ 1778 - қ., 2 - т. 279 – іс: 72 - п.
24. Джабаев Джамбул. Собрание сочинений. – Алма-Ата, 1946. - 620 с.
25. ҚР ПМ 798 - қ., 30 - т. 241 – іс: 26 - п.
26. ҚР ПМ 708 - қ., 51 - т. 1933 – іс: 5 - 10 - пп.
27. ҚР ПМ 708 - қ., 35 - т. 314 – іс: 31 - п.
28. ҚР ПМ 708 - қ., 34 - т. 277 – іс: 53 - п.
29. ҚР ПМ 708 - қ., 35 - т. 315 – іс: 70 - п.
30. Қуандық Е.С. Қазақстан тарихы. Кеңес және тәуелсіз Қазақстан дәуірі. – Алматы: «Дәуір», 2009.- 17 - б.
31. Жамбылов Д. Тәуелсіздік және саяси сана. – Алматы: «Жеті жарғы», 1999. – 139 – 140 - б.
32. ҚРОММ 1740 - қ., 1 - т. 37 – іс: 9 - п.
33. Бейісқұлов Т. Егемен Қазақстан.- 2003, тамыз. - 3 п.
34. ҚР ПМ 708 - қ., 48 - т. 165 - іс: 10 - 13 - пп.
35. ҚРОММ 1740 - қ., 2 - т. 61- іс: 13 - п.
36. ҚР ПМ 708 - қ., 56 - т. 162 – іс: 31 - 32пп.

37. ҚР ПМ 708 - қ., 61 - т. 15 – іс: 48,49 - пп.
38. ҚР ПМ 708 - қ., 61-т. 16 – іс: 38 - п.
39. ҚРОММ 1740 - қ., 2 - т. 70 – іс: 5 - п.
40. ҚР ПМ 708 - қ., 61 - т. 30 – іс: 2 - п.
41. ҚР ПМ 708 - қ., 67 - т. 76 – іс: 1 - п.
42. ҚРОММ 1740 - қ., 2 - т. 40 – іс: 30 - п.
43. ҚРОММ 1740 - қ., 2 - т. 42 – іс: 16 - п.
44. ҚР ПМ 708 - қ., 61 - т. 15 – іс: 16 - 17 - пп.
45. ҚР ПМ 708 - қ., 90 - т. 27 – іс: 30 - 31- пп.
46. ҚР ПМ 708 - қ., 90 - т. 11 – іс: 3 - п.
47. Ақордаұлы Қ. Қанаты күйген қызғыш құс. – Шымкент: «Жібек жолы», 1995. – 31 - б.
48. ҚР ПМ 708 - қ., 115 - т. 32 – іс: 70 - п.
49. ҚР ПМ 708 - қ., 109 - т. 11 – іс: 8 - п.
50. Қадыр Мырза Әли «Іірім». Эссе.- Алматы:» Атамұра», 2004 – 70 - б.
51. ҚР ПМ 708 - қ., 115 - т. 31 – іс: 84 - 85 - пп.
52. ҚР ПМ 708 - қ., 140 - т. 8 – іс: 1 - п.
53. ҚР ПМ. 708 - қ., 129 - т. 5 – іс: 155 - 162 - пп.
54. Мағауин М. Ұлт ұраны. Жас Алаш. – 2004. мамыр – 14 б.
55. Идеологическая комиссия ЦК КПСС. 1958 - 1964. Документы. – М., 1998.- С. 2,
26. 56. Ергөбек Қ. Арыстар мен ағыстар (әдебиеттану сын әлемі) төртінші кітап. - Алматы: «Қазығұрт», 2003. - 95 б.
57. ҚРОММ 1778 - қ., 2 - т. 292 – іс: 2 - 3 - пп.
58. Аймермахер К. Политика и культура при Ленине и Сталине. 1917-1932 гг. – М., 1998. – 465 с.
59. ҚРОММ 1740 - қ., 1 - т. 15 – іс: 246 - п.
60. ҚРОММ 1740 - қ., 2 - т. 74 – іс: 15 - п.
61. Егемен Қазақстан. - 2007, 28 қараша.- 2 - п.
62. ҚРОММ 1740 - қ., 2- т. 81 – іс: 57 - п.
63. ҚРОММ 1778 - қ., 2 - т. 231 – іс: 14 - п.
64. ҚРОММ 1740 - қ., 1 - т. 26 – іс: 10 -13 - пп.
65. ҚРПМ 708 - қ., 31 - т. 1486 – іс: 3 - 9 - пп.
66. ҚРПМ 708 - қ., 29 -т. 1384 – іс: 150 - п.
67. Кәкішев Т.К. Мерей. Ғылыми-библиографиялық жинақ. - Алматы, 2002. – 1-т. – 260 б.
68. «Қазақ әдебиеті». – 25 қаңтар.- № 4.
69. Бердібай Р. Дәстүр қуаты. – Алматы, 2005. – 92 б.
70. ҚРПМ 708 - қ., 37 - т. 176 – іс: 30 - п.
71. ҚРОММ 1778 - қ., 2 - т. 283 – іс: 4 - п.
72. ҚРОММ 1740 - қ., 2 - т. 34 – іс: 5 - п.
73. Жирков Г.В. Уроки истории и современной практики цензурного режима. Цензура в России: история и современность. – М.: «Феникс», 2002.- С. 192.
74. ҚР ПМ 708 - қ., 33 - т. 369 – іс: 85 - 98 - пп.
75. ҚР ПМ 708 - қ., 33 - т. 369 – іс: 101 - 102 - пп.
76. ҚРОММ 1740 - қ., 2 - т. 41 – іс: 8 - п.
77. Мақатаев М. Шығармалары. 4 т. – Алматы: «Жалын», 2002.- 3-т. 371 б.
78. Молдағалиев Ж. «Секретарьға хат» //«Жұлдыз». – 1972. - №7.- 21 - б.
79. ҚР ПМ 708 - қ., 134 - т. 448 – іс: 2 – 6 - пп.
80. Асқар Егеубай. Ғарыш поэзиясы //Егемен Қазақстан.- 2006. - 17 мамыр. – 4 б.

81. ҚР ПМ 708 - қ., 91 - т. 3 – іс: 30 - 31 пп.
82. Жолдасбеков М. Шың мен шыңырау. – Астана, 2002.- 255 - б.
83. Мағауин М. Мен. – Алматы: «Сақ», 1998.- 290 б.
84. Қоңыратбаев Ә. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 2004.- 1-т.- 18 - 19 - б
85. Махат Д. Тіл мен діл тағдыры: тарихи деректер, уақыт бедері және ақиқат. – Астана, 2007. - 137 б.
86. ҚРОММ 1840 - қ., 1 - т. 120 – іс: 11 – п.
87. ҚР ПМ 708 - қ., 29 -т. 1377 – іс: 192 - 203 пп.
88. ҚР ПМ 708 - қ., 33 - т. 365 – іс: 40 - пп.
89. ҚР ПМ 708 - қ., 115 - т. 8 – іс: 8 - п.
90. Шоқай М. Таңдамалы. – Алматы: Қайнар, 1999. – Т.2. – 52 - б.
91. Стабильность и безопасность Казахстана на стыке веков. Религиозный экстремизм-угроза стабильности страны. – Астана: «Елорда». - 2000.- С. 193.
92. Қазақ мәдениет және өнертану ғылыми зерттеу жүйесі (Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары) Ислам және Қазақстан мәдениеті. – Алматы, 2003.
93. Ленин В.И. Шығармалар толық жинағы. 10 – т.- 71 – 72 - б.
94. Ленин В.И. Дін туралы. - Алматы, 1955. – 71 б.
95. ҚР ПМ 708 – қ., 34 - т. 1652 – іс: 32 - 44 пп.
96. ҚР ПМ 708 - қ., 32 - т. 1431 – іс: 3 - 5 пп.
97. ҚР ПМ 708 - қ., 35 - т. 1285 – іс: 172 - 176 пп.
98. ҚР ПМ 708 - қ., 34 - т. 1651 – іс: 106 - п.
99. ҚР ПМ 708 - қ., 56 - т. 244 – іс: 63 - п.
100. ҚР ПМ 708 - қ., 36 - т. 1500 - іс: 3 - п.
101. ҚР ПМ 708 - қ., 91 - т. 109 – іс: 72 - 74 пп.
102. Қозыбаев М., Алдажұманов Қ.С., Әбілқожин Ж.Б. Қазақстанды күшпен коллективтендіру: қорлық пен зорлық. – Алматы, 1992. - 20 - б.
103. ҚР ПМ 708 - қ., 37 - т. 1288 – іс: 80 - п.
104. ҚР ПМ 708 – қ., 31 – т. 1471 – іс: 26 - п.
105. ҚР ПМ 708 - қ., 37 - т. 1293 – іс: 8 - п.
106. ҚР ПМ 708 - қ., 58 - т. 1910 – іс: 20 - п.
107. ҚР ПМ 708 - қ., 42 - т. 288 – іс: 16 - п.
108. ҚР ПМ 708 - қ., 73 - т. 108 – іс: 1 - 8 - пп.
109. Одинцов М.И. Русская православная церковь в XX веке: история, взаимоотношения с государством и обществом. – М., 2002. – С. 162.
110. Штриккер Г. Русская православная церковь в советское время (1917-1991). – М., 1995.- 1-т.- С. 58.
111. Поспеловский Д.В. Русская православная церковь в XX веке. – М., 1995. – С. 336 - 337.
112. ҚР ПМ 708 - қ., 40 - т. 233 – іс: 6 - п.
113. ҚР ПМ 708 - қ., 44 - т. 184 – іс: 3 - п.
114. ҚР ПМ 708 - қ., 58 - т. 2024 – іс: 27 - п.
115. ҚР ПМ 708 - қ., 48 - т. 144 – іс: 2 - п.
116. ҚР ПМ 708 - қ., 56 - т. 175 – іс: 49 - п.
117. ҚР ПМ 708 - қ., 54 - т. 155 - іс 2 - п.
118. ҚР ПМ 708 - қ., 51 - т. 178 – іс: 76 - п.
119. ҚР ПМ 708 - қ., 61 - т. 27 – іс: 6 - п.
120. ҚР ПМ 708 - қ., 65 - т. 27 – іс: 46 - п.
121. ҚР ПМ 708 - қ., 79 - т. 96 – іс: 3 - п.
122. ҚР ПМ 708 - қ., 121 - т. 244 – іс: 133-п.
123. ҚР ПМ 708 - қ., 90 - т. 11 – іс: 36 - п.

124. ҚР ПМ 708 - қ., 96 - т. 12 – іс: 27 - п.
125. ҚР ПМ 708 - қ., 121 - т. 243 – іс: 2 - п.
126. ҚР ПМ 708 - қ., 108 - т. 245 – іс: 92 - 108 - пп.
127. ҚР ПМ 708 - қ., 109 - т. 11 – іс: 23 - п.
128. ҚР ПМ 708 - қ., 121 - т. 246 – іс: 29 - 30 пп.
129. ҚР ПМ. 708 - қ., 121 - т. 253 – іс: 103 - п.
130. ҚР ПМ 708 - қ., 121 - т. 247 – іс: 123 - п.
131. ҚР ПМ 708 - қ., 121 - т. 277 – іс: 36 - п.
132. ҚР ПМ 708 - қ., 140 - т. 8 – іс: 19-п.
133. Аширов Н., Исмаилов Х. СССР-дегі ислам мен мұсылмандар жағдайын
антисоветтік бұрмалауға сын. – Алматы: «Қазақстан», 1984. - 62 - б.

Тест сұрақтары:

1. Қазақстанның мемлекет құпияларын сақтайтын цензураның негізгі құрылымы

А) Қоғамға өнеге болатын және сананың шынайы ағартушылығына ықпал ететін кітаптар мен шығармаларды дәріптеу және оның пиғылына қарсы келетін кітаптар мен шығармаларды жою үшін құрылды

В) мемлекеттік бақылау кеңестік мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтер мен еңбекші халықтың мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін басқа да мәліметтердің жариялануына жол бермеу үшін құрылды.

С) саяси цензураны биліктің мүдделерін қамтамасыз ету мен идеологиялық бақылау жүргізу үшін құрылған мәдениетті мемлекеттік басқару жүйесінің қалыптасуымен қатар жүргізу үшін құрылды. 1946-1953 жылдары Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы әдебиет және баспа істері жөніндегі Бас Басқарма («Баслит»)

Д) 1946-1953 жылдары Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы әдебиет және баспа істерін бақылау үшін, 1963-1966 жылдары Баспадағы мемлекеттік және әскери құпияларды қорғау үшін, 1966-1990 жылдары Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің баспадағы мемлекеттік құпияларды сақтау үшін, 1990-1991 жылдары Министрлер Кеңесі жанындағы баспадағы және басқа бұқаралық ақпарат құралдарындағы мемлекеттік құпияларды сақтау үшін құрылды.

Е) берілген жауаптардың бәрі дұрыс

2. Қазақстанның мемлекет құпияларын сақтайтын цензураның КОПК XX – съезінен кейінгі міндеттері:

А) баспа өнімдерін алдын ала бақылау

В) Цензураның іскерлік біліктілігін көтеру

С) Баспасөз және радиохабар шығармаларының барлық түріне алдын ала және кейінгі бақылауды ұйымдастырды;

Д) Шетелдік әдебиеттердің КСРО-ға әкелінуі мен кеңестік әдебиеттерді КСРО-дан шетелге алып кетуді қадағалады; КСРО-дан шетелге ақпарат тарататын шетел тілшілерінің мәліметтерін қадағалады;

Е) берілген жауаптардың бәрі дұрыс

3. Қазақстанның мемлекет құпияларын сақтайтын цензураның 70 - 80 жж. міндеттері

А) КСРО-дағы кітап және журнал өнімдерін шығаруға тыйым салу және рұқсат беру, баспаханаларды мемлекеттік тіркеуге алды;

В) КСРО-дағы шығатын баспасөз шығармаларын мемлекеттік библиографиялық тіркеуге алды;

С) кітап дүкендері мен көпшілік пайдаланатын кітапханалардан цензура органдары алып тастауға тиісті саяси зиянды әдебиеттердің тізімін жасау және кітап саудасы мен көне кітаптар (букинист) дүкендерін қадағалады;

Д) кітапханалар жанынан арнайы қоймалар ашу құқығына рұқсат беру, мұражайлар мен кітапханалардың арнайы қоймаларында әдебиеттерді сақтау мен пайдаланудың міндетті ережесін жариялады; КСРО-дағы барлық полиграф кәсіпорындары мен баспаханалары үшін міндетті болатын белгілі адрестерге баспасөз шығармаларының алғашқы және міндетті даналарын (ақысыз және ақылы) жеткізу сияқты міндеттер атқарады.

Е) берілген жауаптардың бәрі дұрыс

4. 1961 жыл бойынша радио және телевизия материалдарын бақылайтын цензорлар «Қазақфильм» киностудиясының шығарған қандай деректі фильміне тыйым салды.

- А) Ұшақтан түсірілген «Пахта-Арал» деректі фильмінің жалпы көрінісі алып тасталды.
- В) «Амангелді» фильмі
- С) «Трансібір экспресі» фильмі
- Д) «Құлагер» фильмі
- Е) «Шақ пен Шер» фильмі

5. Талдықорған облыстық басқармасының бастығы облыстық халық творчествосы үйінен шыққан қай жинақ үшін талай ғайбат сөздер, қорқыту естіп, қатаң ескерту алған.

- А) «Жетісу әндері» деген жинақ үшін
- В) «Сыр сұлуы» жинағы үшін
- С) «Қазақ әндері»
- Д) «Тойбастар»
- Е) «Саз сыры»

6. 1974 жылы Қазақ КСР Денсаулық министрлігіне қарасты Алматы облыстық денсаулық сақтау бөлімінде цензураның тексерісінен кейін неше құпия құжат жоқ болып шыққан.

- А) 15 құпия құжат жоқ болып шыққан
- В) 20 құпия құжат жоқ болып шыққан
- С) 17 құпия құжат жоқ болып шыққан
- Д) 10 құпия құжат жоқ болып шыққан
- Е) 8 құпия құжат жоқ болып шыққан

7. 1940 - 1980 жылдары Кеңес өкіметінің идеологиясын бірнеше жыл бойы үзбей басқарып келген.....

- А) Л. И. Брежнев
- В) Н.С. Хрущев
- С) Ю.В. Андропов
- Д) М.А. Сулов
- Е) П.К. Романов

8. Қазақстандағы қазақ әдебиетін, қазақ поэзиясын қан қақсатқан цензор.... Есет Әукебаев болды.

- А) Н. Жанділдин
- В) Есет Әукебаев
- С) Ә. Шәріпов
- Д) О. Сүлейменов
- Е) С. Мұқанов

9. «Қызметке пайдалану үшін ғана» грифімен тыйым салуға жататындар.....

- А) шағын тиражды баспа өнімдері
- В) радио, телебейне, журнал, газет материалдары
- С) Республикалық, облыстық, қалалық, аудандық баспасөз орындары
- Д) көптиражды баспа беттері

Е) берілген жауаптардың бәрі дұрыс

10. Мемлекет құпияларын баспасөзде бақылау жөніндегі Бас Басқармасының үшінші бөлім бастығы облыстағы баспа өнімі мен облиттерге инспекциялық бақылау жүргізетін болды, және сонымен қатар.....

- А) бүкіл Алматы қаласындағы басып шығарылатын мекемелерді
- В) министрлікті, комитеттерді, жоғарғы оқу орындарын
- С) дүкен мен кітапхананың кітап қорларын, полиграфиялық ұйымдарды
- Д) мұражай, көрме, театр, кино, цирк және эстрадалардың жұмыстарын бақылайды
- Е) берілген жауаптардың бәрі дұрыс

II – бөлім бойынша тест сұрақтары

1. Кеңестік идеологияның үстемдігі неден көрінді.

- А) Ғылым мен өнер идеологияландырылды.
- В) Адамдардың ақыл-ойы, рухани жан дүниесі заттар ретінде бағаланды
- С) Еркін ой, еркін еңбек, сөз бостандығы деген жоғалды.
- Д) Шындықты іздеушілікке тыйым салынды.
- Е) жоғарғы жауаптардың барлығы дұрыс

2. Тоқырау жылдарында әміршіл-әкімшіл жүйенің келеңсіз әрекеттеріне қарсы құрған Хасен Қожахметтің жастар ұйымы қалай аталды?

- А) «Жас Алаш»
- В) «Аттан»
- С) "Жас қазақ"
- Д) «Желтоқсаншылар»
- Е) «Жас қыран»

3. Хрущевтік «жылымық» кезеңінде рухани көркем шығармалардың ішінде музыка саласында ең көп қудаланған қазақ композиторы.

- А) Н. Тілендиев
- В) М. Төлебаев
- С) А. Жұбанов
- Д) Л. Хамидидің
- Е) Е. Брусиловский

4. 1972 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Бас Басқармасы өз құжаттарына сәйкес кітапханалардың арнайы қорларында сақталған пайдалануға жіберілмейтін кітаптар тізіміне қандай кітап авторлары мен қанша кітап кірді?

- А) М. Дулатовтың - 16; Телжан Шонановтың - 27
- В) Ж. Аймауытовтың - 14 кітабы мен брошюрасы;
- С) А. Байтұрсыновтың - 41 еңбегі;
- Д) Ә. Бөкейхановтың - 4; М. Тынышбаевтың - 7;
- Е) жоғарыдағы кітаптардың барлығы кірді.

5. XX ғасырдың аса көрнекті тарихшысы ғалым Ермахан Бекмахановтың 1951 жылдың 10 тамызындағы ҚК(б)П ОК тапсырмасы бойынша кітап қорларынан қандай еңбектері алынып тасталды?

- А) «XIX ғ. 20 - 40 жж. Қазақстан» атты оқулық кітабының 2,5 мың данасы отқа өртелді
- В) ғалымның он мақаласы жарияланған «Известия» газетінің 12 номері жойылды
- С) ғалымның мақаласы шыққан «Ученые записки» журналының 499 данасы ұсақтап туратылу жолымен жойылған.
- Д) «История Каз ССР с древнейших времен до наших дней» кітабының Кенесары Қасымов бастаған көтеріліс бөлімін Е. Бекмаханов жазғаны үшін ғана баспаға жібермеген

Е) жоғарғы жауаптардың барлығы дұрыс

6. Қаз КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Баслиттің «қырағылығы» нәтижесінде қазақ халқының інжу-маржан, ән-күйлерінің негізінде жасалған «Қыз Жібек» операсы көптеген жылдарға театр кестесінен шығарылып тасталды. «Қыз Жібек» драмасының авторы кім?

- А) М. Әуезов
- В) С. Мұқанов
- С) Ә. Тәжібаев
- Д) М. Мағауин
- Е) Ғ. Мүсірепов

7. Орталық комитет 1956 жылдың күзінде «Қазақ әдебиеті» газетінің «тас-талқанын» шығаратын қаулы қабылдады: Т. Кәкішев қызметтен кетірілді, газет редакторы С. Мәуленов, оның орынбасары Ж. Молдағалиев, жауапты секретары Т. Әбдірахманова орнындарынан алынды. Не үшін?

- А) «ұлтшылдығы» үшін
- В) «идеялық қателіктері үшін»
- С) «мәселенің ушығуына жол бергендері үшін»
- Д) «ұлтшылдықты қоздырғандары үшін»
- Е) жоғарғы жауаптардың барлығы дұрыс

8. Кеңес өкіметі өз азаматтарына ождан және діни сенім бостандығын салтанатты түрде жариялай отырып, сонымен қатар, ымырасыз атеистік саясат та жүргізді, ол дінге қарсы күресте тағылықтың шектен шыққан үлгісін көрсетті, мораль мен құқықтың барлық нормалары ашықтан-ашық аяққа басылды, ол қандай шаралар?

А) қысқа мерзім ішінде мешіттердің, намазханалар мен шіркеулердің көпшілігі қиратылды, қасиетті Құраны және діни кітаптар өртелді.

В) азаматтық құқықтарынан күштеп айырып, Кеңес өкіметінің жауы ретінде оларды жер аударып, молда, қажы тұқымдарын қуғынға ұшыратты

С) барлық діни ұйымдар: ислам, православия және өзге де конфессиялар мемлекеттің қырағы көзінің бақылауына алынды, олардың арасына құпия тыңшылар жіберілді

Д) адам санасындағы діни қалдықтарды жою партия ұйымдарының, барлық коммунистердің ең маңызды міндеттерінің бірі деп есептеліп, бұл жұмысқа зор идеологиялық және саяси міндет жүктелді, дінсіздікті насихаттау партиялық жұмыстың маңызды салаларының біріне айналды.

Е) жоғарғы жауаптардың барлығы дұрыс

9. 1958 жылғы 28 қарашадағы КОКП Орталық комитеті Президиумының қаулысымен «Әулие жерлер деп аталатын орындарға баруды тоқтату шаралары туралы» шешім қабылданып, дінге сенушілердің «қасиетті орындарға» (бұлақтар, үңгірлер, мазарлар) барып түнеуіне тыйым салынып, ол жерлерді жаппай жабу орын ала бастайды. Осы қаулының зардабынан Қазақстанда жойылған тарихи, діни ескерткіштердің саны қанша болды?

- A) 25 000
- B) 10 000
- C) 8 000
- D) 30 000
- E) 40 000

10. Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің 1981 жылы 30 маусымдағы «Республикада атеистік тәрбиені одан әрі жетілдіру шаралары жөнінде» атты қаулысын орындау барысында Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі республикадағы оқу орындары даярлайтын болашақ мамандарға атеистік тәрбие беруді жетілдіру жолында қандай жұмыстар жүргізді?

A) арнайы атеистік тәрбие беру бағдарламасы әзірленді, теориялық және арнайы пәндерді оқыту барысында берілетін коммунистік көзқарастарын қалыптастыру мәселесі талқыланды

C) 54 жоғары оқу орындарында атеистік тәрбие беретін кеңес ашылып, кітапханаларда педагогикалық институттарда арнайы этика эстетика және ғылыми атеизм кафедрасы ашылды

D) Кітапханаларда, оқу-методикалық кабинеттерде, қызыл бұрыштарда дәрістер оқылып, әңгімелер өткізілді, атеистік тақырыпта тематикалық кештер, оқырман конференциялары, конкурстар, викторина ойындары өткізіліп тұрды

E) жоғарғы жауаптардың барлығы дұрыс